


САЯ  
ҚАСЫМБЕК

# ТҮРКІСТАН ТЕАТРЫ



1

**САЯ  
ҚАСЫМБЕК**

**ТҮРКІСТАН  
ТЕАТРЫ**

*Бірінші том*



  
Алматы  
ҚАЗЫҒҰРТ  
2005



**Қасымбек С.**

- Қ 45** Екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005. Бірінші том. Түркістан театры. — 216 бет.  
ISBN 9965-22-146-4

Театр режиссері, драматург Сая Қасымбектің бұл еңбегінде қасиетті Түркістан топырағында туған алғашқы сазды-драма театрының құрылу тарихы, қиындығы мен қызығы мол сан қилы жолдары, осы театрды құруға жетекшілік еткен актер-режиссер, Қазақстанның халық өртісі, Қазақстан мен Қырғызстанның өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, Мемлекеттік және Жастар сыйлықтарының лауреаты, профессор, “Тарлан” платина сыйлығының жүлдегері Райымбек Сейтмет Түркістанидің және оның шәкірттері Сая Қасымбек пен театр ұжымының осу жолдары, жанқиярлық істері қызғылықты да нанымды баяндалады.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

К 47002250103  
482 (05)-05

ББК 85.33

ISBN 9965-22-146-4 (1-том)  
ISBN 9965-22-145-6

© Қасымбек С., 2005  
© «Қазығұрт» баспасы, 2005

## ТЕАТР ТУРАЛЫ ҚОНАҚТАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІ

Райымбек Сейтметтің Түркістан жерінде театр ашуы — қазақ елі үшін орасан жетістік деп ойлаймын.

Түркістан қаласында театрдың ашылуы — Тұран жерінде имандылық пен қазақтың ұлтжандылығы, таза пейілі сақталғаны деп есептеймін.

**Рахманқұл БЕРДІБАЙ**

Райымбек мырзаның Түркістанда театр ашуы — күллі Түркі әлемінің бақыты деп ойлаймын.

**Намық Кемал ЗЕЙБЕК**

Біз, Қазақстан мақтанатындай жаңа театр ұжымы келе жатқанына қатты қуанамыз. Қазақтың қамына бізден басқа қабырғасы қайысатын кісі болмауға тиіс. Олар болатын болса, бәрі қазақ болып кетер еді ғой. Сондықтан қазақтың сөзін қазақ айтатын, қазақтың уайымын қазақ жейтін. Қожа Ахмет бабамыздың адамзаттың ақылын, сөзін, рухының қылтасын қиып тұрып сөйлей алатын өткір ойын, үлкен тағдырын көрсету арқылы қазақ халқының да тегін емес екендігін, адамдар кешіп жатқан қасіреттердің бәрін қоса, адамзаттың бас ауыртып, жүрек сыздатып келе жатқандығына дәлелдейтін кісі болса соны, айтылатын кезінде, жерінде, айтатын шегінде айта білген «Йасауи қасіретіндей» спектакль қойған Райымбек театрының болашағы зор.

**Әбіш КЕКІЛБАЕВ**

Райымбек театр өнеріне еңбек сіңірген ірі тұлғалардың бірі. Туған елге келіп мынадай жастарды тәрбиелеп, қазақ-түрік уни-

верситетінде театр факультетін ашып, осыншама жастарды тәрбиелеп шыққан, осы ел үшін де, аруақтар үшін де, қасиетті жер үшін де өте бір ойдағы істің бірі болды.

«Йасауи қасіреті» спектакліңмен, театрыңмен шын жүректен құттықтаймын. Бұл енді түбінде, қазір де солай айтылады Райымбек Сейтметтің театры деп.

**Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ**

Райымбектің осы театрды ашудағы ерен еңбегі баршамызға үлгі болуы тиіс.

**Роза БАҒЛАНОВА**

Ең бірінші қазақ өлеңін сахнаға шығарған режиссер – Райымбек Сейтметов.

Маған буыны әлі қатпаған жас актерлердің, кәнігі актерлерше өз рөлдерін машығын келтіре ойнағандары тәнті етті. Демек бұл театрдың болашағы зор деген сөз.

**Фариза ОҢҒАРСЫНОВА**

Кейбіреулер ұранды ауызбен айтады да, өздері пеш түбінде қала береді. Менің досым Райымбек, түркі мәдениетін көтеретін орталыққа келіп, талай ұлы дүниелерді дүниеге әкелетін театр ашты.

**Сәбит ОРАЗБАЕВ**

Алматының екі бірдей театрын басқарған Райымбектің Түркістанға кеткені бәрімізге жұмбақ болды. Сөйтсек Райымбек, Юлий Цезарша «Қазақстанның театр әлеміне жаңа, өзгеше театр қосу үшін» кетіпті.

**Шерхан МҰРТАЗА**

Бүгінгі Райымбектің тірлігі үлкен ерлік. Райымбектің рухани астанада ашқан театры – тыңнан жасалған дүние.

**Асанәлі ӘШІМОВ**

## ТЕАТР ТОЙЫ

---

### БОЛАР ІСТІҢ БАСЫНА...

2003 жылдың 13-қаңтары өзге үшін 365 күннің бірі болар. Ал біздерге, Түркістан сазды-драма театры үшін тарихи күн. Бүгін біздің театрымыздың алғашқы пердесін ашқанына 2 жыл болса, ресми тұсауы кесілгеніне 1 жыл. 2000 жылды Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Мәдениетті қолдау жылы» деп атады. «Мәдениет жылының» ерекшелігі – сол жылы мәдениет саласына ерекше көңіл бөлініп, еліміздің қаржы қорынан осы салаға көбірек қаражат бөлінеді. Бұл стратегияның бір жақсысы – нарыққа көшу кезінде талан-таражға түскен кітапханалар қайта жинақталып, әркімнің қанжығасында кеткен ауылдық, қалалық мәдениет сарайлары мемлекет меншігіне қайтарылып, жөндеуден өткізіледі. Басқасын былай қойғанда, Алматыдағы Абай атындағы опера театры қараусыз қалып, тозып кеткен болатын. Еліміздің мақтанышы опера театрын қайта жаңғыртуға Елбасы мол көлемде қаржы бөлдіріп, ғажайып мәдениет ошағына айналдырды. «Мәдениет жылының» біз үшін ерекшелігі – сол жылы Түркістан қаласында театр ашу туралы жарлықтың шығуы. Ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолындағы сауда-саттықтың күре тамырына айналған көне Түркістанда, сонау Қожа Ахмет Йасауи бабамыздан кейін білім мен ілімнің ошағына айналатындай орталығы болмай, тарихтың шаң басқан парағына айнала бастаған қалада алдымен Қазақ-түрік университеті ашылса, енді міне – сазды-драма театры ашылмақ!

Алдымен Түркістан драма театры боп ашылған. Бір жылдан соң сазды-драма театрына айналдық. Ал «сазды-драма театры» болуымыздың өзі қызық оқиға.

...2001 жылдың 1-қарашасы күні Елбасымыз Н.Назарбаев Түркістан қаласына зиярат жасап келетін болды. Елбасымыздың Әзірет Сұлтан бабамызға зиярат жасап болған соң біздің театрга

соғатын жоспарын біле сала үлкен дайындыққа кірістік. Шындығына келсек, театрымыз әлі толығымен бітпеген, прожекторлар бір ғана желіге топтастырылып, бәрі бірдей «жарқ» етсе, бір сәтте «жалп» етіп сөнетін жағдайда еді. Әр прожекторлардың жеке жүйемен автоматтандыруын Райымбек аға құрылысшыларға айтумен жағы талған болатын. Ақырында аға: «Ауырмаған жақтарымен жатсын. Маған театрым бітсе болды, азар болса театрға бөлінген қаражаттан кейін жасаттырып алармыз» деп шаршап қойған болатын. Оның бір жайсыз сәті – спектакльдің кезінде барлық прожекторлардың шақшиып, жарқырап тұратыны. Қажетті пайызға жарығын азайта алмайсың. Елбасы келіп спектакль көреді деген соң, әрине сахна жабдығын алдымен ойластырасың. Біздің спектакльдің арасында қараңғылықпен сахна ауысатын жерлері бар. Тағы бір күлкілісі – бар прожекторлар бірден шақшиған соң, автоматиканың күші жетпей, спектакльдің барысында «жалп» етіп сөніп қалатыны. Менің жаныма ерекше бататыны осы жайт. Сасқанымнан Райымбек ағаға:

– Елбасы спектакль көріп отырған кезде жарығымыз өшіп қалса не істейміз? – дедім.

– Не істейсің?! Автоматиканың тетігін қолыңмен ұстап отырасың, – деді.

– Қолымның күші келмей қалса ше?!

– Келмесе, екі қолдап ұста. Басқа не амал бар? Есігімді енді ашып отырған Елбасына жоғымды айтып жылауым керек пе?!

Айтылды – бітті. Не де болса ебін тауып атқару керек.

...Елбасына көрсетуге «Көк түріктер» спектаклін сақадайсай ғып қойдық. Елбасы келердің алдында театрды тексеруші ит жетектеген сақшылар қаптап кетті. Театрдың қуыс-қуыстарын түгелімен иіскетіп, тексеріп шықты. Елбасын театрдың алдынан Райымбек аға қарсы алатын болды. Бір кезде ақ киізін арқалаған мәдениет бөлімінің басшысы шауып келді.

– Мына ақ киізді осы театрдың фоеесына төсетіп, ақ шапанды иығына осы жерде жауып, аса таяғын қолына ұстатуымыз керек, – деп жанұшырып тұр. Сөйтсек, сценарий бойынша ол кәденің бәрі Елбасы тікұшақтан түскен кезде жасалынуы керек екен. Оған күзетшілер тобының бастығы рұқсат бермей қойыпты. Не керек, ең аяғында театрдан қолайлы жер табылмапты. Біз оған қуанбасак, ренжімедік. Үш жүздің басын біріктірген Абылай ханды ақ киізге осы Түркістан топырағында күллі қазақ төбесіне көтер-



ген. Ырымшыл қазақ емеспіз бе, Елбасының ақ киізге біздің театрдың төрінде шығатыны көңілімізге жақсылық нышанын септі.

Көптен күткен сәт туды. Театрдың алдындағы көшені бойлай тұрған адамдардан көз тұнады. Театрдың қасындағы үлкен жолға Елбасы бастаған кортеж кеп тоқтады. Елбасын Райымбек аға күтіп алды. Бір топ мемлекет қызметкерлерін бастаған Елбасы театрға қарай адымдай басып келе жатты. Театрға кіре берістегі холлда гүл ұстаған қыздарымыз тізіліп тұр. Кірген қонақты Райымбек аға ақ киізге тұрғызып, құттықтау сөзін айтып, аса таяғын ұстатты. Мен жанталасып видеокамераға түсіріп жатқанмын. Сол сәтте жасақшылардың бірі қолымдағы видеокамераны тартып алмақ боп бас салмасы бар ма?! Қарулы қолдар жұлқылағанда, жаным көзіме көрінді. Жанталасып көрермен залы арқылы сахнаның артына қашып үлгердім. Бір айналып келіп суретке түсіре бастағаным сол екен, қолымдағы фотоаппаратымды жұлып алып кетіп қалды. Сөйтсем, түсіретін заттарды алдын-ала ішкі істер бөлімінде есепке тұрғызып, тіркеткізіп, рұқсат алу керек екен. Онысын мен қайдан білейін. Біздің қазақ «шаш ал десе — бас алатын» әдеті емес пе?! Менің театрда істейтінімді, тарих үшін түсіріп жатқанымды біле тұра қасақана жасалатын ұрда-жықтыққа не істерсің?! Бұл таспалардың біздің театрдың болашақ тарихы үшін жинап жатқанымызды қайдан түсінсін?!.

Елбасына арнайы екінші қабаттағы балконнан орын дайындағанбыз. Ол кісі Райымбек ағамен басқыш арқылы көтеріліп бара жатып:

— Театрларыңыз сазды-драма театры ғой, Реке? — деп сұрайды. Райымбек аға арт жақта келе жатқан облыс әкімі Б.Сапарбаев мырзаға қарайды. Себебі, жарлық шыққан кезде «сазды-драма театры» деп шыққан. Кейін облыс әкімі қаражаттың күші жетпейді, драма театры болса жеткілікті деп «драма театры» делінген. Елбасының сұрағынан облыс басшысының көздері алақандай болып, Райымбек ағаға басын изейді. Аға бірден түсінеді де:

— Ия, сазды-драма театры. Әніміз де, драмамыз да бар, — деп айтып салады.

Межелі уақыт бойынша спектакльді бастап кеттік. Спектакль жүріп жатыр. Бір кезде жайлап көрермен залына қарасам, алдыңғы қатарда Елбасы отыр! Жоспар бойынша ол кісі балконда отырып көруі керек болатын. Сөйтсем, балконға көтерілген Елбасы жаң-жағына қараса ешкім жоқ.

– Реке, халқыңыз қайда? – деп сұрайды.

– Халық төменде, – дейді Райымбек аға.

– Біз бұнда неғыламыз. Жүріңіз, халықтың ортасына барайық, – деп ағаның алдына түсіп, көрермендер залына қарай бастап кетеді. Мен сахнаның артында, автоматиканың қасында отырмын. Жарығым өшпесе екен деп құдайға сыйынудамын. Әртістеріміз барын салып ойнауда. Ені бес метр, тереңдігі алты метр сахнада Бахтияр Вахапзадениң «Көк түріктер» тарихи драмасын ойнап жатырмыз. Бір кезде автоматикам сатырлап берсе бола ма?! Ал, кеп жанұшырдым. Қарасам, тетігі төмен қарай кетіп бара жатыр. Шап беріп ұстай алдым. Бара-бара қолыма дес берер емес. Біреуді шақыра қояйын десем, ешкім жоқ. Күзетшілер, әртістерден басқасын сахнаның артынан қуып шыққан. Енді қайттім?! Қарасам, бір әртісім сахнасы бітіп, шығып келе жатыр екен. Сыбырлап шақырып тетікті көрсетіп ымдадым. Ымдаған себебім – автоматика сахнаның арт жағындағы бірінші қатарда. Алдыңғы көрермендер қатары мен автоматиканың арасы көп болса бес метр. Бес метр жерде Елбасы спектакль көріп отыр. Міне, саған спектакль?! «Өлдім, Алламен» бірінші қараңғылыққа жеттік-ау. Қолымыз талған біздер, тетікті жібере салдық. «Жалп» етіп жарығымыз сөнді. Екі минуттық қараңғылықта автоматика демалып үлгерсе керек, әйтеуір қайтадан «жарқ» ете қалды. Кулисаның арасынан жайлап қарасам, Елбасы көзін алмай спектакль көріп отыр екен. Бір уақытта қарасам, сахнаның арт жағындағы есіктен еден жуатын әйел жүгіріп кіріп, «апай, спектакль аяғына шейін бола ма деп операторлар сұрап жатыр» деп енгігіп тұр.

– Елбасы өзі орнынан тұрып кетпейінше тоқтатпандар, – дедім. «Мақұл» деп әлігі әйел шапқылап ала жөнелді. «Бұл қайдан кірді» деп қарасам, артқы есік ашық тұр. Сыртқа шықсам, бірде-бір күзетші жоқ! Барлық күзетшілер топырлап театрдың алдында жүр. Арт жағында бір жан жоқ. «Арт жақтан біреу кіріп кетсе қайтем» деген ойдан төбе шашым тік тұрды. Күзетшілерге айтайын десем, олар театрдың алдында үйіріліп жүр. Автоматиканы тастап кетуіме болмайды. Одан қала берді, менің өзімді қайтіп кіргізбей қоюы мүмкін. Жанұшырып есікті ішінен іліп, сахнадан босаған әртісімді тырп етпей есікті күзетіп отыруын қадағалап, тікесінен-тік тұрғызып қойдым. Жүгіріп келсем, автоматым тағы сықырлай бастаған екен. Бұл жолы да өшетін сахнаға үлгердік. Жарық өшті. Келесі сахнаға ауысу үшін қараңғы-

лық жасауымыз керек. Артқы есікте күзеттің жоқтығы есіме түскен кезде жаным мұрнымның ұшына келді. Әшейінде демде өтетін қараңғылық сахнасы енді кеп бітпей қойса бола ма?! «Қорыққанға – қос көрінеді» демекші, бейне бір бұзақылардың біреуі мылтығын асынып кіріп келетіндей көрініп, бір тарының қауызына сыйдым-ау!

...Не керек, спектакльдің соңғы сахнасы таяп қалды. Менің ойыма Райымбек ағаның айтқан идеясы келді. Бағана аға: «Егер уақыты болса Елбасының әнін соңынан айтып жіберуімізге болады» деген болатын. Ақыры соңғы сахнаға дейін отырды. Енді ешқайда кете қоймас дедім де, босаған бір актерімді «спектакль бітісімен Елбасының әнін жіберсін» деп операторлар отыратын жаққа жүгірттім. Спектакль бітті. Актерлар түгелімен сахнаға шықты. Қарасам, Райымбек аға мен Елбасы сахнаға шығып келе жатыр. Бәріміздің қолымызды алып, ортамызға тұрып, бізбен қосылып ән салды.

– Реке, мынандай талантты артистерді қайдан тапқансыз? – деп тандана сұраған Елбасына:

– Өзімнің шәкірттерім. Өзім тәрбиеледім, – деп Райымбек аға ерекше мақтанышпен серпіле жауап берді.

Не керек, Елбасының алдында өз абыройымызды сақтап, арттыра білдік. Бұрыннан келе жатқан көне театр болсақ сын жоқ, өз жарлығымен ашылған жас театрдың мүмкіндігін өз көзімен көргені шынында абырой болды.

– Спектакльдегі проблема дәл қазіргі таңда қаны тамып тұрған проблема. Бұл тақырып мәңгілік, – деп Елбасы өз ризашылығын білдірді. «Болар істің басына – жақсы келер қасына» деген осы екен-ау...

...Елбасының аяғын ала Райымбек аға Шымкентке, облыс әкімі Б.Сапарбаевқа барды. Ол кісінің алдында адамдар толып отыр екен. Ағаға еш кезек тимейді. Аға да тапжылмай күтіп отыра береді. Түскі үзіліске шығып келе жатқан әкім, ағаны көріп:

– Оу, Реке, сіз мұнда қайдан жүрсіз?! Жүріңіз, кабинетке кіріп сөйлесейік, – деп кабинетіне ертіп кіреді.

Ағаның күткені де осы сөздер. Кіріп, жайғасып отырысымен Райымбек аға әңгімесін бастайды.

– Беке, өзіңізге белгілі, жақында ғана Елбасы біздің театрда қонақ боп кетті.

– Білгенде қандай?! Ой, Реке, әртістеріңіз жап-жас боп алып, шетінен керемет ойнады. Былай шыққан соң да Елбасы сіздер туралы көп сұрады. Риза болды.

– Екінші қабаттың басқышымен көтеріліп бара жатқандағы әңгіме есіңізде ме?

– Ойбай, Реке, сіз мені құтқарып қалдыңыз. Ол кісіден ондай сұрақ күтпеп едім.

– Ендеше, «Айтылған сөз – атылған оқ» деген. Сөзіңізде тұрады деген үмітпен келдім. Театрды өзіңіз айтқандай, «сазды-драма театры» етуге пәрменіңіз керек.

– Реке, сөз айтылған соң орындалуы керек. Жақсы. Мен қаржы мәселесін шешуді көмекшіме тапсырайын. Жауабын өзім беремін. Сөзімде тұруға тырысамын, – деп ілтипатпен ағаны шығарып салады. Арада көп уақыт өтпей, Сапарбаев мырза уәдесінде тұрып, драма театрымызды – сазды-драма театры етіп қайта жасақтауға жарлық берді. Міне, алдымен драма театры боп ашылып, бір жылдан соң сазды-драма театры болып құрылуымыздың қысқаша тарихы осындай. Демек, біздің театрдың екі туған күні бар. Бірі «драма театры» ашылсын деген жарлық шыққан күн, екіншісі – ресми түрде, көпшілік алдында тұсауымыз кесіліп, «сазды-драма театры» боп ашылған күніміз.

Бүгін – сазды-драма театрымыздың ресми тұсау кесілген 13-қаңтардағы туған күнімізді атап өту тойымыз! Біз театрдың туған күнін концерттік бағдарламамен атап өтуді дәстүрге айналдырайық деп шештік. Жыл бойы ат салысқан көрермендер мен жанашырлық көмек көрсеткен азаматтарға арнайы сыйлықтарымызды салтанатты түрде сахна төрінен тапсыруды лайық деп шештік.

...Салтанатты кешіміздің басталуына бір сағаттай уақыт қалған болатын. Мен, әдеттегінше сахнаны, көрермен залын мұқият тексеруден бір өткізіп, әр нәрсенің орын-орынында болуын қадағалап жүргенмін.

– Иә, қалай, бәрі дұрыс па?! – деген Райымбек ағаның дауысы шықты. Қарасам, аға ерекше талғаммен сәнді киініп алыпты. Үстіндегі костюмі мен галстугі үйлесіп, жарасып тұр. Райымбек ағаның талғамы өте жоғары. Әрбір киімі өзіне қонымды, жарасып тұрады. Бірде:

– Райымбек аға, осы сіз не кисеңіз де жараса кетеді, – дегенімде ол кісі:

– Оу, мәселе киімде ме екен?! Мәселе – кімнің кигенінде емес пе?! Мендей бой-бітімі стандартқа тап келген киім бақытты ғой, – деп мәз бола күлді. Әр ұжымның үлгі алардай бетке тұтар

белді адамы болуы керек. Ал, біздің ұжымға ол жағынан тағдырдың өзі ерекше иіп тұр десе болғандай. Әртістеріміз әрдайым Райымбек ағаның киінуі, жүріс-тұрысынан үлгі алып, ағаға ұқсап бойын тік ұстауға тырысып жатқандары.

— Не болды, бәрі дайын ба? — деп аға зал ішіне, сахнаға көз жібере, бақылай қарады.

— Меніңше дұрыс сияқты. Ең бастысы — театрдың іші жылы. Киім ілгіште қыздар дайын. Әлі театрға киініп келуге қалыптаспаған көрермен үшін өте қажет нәрсе ғой, — дедім.

— Әрине. «Театр — киім ілгіштен басталады» дегенді Станиславский бекер айтпаған. Құдай қаласа бірте-бірте бәрі орнына келеді ғой. Бұған да құдайға шүкір! — деп аға айналаға шаттана көз тастады.

— Аға, құдайға шүкір, бүгінгі күнге де жеттік. Осындай күн туады деп ойлап па ек?

— Оның рас. Көңіл таразысына салған кезімде, күдіктің тасы басым түскен кезі аз емес. Алла жар боп, Әзірет Сұлтан бабам қолдады ғой, — деп аға тебірене сөйледі.

— Райымбек аға, осы күнге жету үшін кешпеген азабыңыз жоқ. Қаншама рет қан қысымыңыз көтеріліп, орныңыздан тұра алмай жатқан кездеріңіз болды. Ол күндер еш ұмытылмайды емес пе?!

— Е...Көрген азабымның арты мұншалық қайырлы болса, азабым ләззатқа айналғаны да. «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» демекші, бір есептен сол көрген азабымның өзі үлкен мектеп. Сол мектептен сен де өттің. Менің жазуға еш мұршам жоқ. Сен драматургсің ғой. Осы күнге қалай жеткеніміз туралы кітап жаз. Түркістан театрының тарихын қалаушының бірі өзіңсің. Біздің әр күніміз тарих. Әрине, сенің қолың босай бермейді. Директор болғалы жауапкершілігің ұлғайды. Әйтсе де, «асықпай — асығу» керек. Сен Қожа Ахмет туралы пьесанды бітірдің. Саған айтар аманатым — кітап жаз.

— Ой, аға-ау, кітап жазу қолымнан келмейді ғой?!

— Роман, повесть жазу — пьеса жазғаннан қиын емес.

— Пьесаның өзіндік архитектурникасы бар. Пьесаның жазылу әдісін Шекспир, Әуезов, Байджиевтерді зерттеу арқылы, әлемдік драматургияның жазылу әдістері арқылы үйрендім. Ал, кітапты қалай жазамын?!

— Сол Әуезовтің роман-повестерін жақсылап бір оқып шықсаң, кітаптың сырын үйренесің.



– Сіз мені қолына ұстағанын жазып шығатын керемет дейсіз бе? Кітап жазу үшін көптеген деректерді зерттеуім керек, – дегеніме көнетін Райымбек аға жоқ.

– Осы сен естеліктер жазып жүрген «киіз кітабын» бар емес пе?

– Иә, бар, бірақ...

– Ешқандай бірақ-мырағынды білмеймін. Театр тарихын сен жазбағанда кім жазады?! Осы театр ашылмас бұрын басымнан кешкен күндерімде қасымда болып, куәгері болған, бірге күрескен сенсің. Сондықтан сенің жазуға толық хақың бар.

Бұдан ары қарсыласуға менің дәтім бармады. Себебі – Райымбек аға маған қашанда бір жұмыс тауып беретін, ал, мен болсам, сол жұмысты бітірмейінше тынбайтынмын. Ойлап қарасам, Райымбек аға екеуміздің қызметтес сырмінез достарға айналғанымызға біраз уақыт болыпты. Сонау 1996 жылдан бергі уақыт бәлкім аз болар, бірақ, тарих таразысына салған кезде аз жыл ондаған жылдардың жүгін арқалап тұр екен. Мен көп ойлана келе, театрымыздың тарихын әріден, әлі «театр» деген ұғым санамызға толығымен сіңбеген 1996 жылдардан бастауды жөн көрдім. Себебі, сол жылдары Райымбек ағаның жатса-тұрса ойлайтыны «театр ашу» болатын. Үйге келіп «киіз кітабымды» ашқанда, ұмытылған күндерім «мен мұндалап» шыға келді.

## ӨНЕРГЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ЖЫЛДАР

Театр тарихын жазбас бұрын, осы жолдарды оқып отырған оқырманға өзім туралы анықтама бере кетуді жөн көріп отырмын. Менің өнерге келуім күтпеген, тосын жайттан болды. Мен Өнер кафедрасына жұмысқа ауыспас бұрын, Қазақ-түрік университетіндегі Экология факультетінде оқытушы болатынмын. Факультеттің деканы Жұман Дәрібаев, аккөңіл, ер мінезді жігіт. Қарамағындағы қызметкерлеріне тендей сөйлесіп, лажы болса жақсылық жасауға жаны құмар боп тұратын. Бір күні мені шақырып:

– Сая, сен қашанғы қатардағы оқытушы болып жүре бересің? Мен докторлық жұмыс жазып жатырмын. Саған тақырып беріп, екінші жетекшің болайын. Бірінші жетекшілікке Ә.Баешовпен өзім сөйлесемін. Сен бірақ, осы жазғы сессияны аяқтап, емтихандарын қабылдап бітір. Содан соң бүкіл сағаттарыңды өткіз. Аспирантураға күндізгі бөлімге түс, – деп ақыл берді.

– Екі балам бар. Күндізгі оқу қалай болар екен?

– Аспиранттарға оқытушылардан бір-ақ категория төмен айлық төлейді. Еш ұтылмайсың. Қорықпа. Қазір оқып алмасаң кеш қаласың, – деп Жүмекең алды-артыма қаратпай, шешімін өзі жасады.

Ойлана келе, «неде болса оқиын» деген шешімге келдім. Жазғы сессия да бітті. Мен барлық сағатымды оқу бөліміне өткіздім де, аспирантураға дайындала бастадым. Бірақ, көп ұзамай арадағы кедергіден жолым болмай аспирантураны тоқтата тұруға мәжбүр болдым. «Болмаған істің артында келер жақсылығы бар» демекші, аспирантураға түспегенімнің арты жарқын болашаққа айналады деп кім ойлапты?! Осы күні ойлап отырсам, тағдырдың өзі мені Райымбек ағаға жетелеп әкелген сияқты. Егерде аспирантураға түсіп кеткенде бүгінгідей өнер бақытына қол жеткізер ме едім? Егерде Райымбек аға Алматыны тастап, Түркістанға келіп Өнер кафедрасын ашпағанда, егерде Өнер кафедрасы Кентауға көшіп келмегенде, мен өнермен кездесер ме едім?! – деген сияқты қаптаған сауал қаумалаған кезде, өмірде көптген «егерденің» болғанына қуанамын. «Театр — адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы» деп Шәкен Айманов ағамыз дәл тауып айтқан. Бұл шын мәнінде ақиқат. Өнер жолы кешірімділікке, мейірімділікке, ұлылыққа жетелейді. Ой-қыры көп өнер жолында сүрініп те, шалынып та жатасың. Ең бастысы — тізе бүгіп, бүк түспеуге тырысу. Ертеңгі күнге деген сенім биік шығармашылыққа жетелейді. Шабытты шақтарыңды шақыратын өнердің күдіреті сұлулық әлемінде әлдилейді, сезім төсінде тербетеді. Бұдан артық бақыт, бұдан артық ләззат бар ма сірә?! Философтардың ұлылығы — өмірге күле қарауында ма деймін?! «Мен адамзатқа өмірді қайтып алу үшін беремін» деген Құран сөзінің өзінде терең мағына жатыр емес пе?! Демек, біз өмірге келмек бар да, кетпек бар екенін ертерек мойындап, артымызда ізгі іс қалдыруға ұмтылсақ, нұр үстіне — нұр болар еді.

## ӨНЕР КАФЕДРАСЫ

Жаңа ұжымның тіршілігі де жаңаша болады екен. Кафедраны университеттің Кентаудағы бөлімшесі орналасқан ғимараттан бөлек, бұрынғы балабақша үйіне жайғастырған. Экономика-

сы күлдырауға ұшыраған 1997 жыл. Не жарық жоқ, не жылу жоқ. Жаппай жұмыссыздық. Қайта құрудың аяғы әр республиканың егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болуына жол ашты. Тәуелсіздікті түсіне қоюымыздың түйыққа тірелген тұстары да болды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары экономиканың тоқырап, күллі зауыт-фабрикалар жабылып, адамдар жұмыссыз сендей соғылысып жүрген кез — қазақ елі үшін өте ауыр кезең болды. Егер осыдан он жыл бұрын жарық өшіп, жұмыссыздық болады дегенге адам сенбес еді. Ал, бүгін, әйелдер белін буып, сөмке аркалап базар кезіп кетті. Ер-азаматтар бала бағып үйде отыр. Халықтың өнер іздеуге, өнердің бар екенін ойлауға мұршасы жоқ. Әйтеуір шықпа жаным шықпа деп отырған біреу. Осынау ауыртпашылық кезеңде Райымбек ағаның Өнер кафедрасын ашып, болашақта театр ашамын деуі мен үшін ертегі тәрізді.

...Балабақшада не көп — бөлме көп. Қай бөлмеге барсаң да айқайға салып жатқан біреу. Келе-келе етім үйреніп, тіпті олардың еліре сөйлегендері қызық көріне бастады. Райымбек аға студенттерімен сабақ өтіп жатады. Бақылап қарасам, пьесадағы сөздерді түсіндіргені өте қызық. Есімде, Сұлтанәлі Балфабаевтің «Қыз жиырмаға толғандасы» болатын. Әр кейіпкердің сөзін, сол кездегі көңіл-күйін, ол сөзді не үшін айтып тұрғанын, ол сөзді айтуға ненің мәжбүр еткенін ұғындырғанда, менің көзімді қаптаған тұман сейілгендей сезімге бөлендім. Райымбек ағаның түсіндіру процесінің карапайымдылығы сонша, жүрегімде өнерге деген қызығушылық бой ала бастады. Ағай сабағын кабинетінде өткізетін. Кабинетінің іші атшаптырым кең. Мен, кабинетінің алдындағы бөлмеде компьютерде жұмыс істеймін. Райымбек аға кабинетінің есігін ашып қойып сабақ өткізеді. Орнымнан тұрмай, тысыр етуге бата алмай, Райымбек ағаның әрбір сөзін қалт жібермеуге тырысамын. Кейде ерекше беріліп тындайтыным соншалық, сол кейіпкер боп қиялымда ойнай бастаймын. Бейне бір ғажайып әлемге тап болғандай өзімді сол әлемнің кейіпкеріндей сезіне бастадым. Кәдімгі құр сөзбен адам жанын өзгертіп, қиялын қалқытуға болатынын көргенде, сөз күдіретіне еріксіз табынасың. Ешқандай сахна, сахнаға қажетті заттары жоғына карамай, адам жанының тұңғыығына бойлай білген ағаның шеберлігіне еріксіз тәнті боласың. Экология кафедрасында сабақ беріп жүрген кезімде оқу процесіне қажет қаптаған құралдармен сабақ өткізетінмін. Ағаның кафедрасында оның бірі жоқ. Кейде

ойлап отырып таң қалатыным, сол кездегі университеттің бөлім бастығының Өнер кафедрасына деген көзқарасы. Кафедра тұрған ғимаратта не жарық, не жылудың болмауы, оны қоя тұрып сабақ өтуге қажет құралдардың емге табылмауы таң қалдырмасыңа қоймайды. Мәселен, «Сахна қозғалысы» сабағы кезінде, әр басқан қадамың музыка ритіміне дөп түсіп тұруы керек. Музыканың жылдамдығы өзгерсе, сенің де жылдамдығың өзгереді. Ол үшін ойнап отырған музыка аспабын тындай, ести білу қажет. Демек, пианино немесе баян болуы керек. Райымбек аға университет басшылығына барып музыка аспаптарын сұраса, «біз сіздерге штат аштық, өзірге бөлінген қаражат мөлшері штаттың шығынынан артылмауда. Сондықтан өзірше бірдеңе ғып күн көріңіздер, — деп шығарып салыпты. Бір күні Райымбек аға мені шақырды.

— Көп ойланып, өзіміздің студенттердің күшімен концерт берсек деген ойға келдім. Сол концертке қаладағы ірі ұжымдарды шақырсақ. Біреуі пианино, біреуі үстел, орындық берер. Көп түкірсе көл емес пе? — деді.

— Ойыңыз орынды. Дегенмен, университет студенттерге қажет құрал-жабдықпен өздері қамтамасыз етуі керек емес пе?

— Университет басшылығына бір бүйрегіне кадалған тікенек боп тұрмыз ғой. Оларға Заң факультеті мен Экономика факультеті аман болса болды.

— Әйтседе тағы сұрасаңызшы. Бәлкім беріп қалар.

— Бермейді. Сұрай-сұрай сөзім таусылған.

— Апырым-ай, Экология факультетінің студенттері күнделікті сабақтарында пәленбай химикаттарды қолданып, неше түрлі тәжірибелік сабақты жасап жатады. Соларға ешкімнен көмек сұратпай-ақ университет қамтамасыз етіп отыр емес пе. Неге біздің студенттер өздері табуы керек?

— Е...Қазір өнер кімге керек дейсің?.. Басшылар лажы болса жауып тастағылары кеп отыр емес пе? Әзірге не де болса шыдауым керек. Құдай қаласа театрға қажет актерлерді дайындап, театр ашып алсам болды, — деп аға қинала күрсінді.

Тап сол сәтте Райымбек ағаның «болашақта театрым болады» деген үмітке шынайы сенетініне таңқалдым. Райымбек ағаның сенімі менің бойыма да «театр» деген күдіреттің шуағын сепкендей болды. Міне, осы кездерден бастап, өзімді «болашақ театр» деген сөзбен байланыстыра бастадым.

Концертке дайындық қызу басталып кетті. Райымбек аға көп ұжым басшыларына шақыру қағаздарын жазып берді. Мен зыр жүгіріп барлығын таратып, арасында кафедраға қажет заттарды айтып үлгеремін. Барлығының айтары:

– Рәкенді жақсы білеміз. Қолымыздан келгенше көмектесеміз.

Осындай жылы сөзбен шығарып салады. Сол күндерге көз жүгірте қарасам, өнер жолының қалыптасу кезеңі неге соншалық қайыршыланудан басталды деп қайран қаламын. Әр басшының алдына барғанда, лажы болса бір үстел болса да алып кетсем деп армандайтынмын. Бірде Түркістан қаласындағы заң факультетіне бір жұмыстарыммен жолым түсті. Қызығы, жаныңа батып жүрген зат көзіңе оттай басылады екен. Бұл жердегі қай кабинетке кірсең де жарқыраған үстел мен орындықтардан көз тұнады. Бөлмелері жып-жылы. Өнердің студенттері еріндері көгеріп, сөйлеуге шамалары келмей бүрсендеп жүргені. Сол суықтың бәрі кейін, университет қабырғасынан ұшып шыққан соң сыр беріп, актерлердің көбі бүйректерін суықтатып, науқастанып шыға келді. Бірақ, сол кезде оны ойлап жатуға ешкімнің мұршасы жоқты. Ойлайтынымыз – сабақ өткізіп, концерттер ұйымдастыру. Студенттеріміздің алды енді үшінші курсқа өткен болатын. Сарыауыз балапан тәрізді шетінен жас. Кафедра оқытушылары Кәрімбек Сейтметов пен Арман Дүйсеновтер жабылып концерттік бағдарлама жасауда. Не керек, концерт беретін күн де жетті.

Кентау қаласының Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайында. Райымбек аға сахнаға шығып сөз сөйледі.

– Құрметті Кентаулықтар! Бүгін мен үшін ерекше күн. Мен Алматыны тастап, орталарыңызға, туған жеріме оралып жатқанымнан баршаңыз хабардарсыздар. Мен Алматы қаласында 40 жыл ғұмыр кештім. М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов атындағы бас театрларда актерлік жолдан бастап, басшылыққа дейін көтерілдім. Елуден аса спектакльдерді сахналадым. Қазақстанның халық артисі атағын алып, Мемлекеттік сыйлықтың иегері атандым. Бір емес, бірнеше адамға жеткілікті атақ-даңққа бөлендім. Енді міне, өнер жолындағы тәжірбием молайған шағында туған топырағыма оралып, өнер мектебін ашып жатырмын. Мен Түркістанда туылып, Кентауда мектепті бітіргенмен. Мен үшін екі қала егіз ұғымдай. Бүгін сіздердің алдарыңызда менің тұңғыш шәкірттерім өнер көрсетеді. Менің шәкірттерімнің алды халық артисі атағын



алғандар. Қазақстанның түпкір-түпкірінде еңбек етуде. Бұл шәкірттерімнің жөні бөлек. Себебі – туған топырағымда дән ғып егіп жатқан шәкірттерім. Менің арманым – Түркістан топырағында театр ашу. Сол арманымға жету үшін алдымен болашақ артистерді дайындап жатырмын. Егер мен осында кеп өнер мектебін ашпасам, осы жастар сонау Алматыға барар ма еді?.. Бұл – басы ғана. Болашақта театр актерлеріне айналғанда көресіздер, өздеріңіздің балаларыңыздың қалай өзгергенін көріп, таңқалатын сәттеріңіз алыс емес. Өнерді қолдау керек. Өнерге қамқорлық керек. Өнер – мұнай зауыты немесе алпауыт өндіріс ошағы емес. Өнер – рухани қазына. Ал, енді ағайын, менің сарыауыз балапандарымның алғашқы концертін тамашаланыңдар, – деп сөзін аяқтады. Көрермен ду қол шапалақтап, құрмет көрсетуде.

Студенттер концерттік бағдарламаны бастап кетті. Әлі вокалдық қалыптаспағанымен тәп-тәуір әндер шырқалып жатыр. Халықтың сүйіп көретіні – скетч. «Акушер» атты скетчті Айдар Наурызбаев пен Нұржан Төлендиев ойнап жатыр. Көрермен мәзмейрам боп көруде. Әсіресе, ерекше күлетін кісі – Райымбек аға. Тіпті көрерменнің күлкісін шақырушы Райымбек аға десе болғандай.

Концерт біткен соң Райымбек ағаға әзілдеп:

– Күллі концерттің қызығына өзіңіз ерекше баттыңыз-ау деймін. Күлкіңіз елден ерек болды, – дедім.

– Оу, кеше ғана ауызын аша алмайтын мылқаулар скетч ойнап жатса қалай күлмессің. Бұлардың әрбірден соң сахнаға шығып аузын ашып сөйлегенінің өзі маған үлкен қуаныш, – деп мәз бола күлді. Ағаның күлгеніне студент жастар мәз. Олар үшін Райымбек ағаның күлгені – үлкен баға! Кейін ойлап қарасам, аға жастарды желпіндіріп, сенімін арттыру үшін жорта күледі екен ғой.

Өкінішке орай, Райымбек ағаның үміті ақталмады. Шақырған қонақтардың көбі келмеді. Көбісінің келмейтінін шақыру қағазын апарған кезде-ақ білгенмін. Келмегені үшін кінә артуға болмас. Себебі, сонау 1996-99 жылдар аралығында әркім өз басымен қайғы боп жүргенде, біздің концертті неғылсын?! Екінші жағынан: барсам бірдене беруім керек, одан да көзге көрінбейін, – дейтіндер де баршылық. «Ел іші – береке кені» деген үмітіміз «той – той болмады, бала-шаға жеп кеттінің» кебін киді. Сол кездегі Райымбек ағаның мұңайған көзін көргенде «осының бәрі кім үшін?!» – деп, әлемге айқай салғын келеді. Бірді-екілі

келгендері шама-шарқының келгенінше жылы сөздерін айтуда. Қалалық оқу бөлімі отыратын орындықтар береміз десе, тағы бір мекеме пианино береміз деп сахна төрінде сыйлықтарын атап кетті.

Ертеңгісін Райымбек аға шақыртты деген соң бардым.

— Сая, сен қасына студенттерден ертіп алып кешегі аталған заттарға бар. Лажы болса ала кел, — деді.

— Орындықтарды қалай әкелем?

— Университет шаруашылық бөліміндегі Алма апайыңа менің атымнан барсаң машина береді.

— Ендеше мен әуелі барып біліп келейін. Дайын тұрған болса машинамен бара қоярмын.

Не керек, әлігі «беремін» деген мекемелер қайдасың деп шапқылай жөнелдім. Қалалық оқу бөлімінің бастығы: «Спорт мектебінің залына барыңыз. Сол жерде орындықтар жинаулы» — деген соң спорт мектебіне бардым. Бір мұғаліміне кезігіп жөнімді айтып едім:

— Е, сіз туралы жаңа ғана телефонмен айтқан. Тез келгеніңіз жақсы болды, жүріңіз, — деп алдыма түсе жөнелді. Екеуміз үлкен бөлменің алдына кеп тоқтадық. Бөлменің алдындағы кішігірім алаңқай қисық-қыңыр орындықтан көрінбейді. Іліп алар біреуі жоқ.

— Мына орындықтар сіздікі, — деп ертіп келген мұғалім еріне сөйлеп, үйіліп жатқан орындықтарға саусағын шошайтты.

— Сіз дұрыс түсінбегенсіз. Мен университеттің жаңадан ашылған Өнер кафедрасынанмын. Сіздің бастығыңыз Райымбек ағайға орындықтар беремін деп сахнада айтқан еді.

— Дұрыс. Сол орындықтарыңыз міне осы.

— Жоқ, бұлар сынық орындықтар ғой. Маған керегі бүтін орындықтар.

— Онысын білмедім. Маған телефонмен айтқан орындықтар осы. Алсаңыз — алыңыз, алмасаңыз маған бөрібір, — деп қарап тұр.

— Киім ілгіш бар деп еді. Мүмкін болса көрейінші.

— А... Киім ілгішіңіз осында.

— Қане?..

— Міне.

— Темір трубаны біріктіріп жасай салған киім ілгішті көрген кездегі көңіл-күйімді айтып жеткізудің өзі қиын. Күтпеген келеңсіздіктен сілейіп тұрып қалдым.

— Қане, адамдарыңыз қайда? — деген сұрақтан есімді жидым.  
— Мен әуелі білейін деп келіп едім. Адамдарды енді әкелемін, — деймін күмілжіп.

— Мен тек түске дейін істеймін. Түстен кейін әуре болмаңыз.

— Жарайды.

Басым салбырап кафедраға келдім. Мән-жайды Райымбек ағаға айттым.

— Мектептердің қираған орындықтары мен труба киім ілгішіне қарап қалдық па?! Онан да Баешов мырзаға кірсеңізші, жөні түзуін берсін.

— Айтпай-ақ көрмей отыр деймісің. «Не істеп жатырсыңдар» деп тұмсығын бір рет сұқпаған бастықтан не үміт, не қайыр. Балалар отыратын орындық жоқ. Илалауға жарайтынын әкеле бер.

Бұдан ары қазбалауға ағаның жүрегін аядым. Университеттегі шаруашылық бөліміне келсем Алма Исақызы өз бөлмесінде отыр екен. Жасы елуден асса да, қажыр-қайраты кемімеген, еш кабак шытпай, үнемі көмекке дайын тұратын апай. Сөйлеген сөзіне — ісі сай. Кейде Алма апайдың қайнаған қуатына қарап, «Шіркін, тап осы апайдай мойымайтын қайратты болсам», — деп ойлаймын. Алма апай мені көңілді қарсы алды.

— Саечка, давай кір, — деді орысшасын араластыра сөйлеп. Иә, неғып жүрсін? Бұйымтайынды айта бер.

— Алма апай, бұйымтайым — машина.

— Оны неғыласың?

— Қалалық оқу бөлімі берген орындықтарды тасуым керек.

— Қайдағы орындық?

— «Мәдениетті түрде жылу сұрап» алған орындық, — дедім қынжыла күліп.

— Кетші әрі, «жылу сұрағаны» несі?!

— Енді қайтейік?! Өздеріңіз тек экология факультетінен басқаны «адам» деп елемейсіздер. Өнер адамы қай заманнан өнерімен күн көрген емес пе? Концертімізге келгендер қалған-құтқан дүниелерін атаған. Соларды жинап келмекпін.

— Ты что, Баешов мырзаға Рәкең кіріп айтпай ма?

— Рәкең айта-айта жағын ауыртқан.

— Тап осыныңды Баешов білмейді. Давай, екеуміз кірейік.

— Кірсек кірейік. Тонымды шешіп алмас. Бірақ қайдам, бізге келгенде көп адамның шеке бастары тырысып қалатыны бар еді.

— Давай, давай, қара аспанды төндіре берме, — деп Алма апай мені жетелей жөнелді. Құдай ондағанда Баешов мырза кабинетінде бір өзі екен. Алма апай отырар-отырмас сөз бастады.

— Әбеке, мына Сая машина сұрап кепті. Өткенде Рәкең концерт берген еді ғой. Сол күні бірен-саран басшылар көмек береміз деген екен. Қалалық оқу бөлімі орындықтар беріпті.

— Тіптен жақсы. Әкеп алмайсындар ма?! — деп Баешов мырза маған бұрылды.

— Әкелгенде, орындықтардың көбісі жарамайды екен. Әбеке, Өнер кафедрасы біздің ұжымымыз ғой. Жақында жана үстелдер келмекші. Сол кезде бұларға да берейік те, — деп Алма апайым іліп ала жөнелді.

— Алма, сен орынсыз жерге килікпе. Ол столдардың өз орыны бар. Сынық болса ештеңе етпейді. Биылша бірдеңе ғып оқысын. Ендігі жылы көре жатармыз.

— Әбеке, отыратын орындықтары жоқ екен.

— Алма, осымен сөз бітті. Әртістерге отырып оқудың қажеті қанша?! Әртістер жүгіріп жүріп оқымай ма?! — деп бастығымыз сөзін тәмамдады. Күтпеген тойтарыстан Алма апай екеуміз басымыз салбырап сыртқа шықтық. Байқаймын, апайымның екпіні басылып қалыпты.

— Бүлк етпе, Саечка, мен саған машина берейін. Сен әзірге ана орындықтарды әкеле бер. Бізге жақында үстелдер мен орындықтар әкелінеді. Сол кезде өзім есебін табамын, — деп Алма апай мені жұбатып шығарып салды. «Бұған да шүкіршілік» деген оймен машинаны алып кафедраға келдім. Бірнеше студенттерді мінгізіп алып, әлгі спорт залына келдім. Студенттер әп-сәтте тиеп тастады. Кафедраға әкеп түсіріп, тасып жатырмыз. Абыр-сабыр боп жатқан кезімізде тағы бір машина кеп тоқтады. Ішінен бір кісі шығып:

— Рәкең осы жерде отырады ма? — деп сұрады.

— Иә, осы жерде отырады.

— Олай болса мына пианиноны түсіріп алыңыздар. Біздің бастық уәде берген екен. Қайда түсіру керек?

— Осы жерге. Қазір студенттерді жиып келейін, — деп сабак өтіп жатқан жерге тұра жүгірдім. Пианино деген сөзден жүрегім жарылып кетердей қуандым. Мықты деген жігіттерді жауып жіберіп, демде пианиномызды түсіріп алдық. Пианиноның түрін көргенде, онсыз да жадау боп тұрған жаным, одан бетер құлазып кетті. Ағаштары шіріп кеткен десе болады. Студенттердің біреуі

қақпағын ашып тілшіктерін басып еді, дыбыс орнына бірдеңе «мыңқ» ете қалды.

— Мынауыңыз қай заманғы пианино? — дедім түңіліп.

— Сіз не, менсінбей тұрсыз ба?!

— Менсінбегенде не өзгерер дейсіз. Бірақ, мына пианиноны «сыйлық» еткеннен гөрі, есептеріңізден «сырғытып» отырсыздар-ау деймін.

— Кешіріңіз, бұл біздің концерт залымызда тұрған пианино. Рекеңе қимағанымыздан бердік, — деді әкелген кісі безеріп. Сөзді әрі жалғастырудың орынсыз екеніне көзім жеткен соң, не де болса ішке кіргізіңіздер, — дедім амалым таусыла. Кенет, басымды жоғары көтергенімде, екінші қабаттың терезесінен Райымбек ағаның қарап тұрғанын көрдім. Екі иығым салбырап, ағаның бөлмесіне бет алдым. Райымбек аға бөлмесінде, креслосында басын шалқайтыңқырап отыр екен. Менің бетіме бажайлай қарап:

— Иә, сөйле, Көбей! — деді. Аға көбіне пьесадағы кейіпкерлердің сөздерімен сөйлейді. Мен алғашында түсінбей қалушы ем, енді оған да үйрендім.

— Көбейдің сөзі түгесіліп, тығырыққа тірелген жайы бар, — дедім.

— Иә, не көрдің, не білдің тығырыққа тірелетіндей? — деп аға маған күле карады.

— Шынымды айтсам күлуге мұршам жоқ.

— Не болды?

— Қаптаған макулатураның астында қалғаныма күлейін бе?! «Пианино беремін» деп ауызын толтыра айтқанға, шынымен жап-жаңа пианино беретін шығар десем. Мына пианиноның баратын жері біреу-ақ.

— Иә, ол қай жақ?

— Пештің көмейі.

— Е, шырағым, қазақ қайбір сүтті сиырын береді дейсің? — деп аға сылқ-сылқ күлді.

— Сүтсіз болғанда да нағыз шандырын беріпті.

— Асықпа, кейін «шандыр пианиномен де күн көргенбіз» деп күлетін боласындар. Бұл күн де өтер, — деп Райымбек аға рахаттана күлді. Ағаның күлгеніне мен де қосыла күлдім.

— Бұның бәрі болашақ театрға баратын соқпақтар ғой. Асықпасаң ол күнге де жетерміз. Өздерінше қолұшын берген сиқылары ғой.



– Әй, қайдам, беталысы жаман. Бүйтіп «қол ұшын» бергендері құрысын, – деймін күйініп.

– Өнердің жолы ешқашан жеңіл болмаған. Ұлы реформатор Станиславский, қираған шіркеулер мен үйінділердің астын қазып, өзіне керек костюм, реквизитін тапқан, — деп Райымбек аға орнынан тұрып, кітап сөресіндегі жуан сары кітапты қолына алды.

– Мынау – тұңғыш театр жүйесін құрған орыстың атакты режиссері, актері Константин Станиславскийдің жазған кітабы. Бұл кітап жай кітап емес, ұзақ жылдар бойы зерттелген, жан дүниесінен өткізілген дүние. Сен осыны жақсылап оқып шықшы. Бұл мен үшін күтпеген оқиға. Жөпелдемеде не дерімді білмей саскалақтап қалдым.

– Оқу бар да, тоқу бар. Мен бұл кітапты түсіне алар ма екенмін?..

– Түсінесің. Орысшаға тілің жетік. Репетиция кезінде байқағаным, сен бәрін ұғып, түсініп отырасың. Кім біледі, бәлкім сен болашақта режиссер боларсың. Райымбек ағаның «режиссер боларсың» деген сөзіне күлкім келді.

– Химик-технолог маманы қалай режиссер болмақ?

– Сен күлме. Ресейдің көптеген режиссерлері авиация, медицина сияқты оқуларды бітіргендер.

– Бірақ олар үлкен қалалардағы театрларда болып, көріп жүрген адамдар. Мен бұрын театрда істемегенмін, оқуын оқымағанмын, қалай болар екен?..

– Толстойдың Мейерхольдка не дегенін білесің бе?

– Жоқ.

– Мейерхольд орыс театрының кейіпкерсынды мектебін қалыптастырған, талантты режиссері. Әрі Станиславскийдің шәкірті. Кейін өз мектебін ашқан режиссер. Сол кісі бір күні Л.Толстойға сәлемдесуге барыпты. Толстой :

– Сен кітапты көп оқисың ба? — деп сұрапты. Мейерхольд «көп оқыдым» десе тәптіштеп сұрай ма, егер «оқымадым» десем «неге оқымадың» дей ме, деп қиналыпты. Не де болса шындықты айтайын деп «онша оқымадым» депті.

– Қап. Ұрысқан шығар.

– Жоқ. Қайта «өте дұрыс» депті.

– Сонда қалай?

– Көп оқыған адам өз ойынан адасып, өзгелер жазған оймен өмір сүремін деп әлекке түседі. Әр адам өз танымын әкелуі керек, — депті.

– Бір жағынан ол да дұрыс екен-ау.

– Сол Толстой айтқандай, әр адамның көкейінде өз танымы болады. Менің Варпаховский деген ұстазым болды. Өте білімдар режиссер болатын. Мәскеуде сол кісіден білім алдым. Ол кісі бізге «Режиссураға отыз жастан соң келу керек» – дейтін. Мен де отыздан соң режиссерлік оқуға түскенмін. Мә, мына кітапты оқы, – деп қолындағы кітабын ұсынды. Тосын ұсыныстан есім шығып кітапты алдым. Сол сәтте қолыма шығармашылық тағдырымды ұстағанымды мен әлбетте білген жоқ едім.

## ТҰҢҒЫШ ПРЕМЬЕРА

Көктемнің алғашқы күндері. Бүгінгі күн Өнер кафедрасы үшін – тарихи күн. Райымбек аға өзінің алғаш шәкірттері, екінші курс студенттерімен С.Балғабаевтың «Ең әдемі келіншек» спектаклін қалалық мәдениет сарайына, көрермен қауымға қоймақшы. Бұл спектакльдің бір жақсы жері, декорациясы жоққа тән. Екі кереует, бір үстел, бір телефон, үш орындық болса жетіп жатыр. Оларды табу киынға соқпады. Студенттер жатақханасынан екі кереуетті апарып сахнаға қойдырдым. Кентаудағы Мәдениет сарайы Кеңестер Одағы кезінде чехтардың жобасымен, нағыз театр етіп салынған. Сахнасында айналатын дөңгелегі бар. Күллі софит, прожекторлар, қырықтан аса штанкеттері бар. Сахнасының тереңдігі қандай ғажап. Нағыз театр! Өкініштісі, нарыққа көшу кезеңінің тепірешіне ұрынып, қараусыз қалған. Қаптаған прожекторлардың үш-төртеуі ғана жанады. Айналмалы дөңгелектің моторы күйіп істен шыққан. Сахнадағы еден ағаштарының тозғандығы соншалық, аяқ бассаң «ойбайлап» қоя береді. Төбесінен су өтіп, қайран қапталған мраморлар қор болып тұр. Тоз-тозы шыққан сахнаны көргенде жаның ашиды.

– Шіркін, осы сарайды бізге берсе ғой, қандай ғажап болар еді. Бұл – нағыз театр. Мен басқарған Ғ.Мүсірепов театрында мұнша штанкет жоқ. Ал, биіктігі бұдан аласа. Әттен, қор боп тұрғанын қарашы, – деп Райымбек аға күйінеді.

«Егеменді ел болу» әр ұлт үшін қаншалық маңызды екенін әрине, арада жылдар өткен соң барып көзіміз жетті. Тап сол 1996-97 жылдары Елбасымыздың Алматыдағы астананы – Ақмолаға көшіріп жатқанын сөге қарағанымыз шындық. Себебі айлық жалақымызды уақытымен алу біз үшін үлкен бақыт. Халық үш-

төрт айлап жалақысын ала алмайтын. Зейнеткерлер жылдап алмады десек те болғандай. Жаппай жұмыссыздық елдің еңсесін езіп жіберді.

– Райымбек аға, мынандай заманда театр ашылады дегенге шынымен сенесіз бе? Жаппай жұмыссыздық. Мемлекет театр ашпақ түгілі, халықтың еңбекақысын бере алмай отырған кезде театрдың қажеті бола қояр ма екен? – деп сұрадым.

– Театрдың ашылатынына сенемін. Айналайын-ау, Наталия Сац апамыз, сонау 1940 жылы дүние жүзілік соғыс жүріп жатқан кезде Алматыда балалардың сазды театрын ашқан. Халықтың есіл-дерті соғысты жеңу боп жатқан кезде театр ашылғанда, қазір неге ашылмасқа?

– Аға, ол кезде ешкім жұмыссыздық дегенді білмейтін. Қазір нан тауып жейтін жұмыс жоқ қой.

– Ештеңесі жоқ. Құдайға шүкір, соғыстан аманбыз. Бұл күндер де өтер. Халықтың тұрмысы әлі-ақ оңалады. Сол кезде халыққа театр керек болады.

– Туһ аға, неткен оптимиссіз?! Сіздің ертеңгі күнге деген сеніміңізге қайран қаламын. Шынымды айтсам, болашақ театрдың болатынына сенбеймін.

– Неге сенбейді екенсің?! Мен мына спектакльді болашақ театрдың репертуары үшін дайындап жатырмын. Әлі тоқтай тұр, қоятын спектакль жеткізе алмай шаршайтын боласың.

– Театрыңыз ашылған кезде мені жұмысқа аласыз ба?

– Неге алмайды екенмін? Сен сол театрға қазірден еңбек сіңіріп жатырсың.

– Қандай еңбек айтып отырғаныңыз?

– Ау, спектакльге қажет заттардың барлығын шапқылап жүріп тауып, тасып, орналастырып жүргенің еңбек емес пе?

– Ой, ол мен үшін түкке тұрмайтын жұмыс. Мен тікелей спектакльге байланысты еңбекті айтып тұрмын.

– Спектакль тек бір режиссердің күшімен қойылмайды. Спектакль – спектакль болуы үшін, режиссердің қасында мықты көмекшісі болуы керек. Соның өзі үлкен көмек. Сен өзі мен берген кітапты оқып жүрсің бе?

– Оқығанда қандай?! Тіпті сіздің сабақ процесіңіз маған енді түсінікті бола бастады. Театрдың «кейіпкержанды» және «кейіпкерсынды» болып екі жүйеге бөлінетіне, оның айырмасын, ерекшелігін жақсы түсіне бастадым.

– Бәрекелде! Оқи бер. Түсінбей жатқан жерлерің болса маған айт.

– Мен түсінбейтін дүние жеткілікті. Бірақ, сіздің әрбір сабағыңыз, сол оқығандарыма тәжірибелік дәріс секілді.

– Сен әлі көп дүниелерді оқуың керек. Мен саған Горчаков, Кннебель, Товстоноговтардың кітаптарын берейін. Оқи берсең, оның бәрі қазына.

– Оқыған кітаптарымның өзіме қатты ұнаған жерлерін жазып алып жүрмін, – деймін қарап жүрмегенімді білдіріп.

– Сая, осы сенің тілің бай. Әдеби тілмен жақсы сөйлейсің.

– Кезінде журналист болсам деп армандап, әдеби кітаптарды көп оқитынмын.

– Журналист те өнер адамы. Бәсе, тілің қазақшаға өте жатық. Шұрайлы сөздерді көп колданасың.

– Енді қазақпыз ғой, – деп күлдім.

– Е...қазақтың ішінде – орыс, орыстың ішінде – қазақ боп жүргендер қаншама. Мына егемендіктің бір жақсы жері – өз тілімізге ие бола бастағанымыз.

– Оныңыз рас, – деймін ағаны қоштап, – біз студент боп жүрген кезімізде қазақша сөйлесек күлкіге айналатынбыз. Институтта тек орысша оқып қор болдық қой. «Жеті тіл біл» деген ғой. Әйтсе де, өз тілінді ысырып қою үлкен зорлық болды.

– Кеңес өкіметі «барлық ұлт – бір ұлтқа айналуы керек» деген ұғымды зорлықпен енгізіп, халықты соған сендірді. Қазақты он жерден орысқа телігенімен «орыс» болмайтыны шындық.

– Сол шындығыңыздың аяғы сұйылып кетті-ау деймін. Кезінде өкімет пен партияға сенуші ек. Енді кімге сенерімізді білмейміз, – дедім түңіле.

– Барлық уақытқа бірдей ойлап қойған шындық болмайды. Әр уақыттың өз шындығы бар, – деді аға ойлана. Ойлы адамға «өмірдің өзі – абақты». Еркіңмен сілтеуге ерік бермей, қанатыңды қырқып, аяғыңды тұсап, шабытыңды шалып жатқанда, жарқыраған өмірің – кара түнек абақты болмай нетсін?.. Ұғына білер жанға ағаның әрбір сөзі – тереңнен тартқан асыл ойлар лектері. Тек тұншықпай жұта біл. Райымбек ағаның ерекше қасиетінің бірі – қасында жүрген адамды биікке, болашаққа жетелеп, сендіре білетіні. Тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде дәлелдеу арқылы мықтылыққа тәрбиелейді. Ешқашан бөстекі сөзге жол берген емес. Шығармашылық жолдың небір шытырманьнан талантын шашып

алмай шығуы — өнерге деген құштарлықтың, еңбекқорлықтың арқасында деп ойлаймын. Ағаның әрбір сөзі менің көкейімде жатталып жатты.

— Сахнаң дайын ба? — деп Райымбек аға маған бажайлай қарады.

— Дайын. Қалай жасағанымды өзіңіз жүріп көрсенізші.

— Әрине. Мен бүгін балалармен сахнада репетиция жасауым керек. Сен барып түгендей бер, мен артыңша жетемін.

Мәдениет сарайы. Іші ызғарлы суық. Пеш жанбайды. Төбе-ден көктемгі жауынның суы өтіп, тамшылап тұр. Декорация-ның бәрі дерлік тозған. Кейбіреулері іріп, жыртылған. Жалғыз ғана машинисі бар. Аты — Жора. Оның өзі ештеңені жарытып білмейді. «Мынандай сахнада қайтіп спектакль қоямыз» деген ойдан жүрегім ауырды. Іштегі суықтың ызғары соншалық, үстім-дегі қалың пальто мен аяғымдағы етікпен өтіп бара жатыр. Жүгіріп барлық заттарды орын-орнына қойып біте бергенімде Райымбек аға келді.

— Райымбек аға, студенттер түгел осында. Сіз шынымен ре-петиция жүргізбексіз бе?

— Енді ше?!

— Мына залға сиыр қамауға болмайды. Студенттер қатып қалмас па екен?

— Амал жоқ, өтуім керек. Ең құрығанда техникалық түрде, кіріп-шығуын өтуіміз керек.

— Айтпақшы, арасында шампан ашатын жері бар ғой, оны қайтеміз?

— Өзім сатып әкелемін, — деді аға жайбарақат.

— Сонда шынымен шампан атылуы керек пе?

— Әрине.

— Мүмкін, шампанның бөтелкесіне су құя салармыз?

— Болмайды. Нағыз театрда «жаратылатын реквизит» деген болады. Оған осы шампан, нан, айран сияқтылар жатады. Кейін театрымыз болғанда көресің, — деді аға мені жұбатқандай. Репе-тиция басталып кетті. Студенттер дірдек қағып жүріп сахнада жұмыс істеуде. Сөйлеген кездерінде ауыздарынан булары бүркы-рап тұр. «Кұдай қаласа театр ашылады. Іші жып-жылы болады. Сол кезде қыстың күні көйлекшең жүретін боламыз», — деп іштей өзімді жұбатып қоямын. Станиславскийдің Америкаға алғашқы сапары есіме түсті. Театр реформаторы атанған Станиславскийдің жол-жөнекей көрген қорлығын оқығанда төбе шашым тік тұрған.

Кемеге мінген кезде артистердің жартысы «теңіз безгегіне» ұшырап, ашығып, тарыққандарын оқығанда, Станиславскийді қозғаған күш — Ресейді әлемге таныту, орыс театрын уағыздау екенін түсіндім. Ұлы адамдар неғұрлым қиындықты кешкен сайын тарих бетіне алтын іздерін қалдырып отырған. Демек, Райымбек ағаның бұндай қиындық жолынан өтуі заңдылық та болар бәлкім. Дірдек қағып жүріп жасаған репетициямыз да бітті. Қоршалай тұрған студенттердің ортасында Райымбек аға соңғы сөздерін айтуда.

— Ең бастысы, берілген жағдайда болып жатқан оқиғаны дұрыс қабылдап, бағалау қажет. Бағаламасаң — шындық туындамайды. Кұр репликаға жұмыс істемендер. Әрбір сөзді естіп, қабылдап, бағалап барып жұмыс істендер. Орынсыз асықпандар. Әрине, алғаш шыққанда толқу болады. Сахнаға шығарда актердің толқуы, жауапкершілікті сезінуі — табиғи процесс. Онсыз болмайды. Өзім қырық жыл сахнада жүрсем де, әр спектакльдің алдында толқимын. Ертең жақсылап ойнаңдар. Алла жар болсын! — деп батасын берді. Мен сол күнгі болған оқиғаны айшықтайтын тұңғыш мақаламды спектакльден алған әсерімнің негізінде жазған болатынмын. Тұңғыш рет мақала жазуымның өзі қызық. Премьера болған күннің ертесіне Райымбек аға менен:

— Иә, болашақ режиссер ханым! Спектакль қалай болды? Ұнады ма? — деп сұрады.

— Кәсіби хақында болған қателігі жайында ештеңе дей алмаймын. Адами сезім жағынан — студенттер өз рөлдерін жеткізе білді, — деп өзімнің әсерімді жайып салдым. Аға мұқият тындап алып:

— Сая, осы айтқан әсерінді жазып әкелші.

— Оны неғыласыз?

— Бәлкім мақала етіп жазарсың.

— Өмірімде мақала жазбағанмын. Қайтіп жазамын?

— Қазір маған қалай айтсаң, тап сол сөздерінді жазып әкел.

— Сонда қалай?!.

— Айналайын-ау, жазушылар жазатын сөзді алты қырдың астынан алады деп пе ең?! Өз бойындағы сезімдерді негізге ала отырып, қиялымен ұштастырады. Қорқып, үркетін ештеңесі жоқ. Тездетіп, жаз.

— Үйге келісімен алғашқы ойларымды барынша мәнерлеп қағазға жаза бастадым. Қанша көп қып жазғым келгенімен, бар

ойым бір беттен аспады. Таңертеңгісін жүрегім лүпілдей ағаны күттім. Райымбек аға жұмысқа асықпай келетін. Бүгін де сол әдетімен сағат он бірлер шамасында кафедраға кірді. Мен апыл-ғұпыл амандастым. Аға қолымдағы қағазды байқап:

— Жобамда олжалысыз ғой деймін. Қане, кабинетке кірелік, — деп кабинетіне бастап кірді. Жайласып отырды.

— Ал, оқы.

Мен кідірместен зуылдатып әп-сәтте оқып шықтым. Меніңше ракетаның жылдамдығындай оқыдым ғой деймін. Жүрегім аузыма тығылып, тынысым тарылды. «Не дер екен?» — деп соттың үкімін күткендей күтудемін.

— Оу, мынау нағыз керемет қой, құттықтаймын! — Райымбек аға екі қолын шапаттап күліп отыр. Мен сенер-сенбесімді білмеймін.

— Айттым ғой, сенен бірдеңе шығады деп!

«Сіз шынымен айтып отырсыз ба, әлде мазақтап отырсыз ба?» деуге аузым бармады. Ойымды түсінген Райымбек аға:

— Шын айтамын. Енді сен былай ет. Осы жазғандарыңды негізге ала отырып, әр кейіпкерге жекелей тоқта. Қай сахнасы саған ерекше әсер етті? Спектакль көтерген проблема көрерменіне жетті ме, сол жағын толықтырып жазып әкелші.

Демек менің мақаламда бірдеңенің болғаны деген ойдан жүрегім жарылардай қуандым. Ағаның мақтағаны қанат бітіріп, ауқымды етіп жазуға құлшына кірістім. Міне, менің тұңғыш мақалам осылай дүниеге келді. Тырнақалды мақаламды осы жерге кірістірсем, оқырман үшін де алғашқы премьерамыздың қаншалықты деңгейде болғаны түсінікті болар деп ойлаймын.

### «ЕҢ ӘДЕМІ КЕЛІНШЕК»

1997 жыл, 8-наурыз. Көктемнің алғашқы күншуақ күні. Жай күн емес, жыл бойы күтетін арулардың халықаралық мейрам күні. Оңтүстік өңірінде бұл күндері ауа-райы арулар алдында бас игендей шуағын аямай төгеді. Осы мейрам күні қала халқын дүр сілкіндірген оқиға болды. Кентау қаласындағы Халықаралық казак-түрік университетінің Өнер кафедрасының өрендері қала қауымына тұңғыш рет спектакль көрсетпекші. Әрине, студент жастардың талаптарына жүректері жарыла қуанған көпшілікте

қалай болар екен деген күдік те жоқ емес. Қанша дегенмен университет қабырғасынан шықпай жатып, бар-жоғы 2-курс-та оқып жүрген жастардың белгілі драматург С.Балғабаевтің «Ең әдемі келіншек» спектаклін театр сахнасында ойнауы едәуір шүбә тудырады. Студент жастарымызға қарасаңыз, бәрінің ерекше толқып, бір жағынан абдырап, сасқалақтап жүргенін көресіз. Өйткені бүгін үлкен бір өнер тарихының беті ашылып, «театр» атты әсемдік әлемінің алғашқы табалдырығы басылмақшы. «Ең әдемі келіншек» спектаклі біздің болашақ артист жолын тандаған өрендеріміз үшін ең басты оқиға болмақ. Рөлдерді орындағандар 2-курс студенттері: Гүлбаршын – А.Абжалова, Абдолла – А.Наурызбаев, Алтай – Е.Қалдарбеков, Зухра – Қ.Сейметова, Мәдина – Ж.Жүнісова. Сол күнгі толқу әлі есімде. Спектакльді қоюшы режиссер – Өнер факультетінің деканы, күллі атактың иегері Райымбек Сейтметовтің айналадағы адамдарды естімей, есіл-дерті қазіргі болатын спектакльде тұрғанын көресіз. Режиссер үшін әрбір спектакль «жас ананың жаңа тапқан тұңғышындай» ма деймін.

Міне, көптен күткен спектакль де басталып кетті. Құйқылжыған өуенге толы сахна төріне имене басып Гүлбаршын–Айсұлу шықты. Алғашында дауысында діріл болды. Онысы заңды әрине. Көрермен алдына алғаш шығу оңай емес. Бірақ, бара-бара дауысы қатайып, дірілі азая бастады. Махаббаттың азабына жастай күйген Гүлбаршын, ойда жоқ жерден үлкен сезім иесі, жүрегі таза, жаны сұлу келіншекке кездескен Абдолла, қолындағы алтынның қадірін білмей жоғалтып алған Жиенбай, астанада қалу үшін, шен-шекпен үшін махаббатын сатқан, ар-ұяттан безген Алтай, қарапайым сырт көзге көрінбейтін, өмірдің қызығынан азабын көп көрсе де мойынұсынбай жүрген келіншектер Зухра, Мәдиналардың ойынын көргенде, шын жүректен сүйсіне қарайсың.

Өмір–өзеннің ең бір тұнық иірімі – махаббат. Махаббаттың қуанышы мен азабын бастан кешпеген адам, өмір-өзеннің сарқырап аққан суымен тең дер едім. Сол тұнық иірімнен аяусыз жағаға шығарылып тасталған Гүлбаршын махаббаты. Оқу бітірісімен жүрегі жаурап, көңілі суып, алыстағы ауылға жолдамамен кеткен Гүлбаршын, онда барып та тағдырдың тәлкегіне түседі. Сүймеген Жиенбайға «мүмкін жаным жай табар» деген жанталаспен күйеуге шығады. Бірақ, тағы да алданыс... Арада он жыл өткен соң астанаға бірге оқыған достарымен кездесуге келген



Гүлбаршын, ең алдымен аямай, қатал жазаласа да, ұмытылмаған жастық қуаныштың елесін көргісі кеп, Алтайды іздейді. Әрине жас орындаушы Айсұлудың әлі де болса кейіпкеріне дәл келмей жатқан сәттері бар. Бірақ көрермендер Айсұлуға кешіріммен қарайды. Спектакль барысы екі тағдырдың ойламаған жерден бір-біріне кез болған көрінісімен дами түсуде. Ауыл артисін Абдолланы (Айдар) көргенде көрермендер еріксіз қуанып, «Мүмкін, осы Гүлбаршын тағдырын жандырар» — деп ойламай қалмайды. Абдолла — сезімтал, қиялшыл азамат. Ғайыптан пайда болған, сұлу, ақылды жаны таза Гүлбаршынға ғашық боп қалған Абдолла(Айдар), ауылдағы бала-шағасына қиянат жасауға дәрмені жетпей, адалдықтың арқанын аттап өте алмады. Іштей Гүлбаршынға тілектес боп отырған көрермендер Абдолланың бұл батылсыздығын дұрыс түсініп, қабылдай білді. Қызғаныш отына күйген, рухы әлсіз, арын араққа салған, ақырында түрмеден бір-ақ шыққан Жиенбай (Мұрат), «суға кеткен тал қармайды» дегендей, айналып кеп Гүлбаршынның аяғына жығылып, жалына бас ұрады. Жиенбайды көргенде, көрермендер алдарында болып жатқан спектакль екенін ұмытып, шын кейіпкерді көргендей сезімде болды. «Құлқынның құлы болған» Жиенбайға қарама-қарсы кейіпкер Алтай(Ерлан), өмір таразысының айлакерлік тасын басып тұрған, «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» тіршілік сайранын салу үшін байлық пен билікке кіріптар болған бейшаралықты ұтымды көрсетті десе болады. Спектакльде бас кейіпкерлерден басқа жас келіншектер — Гүлбаршынның құрбыларының басу айтып, жұбата отырып ширыққан сөздерін, бастарынан кешірген таксіреттерін тыңдағанда, жүрегінің сыздамауы мүмкін емес. Қаншама жастар өздерінің ең қызық сәттерін, жастық шақтың базарын жер кепеде өткізді десеңші?! Ыстық жар құшағында жатып болашақ сәбиін жарық, биік, сәулелі бөлмеде, жыпжылы үйде өмірге келтіруді армандаған арулар... Зухра мен Мәдина, отбасын сақтау үшін тұрмыстың тауқыметімен тартысып, қанатымен су сепкен қарлығаштай өжеттік көрсетті. Мен астаналық артистердің ойнағандарын көргенмін. Оларда сахналық көнігілік басым. Ал, студент жастар өзгеше бір риясыз тазалықпен, мөлдір тұнықтықпен, шынайы сенімділікпен ойнағанда сүйсінбей қалмайсың. Меніңше жастардың бұлай ойнауы — өмірде әлі сатқындықты, қулықты, сұмдықты көріп үлгермеген тазалығында сияқты. Лайым солай болғай?! Студент орындығында

екі жыл отырған шәкірттерден мұншалықты жеміс жинау екінің бірінің қолынан келмесе керек. Спектакльдің соңғы сәттері... Сүйгені – аяр, тигені – жабы болып, өмірге деген сенімі азая бастаған кезінде, екінші рет ойламаған жерден шынайы махаббатқа тап болған Гүлбаршын... Өмір заңдылығынан асып кете алмай, сндігәрі бұл сезімнің басына қайта оралмайтынына көзі жеткендей боп, аз уақыт ішінде сүйіп қалған, әлі де болса біреуге сүйікті бола алатынына көзін жеткізген Абдолланы қимай, қоштасарда мұңлы «Сүйіктім» әнін, махаббаттың мәңгілік әнін сыйлап кетіп бара жатыр.

Спектакль бітті. Зал тым-тырыс. Бәрі қосыла алмай кеткен екі тағдырға іштей егілуде. Осы үнсіздіктің өзінде тек жүрек естір қызыл тіл бар сияқты. Көрермендер ішінде де Гүлбаршындар мен Абдоллалар өздерінің өмір елестерін көз алдарынан өткізіп отырса керек. Кенет... Ду қол шапалақ! Орындарынан бір адамдай көтерілген көрермендер ұзақ уақыт қол соғып тұрып алды. Мұндай ойынды студенттерден күтпесе керек. Алғашында жастарға күдіктене қараған көрермендер, енді алдарында тұрған өрендердің өнер жолына сенімді қадам басқандарына күмәнсіз, илана қарады. Спектакль біткен кездегі Райымбек ағаның түрі әлде бір ғарышқа ұшып бара жатқан ғарышкер секілді еді.

Арада аз уақыт өткен соң «Ең әдемі келіншек» спектаклі түрік тілінде қойылды. Екі ай... Екі айдың ішінде түрік тілінде спектакль қою дегенді қалай түсінесіз?.. Қазақ театрының актерлері өзге тілде ешқашан спектакль ойнамаған. Демек, тағы бір тарихи бет ашылды десек болғандай. Екі ай мерзімде бәлкім тіл үйренуге болар, ал сахнада, көрермен алдында өзге тілде спектакль ойнау... Қым-қиғаш тағдырлардың қактығысын, жан азабын, жүрек тебіренісін сенімді түрде жеткізу – асқан шеберлікті талап етеді. Біздің студент жастар өздерінің жанкешті еңбекқорлықтарының арқасында табысқа жетті десек болғандай. Сол екі ай ішінде жасалған репетицияларға тоқталмай кету мүмкін емес. Дайындық сәттерінде түрік тілін дұрыс меңгеруге, айтылуына, қимыл-қаракетке байланысты өзгеруіне аса көп көмегін тигізген түрік азаматы, университеттің Кентау бөлімінің бас хатшысы Гүнхан Қайхан мырза. Репетиция кезінде төзімділік көрсетіп, асқан шыдамдылықпен түзеп отырды. Әрине, өзге елде өз тілінде спектакль қойылып жатса, өнер дегенде елең етер жан үшін жүрек жарардай қуаныш екені жасырын емес.

Сахнада студент жастар – артистер. Мүмкін тілден мүлт кетіп жатқан жерлері бар шығар, бірақ ең бастысы «мынау жат тіл, менің сөзім дұрыс шықпай қалды-ау» деп мүдіріп қалған жастарды көргенім жоқ. Көрермендер кімдер десенші?! Түркия республикасының мемлекет қайраткері, әйгілі Намық Кемал Зейбек мырза және Түркістан бөлімінде қызмет атқаратын түрік ағайындар. Бірақ, біздің студенттерде еш шатасу, ауытқу болған жоқ. Олардың сахнада жүріп көздерінің қырымен өз ұстазын, Райымбек ағаға қарай жүретінін байқап қаласыз. Өйткені, жастар үшін ең басты сыншы, төреші – Райымбек аға. Спектакльдің қай дәрежеде шығуы ең алдымен режиссер мен артистің арасындағы үндестіктің болуына байланысты. Міне, Гүлбаршын тағдырына налып, Алтайға ашынған кездері жанұшырған дауысын естігенде, адам баласының толқымауы мүмкін емес. Заманымыздың өмір сүру формасы өзгергенімен, ғасырлар бойы келе жатқан айлакерлік пен зұлымдық, алдану мен сатқындық, тағдырынан бұлқынып шыға алмай мойынұсынған әйел тағдыры... Режиссер үшін артист жүрегінің қыл пернесін дөп басып, бүкіл сезімін шығара білу – инемен құдық қазғанмен пара-пар. Қоюшы режиссердің бір жарым сағат ішінде бір әйелдің тағдыры арқылы бүкіл әйелдердің айтылмайтын сырын, жүрегінің түбіне ашылмастай тұмшалап, тұншықтырған мұнын жеткізуі бас идірмей қоймайды. Тіпті, әйел Гүлбаршын түгіл, ер-азамат Абдолла да өмірдің, қоғамның заңынан аттап кете алмады емес пе?!.

Өмір өзгерсе де өзгермейтін бір құбылыс – тағдыр. Қаншама жыл бұрын өмір сүрген Шортанбай бабамыздың:

Осы күнгі адамның,  
Еш нәрсе жоқ қолында.  
Әдет қылып зорлығын,  
Қасиет қалмай бойында, —

деген жыр жолдары бүгінгі күнмен үндесіп жатқан жоқ па? Міне, осының бәрін сахнада ойнау арқылы көрерменге ой салу режиссердің шеберлігі деп білемін.

Овация... Көзіне жас алып артистердің бетінен сүйген Гүлчин Чандарлыолы ханым, екі қолын аспандата соғып тұрған Кемал Зейбек мырза, сахнаға жүгіре шығып студенттерге ризашылығын білдіріп жатқан түрік ағайындар. Жас ұландарының арасында толқи күлімсіреп тұрған Райымбек аға. Қазақ әйелінің тағдыры түркі халқының ұл-қыздарын да толғантса керек.

Зұлым жүректен ән шығады деп ойламан. Көкейге қонатын ойлар, жырлар тек саф таза жүректен шығар. Ал, бүгінгідей шынайы тазалық пен адамгершіліктің туын биікке ұстай білген кейіпкерді шығару Райымбек ағаға тән қасиет. Әрине, бұл біздің студенттеріміздің өнер деген қиын да, қызықты рахатынан — азабы, тыныштығынан — тынымсыздығы көп, ауыр да ләззатты жолға түсуі. Осы жол біздің студенттер үшін бақыт жолы болғай!..

## «ТҮРКІСТАННЫҢ ТОПЫРАҒЫНАН ЖАРАЛДЫМ»

Тағы да репетиция. Райымбек аға 3-курс студенттерімен С.Балғабаевтың «Қыз жиырмаға толғанда» пьесасын талдауда.

— Неге Балғабаев? Басқа драматургтерді неге алмайсыз? «Ең әдемі келіншекті» қойғаныңыз жеткілікті емес пе?

— Жас студенттерді бірден классикаға салуға болмайды. Классиканың тілі ауыр. Сөз астары терең. Онымен қоса заман, өмір сүрген орта, ғасырдың ерекшелігін ескермеске болмайды. Әрине, зорлықпен тықпаласаң шығады ғой. Бірақ, өз кейіпкерінің жанына бойлай алмай қалады. Мен «Еңлік—Кебек» пьесасындағы Қараменде биді жиырмадан асқан шағымда ойнадым. Дауысымды барынша мақамдап, өзіме берілген режиссердің тапсырмасын алып шықтым. Бірақ, Қараменденің ішкі зарының түп негізі неден бастау алғанын кейін, ақыл-ой тоқтатқан кезде түсіндім. Мүсірепов театрын басқарып жүрген кезімде үлкен бір жиналыс болды. Қызу тартыс болды. Мен жиналыста ең соңынан сөз алдым. Орнымнан тұра бергенімде ойыма орала кеткен Қараменде бидің «Сөз ем болудан кетіп, ауыздан шыққан жел есебінде болған заман ғой. Сондықтан сөйлер, сөйлемесімді білмей көп отырдым...» сөздерімен бастадым. Міне, көрдің бе, Қараменденің зары тап сол сәтте менің жүрегімді осып өтті. Демек, әр нәрсенің өз уақыты бар. Алдымен жастар өз заманында өмір сүрген кейіпкерлермен біте қайнасуы керек. Құдай қаласа дипломдық жұмысқа М.Әуезовтің «Қарагөзін» алам. Оған дейін студенттердің санасын жетілдіруім керек. Сен бір мақала жаздым деп тоқтама. Кітаптарды оқып жүрсің бе өзің? — деп сұрады аға менен.

— Әрине. Горчаковты толығымен оқып біттім. Оның пьесаны талдау әдісі өте ұнады. Сахнада декорацияның, әрбір бутафорияның маңыздылығы туралы дәлелдемесі керемет екен. Жат-

сам-тұрсам зерттеп жатқаным — Станиславский. «Менің өнердегі өмірім» кітабын оқып отырып, Станиславскийдің шәкірттерімен жұмыс істеу процесін сізбен салыстырдым. Сіз тура Станиславскише талдайсыз.

— Өйткені менің мектебім — Станиславский мектебі. Актер рөлді жанымен ұғынуы керек. Әрбір оқиғаны қозғап тұрған қосымша себеп-салдарды зерттей білуі қажет. Жалаң, атүсті болған ойын «әсіреқызыл» боп шығады.

— «Әсіреқызыл тез оңар» демексіз ғой.

— Әлбетте. Студентті тәрбиелеуші ұстаз ә дегеннен жастардың әсіреқызылдыққа бой бермеуіне ерекше мән беруі қажет.

— Біздің жастар ауылды жерден шыққандар ғой. Шылы желпініп, ойкастап тұрғаны жоқ сияқты.

— Адам — қай жерде болмасын, қай ортада өмір сүрмесін — адам! Ішкі болмыс туа бітеді. Әрине қоршаған орта мен өртүрлі жағдайлар адам санасына әсер етпей қоймайды. Сондықтан жастарға әрдайым тәптіштеп айтып, тура жолдан тайдырмауға тырысуымыз керек.

— Мықты актер болса жарып шығады деп ойлаймын. Талант жатпайды ғой.

— Талантты құдай береді. Талант — ғасырда бір-ақ рет дүниеге келеді. Ал, актерлік дарын екі түрлі болады. Біреуі — бірден жарқ етеді де ерте сөніп жоқ болады. Екіншісі — жайлап тұтанып барып, маздап жанатын болады. Ол жыл өткен сайын биіктей береді. Біз соның біріншісінен жастарды сақтауымыз керек. Кеше ғана Гүлбаршынды, Абдолланы сомдадым деп, «асатпай жатып — құлдық» деп қарап тұрса не болғаны?! Театрдың қабырғасына жетпей жатып желік енсе, ғұмыры қысқа болады дей бер.

— «Семіздікті қой көтереді» деп атам қазақ бекер айтпаса керек. Сахнаға ерте шығып, халықтың ілтипатына ерте іліккенді көтере алмай қалуы әбден мүмкін, — деймін ойыма Станиславскийдің актерлер жайлы жазғаны түсіп.

— Е-е., талай артистерді көрдік қой. Әнуар Молдабеков пен Есболған Жайсанбаевтар қандай таланттар еді. Қазақтың маңдайына сыймай кетті.

— Екеуі де дүниеден жас кетіпті, иә?! — дегеніме Райымбек аға күйіне:

— Біздің кезеңіміз «арақ» деген жауыздың «қылышын сүйретіп» тұрған кезі еді ғой. Атақты ағаларымыз таң атқанша қан-

ша жәшік арақ ішкендерін айтып мәз болысатын. Жатып алып бөшкелеп ішкендерін көрдік. Арақ — қазақтың небір жайсандарының тамырына түскен құрт болды ғой. Әртіс деген халықтың түбіне жететін — мақтау. «Ой, сен кеше керемет ойнадың. Сен үшін бір алып қояйықшы» деген көпірме сөздің көбігіне малтығып тұншықты ғой не бір асылдар.

— Сіз де «Беу, қыздар-ай» спектакліндегі Әубәкірмен ерте танылдыңыз. Өзіңіз айтқан «нәубеттен» қалай аман қалдыңыз?

— Менің ойын-күлкінің соңына түсіп, қызықтап жүруге уақытым болған жоқ. Театрдан қолым калт етсе радиоға эфирге жазылам. Одан қала берді киноға дубляж (қазақша аударма) жасайтынмын. Көп оқыдым. Пьесалар аудардым. Режиссураға ертерек бой ұрдым. Мәскеуде оқып, отыз жеті жасымда М.Әуезов театрына директор болдым. Жауапкершілік жүгі мойныма артылған кезде думан-тойға уақыт қалмайды.

— Жауапкершіліктің ерте артылғанынан сіз ұтылған жоқсыз. Осынау Түркістан топырағына келіп, өнер мектебін ашып жатырсыз. Бір таң қалатыным, қырық жыл жүрген Алматыны тастап, шаңы шыққан Түркістанға қалай келдіңіз?

— Бір ағамыздың өлеңінде «Түркістан — шаң-шаң» деген сөздерді оқып күлгенім бар. Біреу Түркістанның шаңын көреді, біреу алыстан мен мұндалаған көк күмбезін көреді, менің Қадыр досым болса басқаша жырлайды, — деп Райымбек аға жыр жолдарын оқи жөнеледі:

О, Түркістан, шежіренің бітпес сенде басы бар,  
Кешегінді айта берсем, келешегің ашылар.  
Жаракатты жауынгердің тамған сенде қаны бар,  
Қаракаттай қаракөздің тамған сенде жасы бар.

— Апырым-ай, Райымбек аға, Қадыр Мырзалиев сізге өлеңгенше борыштар шығар. Екі сөзіңіздің бірі Қадыр ақынның жыры. Меніңше сонша өлендерінің барын Қадыр ағаның өзі де білмейтін шығар.

— Мен Қадырдың тұңғыш «Ақ отау» деген алақанның көлеміндей өлең кітабы басылып шыққанда оқып, тәнті болып, өзім арнайы іздеп барып танысқанмын. Содан бері достасқанымызға отыз жылдан асыпты. Қадырдың өлендері тұнып тұрған философия!

— Шынымды айтсам, Қадыр ағаның өлендерін сіз арқылы сүйе бастадым. Байқап қарасам, әрбір өлең жолы нақыл сөз.

— Қадырдың өлеңдері талай жүздеген ғасырларға кетеді әлі. Әңгіме «шаң басқан Түркістан» сөзінен туып кетті ғой. Менің туған жерім — Түркістан. Түркістанда Қарашық деген өзен бар. Соның бойында отырған кезде дүниеге келіппін, — деп Райымбек аға өзінің өмірбаянының алғашқы тармағына ой жүгірте әңгімелей бастады.

## БІР ТАМШЫ СУ

...Түркістан менің туған жерім. Әке-шешем кішкентай нәресте күнімде Әзірет Сұлтанның кесенесіне апарып, қасиетті құдықтың суынан ырым етіп бір тамшы су тамызған екен. Сол кезде олар Алла тағалаға жалбарынып, Әзірет Сұлтанның әруағына сыйынып тұрып қандай тілек тіледі екен? Баламыз болашақта қандай азамат болса екен деп ойлады, ол жағы маған беймәлім. Қазір ойлаймын, қасиетті құдықтың сол бір тамшысы — өнер тамшысы боп, дәмі аузымнан өмір-баки кетпей қалған шығар...

Біздің үй Түркістанның шет жағында, құмдақ жерде тұратын. Бала кезімізде ойнап жүріп Әзірет Сұлтанның кесенесінің алдынан шығатынбыз. Кейде әдейілеп көруге баратынбыз. Сонда оның асқақ та құдіретті көрінісі, бала қиялымызды тербеткен сұлулығы әлі күнге көз алдымнан кетпейді. Бәлкім мені өнерге ғашық етіп, табындырып қойған да сол құдіретті сұлулық шығар кім білсін?! Әйтеуір, өнер, әдемілік деген ұғымдарға балама іздегенде ойыма ең алдымен Әзірет Сұлтанның кесенесі оралады.

Кесененің ішінен дүр етіп ұшып шығатын кептерлер болушы еді. Ол кептерлер басқа тұқымдастарына қарағанда өзгеше бақытты, әулиенің өзі алақанына салып аялап, көк аспанға қарай самғатып жіберген ерекше қасиетті құстар сияқты көрінетін.

Менің төлқұжатымдағы туған күнім — екінші наурыз. Анамның айтуынша, егін орағы кезінде дүниеге келіппін. Мұның сырын анам әңгімелеп беретін: соғыс жылдарында апам нанның карточкасын алуға барғанда балалардың тізімін жасап, туған жылы мен айын, күнін жазып отырған әйелдің ұлты орыс екен. Оған түсіндіріп айтатын адам болмаған. Апам болса орысша білмейді. Сол кезде біреу: «Әй, келіншек, анау-мынауы қайтесің. Өзің біл десеңші орыс қатынға» десе керек. Сонымен туған күнім 2-наурыз болып кеткен ғой. Сөйтіп, қасиетті Түркістанның түлегі —

мен, өзімнің жерімде, өзімнің елімде жүрсем де туған күнімді анық білмеймін.

Түркістан тағдыры, туған ел тағдыры талай жылдар бойы отаршылдықтың тәлкегіне түсті. Қасиетті жердегі ұлылардың рухы қысылды. Төбе шашыңызды тік тұрғызатын қасірет қой бұл. Осыны ойлағанда егемендік алғанымызға, тәуелсіздікке қолымыздың жеткеніне қуанамын. Еңсені басқан ауыр жүктен құтылғандай жеңілдеп қаламын. Кезінде ел басқарған ардақты, абзал азамат Дінмұхаммед Қонаев ағамыз Түркістанға жиі келіп тұрды. Қарапайым халық Әзірет Сұлтан деп атайтын Қожа Ахмет Йасауи бабамыздың кесенесіне әр сапарында тәу етіп, қасиетті құдығынан су ішкен. Осыдан біраз жыл бұрын бір сәулетші кісіден естідім. Димекен сол жылдары дініміз бен ділімізге отаршылдар қырын қарап, қыспаққа алып тұрған шақта ретін тауып 25 миллион сом қаржы бөлдірген екен. Соны қасындағы жандайшаптар, жебірлер мен жегіштер ту-талақай қылған ғой... Құдайдан қорықпағандар, тегін топырақтан дуал үйдіріп, біз өйтіп жатырмыз, бүйтіп жатырмыз деп ел-жұртты алдап, қыруар қаржыны қалталарына салған. Басқа жер болса мұны айтпауға болар еді. Бірақ әулиеге жасаған қиянаттарына, имансыздықтарына ашынады екенсің.

Түркістанның 1500 жылдық тойы өтеді деген әңгіме қозғалғанына біраз жыл болып еді. Сөз жүзінде көп нәрсе айтылғанымен, іс жүзінде жүзеге асқан нәрсені көре алмай келдік. Соңғы жылдары Елбасымыздың Түркістан топырағына ат басын жиі бұрғаннан кейін ғана жергілікті жердегі әкім-қаралар зыр жүгіріп, өз міндеттерін орындауға кіріскен сынайлы.

Түркістанның бүгіні мен ертенін ойлағанда, көңілімде бір түйткіл тұрады. Айтпай қалуға және болмайды. Түркістанның рухын көтеру үшін, ең әуелі сол жердің рухани игіліктерін жасауымыз қажет. Өзім ұзақ жылдар бойы қызмет еткен өнер саласының биігінен ойласам, Түркістанға театр керек. Еліміз егемендік алды, Түркістан қайта түлейтін болады деп жастайымнан бауыр басып қалған Алматыны, атақ-абыройына ие болған өнер ордасын тастап, туған жерге тартып кетуімнің ең басты себебі де сол болатын. Осында жинақталған тәжірибемді, азды-көпті ел таныған өнерімді туған қалама, Түркістаныма алып барайын деп шештім. Түркістан қайтадан іргесін көтеріп жатқанда, соның бір шегесі болып қағылғым келді.



Әрине, Түркістанның халқы «қашан театр ашылады» деп күтіп отырған жоқ. Оны келген күні-ақ білгенмін. Түркістан тұрғындарының мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, ой-санасы соңғы жылдары саудаға ғана бейімделіп алған. Бүгінгі Түркістан — қайнап жатқан базар. Білімді азаматтар жоқ емес бар ғой, бірақ сол білімді басқа бағытқа жұмсайтыны жанына батады. Олармен өнер туралы әңгімелескенде, ә дегеннен-ақ алысқа шаба алмайтындары белгілі болып қалады. Ал енді алыпсатарлық жағына келгенде, атша желеді десем артық емес. Бұлардың көпшілігі — әкім-қаралар. Сол жердегі елдің тағдырын шешетін адамдар. Бала күнімізде әкелеріміз:

Көкше байлық үш айлық,  
Үш айдан соң шошайдық, —

деп отырушы еді. Сондағы «көкше байлық» дегендері — өздерінің еккен бау-бақшалары ғой. Екі-үш айда қазан боп, абыр-сабыр тіршілігі басылған соң, босап қалған атыздарға қарап тұрып көңілдері құлазымай ма?! Базар, сауда-саттық психологиясымен ешбір ел, ешқандай ұлт ұшпаққа жеткен емес. Ал болашақтың іргетасы бүгіннен қаланатыны белгілі.

## ӘР РЕПЕТИЦИЯ — АКАДЕМИЯ

Иә... Мен үшін Райымбек ағаның әрбір репетициясы — нағыз академия. Қолымнан қаламсабым мен дәптерім түспейді. Райымбек ағаның аузынан шыққан сөзі дуалы дұғадай әсер етеді. Әр студентке жекелей, жалықпай, әр сөзіне тоқтап, сөз астарында не жатқанын түсінуге жетелеп жатқанын көргенде «неткен шыдамдылық!» дейсің іштей. Бүгін де «Актер шеберлігі» сабағы бойынша курс жұмысына алынған С.Балғабаевтың «Қыз жиырмаға толғанда» пьесасы бойынша сабақ өтіп жатыр. Райымбек аға әр сабағын жай, қарапайым сабақ емес, репетиция ретінде өткізетін. Мен, ағаның түсіндіру процесі бойынша түсініктемелер, сараптамалар жазып отырмын. Бүгін ағаны ерекше шаршатып жатқан Есімсейітті ойнайтын Нұржан Төлендиев деген студент. Аға сабырмен, әспеттеп түсіндіреді де «түсінікті ме?» деп сұрайды. Төлендиев бұл етпестен «түсінікті» деп жауап береді. «Түсіңсең жасашы, қане» деп аға отыра бергені сол еді, әлгі студент таз

қалпында қайталап берсе бола ма?! Әсіресе, Гауһар мен Ғайыпбергеннің қақтығысы болатын жерде тап бір жиналыста отырғандай сұрғылт сөйлейді. Райымбек аға ерінбей Нұржанның қасына барып;

— Бұл жерде қақтығыс болып жатыр. Ал, сен оны жанұшыра іздейсің. Оның шешімін сен жасайсың. Гауһар мен Ғайыпбергеннің бірін-бірі қаралауынан ышқынуың, шындықты анықтауың керек. Ал сен, Салтанат (Ғайни шешейдің рөліндегі студент қыз) айтып тұрған сөздерінді өкініш ретінде шығаруың керек. Монологті айтып тұрған сөздерінді өкініш ретінде шығаруың керек. Монологті айтып тұрып, қайта оралмайтын кездерінді армандауың керек. Махаббат, қызық мол жылдар кетті, зіңгіттей жігіт өлді. Ғайнидің түсінігі өзгеше. Көз алдындағы айтысып жатқан жастардың жайты саған анайы. Ұрпақ арасындағы қарама-қайшылық. Гауһардың сүйіп қосылып, алты айдан кейін ажырасуы таңқаларлық. Сол кездегі адамдардың психологиясының тазалығы, мәрттігі. Ал саған, (Гауһар рөлін ойнап тұрған студент қыз Қарлығаға бұрылып) саған Ғайни шешейдің айтып тұрғаны күлкілі. Бір көрген адамның айттырғанына күйеуге шыға салуы сен үшін ақымақтық. Қане, қайтадан бастандаршы.

Ғайни (Салтанат) алғашқыға қарағанда өзгерді. Әйтседе әлі толық жеткізе алмай жатыр. Райымбек аға студент қызды тоқтаып қойып қайта түсіндіреді.

— Сен түсінбей тұрсың. Бұл жерде екі ұрпақтың арасында талас туып тұр. Сенің сөзің — үлкен, аналардың атынан махаббат, тазалық туралы дастан айтып тұрсың. Қызың үшін жаның ашу, оның шырқырап жатқанына жүрегің зар жылайды.

Тағы да репетиция... Не керек, Райымбек ағаның талмай еткен еңбегінің нәтижесін беретін — премьерә күніне жеттік. Спектакльдегі оқиға қыстың күні болғандықтан, костюм іздеп бас қатырмадық. Әрқайсысы өз үстіндегі қалың киімдерін киіп шықты. Спектакль Кентау бөліміндегі университеттің акт залында қойылатын болды. Бөлімше директоры, оқытушылар, студенттерді шақырып, залды толтырдық. Көп созбай спектакльді бастап жібердік. Сахнада Жібек (Айсұлу Ілесова) пен Ғайыпберген (Айдар Наурызбаев) екеуінің сахнасы. Махаббатының ғайып болғанына күйзелген Жібек (А.Ілесова), өз сезімін көрермендерге жеткізе білді. Жібектің көзіне түнған жасы, үркі қараған көзі, жаурап тұрған жүрегі маған ерекше әсер етті. Бір өкініштісі,

А.Лесо́ва оқуды бітірісімен отаулы боп, өнерден қол үзіп қалғаны. Болашағынан үміт күтіп едік. Осы күндері бала басты боп үйінде отыр. Сол кездегі студент қыздардың ішіндегі ең нәзік сезімдісі Айсұлу Лесо́ва болатын. Ғайыпбергенге (Айдар) қарап, қаланың тікаяқ қуы екеніне сенесің. Спектакльді көрермен жастар өте жақсы қарсы алды. Ертеңіне кафедрада отыр едім, Райымбек аға кірді. Мен ұшып тұрып амандасып, премьерармен құттықтадым.

— Иә, сіздің пікіріңіз қалай, болашақ режиссер ханым? - деп Райымбек аға диванға кеп отырды.

— Жақсы.

— Бір ғана «жақсы» аз. Несімен жақсы?

— Спектакль жақсы өтті. Әсіресе Жібек өте сенімді ойнады. Гауһар мен Ғайыпбергеннің сахнасы шынайы болды.

— Қай жері сенімсіз болды?

— Ғайни шешей...

— Неге? Күллі зал қосылып жылап отырды ғой.

— Меніңше күллі зал Ғайни шешейдің жылағанына емес, оқиғаның өсу барысында жылады. Мен өз басым Ғайнидің шешіміне көңілім толмады.

— Неге?!

— Ғайни шешей, автордың беруі бойынша алпыстан асқан ана. Алпыстағы ана мен жиырма жастағы Жібектің сезімі бірдей емес қой. Әсіресе соңғы сахнада қызын жұбатудың орнына, асыра жылады. Меніңше онысы еш қисынға сыймайды. Өмір тәжірибесі бар ана, жылап тұрған жас қызды жұбатып, ертеңгі жақсы күннің туатынына сендіруі керек сияқты.

— Мінеки, мен сені бекер режиссер деп жүрген жоқпын ғой, — деп Райымбек аға алақандарын шарт еткізіп күлді. — Дәл таптың. Ол жерін бүгін өзім де Салтанатқа айтайын деп отыр ем. Көрдің бе, режиссерлік көзқарасың қалыптаса бастады. Әрқашан барлық нәрсе тарыдай түйіннен басталады. Сен әлі Станиславскийдің мектебін жалғастырған Кннебель боласың.

— Кннебельдей болу қайда?!

— Ол кісіні мен көргенмін. Сен сияқты бойы кішкентай, елгезек кісі болатын.

— Бой жағым келгенмен, ой жағым келер ме екен, — деп күлдім.

— Сен енді осы пікіріңді тағы да жаз. «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боласыңды» атам қазақ бекер айтпаған. Сенін

бойында режиссураға бейімдік бар. Өзің оқыған нәрсенді тастай ғып ұғып алады екенсің. Ол өте жақсы қасиет. Қаламың да күннен-күнге ұшталып келеді. Мен келесі оқу жылына «режиссура» мамандығын ашамын. Сырттай бөлімі болады. Сен соған оқуға түс. Қосымша маған ассистент боп сабағымды жүргізесің. Өте алғырсың, тез-ақ үйренесің.

– Шын айтып отырсыз ба?!

– Маған ертеңгі күні ізімді жалғастырар сенімді ізбасар керек. Театр ашам деген арманыма жете қалсам, менің бір өзіме ауыр болады. Маған сен сияқты көмекші керек.

– Сіз сияқты режиссер болу – менің арманым. Бірақ...

– Қорықпа. «Мен де сендей болғанмын, сен де мендей боларсың» – деді Райымбек аға екі сөзге келтірмей.

– Соңғы сөзіңізді Париждегі құлпытаста жазулы деп оқып ем, – деп күлдім.

– Ол – даналардың сөзі. Ешкім, ешқашан бірден жетістікке ие болмайды. Әуелі шелек-шелек тер төгу керек.

– Шынымды айтсам, арманым – режиссер болу, – деймін қысыла.

– Режиссураға өмір мектебінен өткен кезде келу керек. Ол кезде саналы қабылдайсың. Әр кейіпкердің ішкі жан-дүниесін сараптай білу үшін «ақыл тоқтатқан кезең» өте тиімді болады. Сен көп оқисың, ізденесің. Режиссерге ең қажет нәрсе – зерттеу. Ертең екеуміз қалалық кітапханаға барайық. Мен саған қажет деген кітаптарды іріктеп берейін...Арада үш жыл өткен соң Райымбек ағаның айтқан болжамының дәл келетінін мен әрине сезген жоқпын.

## ҰСЫНЫС

Өнерге келу арқылы өмірім қызып сала берді. Кітапханаларға жүгірем, театр туралы журналдар, естеліктерді оқимын. Қалалық кітапханадан Шепкиннің кітабын тауып алдым. Неткен керемет?! Әсіресе Шепкин мен Гогольдің хат алысуы. Меніңше ескі заманның бізден бір ерекшелігі – хат жазысуы. Хаттар арқылы қаншама құнды тарихтар жетті десеңші. Қазіргі технократтар заманның жетістігінің бірі – телефонмен ауызекі тілдесу арқылы ең үлкен байлық, соңымызда қалдыратын естелік хаттардың бол-

мауы өкінішті-ақ. Гогольдің «Ревизорын» қою үшін Шепкин мен автор арасындағы хаттарда әр сахна, костюм, тіпті реквизитке дейін талқыландығанын оқып таң қалдым. Терендей мән беріп бақыласаң бәрі өте қарапайым нәрселер. Тек соған мән берсең болды. К.Станиславскийдің «қарапайым, жеңіл, көңілдірек» деген ұлы сөзінің мағынасына көзім жетті. Мен үшін таптырмайтын үлкен бакыт — кітаптан оқығандарымды, тәжірибе жүзінде қорытатын Райымбек ағаның сабақтары.

Райымбек ағаның бір қасиеті — ешқашан тікелей рөлмен сабағын бастамайды. Әуелі жалпылама, пьесадағы тағдырды өмірмен сабақтастырып, әр кейіпкердің жан-дүниесін бүгінгі күнмен үндестіріп лекция оқиды. Бәріміз аузымызды ашып тыңдаймыз. Тек пьесамен шектелмей, өзі ойнаған рөлдері мен қойған спектакльдерінен мысал келтіріп айтқанда, шынымды айтсам «соқырға таяқ ұстатқандай» етеді. Бүгін де Райымбек аға ерекше шабытпен лекция оқып тұр. (Аға ешқашан қағазға қарап оқымайды.)

— Адам жанының бояуы, палитрасы мол болса — талант. Үндестік тұтас болған жайтта — ансамбль. Үндестік бар жерде — мақсат орындалады. Адам мінезі қаланған кірпіш сияқты. Біз саптай түзу өнер қабырғасын салуымыз керек. Оны қайламен жасай алмайсың. Сен — жан сезіміне айнала білуің керек. Бұл — өте нәзік өнер. Сәл жетпей қалса да, сәл асып кетсе де — ненормально! Екі басы бірдей болса — зергерлік жұмыспен бірдей. Партнерлердің (серіктестердің) бірін-бірі түсінуі — оркестрдегі аспаптардың үндесуі тәрізді. Актер берілген тапсырманы жан таразысына салады. Адам өз мақсатын айқын білгенде, соған баратын әдістер іздейді. Жету үшін табандылықпен күреседі. Кейіпкердің бар мінезін актер өз бойына сіңіруі керек. Актердің жан сезімі қызылшақа болуы керек. Жүректен шықпаса — жүрекке жетпейді. Санаға сіңіріп барып, сезімге көшіру керек.

Әр лекция мен үшін құнды. Оқығаным мен Райымбек ағадан естігенімді салыстырғанда тұшынып, ерекше рахат сезімге бөленемін. Станиславскийдің шәкірттерге үйреткен әрбір актерлік шеберліктің элементтері менің жан-дүниеме құйылып жатқандай. Райымбек аға өзбек драматургі Сайд Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» комедиясымен жұмыс істеп жатыр. Комедия болған соң студенттер құлшына кірісуде. Бір күні мен Райымбек ағаға өзімді мазалаған мәселемен кірдім.

— Аға, бұрынғы спектакльдер өзіміздің қазақша киімімізбен өтті. Мына спектакльді қайтпексіз? Қанша дегенмен өзбекше костюм болмаса ыңғайсыз шығар.

— Айтпақшы онысы бар екен ғой, — деді Райымбек аға абдырап. — Әрине, өзбекше көйлектерсіз болмайды.

— Менде бір ұсыныс бар, егер сіз қарсы болмасаңыз.

— Қандай?

— «Ең әдемі келіншек» пен «Қыз жиырмаға толғанда» спектакльдерін мәдениет сарайына қояйық. Билет сатайық. Түскен ақшаға мата сатып алып, тіктірейік.

— Онымыз қалай болар екен? — деп аға ойланып қалды.

— Несі бар?! Сіз күллі мектеп директорларына телефон соғасыз. Жоғары сынып оқушылары үшін таптырмайтын дүние. «Ең әдемі келіншекті» кешкі сеансқа, қала жұртшылығына қоямыз.

— Билетті қайдан аласың?

— Ол жағы оп-оңай. Мен компьютер бөліміндегі жігіттермен сөйлесіп, формасын жасатамын. Света (хатшы қыз) өзіміздің компьютерде көбейтеді. Артына кафедраның мөрін басамыз.

— Сөзіңнің жаны бар, — деп, аға маған қарап ойланып отырды да: Билет сату деген идеяң дұрыс екен. Ойнаған сайын студенттер де шеберлене түседі. Қолыңнан келе ме?

— Ой, аға, «әуелі істі бастау қиын» демекші, әуелі бастайық та. Не боларын көре жатармыз. Тек сіз мәдениет сарайымен келіссеңіз болды.

Сонымен жаңа іс басталды. Компьютердегі жігіттерге өтініп, театрдың билетіне сәйкес форманы іздей бастадым. Біздің кафедра қазақ-түрік университетінікі болғандықтан бір шетіне университеттің эмблемасын, екінші шетіне театр эмблемасы — масканы орналастырдым. Ортасына Өнер кафедрасы деп жаздырып, күні, сағатына шейін кәдімгі театр билеті секілдендіріп жаздырдым. Билеттің үлгісін «шешем ұл тапқандай» қуанып Райымбек ағаға әкеп көрсеттім.

— Оу, мынауың нағыз билет қой! Қалай ұйқастырғансың?! — деді аға билеттің үлгісіне ерекше риза боп.

— Енді логика бойынша осылай болуы керек сияқты, — деймін жүрегім жарыла. Ағаның қуанғаны бойымда мақтаныш сезімін оятты.

— Режиссерге ең керегі логика дедім ғой саған. Жарайсың! Міне, театрдың алғашқы штрихы осыдан басталады деп есептей бер.

– Бір проблема бар.

– Қандай?!

– Билеттің артына театрдағыдай күнін, жылын қоятын мөріміз жоқ. Сондықтан әрқайсысын жекелей қол қойып, кафедра мөрін қоюға тура келеді. Амал жоқ. Света екуміз екі жақтап қоярмыз.

– Әрине сөйткендерің дұрыс. Мен мектеп директорларына жекелей хабарласып жатырмын. № 24 мектептің директоры Нарбек деген ағайың, мектепте қойсаңыздар дұрыс болар еді деп ұсыныс жасады. Мен келісімімді бердім. «Қыз жиырмаға толғанда» спектаклін қоямыз.

– Ендеше мен мына билеттерді көбейттірейін.

– Әуелі № 24 мектепке қояйық. Содан соң мәдениет сарайын қоярмыз, – деп аға телефонның трубкасына қол созды. Ағаның келісімін, қолдауын алған соң, Света екеуіміз билет мәселесіне білек сыбана кірісіп кеттік. Света компьютерден шығарып беріп жатыр, мен қол қоямын.

...Алғаш мектеп-гимназияның директорына баруым. Директоры әйел адам мені тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жіберді. Ақылдаса келе «Ең әдемі келіншекті» мектептің акт залына қоятын боп келістік. Мен билеттерімді санап өткіздім. Ішімнен: «Әй, қайдам, ақшасын толық ала алар ма екенмін?..» – деп ойлап қоямын. Бір тәуірі бес күннен соң спектакль қоятын болдық. Спектакль қоятын күн. Уақытын сағат 15.00 деп келіскенбіз. Сағат екілердің кезінде студенттерім келіп, костюмдерін киіп, үстерін реттей бастады. Қарасам Абдолланы ойнайтын Айдар Наурызбаев жоқ.

– Айдар неғып келмеген?! Осы уақытқа шейін қайда жүр? – деймін жанұшыра.

– Білмейміз. Көрген жоқпыз, – десіп студенттерім дайындалып жатыр. Сағат 14.30. Айдар әлі жоқ. Зәрем ұшып, жаным мұрнымның ұшында тұрмын. Әйтеуір келді-ау. Көздері кіртііп кеткен.

– Осы уақытқа дейін қайда жүрсің?! – деп дүрсе қоя бердім.

– Апай, ішім ауырып зорға жеттім, – деп Айдарым бүктеліп тұр. Түрі шынымен қарауытып кетіпті. Ойлануға уақыт жоқ. Жүгіріп директордың хатшы қызына бардым.

– Сіздерде медпункт бар ма?

– Иә, екінші есік, – деп ерине жауап берді. Жүгіріп екінші есігіне барсам медбике шай ішіп отыр екен.

– Сізде іш аурудың дәрісі бар ма?!

– Бар. Тетроциклин.

– Беріңізші.

– Не боп қалды?

– Әртісімнің іші ауырып тұр. Сіздерде су бар ма?

– Бар.

– Тұз ше?

– Оны неғыласыз? – дейді медбике таңырқай.

– Сол. Керек!

– Бар! – деген жауапты естісімен жүгіріп Айдарға бардым да, медпунктке сүйрей жөнелдім. Тетроциклиннің бір құтысын алдым да, бірден екі таблеткасын алдым.

– Мә, іш! – деп екі таблеткасын бірден бердім. Айдар сөзге келместен екеуін бірден ішіп жіберді.

– Жаңағы тұзыңызды беріңізші, – деп дереу тұзды алып, суға еріттім де Айдардың қолына ұстаттым. – Мә, әуелі екі рет жұт. Қалғанын ішіңе, екі алақаныңа жақ. Мына тұзды кіндігіңе қой, – деп жанталасудамын. Айдар не айтсам, соны істеуде. Менің апам бала күнімізде ішіміз ауырса, осындай әдіспен емдейтін. Сөйткенше Алтайды ойнайтын студентім жүгіріп келіп:

– Апай, барлығы кіріп, отырып қойды. Райымбек ағай сіздерді іздеп жатыр, – деді. Мен көп ойланбастан екі дана тетроциклинді Айдарға бердім.

– Мә, мынаны тағы іш.

– Апай, қазір ғана іштім ғой.

– Ештеңе етпейді, тағы іш.

Мен сахнаның артында тұрамын. Ішін ауырса ебін тауып мен жаққа шығуға тырыс. Мен дәрі мен суды дайындап тұрамын – деп Айдарды залға қарай сүйрей жөнелдім. Спектакль басталды. Бастапқы кезде Айдар жап-жақсы ойнады. Бір кезде байқасам, түрі сұрланып, терлеп кетіпті. Іші ауыра бастағанын түсіндім. «Енді не болар екен?» деп жаным шығып тұр. Бір кезде Айдар жайлап келді де мен жаққа сытыла бастады. Мен қас-қағым сәтте дәрі мен суды беріп үлгердім. «Уһ!» енді болған шығар деп тұрмын. Шынында содан кейін Айдар аяғына дейін түк болмағандай ойнап шықты. Біздің қалай жанталасқанымызды көрермен әрине білмейді. Тіпті Райымбек аға да байқамады. Бірақ мен, сол күнгі жанымның қысылғанын ешқашан ұмытпаспын. Спектакльдің ең қиыны – болатын күні, сағаты белгілі. Көрермен белгілі уақытқа келген соң, спектакль көруі керек. Әртіс те адам. Күтпеген жер-



ден аяғын сындырып алуы, немесе Айдар сияқты іші ауыруы мүмкін ғой. Бірақ оны көрермендерге қалай түсіндіресің? Спектакль біткен соң Айдар маған:

— Апай ішім таза қойып кетті. Өзі де өмірі ауырмайтын болған шығар. Қанша дәрі бердіңіз өзі? — деп күледі. Қазір ойласам, «егер дәрінің бірден көп мөлшерде ішкеннен уланса, немесе реакция бергенде қайтер ем?!» деген ойдың өзінен қорқып кетемін. Бірақ, жан қиналғанда ойлануға мұрша болмайды. Тез шешім қабылдауға мәжбүрсің. Ең үлкен нәтижесі — сол күнгі спектакльден тоғыз мың теңгені санап алдым! Ой, қуанғаным-ай! Таңертеңгісін Райымбек ағаға тоғыз мың теңгені беріп жатып;

— Көрдіңіз бе, бастамасы жаман емес. Құдай қаласа өзбекше көйлектеріңіздің матасын алатын ақшаны таптық, — деймін қуанышым қойныма сыймай.

— Жарайсың. Шынында бұл ақшаға біраз нәрсені алуға болады, — деп аға қоса қуанды. Көп ұзамай Райымбек аға Түркістанның базарынан өзбекше маталарды үйіп әкелді. Ендігі мәселе — тіктіру! Менің есіме былтырғы концерт кезінде бір фирманың бастығының «киім тігіп беруге көмектесеміз» дегені түсе кетті.

— Райымбек аға, есіңізде ме, былтыр бір тігін фирмасының қожайыны сахнада тұрып «тігіп беруге көмектесемін» деп еді ғой?!

— Иә, айтқан.

— Ендеше соған неге бармаймыз?

— Бұның ақыл екен. Сен барып қайтсайшы, — деп аға ерікті өзіме қалдырды. Жүгіріп жүріп ол фирманы тауып алдым. Қырсыққанда қаланың ең шетінде екен. Барсам бастығы жоқ. Қойшы әйтеуір, төртінші рет барғанымда бастығын кездестірдім-ау! Алғашында есіне түсіре алмады. Жобамда түсіргісі де келмейтін сияқты. Онысына қарап тұратын мен бар ма?! Қай күні, қай кезде, не деп уәде бергенін тәптіштеп тұрып айтып бердім. Мойындамасқа лажы қалмағанынан:

— Жарайды. Қанша көйлек тіктірулеріңіз керек?— деді

— Сегіз көйлек.

— Неге көп?!

— Жеті келін, бір ене. Спектакльдегі әйелдердің саны солай, — деймін «бүлк» етпестен. Діңкесі құрыған фирма бастығы сегіз көйлегімді тігіп беретін боп келісті. «Алақай! Біз көйлек тіктіреміз!»

Қуанғаным соншалық, сонау қаланың шетінен университетке қалай жаяу келгенімді байқамай қалдым. Кафедраға келісімен Райымбек ағаға жүгіріп кірдім.

– Аға, мен тігін фирмасымен келісіп келдім!

– Да?! Таптың ба?!

– Тапқанда қандай! Сегіз көйлекті түгелімен тігіп беретін болды. Маталарды алып, қыздармен бірге барайын. Айнып қалмай тұрғанда тез өлшетіп, тіктіріп алайын.

– Көйлектердің қалай тігілетінін білесің бе?

– Кәдімгі өзбекше көйлек емес пе?

– Иә.

– Оған не білуі керек?! Күнде көріп жүрген көйлегіміз ғой. Жазды күні өзіміз де үй көйлегімізді өзбекше тіктіреміз.

– Олай болса тіктірсең – тіктір, – деп аға келісімін берді. Дереу маталарды алдым да студент қыздарды тездетіп жинадым. Сегіз қызды ертіп алып, қайтадан тігін фирмасына жүгірдім. Барсақ, киім пішетін ұстасы жоқ екен. Күттік. Әйтеуір келді-ау! Ұста апай бір жаққа қашып кететіндей асты-үстін түсіндіріп жатырмын. Не керек, тұңғыш рет тігін фирмасына сегіз көйлекті піштіріп, тастап кеттік. Қасымда сегіз қыз. Мәз-мейрам боп келеміз. Өзімді «жаудың бетін қайырған батырдай» сезініп, ерекше мақтанышпен келемін. Алғашқы жобалау күні екі күннен соң деп белгіленді. Үйге келген соң өз-өзіме келе алсамшы. Тура бір Рейхстагқа ту тіккенмен бірдей сезінемін. Отыра қалып Станиславский мен Шепкинді, Дж.Стрелер, Дж.Гилгудтарды оқимын. Маған ерекше әсер еткен Ирвинд Стоунның жазған Микеланджелоның басынан кешкен азабы туралы кітабы. Ұлы мүсінші Давидті қашау үшін он бір жыл армандап күткені, мөйітханаға түскені қатты әсер берді. Сикстин шіркеуін безендіру үшін қаншалық азап кешкенін оқығанда жаным күйзелді. Ұлы адамдардың өмір тарихын оқып отырып, олардың өз ғасыры бағаламай, болашақ ғасырда ғана өз жұлдызы жанатынына көзім жетті. Сондай ұлы жұлдыздың бірі – Райымбек аға. Бір спектакль қою үшін қаншалық кедергіге тап болып, түкке тұрмайтын сегіз көйлек үшін абыройын алға салуға мәжбүр. Қырық жылдан астам бойына жиған асылың қажет етіп отырған ел жоқ. Елге керек-ау, кедергі келтіріп отырған қазанның құлағын ұстап отырған ағаларды қайтерсің?! Заң факультетіне университеттің күллі қаражаты құйылып жатқанда, Өнер кафедрасына көк тиынның бөлінбеуі

калай? Мен Дж.Стрелердің: «Әр спектакльден соң перде жабылған сәтте, ертең ашылмай қала ма деген қорқыныш басатын» деген сөздерін оқығанда, Мольер мен Шекспирдің көрген тепе-рішін есіме түсірдім. «Арысы Шекспир мен Мольер, берісі Станиславскийлердің көрген күні анадай болғанда, бізге не жоқ?» деген ойға келдім. «Бір күні Райымбек аға университет ректоры М.Жұрынов мырзаға барса, сұрап барған өтінішінің бәріне «жоқ» деп жауап беріпті. Содан Райымбек ағаның қан қысымы көтеріліп, ауырып қапты», — деген хатшы қыздың сөзін естіп кабинетіне бардым. Ағаның қабағы қатыңқы, реңі пәс боп отыр екен.

— Аға, өнер дегеніңіз өзімізден басқа ешкімге керек емес дүние екен ғой. Сіз түгілі Станиславский мен Шекспир жылап өткен екен, оған бола несіне қан қысымыңызды көтересіз? — дедім.

— Ә-әй, құдай-ай... «Өзінді түсінбейтін адаммен тілдескенше, өзінді түсінетін шошқаны баққан артық», — деп Абай атам бекер күйінбесе керек.

Атымды адам қойған соң,  
Қайтпн надан болайын?  
Халқым надан болған соң,  
Қайда барып оңайын?! —

деп аға күйзеліп үнсіз қалды.

— Аға-ау, Абай атамның соңында сөзіне ерер, ұғынар жан болмады. Сіздің күнініз «аттылы кісідей» ғой. Артыңызда «аттандап» шабатын біз бармыз. Құдай қаласа көрген қиындығыңыздың бәрі «көрген түстей» болатын кез алда. Құдайға шүкір, сегіз көйлек тігіліп жатыр, — деймін өзімше күш беріп.

— Сегіз көйлек?! Өте көп тіктіріпсің ғой, — деп Райымбек аға рахаттана күлді. Ағаның күлгені мен үшін үлкен қуаныш болатын. Ертеңіне барып сегіз көйлекті алып, «Алатауды айырып, Қаратауды қайырып» қуанышым қойныма сыймай кафедраға келіп, сегіз қызды киіндіріп Райымбек ағаның кабинетіне алып кірдім.

— Оу, көйлектерің дайын болған ба? Тіпті керемет қой?! — деп Райымбек аға мәз-мейрам болды. Тап сол сәтте алдымда тұрған қыздар жас студенттер емес — халық артистеріндей, кабинет жай кабинет емес — театрдың сахнасындай боп көзіме елестеп кетті. Осылайша менің алғашқы ұсынысым өзінің оң нәтижесін берген болатын.

## МАМЫР МЕРЕКЕСІ. ПРЕМЬЕРА

«Келіндер көтерілісі» спектаклінің премьерасы 1 мамыр — «Халықаралық бейбітшілік күні» қойылатын боп шешілді. Кәдімгі Кентау қалалық мәдениет сарайы. Тағы да сахнаны жабдықтауым керек. Сахна жұмысшысы Жора деген жігіт «үлкен лампалар күйіп кетті», — деп қарап тұр.

— Ондай лампа қайда бар?

— Тек комбинатта бар.

— Комбинаттың қай бөлімі жабдықтаушы еді?

— Мен қайдан білейін. Бізге директор беретін, біз қоятынбыз. Қазір комбинат бізді жабдықтамайтын болған. Қоймаларында жатқан-тұрғаны болса, өзіңіз барып келісіңіз, — деп теріс айналып өз жұмысымен кетті. Тағы да проблема. Ойлануға уақыт жоқ. Жүгіріп комбинатқа бардым. Кентау қаласының атын бүкіл Кеңестер Одағына әйгілі еткен Ащысай түсті металл комбинаты біздің Кентауда орналасқан. Кезінде одақтың мақтанышы болған, табысты теңіздей шалқытып, қаржыны қаланың қажеттілігіне мүмкіндігінше аямай құйып отырған комбинаттың бүгінгі күйі адам аярлықтай. Жаппай қысқарту мен жұмыссыздыққа ұшыраған комбинат, ең ауыр тоқырау кезеңін басынан өткеріп жатқан кез еді. Лампаның барына күдіктенсем де комбинаттың қоймасына бардым. Көздері көкпенбек, шақшия қарайтын қоймашы орыс әйел безілдеп маңына жуытар емес. Не керек, «әке, көке» деп жүріп екі лампаны әрең дегенде сұрап алдым. Құрқол қалмасын деп қалтамдағы бар ақшамды бере салдым. Тап сол сәтте мен үшін екі лампа — екі құдірет иесіндей еді. Лампаларды екі қолыма аялай ұстап мәдениет сарайына келдім.

— Жора! — деймін жан дауысым шыға. Жора, міне саған лампа! Тездетіп орналастыр! — деп екі лампамды жас нәрестеше аялап Жораға ұстаттым. Жора екі лампаны прожекторларға салып жаққан кезде, маған бүкіл әлем жарқырап кеткендей болды. Бәлкім театр үшін екі лампа күлкілі шығар?.. Тап сол сәтте мен үшін ең жарық сахна, ең әдемі сахна — Кентау мәдениет сарайының сахнасындай көрінді көзіме. «Келіндер көтерілісі» комедиясының бір жақсы жері — бір сәкімен күллі спектакльдің шешімін табуға болады. Сахнаның ортасына лаждап сәкі құрдым. Үстіне Райымбек ағаның кабинетіндегі кілемді әкеп төседім. Жетпеген жеріне іріген, ескі кулисалармен бүркемелеп, есебін тауып тақтайлардың бетін жаптым.

... Бүгін 1-Мамыр мерекесі. Бүгін — премьерa!

Күндізгі сағат он екіде аланда, саяжайда қыдырған соң халықтың мәдениет сарайына баруына жеңіл деп шешілді. Қымқиғаш костюм кию, грим салу процесі. Қыздар тіктірген көйлектерді киеді де, жігіттер жағы өздері тапқан киімдерін киеді деп шешкенбіз. Кафедра мұғалімі Кәрімбек ағай өртістердің беттеріне грим салуда. Халық көп келді. Себебі бүгінгі спектакльді мереке күні деп тегін бергенбіз. «Тегін» дегенді естісе бітті, халық лық толады. У-шу боп жүріп сахнаны ашатын сәт те туды. Спектакль басталмас бұрын Райымбек аға сахнаға шығып сөз сөйледі.

— Құрметті көрермен қауым! Жарық пен жылусыз өткізген азапты қыстың ұзақ айларынан — көктемнің көңілді Мамыр мерекесіне жетулеріңізбен құттықтаймын. Иә, биылғы қыс ерекше қарлы-боранды болды. Мен сол жарығы мен жылуы жоқ ауыр күндерді сіздермен бөліскеніме бақыттымын. Алматыда жарығы мен жылуы үзілмейтін үйім бола тұра елге, сіздерге болашақты бірге жасасуға келдім. Еліміз егемендік алған жылдардың басы ашы болғанымен, аяғы тәтті болады деп үміттенемін. Бұл қиындық тек біздің емес, күллі қазақстандықтардың басына түсіп тұрған кезде, «бір жеңнен — қол, бір жағадан — бас шығарайық». Еліміздің ертеңіне деген сенім, менің Өнер кафедрасын ашуыма тиек болды. Міне, бүгін сіздердің алдарыңызда менің Түркістан, Кентау топырағындағы тұңғыш шәкірттерім өз өнерлерін көрсетпек. Астанадан алыста жатқан Түркістан топырағында университет ашылуы, Өнер кафедрасының өмірге келуі — тағы бір өнер ошағының отын жаққандай. Менің студенттерім әл буыны бекімеген, сарыауыз балапандар. Бірақ, құдай қаласа болашақ театрдың қабырғасын қалайтын осы жастар. Сіздердің назарларыңызға ұсынайын деп отырғанымыз — өзбек драматургі Сайд Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» деп аталатын спектакль. Қабыл алыңыздар, — деп маң-маң басып кеп орнына отырды. Түсінген жанға Райымбек ағаның әрбір сөзі үлкен мектеп. Аға жай сөйлемейді. Абайдан бастап, Қадырмен аяқтайды. Халық Райымбек ағаны ұйып тындады. Аға сөйлеп біткенде нағыз овация болды.

...Музыка басталды. Сахна ашылды. Сахнада желіп билеп жүрген жастар. Көрермендер сахнадағы ойынды көрсе, менің көзім өзбекше көйлектердің қонымдылығына ерекше түседі. Қанша дегенмен тұрмыстық комедия емес пе, халық өте жақсы қабылдады.

...Өткен күндерге зер салсам, сол күндердің болашақ Түркістан театрының кірпішін қалауға маңызы зор бопты. Қашанда өмір ескегі қолыңда тұрған кезде тарихтың бағасын біле бермейсің ғой. Менің, жалпы біздің сол күндеріміз тарих бетіне түскенін ешқайсымыз сезбедік. Райымбек аға екі жылда үш спектакль қойды. Кәсіби театр үшін бұл өте аз, ал студенттермен спектакль қою — үлкен жетістік. Райымбек ағаның болашаққа деген сенімі кімге де болса әсер етпей қалмайтын. Ағаның ерекше қасиетінің бірі — өзі сенген максатқа өзгені де сендіре білді. Үлкен сенім — шындыққа айналды.

## МЕН – СТУДЕНТПІН

Райымбек аға сөзінде тұрып Өнер кафедрасынан сырттай оқитын режиссура мамандығын ашты. Бес адам алатын боп келісілді. Менімен қоса Шанин театрының актері және үш адам қабылданатын болды. Емтиханға бар ынтаммен дайындыққа кірістім. Емтиханды «Актер шеберлігі» бойынша проза, поэзияны нақыштап орындау және пьесаға экспликация жасау керек екен. Екіншісі қазақ тілі мен тарихтан тестік емтихан тапсыру. Оқуға түсу үшін 45 балл жинау керек. Экспликацияны М.Әуезовтің «Қарагөзіне» жасадым. Прозаны да «Абай жолы» романына Абай мен Тоғжанның сахнасынан алған болатынмын. Көптен күткен емтихан күні де жетті. Алғаш мектеп бітіріп институтқа оқуға түсу үшін емтихан тапсырған кезімде жасым небәрі 16-да болатын. Енді міне, 31-ден асқанымда тағы да емтихан тапсырмақпын. Университетке барғанда «өзім оқуға түсемін» деп айтуға ұяламын. Құжаттарымды қабылдап отырған жас қыздар маған бажырая карағанда не істерімді білмей қаламын.

— Ой, апай, онсыз да бір дипломыңыз бар екен ғой, бұл оқуды неғыласыз? — деп сұрақ қоймасы бар ма?!

— Өмір бойы оқығанның артықтығы жоқ, — деп өзімше жауап қайтарамын. Емтихан. Бар өнерімді салып оқып тұрмын. Қанша дегенмен репетицияларға қатысып жүріп тәжірибе жинап алдым емес пе? Экспликациямды барынша дәлелдеп шықтым. Емтиханды қабылдап отырған Райымбек аға болғандықтан онша көп абыржыған жоқпын. Енді тестік емтиханнан өтуім керек. Мен мектепте оқыған 1970-80-жылдары қазақтың хан, батырлары туралы сабақ өтілмейтін. Тіпті, қазақтың қай ханы қай ғасырда хан-

дық құрғанын оқымадық. Бізге Хан Кене мен Сырым Датовтарды «бүлікшілдер» деп оқытты. Біз өз тарихымызды теріс бағалап, батырларымызды бұзақылар деп өстік. Сол кездегі Кеңес өкіметінің бағдарламасы бойынша Ресей мемлекеті «Ұлы, аға мемлекет», ал біздер «іні, кіші мемлекет» боп санамызға сіңірілді. Қазақстанның астанасы Алматы — екінші астана, ал нағыз астана — «астаналардың астанасы — Мәскеу» — деген сөзді құрандай жаттап өстік. «Қара бетін тарихтың, қызартпаса болмайды», — деп Қадыр ағам сонау Кеңес кезінде дабыл қаққаны нағыз ержүректік емес пе?! Егеменді ел болғанымыздың тағы бір ерекшелігі — тарихымызға қайта оралғанымыз. Бізге — Қазақстан тарихы 1917 жылдан, Кеңес үкіметі келген күннен басталды десе сенетінбіз. Кеңес өкіметінің арқасында мектептер ашылды, бұрын казак жерінде оқу-жазу болмады деп жүргенімізде, 2001 жылы, сонау Монғол жерінен жеткізілген Күлтегін бабамыздың тасқа басқан қолжазбасы біздің мәдениетімізді қаншама ғасырларға ілгерілетті. Көне тарихымызды тас бетіне жазылған жазу үлгілерін көру, өз халқыңның өнері мен мәдениетінің жоғары болғандығын білу ерекше бақыт. Жазуы болған елде — білім мен мәдениет болды деген сөз. Міне, осындай көне тарихы бар халықтың көмілген тарих беттері қайта аршылып, оқулық бағдарламасына енгені қандай жақсы. Мен өз халқымның көне тарихын беріде, газеттер мен ғылыми, әдеби кітаптардан оқып білдім. Ең жақсы көретін кітабым — І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы. Бірнеше рет қайталап оқысам да еш жалықпаймын. Міне, енді бүгін тарих пәнінен емтихан тапсыруға келіп тұрмын. Менің қасымдағы екі талапкердің біреуі елулерге келіп қалған, екіншісі отыздан асқан. Таңертеңгілік емтихан кезінде микрофоннан талапкерлердің фамилияларын атады. Бізді бірінші атады. Үшеуміз кіріп бара жатсақ, айнала тұрған жас талапкерлер: «Папалары мен мамалары шығар», — десіп сыбырласады. Біз күліп ішке кірдік. Қазак тілі баяғы өзім оқыған етістіктер мен есімдіктер, шылау, жұрнактар екен. Еш қиналған жоқпын. Ал, тарихтың сұрақтары жаңаша тарих бағдарламасына құрылыпты. Жауаптарымызды жазып біткенімде, компьютер 45 балл дегенді көрсетті. Мен қуанғанымнан: «Маған 45 балл жеткілікті. Қалғаны керек емес», — деппін. Компьютерде тұрған жігіт иығын қиқаң еткізді. Бір таңқалғаным, биыл ғана мектеп бітірген жас талапкерлер небәрі 10 балл алды. Қазіргі жастардың көбі кітап оқымайды. Біздің кезімізде оқыған

кітаптардың санымен жарысатынбыз. Мен бала күнімен кітап оқығанға құмар болатынмын. Жақсы кітап көре қалсам, бас көтермей оқитынмын. Түнімен оқып, таңертең бітірген кездерім болды. Көп ұзамай емтиханның нәтижесі шығып, мен режиссер мамандығына оқуға түстім. Райымбек аға мені өз курсына ассистенттікке және бірінші курсқа «Актер шеберлігі» пәнінен оқытушылыққа ауыстырды. Менің әкем ылғи «Балам, арық сөйлеп, семіз шық» деп отыратын. Сол қағида бойынша сеніп тапсырған істің үдесінен шығу үшін, болашақ оқытушылық қызметіме кірісіп кеттім. Станиславскийдің кітабын оқып отырып басыма бір ой келді. Ертеңіне Райымбек ағаға келіп:

— Станиславскийдің «Актер шеберлігі» кітабын қазақша аударсам бола ма? — деп сұрадым.

— Тіптен жақсы. «Актер шеберлігі» оқулығы бізде жоқтың қасы. Жалғыз ғана Байсеркеновтің оқулығы бар. Бірақ ол — тікелей аударма. Егер сен оқулыққа жақындатқың келсе, Станиславскийдің теориясын алып, ұлттық драматургияға сал. Әр ұлттың мінезінде, салт-дәстүрінде, тұрмыс-тіршілігінде өзіндік ерекшеліктері болады. Бұны — ұлттық колорит дейміз. Сондықтан біз, актер шеберлігін — ұлттық мінезге, ұлттық психологияға құруымыз керек. Станиславскийдің әрбір актерлік элементтерін ұлттық психология тарапынан зерттеуіміз, ұлттық танымға саюымыз керек. Сол кезде біз ұтамыз, — деді аға. Міне, осылай ұстаздық жолымды «Актер шеберлігі» пәні бойынша зерттеумен қатар бастадым.

## КӨҢІЛДІ СЕРПІЛТКЕН МЕРЕЙТОЙ

Қарбалас тіршіліктің нөпірінде арпалысып жүріп Райымбек ағаның 60 жасқа толған мерейтойына келгенін бақамай қалыппыз. Кафедрамызда туған күні болатын қызметкерлерге гүл шоғын сыйлау дәстүрі болатын. Сондай дәстүрлі күннің бірінде кафедра оқытушысы Көрімбек ағай: «Құдай қаласа биыл Рәкеңнің 60 жасқа толу мерейтойы» — дегенді естіп, ағаның көзді ашып-жұмғанша алпыстың асқарына келгеніне таң қалыстық. Дейтінім, ағаның түріне қарап 60-қа толады деп айту қиын. Әрдайым тың, өзгенің қуанышына жас балаша қуана білетін, қайғысын қосыла көтерісетін ағаны біз 60-қа келмейтіндей, 50-дің ортасында жүре беретіндей көріппіз. Демек, уақыт өз дегенінен жаңылмайды екен.



Кафедраның күллі оқытушылары жиналып, ағаның мерейтойын қалай өткізу мәселесін талқыладық. Ол кезде қазіргідей театр жоқ, кафедра — университетке бағынышты. Университет басшылығының не дейтіні бізге беймағлұм. Не де болса өз кафедрамыздың деңгейінде, Кентау университетінің акт залында, күллі бөлім оқытушылары мен студенттерінің ортасында тойлады жөн көрдік. Бірақ, ағаның мерейтойы біз күткеннен асып түсті. Себебі, Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық театрында, Шымкент облыс әкімінің қолдауымен, қатысуымен Шанин театрында, Кентау қалалық әкімінің қолдауымен, өзі бастап ашқан Кентау халқының алдында тойланған салтанатты кеште, Түркістан қаласындағы Қазақ-түрік университетінің президенті М.Жұрынұлының басшылығымен университет деңгейінде тойланып, үлкен мерекеге айналды. Райымбек ағаның 60 жасқа толған мерейтойы дүйім елдің ортасында, халықтың алдында тойланатыны қандай ғажап болды?! Тойдың биісіміләсін біздің студент жастар ең алдымен бастайтын болды. Себебі, үлкен қалалардағы салтанатты жиындар жыл көлемінде тойланатын боп шешілгендіктен, дәл туған күні ағайымыздың көңілін шалқыту несібесі біздерге, Өнер кафедрасының ұжымына бұйырды. Студент жастар әр курс көлемінде музыкалы сәлемдемелерін дайындап әлек. Біздер, мұғалімдер тарапынан ағаның туған күніне банкет ұйымдастыратын болдық.

Көптен күткен 2-наурыз күні де келді. Таңертеңнен бастап көтеріңкі көңілмен салтанатты кешімізге құлшына кірісіп кеттік. Кентау қалалық әкімшілігі күзде атап өтетін болғандықтан, тойдың басын дер сәтінде өзіміз бастап кеттік. Әр курстың жекелей құттықтау мәзіріне аға қойған спектакльдерден үзінділер, спектакль жүйесін ала отырып күлкілі әзілге құрған көңілді сықақтары өте ұтымды шығып жатты. Салтанатты кешімізге Кентау бөлімінің директорынан бастап оқытушылар, студент жастар боп, акт залы көрерменге лық толды. Үстіне жарасымды әдемі костюмін киген Райымбек аға, қонақтармен бірге кербез басып құрметті жайға орналасты. Сахна пердесін 1-курс студенттері бастады. Әрине, 1-курс емес пе, әл-шамасының келгенінше тырысып, барын салып жатты. Ең бастысы — шәкірттік махаббатын салғандары көрініп тұр. Кезек 2-курс студенттеріне жетті. Студенттер ағаның Қозы Көрпеш боп ойнаған рөлінен — Райымбек боп шығып ойнап, көңілімізді біраз көтеріп тастады. Ендігі кезек — 3-ші

курс студенттерінде. Сол жылы кафедрамызда небары 3 курс кана бар болатын. Себебі – кафедрамыздың ашылғанына – 3 жыл енді толған болатын. Алғаш қабылданған курс – Райымбек ағаның төл шәкірттері. Ағаның бірнеше спектаклінде ойнап үлгерген студенттер, әр спектакльдің оқиғасын ала отырып, сөздерін туған күн мерекесіне байланыстырып өзгертіпті. Дегенменде үш жыл оқыған аты бар емес пе, бұл курстың құттықтауы – ең ұтымды құттықтау болды. Шәкірттерінің пәк жүрекпен құттықтаған сөздеріне жаны толқып, жүрегі балқыған Райымбек ағаның көңіл күйін адами сезіммен ұғынуға болады деп ойлаймын. Әрине, Алматыда, Шымкентте, Түркістанда, Кентау қалалық мәдениет сарайында әкім-қаралар тарапынан ұйымдастырылған салтанатты кештерде де қуанған болар, бірақ, тап сол күнгі – өз қолымен жетектеп келе жатқан шәкірттерінің құттықтауы сәтіндегі жүрек толқынысы ерекше болған болар. Көңілді құттықтау кешіміз үш сағаттан аса болды-ау деймін. Өйткені, әр курс мейлінше, ой-шамасының жеткенінше сахнадан кетпеді. Бүгінгі күн – кафедра тойы болғандықтан, ешкім «қой» демеді. Ағаның көңілдене күлгенінен қолдау тапқан жастар, құмарлары қанғанша барын ортаға салды. Арада шамалы уақыт салып, Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында тойланды. Той күні Мемлекет президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан құттықтау жеделхаты келді.

### ***Құрметті Райымбек Ноғайбайұлы!***

Сізді 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Соның 40 жылдан астамын ұлттық сахна өнеріне арнап келесіз. Театр көрермендері өзіңізді ұлттық өнеріміздің дамуына зор үлес қосқан тамаша актер әрі шебер режиссер ретінде біледі. Сіз сомдаған шынайы сахналық бейнелер өнерсүйер қауымның талғам биігінен табылып жатты. Соңғы жылдары қасиетті Түркістан жерінде атқарып жатқан ұлағатты ұстаздық еңбегіңіз де сіздің азаматтық биік тұлғаңызды танытады. Кемел жасқа келген өнер саңлағының көрермендерді тың табыстарымен әлі де талай қуантарына сенемін.

Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық пен бақыт тілеймін.

**Құрметпен Н.НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Президенті**

Мемлекет президентінің құттықтау жеделхаты жалғыз Райымбек ағаны емес, баршамызды желпітті. Тарих үшін сол күндергі атағымен еліміздің абыройын тасытып жүрген ағаларымыздың ыстық лебіздерінен үзінділер енгізгенді жөн көріп отырмын. Сол кездегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, белгілі жазушы, драматург ағамыз Әбіш Кекілбаевтың құттықтау жеделхатынан бастасак:

### *Қадірлі Райымбек!*

Қасиетті Түркістан топырағында кіндік кесіп, өнердің сұлтаны болған өнегелі ғұмырдың алпыс жылын артқа тастадыңыз. Алыстаған сайын сағынар, кейінгі көкжиектен көңілге көрік берер жемісті, жасампаз жылдар ол!

Әлбетте солай... «Беу, қыздар-ай!»-лаған жиырмадағы Әубәкір – Райымбек қайда дейсің бүгінде. Шоқан, Қозы, Әбіш болып жалындаған шынайы бейнелердегі арманшыл Актерді аңсайсың кейде. Ақын өлеңінің өзін жүрекпен жаттап, сөз шабытымен жеткізетін Сейтметов үнінің құдіреті де көкірегімізде әркез күмбірлі. Поэзияға толы, айрықша мінезді әрбір рөлің – көрерменнің жадында жатталған сахналық сыршыл портрет.

Театр десек, ойымызға оралар тұлғаның бірі, бірегейі – сахнагер Сейтметов. Қарашанырақ өнер ордамыздың, Жастар театрының талай қойылымына көрермен қауым актер, режиссер Р.Сейтметов үшін барған кездерді ұмытпақ емеспіз. Әлі де бара береріне сенімім мол.

Ұлттық өнерімізді дәуірлеткен, Еуропа классикасын қазақ көрерменіне етене еткен, халқымыздың тарихы мен дәстүрін өнер құдіретімен талмай насихаттаушы, Райымбек дос, мерейтойың құтты болсын. Сахна тұғырың биіктей берсін. Алдағы асуларда да дарын мен шабыт қоса демесін.

### **Ізгі ниетпен, Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ**

Райымбек ағаның 60-қа толған мерейтойы қазақтың игі жақсыларын дүр сілкіндірген қуанышын тасытқан мерейтойға айналды. Алматы қаласындағы қазақ театрының қара шаңырағы М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрда салтанатпен атап өтілген Райымбек ағаның өнер тойында қазақ қаламгерлерінің жүрекжарды лебіздері сәнді салтанатты шырайланды-

ра түсті. Кешті қазақтың танымал сахнагері, Райымбек ағалың бала жастан бірге өскен досы Асанәлі Әшімов жүргізіп отырды. Сол салтанатты кештегі игі жақсы ағаларымыздың Райымбек ағаға арнаған жүрек жарды лебіздерін оқырмап қауымға жеткізгеніміз артық болмас деп ойлаймын. Мерейтой иесінің бүкіл шығармашылық тағдыры мен сахнаға арнаған саналы ғұмырына шолу жасаған алғашқы баяндаманы белгілі жазушы-драматург Баққожа Мұқай жасады. Әрдайым сырбаз, биязы жымиған Баққожа аға сахнада орналасқан мінбеге баяулай басып көтерілді. Райымбек аға отырған тұсқа жымия бұрылып баяндамасын бастап кетті.

«Райымбек Сейтмет! Қазақстанның халық өртісі, Ленин комсомолы сыйлығының иегері, Қырғызстанның еңбек сіңірген өртісі, Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор. Тізе берсек басқа да атақтары аз болмас.

Райымбек Сейтмет — актер, режиссер, қоғам қайраткері. Оның есіміне осылар секілді атау тұлғалы ұғымдарды тіркеп жаза беруге болар еді. Ал ол керек пе? Жоқ, керегі жоқ. Райымбек Сейтмет! Түсінікті. Толып жатқан тіркемелерді қосақтап, арам-тер болудың қажеті жоқ. Оның кім екенін жалпақ жұрт жақсы біледі. Райымбек Сейтметтің өнердегі өмірі туған халқының көз алдында өтті. Ол абырой биігіне шығу үшін алпыс жылдық ұзақ жол жүрді. Азабы батпан, ауыр да алыс алпыс жылдық жол...

Осынау ұзақ жолда ол өнер мұхитының айдынында құлашын еркін сілтеп, өзінің ұлы Шындығын іздеді. Ата-анасы азан шақырып қойған есімін қалың қазақтың жүрегінің құндағына бөледі. Райымбек Сейтмет! Осы бір есімді естігенде көз алдына ол сомдаған сан қилы бейнелер келеді. Ешкімге ұқсамайтын, ешкім сол қалпында қайталай алмайтын сол бейнелердің жан-дүниесіне тереңірек үңілген адам бүкіл болмыс-бітімімен сол кейіпкерге айналып кеткен Райымбекті көрер еді. Онымен бірге қайғырып, бірге қуанар еді. Актер өзі ойнайтын рөлдің табиғатын толық танып жан-дүниесінің терең тылсымдарына, сезім иірімдеріне еркін бойлап, «кейіпкерге» біржола айналғанда ғана мақсатына жетеді дейді білегіндер. Бұл талап тұрғысынан келгенде актер Райымбек Сейтметтің ерекше күдіреті бар, ол кейіпкерінің жанын жадылап алады да, сол бейнеге айналып, өмір сүре бастайды. Оның актер ретінде тез танылып, көпшіліктің көңіл төрінен орын алған себебі де осындай қасиеттеріне байланысты ғой деп ойлаймын.

Актер Райымбек Сейтмет М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында еңбек еткен жылдарында қазақ сахна өнерінің тарихында қалатындай сом бейнелерді мүсіндеді. Тіпті оның ең алғашқы рөлдері Әубәкір (Қ.Шаңғытбаев, Қ.Байсейітов «Беу, қыздар-ай!») Арыстан, Сұңғат (Қ.Мұхаметжанов «Бөлтірік бөрік астында»), Нартай (Ә.Тәжібаев «Той боларда»), Қозы (Ғ.Мүсірепов «Қозы Көрпеш — Баян сұлу»), Әбіш (М.Әуезов «Абай»), Шоқан (С.Мұқанов «Шоқан Уәлиханов»), Жайнақ (Ш.Айтматов, «Ана — Жер — Ана») әлі күнге көпшіліктің көңілінде, жадында.

Ол актер болып жүріп те өзінің мұрат биігіне қалықтап ұшып шығар еді. Бұған Райымбектің дарыны да, қарымы да, білімі мен білігі, кәсіптік дайындығы да толық жететіндігіне кімнің шүбәсі бар?!

Актерлік өнердің қыры мен сырын толық меңгерген шақта Рекеннің даңққа бастар даңғылынан бұрылып, соны сүрлеуге түсуіне қандай жағдай себеп болды?

Кез келген суреткер өмір бойы өзінің ұлы Шындығын іздейді, сол биікке жетудің төте жолдарын қарастырады. Жанын жалдап жүріп отқа да, суға да түседі, жанталас тірліктің барлық тауқыметін арқалап, шығармашылықтың азабы мен мехнатын шегеді. Тәуекел деп тас жұтып, буырқанып жатқан өмір мұхитына секіреді. Ұлы Шындығын тапқанша онда маза жоқ.

Райымбек Сейтмет сол ұлы Шындыққа жету жолында сан қилы бейнелерге айналып, кейіпкерлерінің жан-дүниесінің диалектикасынан осынау жалғанның мың сан жұмбағының жауабын іздеді. Өмірдің мәні неде? Пенде баласының осынау жарық дүниедегі міндеті не? Ол өз мүсіндеген кейіпкерлері арқылы осы бір сұрақтарға жауап беруге тырысты. Ол Әзіз (М.Байжиев «Жекпе-жек»), Кочкараев (Н.В.Гоголь «Үйлену»), Люченцио мен Кассио (В.Шекспир «Асауға тұсау» және «Отелло»), Кірпішбай (Ә.Тарази), Эгиста (Л.Дюрка «Электра — сүйіктім менің»), Мұрат (Т.Әбдіков «Біз үшеу едік») Сталин және Голощекин (Ш.Мұртаза «Сталинге хат», «Бесеудің хаты») тәрізді толып жатқан күрделі бейнелерді сахнаға шығарып, ұлы шындыққа апарар даңғылын салды. Сөйте тұра ол режиссерлік сүрлеуге түсті. Себеп? Меніңше, Райымбек Сейтметтің эшелонына актерлік даңғыл тарлық жасады. Оның ой жүйесіндегі ауқымдылық, кендік бір образдың аясына сыймады. Көп оқитын, талмай ізденетін адамда ой ырығын, идея мол. Ол көкейдегі мақсатын, жаңа идеяларын жүзеге

асыру үшін азабы сан батпан режиссерлік кәсіпті таңдады. Бұл Райымбек Сейтмет өміріндегі ең негізгі тәуекел еді. Өнердегі жолын актер болып бастап, жақсы нәтижеге жеткен адамның аяқ астынан екінші жолға, әлі тапталмаған айдауға жалт бұрылуы оған әжептәуір қиындықтар өкелгені шындық. Ол алдымен бірнеше спектакльге режиссердің ассистенті ретінде қатысты. Сонан соң Мәскеудегі жоғары режиссерлік курсты бітірді, әлемге белгілі сахна суреткерлерінің сынағынан өтіп келді.

М.Әуезов атындағы академиялық драма театрда, атағы жер жарған әртістермен жұмыс істеу қайдан оңай бола қойсын. Өнер адамдарының психологиясы белгілі. «Мен» деген пенделік эгоизмнің алдыңғы планға шығып, іс мүддесі ысырылып, артқа жылжитыны түсінікті. Райымбек Сейтметтің 1969 жылы, осыдан аттай 30 жыл бұрын сол театрда башқұрт драматургы Азат Абдуллиннің «Ұмытпа мені, күнім» атты драмасын сахналағанда қалай киналғанын іштей сеземін. Кедергі де аз болмаған шығар. Соған қарамастан оның режиссерлік дебюті сәтті болған сияқты. Егер сол сыннан сүрініп, сағы сынса Райымбек Сейтмет бүгінгі биігіне шыға алмас еді-ау деп ойлаймын.

Райымбекті сол жолы тығырықтан тәжірибесі емес, тынымсыз ізденісі, маңдай тері алып шықты. Бұлай дейтін себебім — мен оның қалай еңбек ететінін білемін, бірлесіп спектакль дайындағанда көрдім. Тіпті әбден кемеліне келіп, режиссураның қыр-сырын толық меңгерген шағында да қолға алған шаруасына батыл кірісе алмай толқып, жүрексініп жүріп алатын. Айлар бойы толғататын. Пьесаны қайта-қайта оқып, автормен пікірлесіп, күдікті-ау деген тұстарын қайта жасатып, әрбір репликаның астарына үңіліп, әрбір сөздің дыбысталуына дейін мән беріп, мазасы кететін дәл Райымбектей киналып жұмыс істейтін режиссер шамалы-ау, сірә. Сол себепті де оны драматургтердің көпшілігі ұната бермейді. Сол себепті де Рекең көп драматургпен жараса алмай, артық ауыз ауыр сөз де естіп жүреді. Солай бола тұра да ол ешқашан сахнаға сатқындық жасаған емес. Ақылы жеткенше, шамасы келгенше өнер қайнарының мөлдір, таза болуына, ластанбауына күш салды.

Өзі де шаршап, авторды да шалдықтырып барып іске кірісетін Рекеңмен жұмыс істеу қиын әрі жеңіл. Қиын болатыны — ол сөз кәдірін драма жанрының спецификалық ерекшелігін жетік білетін режиссер. Өзі де талай-талай инсценировка жасаған. Орнында

тұрмаған, ретсіз айтылған әрбір сөз оның жанарынан қашып құтыла алмайды. Режиссер санаға сәуле түсіреді, түсіндіреді. Өз шындығын, өз пікірін дәлелдей алмайтын режиссер автордың, актерлердің жетегінде кетеді, сөйтіп қойылымы қойыртпақ болып шығады, тіпті олардың жанрын анықтау мүмкін емес. Ал, Райымбек мерген, атқан оғы дөп тиеді. Кемшілігіңді мойындайсың, жөндейсің. Бір жазылған дүниені қайта-қайта түзей беру автор үшін азап. Әрбір репликаға, әрбір сөзге дейін мән беріп, мазанды алатын, өзі не шаршамайтын, не шалдықпайтын Райымбекпен жұмыс істеу қиын дейтін себебім де сондықтан.

Р.Сейтметпен жұмыс істеу жеңіл. Себебі — оның бойында диктаторлық қасиет кем. Менікі жөн, қайтсең де көнесің деп табан тіреп, шіреніп отырып алмайды. Шындыққа пікірталас арқылы жетуге дағдыланған. Пікірінді тындайды, күдігін айтады. Әрбір характердің жан-дүниесіне терендеп бойлап, ой-толғамын ортаға салғанда мүлт кеткен тұстарыңды түсінесің, кемшілігіңді көресің. Бұдан кейін мүлтіңді түзеу де жеңіл ғой. Оның осы бір қасиетін актерлер де айтып отырады. Актердің жанын, өнердегі жолын актер болып бастаған адамнан артық кім түсінесің?

Қазақ театр өнеріне Райымбек Сейтметтің сіңірген еңбегі туралы арнайы монографиялар жазыларын бәріміз білеміз. Актер Райымбек Сейтметтің сахнадағы, кинодағы жасаған күрделі, қатпары қалың бейнелері баршамыздың көз алдымызда, көңілімізде. Ол әлдеқашан тарихқа айналған. Ал тарих ешқашан ескірмейді, өлмейді.

Осы күнге дейін Р.Сейтмет режиссурасы туралы әрқилы пікірлер айтылады. Өйткені шындыққа әркім өз дүрбісімен қарап, өз түсінігі дәрежесінде баға береді. Қалай десек те Рекең басқаның ізін шиырламай өз соқпағымен жүрді. Сонау 1969 жылы басталған тертөкпе соқпақ бүгінде үлкен жолға — Райымбек Сейтмет данғылына айналды. Отыз жылдық режиссерлік өмірінде ол көкпеңбек мұз құрсаңған жалаң жартастың ұшарына өрмелеген альпинистің күйін кешті. Кейбіреулер секілді әлдекімдердің демеуімен абырой шыңына секіріп шыққан жоқ, шығарманың азабын тартып, түн ұйқысы төрт болып, маңдай терін шүмектеп төгіп, өрмелеп өрледі. Сол биікке бастаған сапарының әр бекетінде театр өнерінде елеулі құбылыс болған қойылымдар қалды. Менің білетінім — Райымбек Сейтметтің қай қойылымы болмасын ескерусіз қалған емес. Олар әрқашан жұртшылық тарапы-

нан қолдау тауып, ал мамандардың қызу талқысына түсіп, пікірталастың негізгі объектісіне айналып жататын.

Көп оқитын, талмай ізденетін режиссер қоғамдық өмірдің диалектикасын тереңірек түсініп, болып жатқан құбылыстарға шыншыл көзбен қарап, суреткерлік зердемен көркемдік қорытынды жасай біледі. Р.Сейтмет те өз заманының пульсін анық аңғарып, оның күрделі дүниесіндегі әрқилы құбылыстарға әр кезеңде суреткер ретінде үн қосып, баға беріп отырды. Әсіресе, ол Балалар мен жасөспірімдер театрында көркемдік жетекші болып жүргенде Кенестік дәуірдің шындығы арқау болған шығармаларды сахналап әр кезеңде халқымыздың басынан өткен қасіреттерді ел-жұрттың сарабына салды. Заманның зарын, айтылмай жүрген ақиқатты ең біріншілердің бірі болып сахнаға шығарған да Ғ.Мүсірепов атындағы театр еді. Халықтың жасыған рухын, жоғалған намысын ту етіп желбіретіп көтеруге Райымбек бастаған театр ұшан-теңіз еңбек сіңірді. Дәл сол тұстарда Алматының халқы топырлап Ғ.Мүсірепов атындағы театрға баратын. Жоғалтқанын сол театр сахнасынан іздейтін, өткен күнмен үндесіп жататын сол уақыттың көркем шындығын тамашалап, рухтанып шығатын, халықтың басынан өткен қасіретті сахнадан көріп, жігері күм болып, азуын айға білеген тоталитарлық жүйенің жүгенсіз саясатына деген қарсылық сезіміне бөленетін. Сол спектакльдер көркемдік деңгейінің әрқилылығына қарамастан халықтың санасының оянуына, рухының шыңдалып, бірігуіне, өзін-өзі тануына зор ықпал жасады. Ол кезде сол театрдың тізгіні өлдекімнің емес, Райымбек Сейтметтің қолында еді.

Райымбек Сейтметтің поэтикалық шығармаларды сахналаудағы еңбегі ерекше. Ол Махамбет, Абай өлеміне суреткерлік зердемен барлау жасап, олардың шығармашылығындағы ешқашан ескірмейтін адамзатқа ортақ проблемаларды бүгінгі күнмен үндестіре білді. «Қалың елім, қазағым» деп толғанған Абайдың зары әсіресе сол шақта, мансаптың бағы асып, қалың қазақтың қадір-қасиеті қаша бастаған кезде аса қажет еді. Әділеті кем заман мен ақиқат іздеп шырылдаған ұлы тұлға арасындағы ымырасыз күрес шындығы Махамбет ақынның отты жырлары негізінде қойылған «Туған ұлдан не пайда» атты поэтикалық спектакльде көркемдік шешім тапты. Жалпы Райымбек Сейтмет қойған спектакльдердің барлығы дерлік заманмен үндесіп, үйлесіп жатады. Мұның өзі Райымбектің заманның психологиясын, уақыттың



жүрегіндегі ақауды дөп басып танитын зерек суреткер екендігін танытар мысал. Бұл ретте Райымбек қойған Шерхан Мұртазаның, Әкім Таразидің, С.Ахмадтың, Сұлтанәлі Балғабаевтың, О.Бодықовтың, Әділбек Тауасаровтың, Тынымбай Нұрмағамбетовтың, А.Пиранделло, А.Е.Макеонок, Г.Лорка, Л.Дюркалардың шығармаларын қалай ұмыттарсың!

Р.Сейтмет Қазақстанда поэтикалық театрдың қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Т.Бердияров, М.Мақатаев, К.Мырза Әли, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов шығармалары негізінде қойылған поэтикалық спектакльдер арқылы ол жаңа бір қырынан танылды, қазақтың сахна өнеріне жаңаша рең берді, бір бағытқа кең жол ашты.

Райымбек Сейтмет Ф.Мүсірепов атындағы театрдың көркемдік жетекшісі болып жүрген жылдарда көптеген қаламгерлердің драмалық шығармаларының тұсауын кесті. Көрнекті жазушы Шерхан Мұртазаның бәріміз білетін «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» атты драмаларын сахналаған да Райымбек Сейтмет. Төлен Әбдіков, Сұлтанәлі Балғабаев, Тынымбай Нұрмағамбетов, Әділбек Тауасаров, Серік Асылбектердің драмашы болып қалыптасуына режиссер Райымбек Сейтмет өте зор еңбек сіңірді.

Бір мақалада Райымбек Сейтметті барлық қырынан көрсету мүмкін емес. Ол қазақ айтатын «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат. Оның қазақ киноөнеріне сіңірген зор еңбегі бар. Рекең көркемсөз оқудың майталман шебері.

Райымбек Сейтмет нағыз ұлтжанды азамат. Ол қара басының камынан ұлт мүддесін, өнер мүддесін жоғары қояды әрқашан. Алматыдағы жып-жылы орнын тастап, сонау Түркістанға барып, ұстаздық қызметке араласуы, сол қаладан театр ашу үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүгіріп жүруі осы сөзімізге дәлел. Өз халқын, қазағын өліп-өшіп сүйген адам ғана қара басына қандай қауіп төнетінін біле тұра тәуекелге барады. Жалпы шығармашылық дегеннің өзі тәуекелдің жемісі. Сол бір шақта Республика тізгінін қылышынан қан тамған Колбин деген «қаңғып келген шүрегей» ұстап тұрғанда, «Сталинге хат» секілді драманы сахналап, Голошекиннің, Сталиннің болмысын әшкерелеуге екінің бірінің тәуекелі жетпес еді. Райымбек халқының алдындағы перзенттік парызын өтеу үшін тәуекел деп тас жұтты. Сөйтіп өзінің ұлы Шындығына қадам басты.

Суреткер Шындыққа айналу үшін өмірін өнерге береді. Шындық-шынға жету үшін өз жолын, өз даңғылын салады. Ты-

нымсыз еңбегінің арқасында суреткер халқы мойындаған, жалпақ жұрт табынатын Шындыққа айналады. Райымбек Сейтмет жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында ғұмыр кешіп, өнер жасаған, тарихқа айналар Шындық. Қазақ өнері дейтін алып қалада Райымбек данғылы сайрап жатыр».

Баққожа ағаның мәнді, мағыналы баяндамасын аяқтаған сәтінде Асанәлі ағамыз орынды әзілмен толықтырып, отырған жұртшылықты ду күлдірді. Көпшілікпен қоса күлімсіреген Баққожа аға сол қалпында баяу басып орнына жайғасты. Мерейтой кешін жүргізіп отырған Асанәлі ағамыз үзеңгі жолдасының жастықтағы қызықты хикаяларынан бірер әңгімелер айтып жұртшылықты серпілтіп алған кейін келесі құттықтау сөз кезегін қазақтың қабырғалы қаламгері Шерхан Мұртаза ағамызға берді. Қазақ әдебиеті мен өнеріне теңдессіз үлес қосып келе жатқан, кейінгі буын қаламгерлер мен журналистерге Шер аға атанған (Шер дегені — жолбарыс) айбарлы ағамыз сахна төріне маңғаздана көтерілді. Талай мінберлерден елдің жоғын жоқтап, зарын айтып, жебедей өткір көздерін өңменінен өткізе қадағанда талай шенеуніктің мандайы шып-шып терлеп қоя беретін сұсты Шерхан ағаның бүгін жүзі аса жадыраңқы. Жайсаң жүзінен мейрім мен шуақ, парасат лебі еседі. Шерхан аға жөткірініп алып, есіне өткен күндер елесін оятқандай, салмақты үнмен құттықтау сөзін бастады.

«Екі дүние есігі киелі Түркістанда 60 жыл бұрын дүниеге жұлдызды нәресте келді. Ол дүниеге келерде Алла тағала оның жүрегіне жан берді, бір түйір шындық шоғын салып жіберді.

Өсе келе сол шындық шоғы отқа айналды. Егер ол әлдеқалай театр қайраткері болмай мемлекет қайраткері болса да, кім болса да сол шындық жолында ақ семсерін алып жүрер еді. Тағдыр оны театрға алып келді. Театрда бағы жанды, бәлкім ол театрдың бағын жандырды. Өзі екеуара сондай бірлестік болмаса өнердің өрге басыуы қиындау болуы мүмкін. Ал енді жаңа менің бауырым, інім Баққожа Мұқай оның егжей-тегжейін айтып бергеннен кейін оның өнері жайында, оның толып жатқан қызметі жайында айтып қайтейін. Менің айтарым сол — отты жүрек, әсіресе суықта, сызды жерде, қиын сәттерде жанады, найзағай бұлтты күндері ғана жарқылдайды, Қазақстан аспанын бұлт торлаған күндер де болды. Сол кезде Колбин деген патша келді, міне сол тұста, жарқылдап жүрген кездері аз болмады. Тап сол тұста Рекең Ғ.Мүсірепов театрында найзағай жарқылдатты. «Сталинге хатты» қойды,

ойлап қалмаңыздар, авторы болғандықтан өзін-өзі уағыздап түр деп, құдай бар ғой, шындық бар ғой.

Ал енді, сол спектакльге Колбиннің өзі келді. Міне қаһарлы шак, қорқынышты ма, жоқ па? Колбиннің өзі келді, оның нөкерлері келді, көрді, халық деген көп, Колбиннің қабағы салбырап түсті, тістенді білем, кім біледі, тісін шықырлатқан да шығар, бірақ ләм демеді, не болса да ішінде кетті.

Міне, мүмкін сол сәт ойға қалған шығар, мына халықпен ойнауға болмайтынын ойлаған шығар. Кім біледі, тағдыр ма, жазу ма, әлде халықтың қарғысы ма, Қазақстаннан кетті, көп ұзамай дүниеден қайтты. Әйтпесе соншалықты басы жерге тиіп тұрған жан емес еді.

Мінеки сол шақтарда театрдың жұлдызы жанғандай болды. Аншлаптан-аншлаг.

Ал енді періште жүрген жерді өзәзіл де жағалайды, табыс бар жерде қызғаныш та болады. Соның өсері ме екен біздің Райымбек Алматыдан кетуге мәжбүр болды.

Баяғы Махамбеттің айтқаны бар еді:

Мені елден айырған хан Жәңгірдің екпіні,  
Сені көлден айырған лашын құстың тепкіні.

Кімнің екпіні екенін мен білмеймін, ол жағын зерттемеймін де. Бірақ сол қызғаныштың болғаны рас. Ақиқат.

Бақан теректің басына таяқ лақтырмайды, таяқты тек жемісті алу үшін, жеу үшін мәуелі ағашқа лақтырады. Сондай сәттер болды. Түркістанға барды.

Біздің хандарымыздың ордасы болған, киелі құтты Түркістан, қасиетті Түркістан. Ол қарап қалған жоқ, Алматыдан кеттім деп салбыраған жоқ, өнер жасап жатыр.

Өнердің ордасын, жана ордасын жасап жатыр. Қанша жерден оны аяғынан шалғанмен, қанша жерден жағасынан алғанмен, құдайдың өзінің үйген шоғын тауыса алмайсың, Сейтметов таусылмайды. Бәлкім ол бір күндері Алматыға қайтып оралатын шығар.

Помпейдің тепкінін көрген Цезарь айтты дейді Римнен кетіп бара жатып: «Цезарь покидает Рим, чтобы завоевать Рим», — деп ақыр соңын күтейік, алда жақсылық болсын. Ал Рекең өнердің туын ұстаған, шамын жағып жүрген азамат! Өнер деген қазір бізде өгей баладай екені рас, құдайдың алдында да үкіметтің алдында да, халықтың алдында да көрініп тұрған шындық.

Ал енді Ататүрік айтты дейді, «Өнерсіз ел, өнерсіз мемлекет, бір аяғы жоқ ақсақ, бір қолы жоқ шолақ, бір көзі жоқ соқыр сияқты мемлекет болады» деп. Сондай мемлекет керек пе бізге?

Бізге дені түзу, шын мәніндегі өркениетті мемлекет керек шығар. Ендеше Сейтметовтер көп керек, Сейтметовтер жасай берсін! Құрметті бауырым, Райымбек, мен қарапайым ғана прозаик едім, менен сен драматург жасадың, бұл сенің арқаң. Алпысқа кепсін, алпыс дегенің талтүс. Алдында әлі өмірдің жартысы жатыр, сол қалған өмірінді мынау отырған халқыңа бүкіл республикаға, тәуелсіздіктің тағынан түсіп қалмайтын республикаға сен інжу-маржаныңды шаша бер, көкірегіңде әлі қазына бар соны аяма, халқыңнан айналайын! Аман бол, жаныңда жарың, артыңда немерең аман болсын. Мына халқың аман болсын!».

Шерағаңның сөзі көпшіліктің ду қол шапалақтауымен жалғасты. Асанәлі аға келесі сөзді өзінің құрдасы Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясының президенті, жазушы, этнограф-ғалым, қазақ өнерінің жанашыры, бекзат болмысты Ақселеу Сейдімбекке берді. Сөздің мәйегін сорған шешен тілді ағамыз көп күттірмей сөзін бастап кетті.

«Құтты болсын! Мен бала кезімде біздің елде бір найманның кішкентай шалы болды. Жалғыз баласы соғыста өлген. Содан бір немересі қалып еді, соны аялайды да жүреді. Анда-санда немересі ойын баласы біреуден жылап қалса әлгі шал жүгіріп шығып былай дейтін: «Әй, менің балама тимеңдер, менің балам жыласа мен жылаймын, мен жыласам бүкіл найман жылайды» дейтін. Сондай-ақ мен Райымбек туралы, оның менің жүрегіме дарытқан шапағаты туралы сөйлеп бір кетсем онда уақытты көп алам. Уақыттарыңызды көп алмайын бір нәрсенің басы ашық. Райымбек біздің жүрегімізге кісілік дарытқан, сезім дарытқан біздің жүрегіміздің тәрбиешісі, ұстазы. Сондықтан мен бүкіл Қазақстандағы үш жарым миллион оқушылардың атынан, үш жүз мыңдай студенттердің атынан, ойланып, толғанып жазған мына бір сөзді оқып берейін.

### Мәртебелі РАЙЫМБЕК НОҒАЙБАЙҰЛЫ!

Алпысқа келу мұрат емес, алпысқа алаштың баласын алқалатып, қалқалатып келгенге не жетсін. Әрине, қолдан келсе... Сіз халқыңызға өнерден олжа салған санаулы сандақтарымыздың бірісіз. Бұл алпысқа келген соң айтылар әсіре сөз емес, шығар күндей шындық. Еліміз аман болса, жеріміз бүтін болса, сахна өнері-

нің туы жығылмаса, онда Райымбектің романтикасы мен эпикасы, сезімі мен сыры, парасаты мен пайымы еш көмескі тартпастан, сахнаны кие тұтар талай ұрпақтың жолына нұр сәулесін түсіріп, таң жұлдызындай өнер аспанында әмөнда жарқырап тұратын болады. Сондықтан да, алаштың баласы Сіздің алпысыңызды ардақ тұтып, алқалап, қалқалап келіп отыр.

Сол алқалаушы, қалқалаушылардың арасында Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясы да бар деп біліңіз.

Көкте күнге, жерде еліңізге мейіріңіз қанбасын!»

Мерейтой мерейін асырып жиналған қауымды бір желпінткен ақындардың жалынды жыры болды. Кезінде қазақ театр өнерінде поэтикалық театрдың тұңғыш негізін қалаған Райымбек ағаның ақын достары аз емес. Сондай мықты шығармашылық байланыс орнаған, өлеңдерін сахнадан ғана емес қазақ теледидары мен радиосынан жылдар бойы насихаттап жүрген ағаның ақын досының бірі де бірегейі Қадыр Мырза Әли. Қадыр ағамыз сахна төрінен алпыстың асқарына шыққан досына деген ізгі тілегін мынадай жыр жолдарымен жеткізді:

## РАЙЫМБЕККЕ

Бөлсіді нұрға кашықты,  
Жұлдызың биік бұл тұста.  
Еліңе деген ғашықтық,  
Жеткізді аман алпысқа.

Мұқатты, кейде кекетті,  
Қазақы ауру — іштарлық.  
Бірақ та бөліп әкетті,  
Өнерге деген құштарлық.

Бола алмас шындық өлшемі,  
Әзәзілдерге сенбегің...

Биікке шықсаң —

Ол сенің

Дарының мен Еңбегің.

Жүрегін қызыл шоқ шығар,  
Қанша жыл жанып, қозладың.  
Бүгінде, қазақ жоқ шығар,  
Өзіңдей білер сөз дәмін.

Туыстық, достық, әр үйдің,

Марапатына бөлендің.

Шараптың емес әрине,

Дегустаторысың өлеңнің.

Қайнасып өскен бір ұлтпен,  
Пендесің, бірақ ірісің.  
Өлі бейнені тірілткен,  
Сахнаның пірісің.

Ұсақ-түйекті елеме,  
Интригалар іриді.  
Грамоталар немене,  
Шкафта жатып шіриді.

Бөріне таныс қырт өмір,  
Басынан әркім оздырған.  
Ордендер деген құр темір,  
Омырауыңды тоздырған.

Пенде біткенді Алламыз,  
Байлығыменен сынаиды.  
Сілкінсе асау қаламыз,  
Коттеджер түгел құлайды.

Тез хабар беріп атшабар,  
Тағдырың бұйрық әзірлер.  
Шамданса болды патшалар,  
Бұтын қысады уәзірлер.

Көрсен де қуғын-сүргінді,  
Құса-қайғыға бағынба.  
Бәрі де бәрі бір күндік,  
Мансап та, тіпті тағын да.

Барлығын қойып  
Одан да,  
Достарды сүйгін бетінен.  
Не қымбат мына қоғамда,  
Халқыңның хошеметінен!

Сахна төріне келесі кезекте көтерілген ақын Мұхтар Шахановтың жырлары да жиналған қауымды бір серпілтіп тастады. Көрші қырғыз елінде елшілік қызметте жүрген ақын өз құттықтауымен қатар қырғыз халқының даңқты перзенті, «Адамзаттын Айтматовы» атанған Шыңғыс ағаның да жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Әлбетте, Айтматов шығармаларын сәтті сахналанған, кезінде «Көктөбедегі кездесу» филімінде басты рөлде ойнаған, араларында осындай достық-сыйластық қатынас орнаған Райымбек ағаға заңғар жазушының құрметі мен ілтипаты орынды да. Ақын Мұхтар Шаханов өзінің құттықтау сөзін «Менің рухани өміріме әсер еткен адам» деп атапты. Осынау риясыз шын көңілден айтылған ақынның ыстық ықыласқа толы лебіздерін қаз-қалпында өздеріңізге жеткізуді жөн санадым, қадірлі оқырман:

«Зиялы қауым! Қазіргі кезеңде, биік пен аласаның арасындағы, терең мен саяздың арасындағы, алып пен көупектің ара-

сындағы шекара жойылған тұста қай жақтан жел соқса со жаққа иілетін қоғабас қайраткерлердің белең алған тұсында сәулесі өзінің бала-шағасынан ары кетсе әулеті, үрім бұтағынан артылмайтын кейбіреулер ат шаптырып, даңғазалап той беріп жатқан тұста Райымбек Сейтметовтің үлкен мерекесі, бүкіл ұлтымыздың ауыз толтырып айтатындай мерекесі, қарапайым өтіп жатса оған танданудың қажеті жоқ. Мен өз ойымды жинақтау алдында Райымбек Сейтметов жайында айтпастан бұрын, өзімнің әлі жарияланбаған «Ұлылар мен Орташалар» атты өлеңімді оқып беруге рұхсат етіңіздер!

Міне қызық, ылғи бойын зорайтқан соң күліп алдан,

Пайымсыз жұрт орташаны биік қойған ұлылардан.

Ұлылардың осал жерін орташалар біліп алған,

Ұлы ойлардың иығына орташа ойлар мініп алған.

Сан алкалы жиындарда орташалар той бастаған,

Қос тұлпардың даңқын бөгеп орташа аттар ойкастаған.

Мынау асау дәуірдің де орташалар сүйенері,

Биліктегі бастың көбі орташа ақыл иелері.

Техникалық түйсігі мен қарынының қадамы бір,

Ұлы ойларды сыртқа тепкен орташа ойдың заманы бұл.

Шулылар ду базарына ене алмастан ұят қалып,

Семіз байлар шіренеді жер кіндігі сияктанып.

Ғасыр арсыз болған соң ба, ұят-намыс жүр киімсіз,

Ал рухты жаланаштау қоғам үшін тым тиімсіз.

Жаланааяқ қалай жүрмек жолда сан мың шеге жатыр

Неге оған болыспайды қайсар сана кемел ақыл,

Ағатай, сәл сақтаналық, рухсыз күш неге батыл?

Баспен емес қарынмен ойлайтын топ келе жатыр.

Жаңа Шәкең өте дұрыс айтты. Менің поэзиямды сахнаға алып шыққан осы Райымбек Сейтметов. Ол кезде Қазақстан комсомол сыйлығын жаңа алған шағым. Қыстың сақырлаған аязында жұқа пальтомен жүрмін. Басымда бөрік болмай Зәкір Асабаевтың тымағын кидім. Сонда таксимен театрға анамды алып келуге ақша таба алмай қиналғамыз.

Сол тұста менің поэзиялық спектаклімді жауып қоймақшы болып жан-жақтан комиссия анталап, маған тісін қайрағандар табылып жатқан кез. Сонда сол кездегі қолдауды ешуақытта ұмытпаймын. Одан кейін талай қолпаш-марапатты көріп келе жатырмын, бірақ оның бәрі көзге көрінбейді, сол кездегі Әуезов театрының сахнасына шығып қолдауын көргенім, қошеметін көр-

генім бүкіл өміріме азық болды деп айта аламын. Райымбек Сейтметов менің рухани өмірімде үлкен рөл ойнаған адамның бірі.

Ал енді Реке, сіз Қырғызстан өнеріне еңбек сіңірген мәдени қайраткерсіз. Қырғыз драматургтарының Мар Байжиевтен бастап үлкен-үлкен шығармаларын қойдыңыз, қырғыздың өнерін насихаттадыңыз, «Көктөбедегі кездесу» киносында басты рөл Исабектің рөлін ойнадыңыз. Сол еңбектеріңіз үшін Қырғызстанның құрметті атағына ие болдыңыз. Мына дипломды да соған қосақтап қойыңыз.

Биылғы жылдың көктемінде Шымкентте біздің Шыңғыс Айтматов екеуміздің бірігіп жазған «Миғұла терісі үстіндегі сот» атты шығармамызды қойдыңыз. Соған Шықаң сізге өзінің үлкен сөзін айтты. Сіздің сахнада жасаған сом парасатты істеріңізге жоғары баға берді. Кеше мен жүрерде ол кісі өзінің кітапханасында ілулі тұрған бір суретті алып сізге жолдады. Сурет артына Шықаң өз тілегін жазды, мен де бір шумақ Қырғызша айтқанда ыр жаздым.

Бұйра шашты сары алтындай сара актер,  
Сара актердің әр адымын санап көр.  
Осындай-ақ болсын біздің қазақта,  
Елін сүйген, ұлтын сүйген қанағтты ер,

Бұйра шашты сары алтындай сара актер,  
Жүз онға жет сары алтындай сара актер!»

## ТҮРКИЯҒА САПАР

Мен кейде Райымбек ағаның көрегендігіне таң қаламын. «Ең әдемі келіншекті» түрік тіліне аудартқанда:

– Несіне түрікшеге аудартып жатырсыз? – деп сұрадым.

– Түркияға бару үшін. Қазақ театр өнерін шет елге танытуымыз керек. Әрі балалар жер көреді, әрі өнерді насихаттаймыз. Бәлкім, болашақта театр ашуыма түрік ағайындардың көмегі тиер, – деп жауап берді.

1998 жылдың маусым айында «Ең әдемі келіншек» Түркияға баратын боп шешілді. Студенттер жатпай-тұрмай дайындыққа кірісті. Дайындық кезінде Гүнхан Қайхан деген түрік азаматы тілдің дұрыс болуын қадағалайды. Мен әйтеуір отырамын. Өйткені түрікше білмеймін. Бір күні Гүнхан мырза келмей қалып, дайын-



дықты мен жүргіздім. Қолымда пьесаның кирилицамен жазылған түрікше аудармасы. Бір уақытта байқап қарасам, Алтайды (Ерлан Қалдарбеков) ойнайтын студентім мен Абдолланы (Айдар Наурызбаев) ойнайтын студентім екеуі басқа бірденелерді айтып тұр. Түрлеріне қарасаң, шынымен ойнап тұрған тәрізді. Айтып тұрғандарын мұқият тыңдап, пьесадағы сөзбен салыстырсам келмейді.

— Токтандар! Сендердің айтып тұрған сөздерің мұнда жоқ қой, — деймін пьесаға шұқшиып.

— Бар, апай! — деп екеуі жамырасады.

— Жок.

— Бар, апай! — деп екеуі бет бақтырмайды.

— Қане, қай жерде жазыпты, көрсетіндер маған, — деп ашулана бастадым. Қарасам, екеуі қосылып мәз боп күліп отыр. Оларға қалғандары қосыла күлуде. Сөйтсем, менің түрікше білмейтінімді екеуі мазақтап айтып тұр екен.

— Мен сендер құсап түрік тілін алты ай оқыған жоқпын. Өздеріңнен үлкен адамға күлуге ұялмайсындар ма? — деп ренжідім.

— Ойбай, апай, кешіріңіз. Біз әшейін ойнап едік, — деп екеуі безілдеп қоя берді. Кейін мен де тілді үйрендім. «Үш күннен соң тозаққа да үйренеді» дегенді бекер айтпаса керек. Ендігі проблема — костюм.

— Түркияға барғанда жібі түзу костюмдер керек қой. Осы уақытқа дейін ештеңе сұраған емеспіз. Ең құрыса спектакльдегі алты адамға костюм алатын ақша сұрасаңызшы, — дедім ағаға өтініп. Түркия тарапынан ректордың көмекшісі Зия Башкан деген кісі болатын. Райымбек аға сол кісіге барып өтінсе, ол кісі бірден келісіп, тіптен ақшаны беріп жіберіпті.

— Ертең екеуіміз Түркістанға барамыз. Зия Башкан ақша бөлді, — деді аға көңілдене.

— Олай болса студенттерге айтайын. Әсіресе жігіттерге костюм-шалбар алайық. Түркістанға барындар десем барады, — дедім қуана. Спектакльде ойнайтын Мұрат, Айдар, Ерлан үшеуімен Түркістандағы орталық дүкенде кездесетін боп келістік.

...Қолымда ақша. Сенер-сенбесімді білмеймін. Аға екеуіміз уәделескен дүкенге келдік. Аралап жүріп үшеуіне де костюм алдық! Кентауға келген соң спектакльде ойнайтын үш қызға көйлектер сатып алдық.

Алғашқы аттаныс. Райымбек аға бастаған алты студент Түркияға жолға аттанып кетті. Түркияда оларды жақсы қарсы алыпты. Бірақ, бір айға деп кеткен адамдарымыз он бес күннен кейін қайтып келді. Сөйтсек ректор М.Жұрынов концертке қатысуы керек деген сылтаумен қайтарып алыпты. Шынтуайтына келсек, ешқандай концерт жоқ. Қайтарғысы келген соң қайтара салған. Оны білген Райымбек аға:

— Әй, байдың асын — байғұс қызғанадының кебін киген сорлылық-ай! — деп күйінді. Қашанда тарих таразысының екі басы болады. Өнер кафедрасын ашуға, Райымбек ағаның келуіне М.Жұрынов мырзаның өзі мұрындық болған. Жақсы қарсы алып, алғашында өте жақсы жағдай жасайды. Неге екені белгісіз, арада көп уақыт өтпей ректордың ағаға деген көзқарасы өзгерді. Ректор нағыз қайраткер, мінезді кісі. Бірақ мінсіз жан болмайды ғой. Арадағы өзәзілдер өз мақсаттарына жетсе керек. «Талант біткен жерден-ақ, басталады қызғаныш» — деп Қадыр ағамыз айтқандай, ағаны ректорға жамандайтын жандар табылды. Аға барса:

— О, Реке, сізді көргеніме қуаныштымын! — дейді. Шыға берсе, басқа мәтінге ауысады. Неге олай болғаны маған жұмбақ. Білетінім, Райымбек аға ешқашан жағымпазданбайтын, орынсыз кішіреймейтін. Бәлкім ағаның даңқы қызғаныш тудырды ма кім білсін?! Өткен күндер тізбегіне қарап отырсам. Өнер кафедрасының, әсіресе Райымбек ағаның көрмеген қорлығы жоқ екен. Көбіне жорта білмегенсіп, әдейі аяғынан шалатын. Тіптен, сессия туралы ақпарымызды оқу бөлімі дер кезінде Түркістанға жібермей, «кафедра меңгерушісі жұмыс істемейді» дегізіп, ағаға сөгіс бергізетін.

— Е-е... Мен ішпеген у бар ма?! Битке өкпелеп тонымды қайтіп отқа салайын?! Театрым ашылсыншы, университеттен кетемін. «Қапқан иттен өш алам деп мен де қапсам, ауызымда не қасиет қалады» деп Абай ағам мен құсап күйген соң айтқан ғой, — деп аға күрсінді.

— Аға, мен химияны оқығанмын ғой. Жан-жақтан қысым көбейген сайын молекулалардың тығыздығы ұлғайып, беріктігі арта түседі. Сіз де неғұрлым қысым күшейген сайын мықталыңыз. Сіздің ісіңізден нәтиже шығып жатқан соң, көре алмағандардың іші күйіп жатыр, — деймін өзімше демеу беріп. Ал, өзімнің ішім алай-дүлей. «Өз асылымызды қадірлемейтін қандай халықпыз құдайым-ау!» — деп күйінемін. Ағаның осы жүргенде тұрмыс

жайы онша емес. Университет берген үйінің ішіндегі жылу жүйесі істемейді. Үйінің іші қыстың күндері ит байласа тұрғысыз суық. Бір күні жұмысқа көңілсіз келді.

— Бір жеріңіз ауырып тұр ма? — деп сұрадым.

— Тәнім емес, жаным ауырып тұр, — деді аға күрсініп. Азанда ерте тұрып от жағып ем, көк түгін боп пешім жанбай, ақырында үйдің бар есігін аштым. Түгіннен құтылам деп жүргенде, үйім қайтадан суып, азынап кетті.

— Қап, қиналған екенсіз ғой?!

— Е, түк те етпейді, — деді аға серпіліп, — құдай қаласа театрым ашылады, содан соң бәрі ұмытылады, — деп кабинетіне адымдай басып кете барды. Қанша азапты кешсе де болашаққа деген үмітін еш үзбейтін жанның жігеріне қалай таң қалмасқа?!

— Сіздің еш мойымайтын оптимизіміңізге таң қаламын. Қалай төзесіз?! — деймін соңынан ере жүріп, ағымнан жарылып.

— Өмірде бәріне төзім керек. «Адам сәні — даналық, даналық сәні — сабырлылық». Алдына үлкен мақсат қойған кезде, сол мақсатқа деген махаббат өзі-ақ жетелейді. Оп-онай келетін жеңіс жоқ. Қарашы өзіңе, былтыр қандай ең, биыл қандайсың?! Ашық сабағыңды өте жақсы өткіздің. Енді міне, өз алдына спектакль қоймақсың.

— Бірақ, спектакльді мен емес — сіз қойып жатыр деп жүр ғой бәрі, — деп күлдім.

— Айтқан жұрт айта берсін. «Ит үреді, керуен көшеді. Түбі Баян — сенікі» — деп маған жігер берді.

Есіме алғашқы ашық сабақ берген күнім түсті. Төртінші курс студенттері — Өнер кафедрасының тұңғыш шәкірттері. Алғаш қабылданған студенттері болған соң ағаның ықыласы ерекше. Қанша дегенмен жастар емес пе, ағаның жан-тәнімен берілген махаббатына еттері үйреніп кетсе керек, сабаққа қалаған күні келетіндері көп. Біреуі келмей қалса дайындық тоқтап қалады. Жаратылысымнан тәртіпке жаным жақын болғандықтан, студенттерді тәртіпке шақырмаққа бел будым. Сабақтан жиырма, тіпті қырық минутқа кешігіп келу дегенің оларға түкке тұрмайды. Бір күні кешіккендерді Райымбек ағаға, рұқсат қағаз әкелуге жібердім. Қарлыға, Айсұлу деген қыздар кешігіп кіріп еді, «рұқсат қағаз әкеліндер» деп шығарып жібердім. Артынша Нұржан Төлендиев кешігіп кеп тұр.

— Неге кешігесің? — дедім.

— Кешіксе неғылады екен? — деп Нұржаным отырғандармен түгел қол алысып амандасып, бос орынға шалжиып отыра кетті. Мені адам екен деп отырған жоқ.

— Орныңнан тұр!

— Не?

— Шық сабақтан! Барып рұхсат қағаз алып кел!

— Ойбай, неге айқайлайсыз?! — деп өзіме қарсы дауыс көтерді.

Қыңқ етейін деп тұрған ол жоқ. Осы кезде бағанағы екі қызды ерткен Райымбек аға кірді.

— Сая, мына қыздарды бір жолға сабаққа кіргіз, — деп аға күлді.

— Кешіріңіз аға, мен бұларға сабақ беруім керек пе, әлде бетімнен алғанына көніп қарап отыруым керек пе, — дедім даусым булығып.

— Не боп қалды?

— Сіз қыздарды кіргіз дейсіз, ал, мына Төлендиевіңіз мені адам екен деп көзіне де іліп отырған жоқ. «Неге кешіктің» дегенім үшін жазықты болдым. «Тәртіп жоқ жерде — өнер де жоқ» дегенді Станиславский бскер айтпаған шығар, — деп көзіме келген жасты өз-өзімді зорға тыйып, тежедім. Райымбек аға кілт тоқтап, бәрімізге бақылай қарады да, атмосфераны түсінді. Содан кейін барып, барлық студенттерге қатты кейіді. Мүмкін басқа біреу сенбес, бірақ тап сол кезде менің оқығаным, зерттегенім алдымда отырған студенттерден әлдеқайда ілгері еді. Ағаның кейігенінен кейін барып студенттер шамалы жобаға келе бастады. Үйге келген соң ал кеп жыла! Солығымды басқан соң, мен үшін екінші Құранға айналған Станиславскийдің кітабын ашып қалсам: «Жаңадан бастаған жас режиссерге артистің сенімсіздікпен қарауы заңды құбылыс. Оны тек режиссерлік тапқырлық пен төзіммен жеңуге болады» — деп жазып қойыпты. Көзім «жарқ» ете қалды. Демек, Экология факультетінен келген маған студенттердің сенбей қарауы — заңды құбылыс?! Ендеше — дәлелдеуім керек! Ал кеп оқы! Тіпті, кешегі түсініксіз көрінген сөздер, бүгін түсінікті сияқты. Әсіресе, «Отеллоны» талдау жасағаны қандай керемет?! Мен шетел драматургиясын оқыған кезде, өзіміздің қазақ драматургиясымен салыстырып отырамын. Меніңше, Ғ.Мүсірепов «Қозы Көрпеш — Баян Сұлуды» жазбас бұрын Шекспирдің «Отеллосын» зерттеген сияқты. Өйткені, Жантық пен Ягоның, Кодар мен Отеллоның арасындағы психологиялық шешімдерде көптеген ұқсастық бар. Әлем драматургиясы әсіресе Еврепидтен көп

үлгі алған. Демек, драматургиялық туындыларда ұқсастық болуы табиғи нәрсе. Тек ұлттық мінезі өзгеше. Мысалы, Л.Толстойдың «Анна Каренинасы» мен М.Әуезовтің «Қарагөзін» алайық. Анна Каренина – орыс әйелі. Өз махаббатын кездестіргенде, ешқайда бұрылмастан сүйгенінің соңына еріп кетті. Оны соңынан жылап жүгірген кішкентай ұлы да тоқтатпады. Қарагөз – қазақ қызы. Сүйгені Сырымның етегінен ұстауға дәрмені жетпей қалды. Оны жеткізбей тұрған – қоршаған орта. Ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, атадан қалған ғұрып. Демек, әр ұлттың өзіндік ерекшелігіне қарай психологиялық шешімді табу керек.

...Алғашқы ашық сабақ. Сол күндері театр сыншысы, ғылым докторы Б.Құндақбаев келіп, біздің студенттерге лекция оқып жатқан болатын. Райымбек аға әрдайым ғылым докторларын, белгілі өнер адамдарын арнайы шақыртып, лекциялар оқыттыратын. Б.Құндақбаев ағайымызды өз сабағымның тәжірибесін сараптауға шақырдым. Бөлімше директоры Ә.Баешов, ғылым докторы Б.Құндақбаев, кафедра оқытушылары және күллі студенттер. Сабақ басталды. Жаным бір тарының қауызында секілді. Студенттерім жап-жақсы ойнап шықты. Актерлік шеберліктері кәсіби дәрежеде шығып жатпағанымен, сөздерін түсініп айтуы – мен үшін үлкен жетістік. Өмірінде театр партасынан өтпеген жанның теорияны кітаптан ізденіп, зерттеу арқылы тәжірибеге айналдырғанын көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші. Мүмкін, миға сыймайтын болар. Бірақ, Райымбек ағадай ұстаздың қасында жүріп білмеу, ұмтылмау – үлкен айып. Сабақ бітті... Алғашқы сөзді бөлімше директоры Ә.Баешов алды.

– Студенттер өте жақсы ойнады. Айтқан сөздерін түсініп айтып тұр. Тіпті, нағыз әртістерше ойнады. Саяның аз уақытта бұл мамандықты қалай игеріп үлгергенін қайдам, Рәкеңнің жетелеуінен шығар. Химик-технологтың – өнер адамына айналуы маған әлі түсініксіз... – деп сөзін аяқтады. Бұл кісінің менің шығармашылығымға күдікпен қарағанына еш ренжіген жоқпын. Станиславскийдің сөзін есіме аламын да, өз-өзімді жұбатамын. Ең бастысы, талмай, қайтпай еңбек ету. Талдау кезегі Б.Құндақбаев мырзаға келді.

– Студенттердің ойнау процесі дұрыс. Сенімді ойнады. Сөз астарын түсініп айтып тұр. Тек, дауыстарын шыли айқайлап сөйлейді, – деген тұжырымдамамен аяқтады. Дауысты көтеріп сөйлеу процесін өздігімнен кіргізгенім рас. Станиславскийдің «Ар-

тистің дауысы көрермен залының ең соңғы қатарындағы көрерменнің құлағына анық жетуі керек. Әйтпесе, еңбегің еш болып, көрерменнің спектакльге деген құлқы болмайды» – деген қағида-сы қатты әсер етті. Және сол кездегі газеттерде «театр артистері мұрынның астынан мыңғырлайды» деген сын-мақалалар көбейіп кеткен болатын.

– Артистің дауысы өмірдегі үннен екі есе биіктікте болуы керек деген қағидаға қалай қарайсыз? – деп ағадан сұралым.

– Дұрыс қараймын. Артист, әр сөзін ең соңғы қатардағы көрерменнің құлағының түбінен сөйлеп тұрғандай жеткізе білуі керек, – деп жауап берді. Станиславский мен Райымбек ағадан қолдау тауып, сол қағиданы студенттерге енгізуге талпынған болатынмын. Ең соңғы кезек Райымбек ағаға тиді.

– Мен бүгінгі сабаққа ерекше риза боп тұрмын. Себебі, Сая, бұрын-соңды театр партасында дәріс алмаған, театрда жұмыс істемеген. Тек менің сабақтарыма қатысып, өз бетінше кітаптан оқып, зерттеп жүрген жанның бүгінгідей жетістікке жетуі – үлкен қуаныш. Бәке, сіздің «дауысты көтеріп айтуы» деген сөзіңізге тоқталайын. Көрші Ресей театрларында, тіпті өзіміздегі орыс театрларында актерлер дауыстарын көтеріп сөйлейді. Мен өзім Мәскеуде бір жыл режиссер курсына оқыған кезімде, барлық театрларға барып, репетицияларына қатысатынмын. Сондағы артистерден көргенім, барлығы дауыстарын екі-үш есе көтеріңкі алады. Ал, біздің театрдың артистері ше?! Мұхтар Әуезов ағам айтқандай, «ауыздарына ыстық картөшке салып алып» сөйлейді. Сөзін түсінбеген соң, көрермен пұшайман болады. Демек біз, болашақ актерлердің дауысының көрерменге жете білуіне ерекше мән беруіміз керек, – деп сөзін аяқтады. Шынымды айтсам, алғашқы ашық сабағымның мұншалық пікір туғызғаны, мен үшін үлкен тәлім болды. Мен енді өз-өзіме сеніп, уақытпен санаспай еңбектене бастадым. Ертеңгісін кафедрада аударма жасап отыр едім, жөткірініп Райымбек аға кірді. Ағаның келе жатқанын алыстан, жөткірінгенінен білетінбіз. Ертеде жасы үлкен адамдар үйге кірмес бұрын жөткірініп дыбыс береді екен ғой.

– Аға, сіз менің өнер жолында нәтиже беретініме сенесіз бе? – деп сұрадым.

– Өнерге әркімнің де бар таласы деп Абай ағам айтқандай, өнер – адам бойына құдай беретін қасиет. Адам бойындағы қасиетін жарыққа шығару үшін үздіксіз еңбек ету керек. «Өнерде мен

неге озбадым деп емес, неге қаламын деп күрес» дегенді Абай неге айтқан?! Адам туылғанда 1% талантпен туылады екен. 99%-ы еңбекпен келеді екен.

— Неге менің жасаған дүниелеріме күдікпен, сенбей қарайды?

— Шырағым-ау, аз уақытта айды алғаныңды білемісің?! «Мені неге мойындамады» деген бола ма екен? Өзгелердің ондаған жылда жететін жетістігіне бір жылда жетіп отырғаныңды ел-жұртқа бірден сендіру оңай деймісің?! Әр нәрсеге уақыт керек. Асықпа. Тек талмай еңбек ет. «Токтаулылық, талапты шыдамдылық, бұл қайраттан шығады, білсең керек», — дегенді Абай атам бекер айтпаған. Шырағым, әр нәрсеге төзім керек, — деп Райымбек аға маңғаздана басып шығып кетті. Өнер жолында Алла тағаланың Райымбек ағаны кезіктіргені мен үшін — нағыз бақыт! Әрдайым көңіліме күдік орнай бастағанда аға мені қайрап, құлшындырады. Жаныңды, бойыңдағы өнеріңді түсінетін, сенетін жанның бар екені, бар азапты ұмыттырады. Бір күні репетициядан соң қорытынды жасап отырғанымызда Райымбек аға кенеттен:

— Спектакль қойғың келе ме? — деп сұрады.

— Спектакль?!

— Иә. Қырғыздың Мар Байжиев деген мықты драматургі бар. «Жекпе-жек» деген пьесасын өзім аударып, Әуезовте қойғанмын. Егер спектакль қоятын ниетің болса, сол пьесаны берейін.

— Шынымен бе?!

— Әуелі сен, пьесадағы Нәзидің монологына талдау жасап берші. Экспликация жаз, содан соң көре жатармыз, — деп қолыма пьесаны берді. Режиссура жолындағы ең сүйікті драматургімнің біріне айналған Мар Байжиевпен таныстығым осылай басталған болатын. Пьеса маған бірден ұнады. Жас қыз Нәзидің басынан кешкен қасіреті ерекше толғандырды. Әсіресе монолог кезінде, Нәзидің өткен өмірін еңіреп тұрып айтуы, көзіме жас үйірді.

— Рұқсат етсеңіз мен мына пьесаны қойсам?..

— Қане, экспликацияң бар ма?

— Жобасын әкелдім. Толығымен жазып үлгермедім. Репетиция барысында толығымен жазып беремін, — деймін «бермей қоя ма» деген үреймен.

— Жазғаныңды берші, оқийн.

— Мінекейіңіз, — деп қысқа ғана жазылған экспликациямды қолыма ұстаттым. Қысқа жазылған экспликацияны оқуға әрі кетсе 5 минут кеткен шығар.

– Жобаң бар сияқты. Ең бастысы Нәзидің жанын түсінген сияқтысың. Рөлді кімдерге бермексін?

– Білмеймін.

– Өзің кімге берсем деп ойлайсың?

– Ол жағын ойламаппын.

– Рөлді адамын тауып беру – үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өйткені, спектакльдің тағдырын шешетін – актер. Менің «Гамлетті» қойғым келгеніне отыз жыл болды. Әлі Гамлетті таппай жүрмін. Әр спектакльдің бас кейіпкері – бір тағдыр. Оған атүсті қарауға болмайды. Рөл бөлу – ең жауапты кезең.

– Меніңше Ескендірге Айдар дұрыс сияқты.

– Дұрыс. Нази ше? Оны кімге лайық деп ойлайсың?

– Абжалова Айсұлуға беру керек шығар. Қанша дегенмен Гүлбаршынды ойнап тәжірибе жинады ғой.

– Меніңше бұл рөлге Қарлыға келетін сияқты, – деді аға жайменен. – Айсұлудың жүзінде қаталдық жоқ, шыли жұмсақ. Ал, Нәзидің мінезі бар. Егер, Гүлбаршында мінез болғанда тағдырдың илеуіне көнер ме еді? Сол мінездің жетіспегендігінен тағдырдың айдауына көнді. Нәзи – финалда Ескендірден кетті. Демек, күресе біледі, – деп маған бақылай қарады. Осы сәттен бастап мен, рөлді болашақ ойнайтын актердің бет-пішіміне, мінезіне қарап берудің қаншалық маңызды екенін ұғындым. «Жекпе-жек» пьесасымен жұмыс істеу маған әрі қиын, әрі жеңіл болды. Қиын дейтінім – өмірімде тұңғыш рет өз алдыма спектакль қоюым. «Білмейтін жердің ой-шұқыры көп». Жеңіл дейтінім – драматургия өте шебер жазылған. Артық бір сөзі жоқ. Бір сахнадан соң екінші сахна өзінен-өзі қызып тұр. Менің режиссерлік жолымды М.Байджиев пен М.Әуезовтен бастауым, болашақта режиссурамен қоса драматургияны меңгеруіме басты себепкер болды. Тікелей дәріс бергеніме бес-ақ ай. Бұл мезгіл көп пе, аз ба оны уақыт таразысы шешер. Бірақ, бұрын-соңды театрдың ой-шұқырынан өтпеген маған дербес спектакль қою – үлкен емтихан. Сонымен дайындықты бастадым. Азиз рөлін Мұрат Құрманбеков деген студентке бердім. Мұратқа рөлдің жетуі өте қиын. Ұзақ ойланып, баяу қабылдайды. Түріне қарап қабылдап тұрғанын, не қабылдамай тұрғанын түсінбейсің. Нәзидің рөліндегі Қарлыға мен Ескендірдің рөліндегі Айдар жап-жақсы дайындалып жатыр. Менің ең қиналғаным – Азиз бен Нәзидің сахнасы. Мұрат еш қактығысқа бармайды. Әрі айтамын, бері айтамын еш ұқпайды. Бір күні амал жоқ Райымбек ағаға бардым.



— Аға, мына Мұрат мені өлтірді! Қанша түсіндірсем де тартпай жатыр, — деуге мәжбүр болдым.

— Қане, не істеп жатқаныңды көрейінші, — деп аға мен репетиция жасап жатқан бөлмеге келді. Музыкасын Арман Дүйсенов деген музыкадан беретін оқытушы жазған. Әрі спектакль кезінде өзі жүргізіп отырады. Музыкасы пьесаның идеясын аша-тындай етіліп жақсы жазылған.

— Қане, басынан бастандар, — деп аға жайласып отырды. Бірінші сахна жаман болған жоқ. Өйткені ол жерде анау айтқан қақтығыс жоқ. Мен үшін ең ауыр сахна — екінші сахна басталды. Азиздің қақтығысқа баратын жері. Ол жер өте жоғары температурада өтуі керек. Өйткені сол қызудың екпінімен Нәзидің монологы туындайды. Нағыз қақтығысқа баратын жерде Мұратым мелшиді де қалды.

— Өй, сен неғып мелшиіп тұрсың?! Мына қыздың сөзіне қарсы аргумент айтсайшы, — деп аға орнынан ұшып тұрды. Аргументіңмен Мұраттың жұмысы бар ма?! «Неғылсаң о ғыл» дегендей мелшиіп тұр. Аға әуелі жақсылап түсіндірді. Тағы сол баяғы Мұрат. Енді аға өдемілеп тұрып салып берді. Тағы сол баяғы Мұрат!

— Оу, сенің өзі жаның бар ма, жоқ па?! — деп аға күйіп кетті. Мұраттың бір қасиеті не «бар», не «жоқ» деп тіл қатпайды. Баяғы сол үн, сол қаракет.

— Мұрат, ағайдың көрсеткенін қайталасайшы, — деп шыдамы таусылған Айдар қосарлануда.

— Молодец! Тап осылай қырсыққан бетіңнен тайма! — деді, күйінгенінен қып-қызыл болған аға. Ішінде не боп жатқанын кім білсін. Әйтеуір, сырттай «бүлк» етпеген Мұрат, нағыз «партизанша» бедірейіп тұр.

— Аға, мүмкін Қанат Садықбековке берермін. Ол бұған қарағанда сезімтал, — деймін шыдамым таусыла.

— Жоқ. Болмайды! Пьесаның идеясы бойынша зіңгіттей жап-жас теңіз офицерінің өлуі — үлкен трагедия тудырып тұр. Мынаның бойы ұзын, аяныш тудырады, — дейді аға көнбей.

— Мен оған еш қарсы емеспін. Бірақ, ойы жетпей жатыр ғой?!

— Ештеңе етпейді. Шыда. Күнде бірнеше қайтара жұмыс істей бер.

— Ойбай-ау, жұмыстан бірдене шықса, күні бойы репетицияда отырмын ғой. Ескендір мен Нәзидің сахнасы жақсы боп келеді де, Азизге келгенде батпаққа батамыз да қаламыз.

– Ничего. Премьерана шейін апта күн бар. Сахнаға шыққанда тартады, – деді аға жұбатып.

– Қайдам. Дайындық кезінде шықпаған сезім, спектакль кезінде қайдан шығушы еді. Жарайды. Егер, осы ойнамаса болмайды десеніз қайтемін, ойнасын! – деймін амалым таусыла. Нәзидің рөлін екінші құрамға тағы бір студент қызға бергенмін. Ол да жақсы үйреніп келеді. Бірақ шыли жеңілдетіп, Нәзиді көрсеқызар етіп жасаған соң «сен екінші топта ойна» деп тоқтаттым. Премьераға бес күн қалғанда Нәзиді ойнайтын қыздың дауысы қарлығып, үні шықпай қалды. Күн суық. Сол жылдары қыс айы ерекше қарлы, боранды, суық болатын. Жұрт жаппай тұмауратып ауырды. Далада ерте көктем болса да, күн ызғарлы болатын. Дереву екінші топтағы қызды қосуыма тура келді. Ол қыз демде ілесіп кетті. Бірақ, менің көңілімдегі Нәзи емес. Амал жоқ, не де болса спектакльді тоқтатуға болмайды. Ертең премьерә! Танертенгілік дайындыққа келсем, рөлдегі қызымның тамағы бітіп, мұрнынан суы ағып, тамағы қырылдап отыр. Көздері қып-қызыл.

– Не болды?! – деймін жанұшыра.

– Апай, ауырып қалдым. Тұмау, – деп жылармандай болды.

– Енді не істеймін?! Ертеңгі премьераны қайттім?! – деп есімнен танып ағанын кабинетіне бардым. Болған жайтты айттым.

– Қарлығыны шақырт.

– Ол да ауырып жатыр ғой.

– Ендігі дұрысталған болар, шақырт, – деп аға сабырмен, түк болмағандай алдындағы кітабын оқуды жалғастырды. Дереву бір студентімді жұмсап Қарлығыны шақырттым. Үш-төрт күннен бері емделіп, тамағы жазылып қалыпты. Дауысқа салдырмай, тек техникалық дайындық жасадым. Ішімнен «не де болса спектакль басталған соң бойына жинағанын шығарар», – деген оймен көп салмақ салмадым.

Премьера күні де жетті!.. Танертенгісін мәдениет сарайына барып техникалық дайындық жасадым. Спектакльге қажет палатканы Жұман Дәрібаевтің кафедрасынан сұрап алдым. Жиналмалы үстел мен орындықты Алма Исаққызы жасатып берді. Бұл спектакльдің бір жақсы жері, декорация мен реквизиттері аз. Бір палатка, бір стол, екі орындық, ортаға бір от қойсақ (макетін) болды – сахна дайын деп есептей бер. Алдын-ала жергілікті теледидарға жарнамаға үзінді бергізіп, афишаларды қолдан жасап

ілдіргенмін. Сондықтан болар көрермен көп келді. Спектакль басталды! Менің ең қорқатын екінші сахнам шықпай қалды. Қақтығыс болмай, Нәзи монологқа қызумен жете алмай қалды. Көзінде бір тамшы жас жоқ. Құрғақ сөз. Өмір сүріп тұрған жоқ. Тек сөздерді мәнерлеп, құрғақ оқып шықты. Байқасам, көрермен соның өзін жақсы қабылдап отыр. Сахнаның арғы бетінде отырған Айдарға «көтер» дегендей қолыммен ымдадым. Ол «түсіндім» дегендей басын изеді. Сөйтіп тұрғанымда Райымбек аға сахнаның артына келді.

— Қап, мына Мұрат құртты! — деді күйініп.

— Ең құрығанда бүгін жаны бар адамша жұмыс істейтін шығар деп ем, тырп етпеді, — деймін жылармандай боп. Ескендірдің сахнасы. Жарайсың Айдар! Сахнасын жақсы көтерді. Не керек, айналдырған бір сағат жиырма минут, мен үшін — ширек ғасырдай боп көрінді. Спектакль бітті. Көрерменнің ду қол шапалағын естігенде сенер-сенбесімді білмедім. Артистерім көрермендерге иіліп тағзым етуде. Бір кезде «режиссер» деп мені шақырды. Мен не істерімді білмей мелшиіп тұрмын.

— Бар, шықсайшы. Сені шақырып жатыр, — деген ағаның сөзінен есімді жиып, үстімдегі пальтомды шешейін десем, жеңін шеше алмаймын. Зорға дегенде пальтомды шешіп, сахнаға шықтым. Керемет! Көрермендер тұрып қол соғып тұр?! Есім шықты. Дәл мұндай болады деп күтпеген едім. Жылағым келіп, тамағым тас тірелгендей сезіндім. Бірақ, жылауға болмайды. Сол сәтте жана ғана жыным келген Мұраттың бетінен сүйіп алғым кеп кетті. Өйткені мен — бақытты едім! Бүгінгі күн — менің сахна төріне тұңғыш рет режиссер боп шыққан күнім! Осылай менің режиссерлік өнер жолым басталды.

## ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Бірде университеттің Түркия тарапынан өкілетті кеңесінің төрағасы Намық Кемал Зейбек мырза келіп, Райымбек ағаға өзербайжан драматургі Бахтияр Вахапзадениң «Көк түріктер» деп аталатын пьесасын берді.

— Райымбек мырза, мынау біздің бабаларымыз туралы дүние. Егер қазақшаға аударса қоясыз ба? — деп сұрады.

— Қоямын! — деді аға ойланбастан.

— Онда бұл пьесаны сізге табыстаймын. Сіз, Қазақстандағы ең биік режиссерсіз. Бұл іс сіздің қолыңыздан келеді, — деп пьесаны ағаның қолына берді. Пьеса түрік тілінде екен. Түсінгеніміз, оқиға заманымыздың 630-шы жылдарғы түрік қағанатының ба-  
сынан кешірген қасіреті туралы тарихи драма екен.

— Бұны бізге кім аударып береді? — деймін аңырып.

— Саспа. Бізде Түркиядан келіп сабақ беріп жүрген қазақтар жеткілікті. Солардың біреуін табамыз, — деді аға еш ойланбастан. Солай етті де. Кезінде Түркия еліне жер ауған қазақтардан шыққан Әбдуоқап Қара деген оқымысты жігіт біздің университетте сабақ береді екен. Аға сол кісіге пьесаны аударып беруін өтінесе, көп жасағыр келісімін беріпті. Біраз уақыттан соң пьеса дайын болды. Аға екеуміз отыра қалып оқыдық. Оқысақ, сөздері іркес-тіркес, қиылыспайтын жерлері көп. Кейбір сөздері тіпті санаға жуымайды. Мен шыдай алмай күліп жібердім.

— Аға, мынау қай тілде өзі?

— Көрмеймісің, қазақ тілінде, — дейді аға «бүлк» етпестен.

— Орыстардың қазақшаны тілін бұрап сөйлегені секілді екен сөздері, — деймін күліп.

— Енді Түркияның қазағы тілін бұрап жатыр деп қабылда да ойнай бер, — миығынан күлді. Пьесаның оқиғасы өте күрделі. Бірақ сайтан мен періште сияқты мифологиялық сахналары бар екен. Сахналық көріністері, оқиғалары шұбалаңқы. Кейбір ішпыстырар жерлері бар. Пьеса оқылып бітті.

— Ал, пікіріңізді айтыңыз, режиссер ханым, — деп аға көзілдірігін шешті.

— Біріншіден — мына тілмен сахнаға шығаруға болмайды.

— Тіл жағын екеуміз қайтадан өңдеуімізге тура келеді. Мен пьесаның мағынасын сұрап отырмын.

— Мағынасы... Мағынасы өте ұнады. Әсіресе, Қара Қағанның өз кінәсін мойындап, өз-өзін өлтіруі және Селжанның өкесін тоқтату үшін өзіне қанжар салған сахналары өте күрделі екен. Бір пьесада екі адам өз-өзін екі түрлі жағдайда өлтіруі денені шымырлатады, — деймін әсерімді ортаға салып.

— Дұрыс айтасың. Оқиғасы өте ауыр. Сахналары шынында шұбалаңқы. Оны қою процесі кезінде ықшамдауға болады. Ең бастысы — оқиғасы мықты. Бұл — тарихи дүние. Көрдің бе, Қытай императоры түріктерді табанына түсіру үшін қызын (Ичкен Хатун) Қағанға бергенін. Қытай империясының саясаты қашанда

мықты болған. Қыздарын беру арқылы түріктердің қанын бұзып, өздерін құл етуге тырысқан. Ана Ичкен Хатұннан туған ұл әрине шешесінің жұртына бұрады. Ол — түрік қағанатының күйреуіне апаратын бірден-бір жол, — деді аға ойын тұжырымдай.

— Ендеше сөзін өңдейміз бе?

— Сен әуелі пьесаны үйіңе әкеліп, тағы бір рет жақсылап оқы. Керек-ау деген сөздерінің үстіне өзіңнің сөздерінді қарындашпен жаз. Тіптен ұйқасы келмейтін жерлерге белгі салып кел. Содан соң екеуміз ойласып көреміз, — деп пьесаны қолыма берді. «Өзіме де сол керек» деп пьесаны аркалап үйге келдім. Нағыз қиямет енді басталды. Әрбір сөзді әдеби тілде, мағынасын бұзбай өндеуге тура келді. Не керек таң атқанша тырп етпей отырып әл-шамамның келгенінше өндеп шықтым. Ертеңгісін жұмысқа келсем «сені шақырып жатыр» деген соң Райымбек ағаның кабинетіне кірдім. Қасында бейтаныс кісі отыр екен.

— Мына кісі Әбдуоқап Қара деген ағаң! — деп аға қасындағы кісіні таныстырды.

— О, «Көк түріктерді» аударған ағай сіз екенсіз ғой?! Сізбен қайтіп жолықсам екен деп ойлаған едім, іздегенім алдымнан шықты, — деп қуана қол алыстым. Мінезі тұйықтау, онша сөзге жоқ кісі екен.

— Айып етпесеңіз, көп сөздерді өзгертуге тура келді.

— Неге?

— Сіз жазған тіл сахналық тілге келмейді. Сахнада айтылатын сөз тікелей, жалаң болмауы керек. Әдеби, астарлы сөз ұтымды шығады. Әрі актерге ойнауға жеңіл! — деймін ақтала.

— Өзгертусіз қалдырса болмай ма? — деп Әбдуоқап мырза шамданғандай мінез танытты. Оны сезген Райымбек аға:

— Бұл пьесаның аударушысы боп тарихта сіз қаласыз. Кейін афишаға сіздің атыңызды жазамыз. Мына кісі тек өңдейді. Сіздің еңбегіңіз — ерен. Сізге рахмет. Сөзімді жерге тастамай аударып бердіңіз, — деп аға тігісін жатыстыра сөйледі. Ол кісі де мән-жайды ұққан болуы керек. Әлде, ағамен тәжікелескісі келмеді ме, әйтеуір келісті.

— Сізбен отырып талқылайтын тұстары бар еді, — деймін шамына тимеуге тырысып.

— Бүгін уақытым жоқ. Ертең келемін, — деді. Үш күн бойы тартыс болды. Тіпті «Аударғыш болсаңыз өзіңіз неге аудармадыңыз?» — дегенді де есіттім. Бірақ, үндемей көндім. Маған пьеса

керек. Обалы не керек, мен түсінбеген кейбір тұстарды түсіндіріп берді. Үшінші күні екеуміз өмпей-жәмпей сөйлесіп, тіл табыстық-ау әйтеуір. Міне, осылайша «Көк түріктер» пьесасы қазақшаға өңделді. Пьесаның беттерінің қызыл шимай болғаны сонша, Светаға (хатшы қыз) қайтадан компьютерге басуға тура келді. Ендігі үлкен мәселе — рөл бөлу. Ең үлкен қиындық туғызғаны — төртінші курс студенттерінің жігіт саны аз. Пьеса бойынша төрт ақ қыз, қалғандары ерлердің рөлі. Ақылдаса келе үшінші курстың жігіттерін қосайық деп шештік. Қара Қағанның рөлін Райымбек ағаның өзі, Баға Тарқанды — Кәрімбек ағай ойнайтын болды.

— Света, маған Қара Қағанның сөздерін репликасымен қосып көшіріп берші, — деп пьесаны хатшы қызға берді.

— Аға, сіздің актерлік шеберлігіңізге шүбәм жоқ. Қазақшасын ойнарсыз, ал түрікшесін қойсақ қайтесіз?

— Түрікшесін ойнайтынымызды қайдан білесің? — деп аға маған жалт қарады.

— Енді «Ең әдемі келіншекті» түрікше ойнағанда, «Көк түріктерді» қоймай қарап отыра алмайтын шығарсыз.

— Ойымды дәл таптың. Әуелі қазақшасын ойнайық, сосын түрікше ойнаймыз! — деп аға рахаттана күлді.

— Сосын Түркияға баруымыз керек.

— Тағы да ойымды дәл таптың. Түркияға барып, қазақ театрын уағыздауымыз керек.

— «Шорекен қыз таңдай біледі» — деймін күліп, ағаның ең көп қолданатын репликаларының бірін еске алып.

— Шорекеннің бұл жолғы қызы — «қыз-ақ» — деп аға мәз бола күлді. Сонымен 4-ші курс «Қарагөз» бен «Көк түріктерді» дипломдық жұмысқа қорғайтын болды. Негізінен «Көк түріктерге» көп көңіл бөлінді. Себебі, Қарагөзбен 3-ші курста әбден жұмыс жасалынған. Әсіресе 4-ші курстың басында. Ал «Көк түріктер» біз үшін тың дүние. Аға екеуміз ақылдаса келе көптеген сахналарын ықшамдауға кірістік. Шайтан мен Періштенің сахнасын түгелімен алып тастадық. Қарасақ, бұл сахнаның арқалап тұрған жүгі жоқ. Меніңше автор, адамдардың ішкі пиғылын айшықтағысы келген сияқты. Райымбек аға оны кейіпкерлердің мінезі мен қақтығыс арқылы ашуға шешім қабылдады. Біз енді әр сахнаны бөлшектеп, белгілі оқиға маңына топтастыра бастадық. Қазіргі «Көк түріктер» мен алғашқы «Көк түріктердің» айырмасы жер мен көктей. Алғашында автордың шешімінен ұзай алмадық.

Кейін Райымбек аға көп ойланып, шұбалаңқы жерлері мен белгілі мақсат көтермей тұрған сахналарды барынша қысқартты. Бәрібір спектакль ұзақ жүрді. Кейін аға қайтадан көп жерлерін өзгертіп, динамикасын ұлғайтып, әбден шириқтырды. Ал, қазіргі түрін көрген Зейбек мырза, «мынау нағыз түрікше» — деп риза болды. Пьесаны екі тілде қатар жаттай бастадық. Райымбек аға түрікше жаттағанда қатты қиналып жүрді. Бір күні мен шыдай алмай:

— Аға, Қара Қағанды бір студентке берсеңізші. Сіздің режиссерлік қойылымыңыз да үлкен олжа ғой. Қазақша ойнарсыз, бірақ түрікшені қайтесіз? Репликаны дұрыс беру деген мәселе тағы бар, — дедім.

— Өзім де ойланып жүрмін. Қанша дегенмен түрік тілін жаттау маған қиын екен.

— Ендеше жаныңызды қинамай басқа біреуге берсеңізші. Сіздің жұмысыңыз онсыз да бастан асып жатыр, — дедім ағаны азаптан тезірек құтқарғым кеп. Қанша жерден «түбі бір түркі» дегенмен, түрік тілін жаттау қиын. Жай сөйлесең мейлі, мінез бен қаракетке айналдырғанда қайтпек?!

— Қара Қағанды түсінуге олар әлі жас. Оның жанын мен түсінемін. Өте жақсы рөл.

— Жақсысына жақсы ғой. Бірақ, түрікшесі сізге ауыр болады. Түркияға бара қалғандай жағдайда, құдайдың құтты күні ойнауға тура келеді. Оған сіз шаршайсыз ғой. Жастарға жеңіл. Тез көндігеді.

— Ең қиыны осы боп тұр ғой. Жарайды. Бұл рөлді кімге берсем екен?.. — деп аға амалы таусыла тоқтады.

— Төртінші курстың жігіттерінде түгелімен рөл бар. Не де болса үшінші курстан аласыз.

— Үшінші курста кімдер бар өзі?

— Ержан Исатаев пен Ержан Нұрымбетовтерді қостық. Енді бір Марат Оразметов деген жігіт бар.

— Ол қайсысы?

— Есіңізде ме, «Қарагөзді» дайындап жатқан кезде Дулатқа салмақ боп едіңіз ғой.

— Е, әлігі сахнада жүре алмайтын жігіт пе?

— Иә.

— Оу, сахнада қайтіп жүруді білмейтін адам, Қара Қағанды қалай ойнамақ?

— Мүмкін ілігіп кетер. Дене пішімі төртбақ, дауысы жуан.

– Дауысы бар болғанымен, ойнайтын ми көрмей тұрмын.

– «Аяжан, молда мінген велосипедтей монтиып шыға келеді. Қалпыңызға салып аласыз ғой» дегендей-ақ, Фармон бибіше ерттеп мініп аласыз ғой, – деп күлдім.

– Ерттелсе көрерміз. Ер салдырмай тоңқып жүрмесе, – деп аға күмәндана ойланып. Осылайша Қара Қағанның рөлін жас студентке бердік. Сол екі ортада аяқ астынан Зейбек мырза Түркиядан келіп, «спектакль не боп жатыр екен, көрсем бола ма» деп телефон шалса, аға «болады» деп бірден келісіпті. Ал кеп тыпырла!

– Ой, аға-ау, сіз әлі толық жаттап біткен жоқсыз ғой?! Ана студент болса алғаны кеше. Енді қайттік?!

– Түк те етпейді. Ең бастысы бүкіл қаракетін, мінезін білемін. Сөзімнен жаңылысуым мүмкін. Оның жарасы жеңіл. Сен пьесаны алып көрінбейтін жерде, кулисаның артында отыр. Ұмытқан жерімді жайлап оқып жібересің.

...Қонақтар келіп, акт залына жайғасып отырысты. Мен колымда пьеса, сахнаның артында отырмын. Басталды. Алғашқы сахналары жақсы жүріп жатыр. Аға ол жердегі сөздерінен мүдірген жоқ. Ичкен Хатұнның інісі Ян Чұнды алып кіретін сахнасы. Байкаймын, аға сөздерін ұмытқан секілді. Шебердің аты – шебер емес пе, ойланғандай паузамен менің тұсыма жылжыды. Ян Чұнды ойнап тұрған Нұржанның көздері бақырайып кеткен. «Мен жаңылдым ба» деп қорқып тұр-ау деймін. Аға менің тұсыма келгенде, мен тез сөзін айта қойдым. Сол-ақ екен, аға іліп ала жөнелді. Оны әрине ешкім байқамады. Мен ағаның түріне күліп жібермес үшін өз-өзімді зорға ұстаудамын. Нұржан ағаның сөзін ұмытқанын енді ұғынып, күліп жібермеуге зорға шыдап тұр. Сонынан Зейбек мырза риза боп, ағаны ерекше құттықтады. Бөлмеге келген соң, ал кеп күл!

– Ой, аға, сөздеріңіз керемет ағып тұр ғой! Қалай мүдірмей сөйлейсіз?!

– Вот идиотизм! Сөзім тарс есімнен шығып кетсе бола ма?! Есіме түсіре алсамшы?! «Өзім де қумын» дегендей сені кулисаның артына отырғызғаным дұрыс болды, – деп аға мәз боп күлді. Спектакль Зейбек мырзаға қатты ұнапты.

– Құдай қаласа бұл спектакль Түркияға баруы керек, – деді.

– Ол үшін бізге декорация мен костюм керек, – деп аға іліп ала қойды.



– Болады. Сіз бәрін дайындатыңыз. Біз ақшасын береміз, – деп Зейбек мырза өзінің дайын екендігін білдірді. Алақай! Декорация мен костюм болады! Жүрегім жарылардай қуандым. Өмірі бір зат ала алмаушы едік, енді күллі спектакльдің декорациясы мен костюмін жасату дегенің, біз үшін – қазына! Райымбек аға Шымкент қаласындағы Шанин театрында жұмыс істейтін Қалтөре Жұмағұлов деген суретшіге пьесаны беріп, сахналық шешімін жаса деп ұсынды. Көп ұзамай Қалтөре ағай спектакльдің эскизін алып келді. Сахналық шешімі аға екеуімізге ұнады. Жанжағы айнала жырық-жырық хан сарайы. Көкбөрінің басы қадалған биік қадау. Ортада тақ. Айнала тас бейнесіндегі орындықтар. Өте ұтымды, қатаң шешім. Спектакльдің идеясын ашып тұр. Жырықтан тыңшылар тың тындайды. Ал, Көкбөрінің басы – сол кездегі түркі елінің символы. Тарихта түріктер өздерін «бөрінің ұрпағымыз» деген. «Көк түріктерді» ағаның қолға алу себебі – заманымыздың VI–VII ғасырында қазақ, өзбек, қырғыз деген атау болмаған. Ортақ түрік тайпасы болған. Сонау Атилла, Естеми, Күлтегін қағандардың бәрі біздің түп бабаларымыз. Түріктер батыс және Шығыс қағанаты боп екіге бөлінген. Сонау заманымыздың басындағы IX ғасырында түріктердің батыс қағанаты, алыстағы Анадолы жеріне ауған. Міне, осылайша, теңіздің арғы бетінде түрік мемлекеті пайда болды. Уақыт өте біз тұрған жердегі қағанат – хандыққа айналып, түркі тектес мемлекеттер пайда болған. Түбі бір түркі болғандықтан ауызекі тілдескенде еш қиындықсыз түсінісуге болады. Міне, сол бабалардың рухын әзербайжан түркі қағазға түсірсе, қазақ түркі сахнада тірілтпек. Өкініштісі, кейбір түрік ағайындардың арасынан «нағыз түрік бізбіз» деушілер де табылады. Олар әрине көне тарихты білмейтіндер. Ондайлар қазақтан да табылады. «Неге біз өзімізді түрік елі деп атаймыз. Біздің қазақ деген атымыз бар. Түрік елі дегенге қарсымыз», – деп аттандаушылар жеткілікті. Ұлтшылдықты бетке тұтып, жалған қан қыздырушы топ қай елде болмасын табылады. Меніңше сол көп «кенірдек керушілер» өз басының алып баратқан таланты болмаған соң, «ұлтым» деген сөзді «ұран» еткен болып, айтақтатқанды сүйеді. Алғашында ағаның сыртынан «түріктің ашқан университетінде жұмыс істеген соң қайтсін?.. Театр ашып бере ме деп жағымпазданғаны ғой» деген сөздер де айтылды. Аққа күйе жағуда алдымызға жан салмайтын ел емеспіз бе? Неге екені белгісіз, адамдар ең алдымен күйені асылына жағады.

– Неткен надандық! Көк түріктің ғасыры біздің – бабаларымыздың ғасыры емес пе?! — деймін күйініп. Бұл сөздер бір күні Райымбек ағаның құлағына тиіпті. Меніңше оны айтқан адам әдейі, ағаның жанына тигізу үшін жорта жеткізген сияқты. Жаны жәбірленген Райымбек аға:

Менсінбеуші ем наданды,  
Ақылсыз деп қор тұтып.  
Түзетпек ем заманды,  
Өзімді тым-ақ зор тұтып.  
Жарлы емеспін, зарлымын,  
Оны да ойла толғанып,  
Жұртым деуге арлымын,  
Өзге жұрттан ұялып, —

деп Абай ағам бекер зарламаған. Жаласынан жерініп, надандығына күйінсе, Абай қазақты жек көргенінен емес — сүйгенінен айтқан.

Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,  
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.  
Көздің жасы, жүректің қаныменен,  
Ерітуге болмайды ішкі мұзын, —

дегенде жүрегінен қан орнына у ағып тұр емес пе?! «Қайтсем алам, қайтсем шалам» деп жүрген қазақтың ертеңге үңілуге шамасы жоқ боп тұр ғой.

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім.  
Құлағын салмас,  
Тілінді алмас,  
Көп наданнан түңілдім.

— Абай ағамның басына түскен зар бүгінде менің басыма түсіп тұр ғой. «Өзі бола алмайтын, болғанды көре алмайтын» халқымнан безіп қайда барайын?! Бүгінде күншілдер мен надандар қаптап кеткен заман ғой.

Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ.  
Күлкішіл кердең наданның.

Көп айтса көнді,  
Жұрт айтса болды  
Әдеті надан адамның.

– Қарашы, Абай ағамнан артық айту мүмкін бе?! Нағыз қазақтың мінезі емес пе? Апырым-ай, Абай ағам әбден күйініп, ызасы келген соң айтқан ғой. Әй надандар-ай, көне тарихты көтерсем, болашақ ұрпақ үшін емес пе?! – деп аға түңіле сөйлегенде, сөздерінің жай сөз емес – жүрегін жарып шыққан шер екенін ұқтым.

– Аға, сізге дейін Абай мен Махамбет, бүгін – Сіз, ертең тағы бір данағәй зар еңірейтін болады. Бұл – өмір ғой. Біреу – өмір бойы у ішіп, зар кешеді, бірі – ойын ойнап, той тойлап өтеді. Бірақ мен білетін бір шындық – у ішкенді тарих өзі ақтап, аршып алады. Той тойлағандар топырақ қауып қалады. Сіздің бастаған ісіңіз ғасырдан-ғасырға кетері сөзсіз.

– Мен Гумилевтің «Көне түріктер» деген кітабын оқып жатырмын. Кітапханада бар болса сен де алып оқы. Спектакль қоярда, әсіресе тарихи дүниелерді қоймас бұрын, сол кездегі қоғамдық құрылым мен тарихи деректерді көп зерттеу керек. Сол кезеңде қандай костюм киді және оны қайтіп киді? Қару-жарағы қандай формада болды? Кімдер басқарды? Осының бәрін режиссер білуі керек, – деді аға қолындағы кітабын нұсқап. Ағаның әрбір сұхбаты – үлкен бір академия. Тыңдаған сайын тамсанып, таңғажайып күйге түсесің. Тағы бір ерекшелігі – бір айтқанын қайталамайды. Осындай кемеңгер жанның шәкірті болғаным үшін тағдырыма мың да бір шүкір деймін. Ешқашан түсіндіруден жалыққан емес. Менің аз уақытта режиссураны меңгеруіме, драматургияға жетуіме әуелі Алла, содан соң тікелей Райымбек ағаның ықпалы болды. Бірде ағаға осы ойымды айтқанымда:

– Бәрі өз еңбегінің арқасында. Әрине, мен үйретемін, бірақ мен көп адамды жетелегенмін. Сендей алғыры болған емес, – деп өзімді қолпаштап қояды.

1999 жыл. «Қарагөз» бен «Көк түріктер» көктемі. Дипломдық спектакльге дайындық қызу басталып кетті. Ең үлкен қиындық туғызған – қаржы мәселесі. Барлық шығыны 500000 теңге (бес жүз мың) болыпты. Түрік тарапынан беруге болады деп кірген Зия бейге «бір тиын да бермеймін» деп М.Жұрынов мырза қол қоймай қойыпты.

– Құдайым-ау, селкілдеген бишілер мен желкілдеген әншілерге ақшаны аямай төгіп жатқанда, бір спектакльге бөлуге та-

рынғаны қалай? Бұл үлкен тарих қой. Өз қалтасынан төлесе мейлі, құдайым-ау, теңіздің ар жағындағы түріктер төлеймін деп отыр ғой?! – деп аға қатты күйінді. Бір күні Түркістандағы ректор М.Жұрынов мырзаның Алматыға іссапарға кеткенін пайдаланып Зия Башқан 300000 (үш жүз мың) теңгені Қалтөре ағайдың есебіне аударып жіберіпті. Оны естігенде ағаның жүрегі жарыла қуанды. Не керек, Зия Башқанның арқасында «Көк түріктердің» костюмдері тігіле бастады. Костюмдерді Шымкенттегі Шанин театрының тігін цехында тігетін боп шешілді. Бір күні «киімдерін өлшеп, толығымен тігу үшін студенттер келсін» деген соң, Түркістан бөлімінен, тағы да Зия Башқаннан автобус сұрап алып Шымкентке бардық. Ағаның бәрімізге ұстаздығымен қоса, әкелік қамқорлығы өз алдына. Жолға жүрер алдын мені шақырып алып:

– Мә, мына ақшаны ал, балалар шөлдесе су алып ішерсіңдер, – деп 500 теңге берді. Жаз мезгілінің маусым айының алғашқы күндері Шымкент өңірінде күн ыстық болады. Осындай ыстық күннің бірінде Шымкент қайдасың деп тартып кеттік. Шанин театрының тігін цехына барып, жамырасып костюмдерді өлшеудеміз. Өмірінде театр костюмін тұңғыш рет өлшеткізіп жатқан студенттері үшін бәрі қызық. Бірінің костюмын бірі ұстап көріп, қызықтап, күліп жатқан бір жандар. Бір кезде костюм мәселесін бітіріп сыртқа шықтық. Қайтар кезде қарасам, студенттердің көздері кіртііп, мазалары жоқ. Жобамда қарындары ашты-ау деймін.

– Менде Райымбек аға берген 500 теңге бар, – дегенімде барлығы «ура» десіп әндетіп жіберді. Өзім 200 теңге қосып, барлығына тамақ әпердім. Ол кезде теңгенің құнды кезі. «Біздің Райымбек ағайдай адам жер бетінде жоқ» десіп, мәз болған жастар Кентауға жеткенше өн салды.

«Адамды сүй, Алланың хикметін сез,  
Не қызық бар жалғанда одан басқа», –

деген сөзді жиі айтатын аға, іс жүзінде әрдайым дәлелдеп отыратын. Спектакль тек декорация мен костюмнен тұрмайды. Сан килы майда реквизиттер керек. Майда-шүйдені өз ақшама ала саламын. Қымбаттау болса ақшаны аға береді.

– Кейін театрың болғанда бұл күндердің бәрі ұмыт болады. Өзіміздің реквизиторларымыз болады, – деп аға мені жұбатады.

— Әй, қайдам-ау, бұл күндерді ұмыту қиын шығар, — деймін шаршаған кезде. Әрине ол күндер еш ұмтылмақ емес.

Кентаудың мәдениет сарайы. Сахнада дайындық жасаудамыз. Қара Қағанның өз-өзін қылышпен оратын жерін студент бала еш жасай алмауда. Шыдамы таусылған аға, студенттің қолынан қағанның қылышын алды да:

— Дүниеде ең тәтті нәрсе — жан. Адам жаннан кешу үшін қандай себеп болуы мүмкін?! Жан кешу оп-оңай болса неге екінің бірі өле бермейді? Демек, Қара Қаған шектен шыққан шешімге баруы үшін, мінезі қалай болуы керек?! Сен қолыңдағы қылышқа қалам ұстағандай қарайсың. Қылыштың өзі — символ. Монологта айтқандай, «Истеми мен Бумин қағаннан қалған» деп тұр емес пе? Демек, бұл жай қылыш емес — ала жіпті аттатпайтын, ерлік пен Отанын, жерін сүйетін ұлтжандылықтың символикасы. Сен өзіңнің жасаған сатқындығыңды түсіндің. Көнедегі адамдар өз қатесін мойындай білетін, мәрт жандар болған. Білгің келсе, өз қатесін мойындау — ерлік. Міне, өз сатқындығын мойындаған кезде Қаған қандай күйде болды, соны ойла. Қолыңда тұрған қылыш — опасыздықтың өкімшісі. Қылышты былай ұста, — деп Райымбек аға қасында тұрған Маратқа жақсылап түсіндіре бастады. Қолыңдағы қылышын тамағына тақады да:

— Мен өз жазамды өзім беремін. Міне, былай, ah! — күңірене дауыс шығарып, қылышты тамақ тұсынан өткізгенде, төбе шашым тік тұрды. Тап сол сәтте аға өзін шынымен орып жібергендей болды. Айнала қоршап тұрған шәкірттердің барлығы, ағаның актерлік шеберлігіне тәнті болып, қарап қалыпты. «Өлетін рөл келді ме, Өлуге ол тиіс нандырып», — деп Қадыр ақын айтқандай, көрерменді сендіру үшін, сол дәрежеге қарай жетелеу керек, — деді аға қылышты студентке беріп жатып. Міне, шеберлік деп осыны айт!

Алғашқы декорацияның сахнаға 1999 жылдың 29-мамырында спектакльді жабдықтайтын сахна киімі ретінде шығуы, біз үшін үлкен тарихи жаңалық болды. Кулисаларды көріп шетімізден мәзбіз. Бүгін тұңғыш рет декорация ілеміз. Осы уақытқа дейін бірде-бір декорациямыз болмаған біздер үшін, сахнаға декорация ілу ертегі сияқты. Суретші Қалтөре ағай, біз жіберген автобуска күллі декорацияны тиеп әкелді. Қуанғаннан жүрегіміз жарылып кете жаздады.

— Артқы үлкен задниктердің бояуын ашықтау ғып жіберіпсің.

Бояуы қаһарлы болуы керек, — деп Райымбек аға ескертпесін айтып жатыр. Ал, біздер үшін — жер бетіндегі ең керемет декорация сияқты. Қалтөре ағайдың басқаруымен бәріміз жабылып декорация ілудеміз. Маған бәрі қызық! Бәрінің басы қандай жақсы жасалынған?! Бастың ішіне лампа қойыпты. Токқа қоссаң жанады. Райымбек аға Қара Қаға өлген кезде және Толы Ханның ойы жаңғырып жатқан кезде, сосын ең соңғы сахнада бәрінің басын жағыңдар деп тапсырма берді. Су жана костюмдердің астында қалған студенттер, әрқайсысы өз костюмдерін киіп мәз-мейрам болысуда.

— Бәрің жақсылап киініп, беттеріңе грим салыңдар. Мен видеоға түсіріп, жергілікті теледидарға жарнама беремін, — деп аға видеокамерасын түсіре бастады. Костюмдерін киген жастар, видеоның алдында ерекше ықыласпен түсуде.

— Аға, «Көк түріктердің» мәселесі шешілді, «Қарагөзді» қайтеміз? Бірде-бір костюмі жоқ, не декорациясы жоқ, — деймін үрейленіп.

— Ештеңе етпейді. Ертең Түркістандағы университеттің мәдениет бөліміне барып, костюмдердің ішінен лайық дегендерін теріп әкелемін. Декорациясыз-ақ қоя береміз. Станоктарды биіктеу етіп құрсақ болды, — деді аға еш саспастан. Райымбек аға осында, Түркістанға келгенде жаз мезгілінде ағайындарынан киіз үй алып, Қарашықтың бойындағы көгалға тігіп дем алған екен. Сол киіз үйдің туырлықтарын әкеліп төсендер деп тапсырма берді. Кешкісін бар студенттер жабылып жүріп киіз тасып, станоктың үстіне төсеп, үстін сол жердегі шіріп кеткен төсенішпен жаптық-ау әйтеуір. Ертеніне аға, Түркістаннан құрама костюм әкелді. Бүкіл сахнаның шешімін екі шетінен екі кереге қою арқылы шештік. Райымбек ағаның киіз үйі болғаны қандай жақсы болды?! Біреуі — Қарагөздің отауы, екіншісі — құдалар түсетін үй болды да шықты.

— Қарагөздің алдына қызыл шымылдықты қайтіп тұтамыз? — деймін не істерімді білмей.

— Базардан үш метр қызыл мата ал да, ортасынан қас бөл. Екі басын тігіп жіберіп, арасынан ағаш өткізе салсаң — шымылдық болады да қалады. Мә, мына ақшаны ал да, базарға жүгір, — деп аға қолыма теңге берді. Базардан қызыл жібек мата алдым да, тап аға айтқандай екіге бөліп, шымылдық жасадым. Бәрің дайындап, сахнада соңғы дайындықты өткізіп жатырмыз.

– Қалай ойлайсыз, «Хабардан» Қалыбек Атжан келер ме екен? – деп арасында сұрап қоямын. Себебі, осыдан бір апта бұрын Шымкентке барып, оңтүстік өңіріндегі арнайы тілшіні шақырған болатынмын.

– Кім біледі?! Егер халыққа өнер де керек десе келер, – деп аға қысқа қайырды.

– Егер біз туралы теледидардан көрсетсе керемет болар еді, – деймін үміттенем.

– Таңертеңгілік дайындықты сен жүргіз. Мен Асанәліні күтіп аламын! – деп аға кетерінде тапсырма берді. Біздің Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы ретінде халық артисі Асанәлі Әшімов шақырылған. Халыққа танымал артистің келуі – бізге үлкен қуаныш.

1999 жылдың 3-маусымы мен үшін ең жауапты, қиын күннің бірі. Бүгін «Қарагөз» спектакілін қорғаймыз. Күн ыстық. Мәдениет сарайы мен базардың арасы біраз жер. Сол екі ортаны күніне жаяулатып қанша рет жүретінім бір құдайға аян. Әр затты өзін алып, өзін тасуың керек. «Жасауым керек» деген сөзді ғана қабылдап, «театрымыз болады» деген үмітті үкіледік. Спектакльді кешке, күллі қала қауымына беретін боп шешкенбіз. Спектакль болатын уақыт та таяды. Райымбек аға Асанәлі Әшімовті күтіп алып тамақтандырып, мәдениет сарайына ертіп келді. Менің ерекше қуанғаным – «Хабар» телеарнасынан журналист Қалыбек Атжан келді. Сахнадағы қаракеттерден үзінділер түсіріп жатқанын көрген кездегі қуанышымды айтып жеткізу қиын. Демек, Райымбек ағаның Түркістан топырағында өнер дәнін егіп жатқаны бүкіл Қазақстанға әйгілі болады деген сөз. Қандай да бір жауапты іс тарыдай түйіннен бастау алады. Бір рет хабар кеткен соң, халық құлақтанып, театрдың ашылуына себебі әбден тиюі мүмкін. «Ел құлағы – елу» деген емес пе, үлкен мәселені қашанда халық көтерген, қолдаған. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, Райымбек Сейтметов театр ашпақшы деген сөз халыққа көбірек тарапса, елбасына да жетер деген үмітіміз бар. Өнерге – өмірін арнап, астананы тастап, тас кесек үйде төрт жылдан бері өмір сүріп, қиындықпен күресіп жүрген ағаға, ел басқарып отырғандардың қолдау көрсетпеуі өкінішті. Қайда қарасаң, ашылған банк пен фирмалардан көз тұнады. Ал, өнер ешкімге қажет болмай тұр. Болашаққа деген үмітін үзбеген, алдын ала шәкірттер тәрбиелеп, әлі ашылмаған театрдың болашақ артистерін дайындаған Райым-

бек ағаның фанатизміне бас имеске болмайды. Көрегендіктен де бұрын — даналық деп ойлаймын.

— Сіз театрдың ашылатынына шынымен сенесіз бе? — деп сұрадым.

— Шырағым-ау, мына өтпелі кезең бір күні өтер. Халықтың қарны тойып, жан-жағына қарап, театрға барғысы келетін күн алыс емес. Базардың күні де өтер. Ел есін жиған кезде — біз дайын тұратын боламыз, — деді еш мұқалмай.

— Егер, сіз айтқандай болып шықса, мен сізді «көреген» деймін.

— Мен ешқандай көреген емеспін. Мен болжаймын. Өйткені әр кезеңнің шектігі болады. Ұлы Отан соғысы да бес жылдан асқан жоқ.

— Бірақ, нарық экономикасына көшудің жүргеніне жеті жылдан асып, сегізінші жылын орталап қалдық қой.

— Асықпа. Ары кетсе он жыл қиналамыз. Содан соң бәрі дұрыс болады, — деп аға өз пікірінен таймады. Адамның бақыты — алдына ұлы мақсат қоя білуінде ме деймін. Тіпті сол мақсаттың қаншалық «ұлы» екендігі — іс жүзеге асқанда айшықтана түсетін сияқты.

...Сонымен спектакль басталатын уақыт жетті. Райымбек аға сахнаға шығып сөйлеп тұр.

— Қадірменді ағайын! Бүгінгі күн мен үшін — ерекше күн! Ерекше дейтінім, қазір сіздердің алдарыңызда менің балаларым — тұңғыш шәкірттерім дипломдық спектаклін қорғайды. Менің шәкірттерімнің алды «халық әртісі» атағын алған танымал әртістер. Бірақ бұл шәкірттерімнің орны ерекше. Себебі мен, қырық жыл өмір сүрген Алматыны тастап, туған жерім Түркістаннан театр ашу мақсатымен оралдым. Театрға ойдан-қырдан шақырып, актерлік топ жасауға болады. Бірақ мен болашақ театрдың актерлерін балапан кезінен оқытып, қанатын қатайтуға бел шештім. Бұлар ертең ұялы күшіктей тату, бірауызды болады. Қазіргідей ауыр, өтпелі кезеңді мен сіздермен бірге кешудемін. Оным үшін бақыттымын. Өйткені өмірдің күллі тауқыметін сіздермен бөлісудемін. Мен Алматыға барғанда ішім пысып кетеді. Бәрі дайын. Ыстық су десең — ыстық су, жылу десең — жылу. «Сендер бақыт дегеннің не екенін білмейсіңдер. Нағыз бақыт — Кентауда» деймін. Олар «қалай?!» деп таң қалады. «Біз күніне бір-неше рет бақытты боламыз» — деймін. Олар «сонда қалай?!» —



деп ауыздарын ашады. Біз Кентауда жарық бірнеше рет жанған сайын қуанып, бақытты боламыз, — деймін. Ағаның сөзіне көрермен ду күледі. Аға қосыла күліп алып, сөзін жалғастырады.

— Шынында ғой, біз көбіне бақытты іздеп бас қатырамыз. Күні бойы жанбай тұрған жарық жанса — ол да бақыт қой, — деді аға сөзімен көрерменді күлдіре түсіп.

— Мен бүгінгі күнге жеткеніме, болашақ театрдың керегесін керіп, іргетасын қалап жатқаным бақыттымын. Осы шәкірттерімнің бәрі бір-бір уық боп қадалатына сенемін. Ендеше құрметті қауым, спектакілімізді бастауға рұқсат етіңіздер! — деп сөзін аяқтаған Райымбек аға, комиссия мүшелері отырған көрермен залына барып жайғасты.

Спектакль басталды. Студенттер жан-тәнімен ойнап жүр. Сахналардың ауысатын кездерін қараңғылықпен (жарықты өшіру арқылы) шештік. Соңғы сахна — Наршаның отауына кереует тәрізді ағаш төсекті қойдыруым керек. Жарық өшті. Мен тыпырлап, Нарша жататын ағаш төсекті қойдырып, жастықтарын дұрыстап, керегенің артын айнала бергенімде, Мұрат Құрманбеков деген студентім аяғындағы керзі етігімен аяғымның башпайларын езіп жіберсе бола ма?! Көзімнен от жарқ ете қалды. Шыңғырып жібермес үшін, аузымды баса қойдым. Әрине, ол менің аяғымды әдейі басқан жоқ, сондықтан не дерсің?! Өткен күндер легіне көз салып қарағанда, артта қалған күндер «мен мұндалап» шыға келетіні қызық. Сол күндері өзімізше спектакль ойнап жүрміз деп кеудемізді кергенмен, осы күнгі тәжірибемен салыстырғанда — актерлердің қаншалық балаң сезіммен, кей жерлерінде тисе — терекке, тимесе — бұтаққа деген тұстарын есіңе түсіріп, еріксіз езу тартасың.

Спектакль бітті. Жұрт қол соғып жатыр. Сахнада шәкірттерінің арасында мәз болған Райымбек аға...Құдайға шүкір, бір ауыр жүктен құтылдым! Спектакль басталған кезде университетіміздің ректоры М.Жұрынов пен Зия бей мырза екеуі келіп, спектаклімізді көрген болатын. Спектакльден соң комиссия мүшелері кеңес өткіздік. Кеңеске университет басшыларын арнайы шақырдық.

— Мұрат Жұрынұлы, бұл біздің актер мамандығын тұңғыш алып жатқан қарлығаштарымыз ғой. Сондықтан, дипломды ертеңгі спектакльден соң, халықтың алдында берсек қайтеді? Дипломды Асекеңнің қолынан алуы жастарға да қуаныш! — деп

Райымбек аға ұсыныс айтты. Ол ұсынысқа Жұрынов мырза қарсы болмады. Сонымен ертеңгі спектакльден соң халық алдында диплом беретін боп келісілді. Мен дипломға қажет құжаттарды алдына ала толтырып қойғанмын. Тек дипломды толтыру қалған. Бір қызығы — спектакльден кейінгі хаттаманы алдын-ала толтырып қойғаным. Асанәлі Әшімов ағамыз хаттамаларды оқып, мәз боп күлді.

— Ойпыр-ай, Сая, бұрын-соңды менің айтар сөзімді алдына ешкім былай жаза алмаған еді. Менің не айтатынымды қайдан білдің?

— Асанәлі аға, сіздің солай дейтініңізді білдім ғой! — деймін бүлк етпей.

— Мына жерде «Әуезов театрының артистерінен кем ойнамайды» депсің. Оның енді артықтау емес пе? Әуезовтің әртістерінше ойнау үшін, әлі біраз жыл керек, — деп менің «асыра сілтеген» жерімді сызбақ болды.

— Аға, сызбай-ақ қойыңызшы. «Кішкентай өспей ме, көкейді теспей ме» демекші, бұлар да ертең мықты өртіс боп шыға келеді ғой. Сол кезде «мен кезінде осылай болатынын болжап айтқанмын» деп шалқайып отыратын боласыз! — деп әлгі жерді сыздырмай қойдым.

— Ойпырым-ай, он жылдан бері Өнер академиясында төраға боп жүргенімде, тап сендей хатшыны көргенім жоқ, — деп Асанәлі аға кеңкілдей күліп, әлгі сөзді қалдырды. Не керек, кешке дейін күллі құжатты дайындап, тек таратып беретіндей етіп дайындап қойдым. Спектакльден соң жекелей пікірлер айтылды. Алғашқы сөзді «Хабар» агенттігінің журналисі Қалыбек Атжан алды.

— Түркістан топырағында Райымбек ағаның Өнер факультетін ашуы, Асанәлі ағаның тұсауын кесуі — тарихта сирек кездесетін оқиға. Әлемдік деңгейде өнер бәсекесінде салмағы басым болса, тандануға болмайды. Өйткені, екі өнер тарланы өз баталарын берді. Бір нәрсені бастау қиын. Бәлкім кәсіби тұрғыдан бағалау қиын шығар. Алғашқы қадам ретінде бүгінгі спектакль — көңілде жылы із қалдырды. Бірте-бірте машықтанып келе жатқандары көрініп тұр. Режиссердің тәрбиелі қолы айқын білініп тұр. Батылдық жетпей жатқан тұстары бар. Ол — өмірдің табиғи құбылысы. Аяқ алысы жақсы. Ертең ешкімнен қымсынбай, бәйгеге қосып жіберетін ұжым болайын деп тұр, — деп сөзін аяқтады. Бұл пікірді сол жерде отырған көпшілік қолдап, сәт сапар тілесті.

## МӘРЕГЕ ЖЕТКЕН КҮН

Таңертеңгісін орнымнан тұрғанда басымда болған жалғыз ой — «Құдай бұйырса соңғы спектакль, бүгін диплом беріп құтыламыз» болды. Райымбек ағаның айтуынша Алматыдағы Өнер академиясында оқу жүйесі өнерге икемделіп жасалынған. Ол жерде емтихан кезінде қажетті құрал-жабдықтардың бәрі табылады. Әр мамандықтың ерекшелігіне қарай толығымен жабдықталынған дейді. Мәселен «Актер шеберлігі» мамандығы бойынша бітіретін курстың дипломдық жұмысына қажетті костюмдерге арнайы қаражат бөлінеді екен. Не деген бақыт?! Таң қалатыным, заң, экономика факультеттерінің дипломдық жұмыстарын қорғайтын күндері университет шайқалып кетеді десем өтірікші емеспін. Мен мұны аталған мамандықтарға қарсы, немесе қызғанғанымнан жазып отырғаным жоқ. Бәлкім, қиюы қашқан экономиканы түзейтін мықты экономистерді көбірек даярлау қажеттігі туындағаннан болар. Десек те, оқ борап тұрған соғыс кезінде Роза Бағланова апаларымыз танкінің үстіне шығып ән айтқаны — тау қопарғанмен бірдей болды емес пе?! Бүгін де өнер халыққа керек емес деп ойламаймын. Тек, керек еткісі келмейтіндердің кесірі ме деп қаласың. Соған қарамастан осынау шеткері жатқан Түркістаннан театр ашпақ боп жанталасқан ағаның тірлігі — Дон Кихоттың диірменмен айқасқаны секілді. Тіпті, кей «ағалардың» күле қарайтынын қайтерсің. Мейлі, өмір өзі көрсетер деген оймен, біздер, ағаның соңынан ерген сарбаздары «алғалатып» жұмыс істей бердік. Мәдениет сарайына жүгіріп, сахналарға декорацияларды қойдыртып үлгердім. Бір жақсысы, Қалтөре ағай декорацияларды ретімен ілісіп, қолқабыс етті. Өзі Райымбек ағаны қатты сыйлайды. Өте кішіпейіл адам. Кешке спектакль басталды. Зал көрерменге лық толды. Басын шұбалаңқы бастағанымен, жігіттер келе-келе жиналып, шираңқы ойнай бастады. Осы күні қарап отырсам, тақырыбы өте ауыр, тәжірибесі мол артистерге күш болатын дүниені студент жастарға ойнатқан Райымбек ағаның көзсіз батырлығына таң қаламын. Әрі Қазақстанның еш театрында қойылмаған тың дүние. Басқа театрлар тоқырау кезеңіне тап болып тұйыққа тіреліп тұрғанда, студенттермен көне түркі заманының 630-шы жылдары болған оқиғаны сахналандыру, осылай тарихқа бойлау шын мәнінде жүрек жұтқандық. Спектакльді көрермен өте жақсы қарсы алды. Ұзақ қол соғып, сахнадан жібермей қойды.

— Біз қазір комиссия мүшелері кеңес өткіземіз. Егер диплом беру салтанатын көреміз десеңіздер кутулеріңізге болады. Күтем деушілерге біздің жастар шағын концерт береді, — деп Райымбек аға сахнадан хабарландыру жасады. Кеңес ұзаққа созылған жоқ. Барлығы бірауыздан жақсы деген баға берді. Қорытынды нәтижесінде — жетеуі қызыл диплом, қалғаны жай диплом, жалпы саны 16 актер бітіріп шықты. Дипломды сахнада Асанәлі ағамыз өз қолымен таратты. Асанәлі ағамыз әрқайсына тілек айтып, өнерді бағалауын айтып тапсырып тұрды. Дипломды түгел бердік. Мен жанталастан құтылып, рахатқа бататын шығармын деп ойлап ем. Енді бір түрлі жүрегімді мұң басқандай. Мәреге жеткен кезде аттың басын тіреп, қиятын жіпті таба алмай қалғандай сезінеді екенсің. Шынымды айтсам, жыннан айырылған бақсыдай күйге душар болдым.

— Аға, енді не болар екен? Мынандай белгісіздіктен гөрі, жанұшырып шапқылап жүргенім жақсы екен ғой. Жастарды қалай ұстап қаламыз? Бір шешімін жасамасаңыз бәрі бытырап кетеді ғой, — дедім күдігімді жасыра алмай.

— Мені ұйқы көріп жүр деймісің?! Жұрыновқа хат жаздым. Түркістанда салынған мәдениет сарайы дайын тұр. Тек актерлік топқа штат берсе болды. Мен жобалап құрамын жасап қойдым. Бәлкім келісімін берер, — деді, аға өзін мазалаған күдікті ортаға салып.

— Қайдам-ау, бізді мәдениет сарайының маңына да жолатпай отырғанда, актерлік топ аша қояр ма екен?

Үміт дүниесі ғой. Тағы кіріп көрейін, — деп аға тығырыққа тірелген кейіпте күрсінді.

...Түркістандағы университеттің мәдениет сарайының салынуы өз алдына хикая.

— Түркістанда университеттің жаңа оқу ғимараты жанына театр салынады екен. Бүгін Жұрынов мырзада театрдың бірнеше макеттері (жобасы) қаралады екен. Мені Зейбек мырза арнайы шақырыпты. Болашақ театрдың жобасын өзі тандасын, — деген қуанышты хабардан көңілі тасыған Райымбек аға, Түркістанға кеткен болатын. Түстен кейін кафедраға хабарын білейін деп барсам, Света :

— Ағайдың қан қысымы көтеріліп құлап қалды! — деді. Жүгіріп кабинетіне кірсем, шынымен түрі қап-қара боп кеткен аға, диванда сұлап жатыр екен. Түрінен шошып кеттім.

– Сізге не болған?! Дәрігер шақыртайын! — дедім сасқалақтап.  
– Жаңа ғана медбике укол салды. Дәрімді іштім, — деп аға селсоқ жауап берді. Барған ісінің баянсыз болғанын бірден түсіндім. Сұрауға бата алмай, сұрамай кете алмай тұрып қалдым. Менің хабар білгім кеп тұрғанын сезген аға:

– Жұрыновта болдым. Зейбек мырза да болды. Бірнеше жоба ұсынылды. Маған түрік тарапының жобасы өте ұнады. Нағыз театр. Бірақ, Жұрынов көнбей қойды, — деді.

– Неге?! — деймін танданып.

– Ақшасы көп дейді.

– Ақшасын қай жақ төлейді екен?

– Түріктер.

– Ойбай-ау, ендеше неге келіспейді?!

– Сол. Университеттің есебіне түскен соң, қазақтыкі, түріктікі дейтіні жоқ. Сондықтан арзанын саламыз деп отыр. Арзанның сорпасы қашан татып еді?! Театр емес, концерт өткізетін шағын сахна болмақшы. Есесіне 800 орындық көрермен залы болмақшы.

– Демек, конференция өткізетін жер десеңізші.

– Тап өзі. Төбесі жоқ. Төрт-ақ штанкеті бар. Онысы жоғары кетпейді. Тек сахнаның перделерін ұстауға ғана жарайды.

– Зейбек мырза не деді?

– Не деуші еді, мені қолдады.

– Ана қымбат жобаға ақша бөлуге келісіп отыр ма?

– Иә. Салған соң, нағыз театр салайық деп қолдап отыр.

– О, Алла-ай?! Түріктер қолдап отырса, өздері ақша берем деп отырса, Жұрыновқа не жоқ?!

– Е-е, не жоқ дерің бар ма?!

Өзін жалғыз, налан көп,  
Ұқтырарсың сен не деп?  
Әулскі, арсыз елге енді?  
Тыныштық көрмей қышынып,  
Өтірікке тұшынып,  
Пәледен тұрмас шошынып,  
Тұл бойын желік жеңгенді.

– Е, қай зарымды айтайын?! Не дерсің?! Абай ағамнан асып не айтарсың?! Аяғының астынан басқаны көрмейтін көрсоқырларға не дерсің? Олар қазіргі тойған қарнына мәз боп жүр ғой. Ертеңгісімен ісі бар деймісің? — деп аға таусыла күйінді. Ақыры Жұрыновтың дегені болып, қазақстандық бір сәулетшінің жоба-

сы қабылданыпты. Бір күні «сахнаны салып жатыр» дегенді естіп, Райымбек аға шыдай алмай Түркістанға кетті. Барса, сахнаның тереңдігі не бәрі сегіз метр дейді. Аға жанұшыра дәлелдеп жүріп зорға дегенде тағы сегіз метр костырыпты. Не керек, «қайран сөзім қор болдының» кебін киген Райымбек аға қатты пұшайман болды. Әйтеуір, күндердің-күнінде «Мәдениет сарайы бітті» дегенді естідік. Барсақ, айналдырған бес штанкет. Жоғары кетпейді. Тек төмен түседі. Проекторлары саусақпен санарлық. Жанында декорация қоятын қойынқалтасы жоқ сахнаны көргенде жылармандай болдық. Шыдап тұратын аға бар ма?! Жүгіріп жүріп проекторлардың санын көбейттіріп, киловаттық проекторларға сұраныс жасаттырды. Сондағы үміті «Театр болады» деген ой. Бірақ, ол үміт көп ұзамай күл-талқан болды.

## ҮЗІЛГЕН ҮМІТ

Оқу бітірген артистерді амалын тауып алып қалмақ ниетімен хат жазып алған Райымбек аға, тағы да Жұрынов мырзаға кетті. Ойлап отырсам, Жұрынов мырзаның бір рет те болса ағаның өтінішін орындаған кезі болмапты.

— Сізді шақырып, кафедра ашып берген өзі еді ғой. Соңғы кезде сізге неге өшікті? — деймін түсінбей.

— Өзім де түсінбеймін. Арадағы тілге ереді-ау жобамда. Әйтпесе бетпе-бет «шәй» деспегенбіз. Білетінім, мен не сұрасам да қарсы болатыны.

— Қалай ойлайсыз, актерлік труппа ашуға қарсы болмас па екен?

— Қайдан білейін. Менде ойлауға мұрша бар дейсің бе?! Не де болса соңғы рет алдына барам, — деп аға Түркістанға кетті. Дипломдарын қолдарына ұстап дағдарған жастармен бірге мен де ағаның қанжығасын толтырып қайтуын тілеп тағатсыздана күтудеміз. Түске қарай Райымбек аға келді. Қабағының түйілгенінен істің шешілмегенін түсіндім.

— Қол қоймады, — деді аға күйіне. «Актерлік труппаның қажеті қанша? Біз тек оқып жүрген кезінде қолдансақ жетеді емес пе, оларды алып қалып неғыласыз» дегенді көлденең тұтты. Бұлардың ойы — оқып жүргенде билеп-билеп, бітірген соң бет-бетімен тарқап кететін бишілер тобындай көріп жүр екен бізді.

— Сондай қалай? Спектакль қою үшін қанша уақыт кетеді. Әр рөлдің жанын ашатын актері болады. Кез келген актер ойнай алмайтынын білмей ме? — деймін таңырқай.

— Бұлардың театрға деген көзқарастары — тура бишілерге тобына қарағандай. Биді бір шығарған соң, жылма-жыл бишілері ауысқанымен би өзгермейді. Ал, менің Гамлетті күткеніме отыз жыл болғанын қайдан түсінсін?!

— Әйтсе де, рөл ойнау дегенің — бір адамның тағдырын тірілту екенін түсінетіндей дәрежедегі адам сияқты көрінген еді. Демек, «театр» дегеніміз — утопия болды ғой, — дедім түңіле. Аға қолындағы қайтарылған хатты столға қойып жатып:

Қадірлі басым,  
Қайратты жасым,  
Айғаймен кетті амал жоқ.  
Болмасқа болып кара тер,  
Қорлықпен өткен ку өмір.  
Сөзуар, білгіш,  
Законшік, көргіш  
Атанбақ — мақсұт, мақтанбақ, —

деп күрсінді.

Қадірменді оқырман! Абайдың өлеңін жиі жазғанымды артық көрменіздер. Себебі, Райымбек аға көбіне Абайдың өлеңдерін айту арқылы ішкі шерін ақтарады. Абайдың әр сөзі тұнып тұрған қасірет, зар. Ол зарды тек басына ұлттың тауқыметі түскен адам түсінеді. «Жеңілдің — асты, ауырдың — үстімен» жүрген жандарға өмір сүру ләззат. Елінің болашағын екі иығына артқан жан үшін — азап. Тарихтың талантты ұлына деген қаталдығынан, олардың күрескерлігі арта түсе ме деп қалдым. Бірақ, кейде таланттың жүрегін ұғынатын, қолдайтын жандар кезіксе артық болмас еді. Іші шерге толып кеткен сәттерде Райымбек аға өзіне тыңдарман іздейді. Соңғы жылдары ағаның асыл ойларының тыңдарманы болғаным үшін өзімді бақытты санаймын. Мені биіктерге жетелеген, қиын асулардан алып шыққан — ағаның асыл сөздері. Менің сүйікті философтарым Конфуций, Шопенгауэр, Вовенарг, Ибн-Бадж, Аристотельдерді әрдайым қайтара оқып отырып, Райымбек ағаның сөздерімен салыстырамын.

— Аға, сіздің адамдардың пиғылын айшықтауыңыз Шопенгауэр мен Конфуцийдің қазақша формада айтылған трактаты боп шықты. Сіз, өзіңіздің нағыз философ екеніңізді білесіз бе? — деп сұрадым.

– Е – е!..Олар қайбір жетіскенінен айтты дейсің? Мен құсап адамдардың тіршілігінен түңілген соң айтады ғой. Оны атам қазақ «тындаушысы болмаса – сөз жетім» деп бір-ақ ауыз сөзбен қайырған.

«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,  
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.  
Ақылдылар арланып ұялған соң  
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын».

## «ЕУРОПА БІРЛІГІНЕ» САПАР

Біздің актерлердің қазақ тілімен қатар түрік тілінде спектакль ойнауы түріктер тарапынан ерекше қызығушылық тудырды. Маусым айының 20-шы жұлдызында Алматы қаласында «Еуропа бірлігі» айдарымен Франция, Англия және Түркия мемлекеттерінің театр фестивалі өтеді екен. Қазақстандағы Түркияның елшілігі елмен екі орта алыс болғандықтан біздің «Көк түріктерді» түрікше ойнап беруімізді өтініп Райымбек ағаға телефон шалыпты. Райымбек аға қатысуға келісімін беріпті. Келісім бойынша Алматыға барып-келу, қонақ үйі, тамақтану бәрін түріктер мойнына алыпты. Райымбек аға бір күн бұрын қазақ тілінде ойнауға, келесі күні түрікше ойнауға келісім жасапты. Ондағы ойы қазақ тілінде ойнайтын күні Алматыдағы өнер мен білім саласында атақты мамандарға, білгірлерге біздің актерлердің қаншалықты екендігін таныстыру. Бұл сапардың үгіт-насихат үшін де маңызы зор болмақ. «Тамшы тамса тас жарар» демекші баспасөз мен теледидарға шыға берсек жаман болмаспыз. Үйінде болып дем алмақ, әрі теледидарлармен, газеттермен хабарласып, шақырмақ ниетімен Райымбек аға бізден бір апта бұрын Алматыға кетті. Бірнеше күннен соң «Хабар» телеарнасымен, спектакльді толық түсіріп алуға келіскенін айтып телефон шалды. Алматыдағы түрік елшілігі Түркістандағы қазақ-түрік университетінің түрік тарапымен біздің күллі жол сапарымыздың шығынын көтеруге келісімшарт жасасыпты. Райымбек аға:

– Сая, мен кете берейін. Жолға қажет ақшаны өзің аларсың. Үш күн бұрын поезға билетке тапсырыс жаса. Жол сапар ақшасын әрқайсысына таратып бер. Не де болса өзің бірдеңе ғып жетерсің, – деген болатын. Университетке барып ақшаны алдым.



Билетті алдын ала сатып алайын деп вокзалға барсам, билет жоқ. Үш күн бұрын түгілі, он күннің көлемінде билет жоқ. Не істеймін?! Райымбек ағамен телефонмен хабарласып ем, «Әлі де болса күт» деді.

Билетті күтсем Алматыға дер кезінде жете алмай қалатындықтан, автобуспен кетуге шешім қабылдадым. «Өлдім, Алламен» дискеттерді түгендеп, күллі костюм, реквизиттердің бәрін буыптүйіп біттім-ау әйтеуір. Танертеңгісін университетке келсем, өртістеріміз жинала бастапты.

— Сендер жинала беріндер. Мен аялдамаға барып автобус жалдап алып келсейін, — дедім де автобустың аялдамасына жүгірдім. Барсам екі «Газель» жеңіл автобустары дайын тұр екен. Дегреу екеуімен келісіп университетке алып келдім. Жылдам артынып Шымкентке жолға шықтық. Ондағы ойым, Шымкентте үлкен қалаларға қатынайтын, жүк таситын арнайы автобустар бар. Соңғы кезде шетелдік үлкен автобустар арнайы саудагерлердің жүктерін таситын тізбек құрып алған. Кез-келген уақытта барып, жол шығынының құнын төлесен болды, Қазақстанның түпкір-түпкіріне кете бересін. Сондай арнайы аялдамаға барып, бос тұрған үлкен шетелдік автобуспен келістім де, жүктерді тездетіп аударып тиеп алдым. Әне-міне дегенше тал түс болды. Алдымызда ұзақ жол күтіп тұрған соң бәріміз ыстық тамақ ішіп алайық деп жақын жердегі кафеге бардық. Сол күндерімді еске алғанымда соншалық қиындықты елемей, сағаттың тілінше сартылдап жұмыс істегеніме таң қаламын. «Егер автобус болмай қалғанда не істер едім?» дегенді ойласам, біреу төбемнен су құйғандай әсер етеді. Меніңше халықтың алдына шығу, үлкен сахнада өнер көрсету деген үміт, еш кедергіні елетпеген секілді.

Алматыға түнгі сағат 15-терде жеттік. Ертеңіне Ғ.Мүсірепов атындағы театрға барып сахнасын құрдық. Кәсіби дәстүрде салынған театрдың сахнасына декорациямызды құрған кездегі көңіл-күйімізді көрсеңіз. Қаптаған софиттерден көз тұнады. Қаншама штанкеттер?! Айдын сахна! Басым айналды. Шіркін, бізде осындай театр қашан болады екен?! Айдын сахнаның арғы шетімен бергі шетіне шапқылап, мәз болысқан актерлеріме қарап еріксіз күлдім. Актерлерім: — Апай бізде осындай театр болар ма екен? Мынадай сахнада ойнау нағыз бақыт қой, — деседі. Театр екі бөлімге бөлініпті. Бір жақ бетінде қазақ театры болса, екінші бетінде орыс театры орналасыпты. Сахнаны күндерге бөліп, ке-

зекпен ойнайды екен. Грим бөлмелерінің көбісі әртістердің желелей жұмыс орны болғандықтан, бізге гримшінің өз бөлмесін ғана берді. Бір бөлмеге бәріміз сыймай топырладық та қалдық. Райымбек аға орыс театрының гримшілеріне өтініш айтса, бірден келісімін беріп, тіпті грим салып беруге келісіпті. Гримдері қалай болып жатыр екен деп орыс бөліміне көтерілсем, жасы ұлғайған орыс әйел әртістерге грим салып жатыр екен. Амандасып, әңгімелестім. Біздің жағдайымызды сұрастырып білген гримші әйел, столының суырмасынан кішкентай қорапшаны алып, ішінен сақал-мұрт тоқитын инені алып:

— Мына ине — сақал-мұрт тоқуға арнайы жасалынған. Қазір мұндай инелер еш жерде шығарылмайды. Райымбек Ноғайбайұлы қазақ театрын басқарып тұрғанда біз өте тату тірлік еттік. Біз ол кісіні өте құрметтейміз. Райымбек Ноғайбайұлы сіздердің бастарыңызды құрап театр ашып жатыр екен. Сол театрға мынау менің қосқан үлесім болсын, — деп инесін маған ұсынды.

— Егер, еш жерде шығарылмаса өзіңізге де керек шығар? — дегенімде:

— Кешіріңіз, мен инем тасып бара жатқанынан беріп жатқан жоқпын. Райымбектей жақсы адамды сыйлағанымнан беріп отырмын. Бұл инемен әлі талай сақал-мұртты тоқитын боласыздар. Мен қимағанымды — сыйлағанымнан беріп отырмын, — дегенде көзіме жас еріксіз үйірлді. Біздің Райымбек ағаны қарапайым гримші әйелдің осынша сыйлап, қолындағы екі инесінің бірін бізге беруі жүрегімді толқытты. Ел-жұрттың біздің театрдан хабардар болып, тілектес бола бастағаны жаныма дәуредей әсер етті. Кейін осы инемен қаншама сақал-мұрт, жасанды шаштар тоқылды десеңші. Әрине, тоқыла бермек. Бірақ, сонау бізді әлі ешкім мойындамаған, менсінбеген жылдары әрбір жылы сөз, әрбір сыйланған зат мен үшін өте бағалы, айтып жеткізе алмайтын қасиетті еді. «Аштықта жеген құйқаның дәмі» ешқашан есімнен шықпас. Алғашқы кеште түрік тілінде ойнадық. Екінші күні қазақ тілінде ойнадық. Қазақ тіліндегі спектаклімізді «Еларна» («Хабар») телеарнасынан келіп арнайы түсіретін болды.

Спектаклімізді Алматылық атақты ағаларымыздың келіп көргені көңілімізге қуаныш ұялатты.

Арманды дыбыс бөлмесіне орналастырып, өзім жарық бөлімінде сахнаға жарық беріп отыратын болдым. Спектакль басталар алдында теледидардың операторлары бір сымтетіктерін қал-

дырып кеткендіктерін айтты. Оны күтсек көпке кешігетін болған соң, не де болса бастай берейік деп шештік. Сөйтсек 40 минуттық ойын басылмай қалыпты. Оны соңынан, бәрі кеткен соң қайтадан ойнап, түсіретін болдық. Бір таң қалғаным, астанадағы театрдың жарығы автоматтандырылмаған?! Жеке-жеке пульстерді қолмен кезектестіріп өшіріп-жандырып отырады екен.

— Неге автоматтандырылмаған? Қазіргі уақытта өмірдің ағымы механиканы көтермейді ғой, — дегеніме жүргізуші жарық операторы «Білмеймін» деп иығын қикаң еткізді.

Спектакль бір тыныста өтті... Артистердің алды 23-24 жаста екенін ескерсек, пьесадағы 40-60 жас аралығындағы кейіпкерлерді сомдаудың ауыртпалығы қаншалық екені айтпаса да түсінікті деп ойлаймын. Жаңа іске сыншы көп. Көрермен «қалай екен?» деген оймен келері сөзсіз. Астаналық театрдың актерлері қай дәрежеде ойнаса да күмәнсіз. Қанша дегенмен академтеатрдың актерлерінен артық ешкім жоқ деген түсінік қалыптасқан. Ал, біз ше?! Біз әлі театр да емеспіз. Актерлеріміз кілең сарыауыз балапан. Спектакльден соң көрермендер қол соғып, қошемет көрсетіп жатты. Көрермен тарқаған соң, алғашқы 40 минуттық басылмай қалған жерін қайта ойнадық. Сол түсірілген спектакльдің қай архивте жатқанын бір құдай біледі. «Еларнадан» көрсетеді деп еді, сол күйі үшті-күйлі хабарсыз кетті. Спектакль бітісімен күллі декорацияны жылдамдата жиыстырып, әр әртістің қолына бір заттан ұстатып «Жетісу» қонақ үйіне жүгірдік. Шымкенттен мініп келген автобусымызбен қайтарда ала кетуін келіскен болатынымын. Көп жасағыр, уәде бойынша күтіп тұр екен. Жылдамдата жүктерімізді автобуска тиеп, кешкі сағат 23.30-да жолға шығып кеттік. Қаладан шыға бере, қытай офицерін ойнайтын Ержан Нұрымбетов, бас киімінің гримшінің бөлмесінде қалып кеткенін айтты. Өзі жалғыз бас киімнің қалып кеткені жүрегімді «зырк» еткізді. Бірақ, қайырыла соғуға уақыт жоқ болғандықтан «ат аунаған жерде түк қалар» дегеннен басқа амалым қалмады.

## ОЯНҒАН ҮМІТ

Арада жылдар өткенде, жүріп өткен жолыңа қайырыла қарағанда көбіне кедір-бұдыр, тайғақ жолды көресің. Бәлкім, тіршіліктің, өнер жолының қызығы мен шыжығы кедір-бұдырдың көп-

тігінен болар. Театр ашылғанға дейінгі, тіпті Президенттің жарлығымен ашылғаннан кейін де көрген азабымызды көз алдыма елестетсем, «мылтықсыз майданның жауынгері» болғанымызды көремін.

Бір қайғыны ойласаң,  
Жүз қайғыны қозғайды, —

Боп шыға келеді. Актерлар труппасын сақтап қалу — Райымбек аға үшін қаншалық азапты айларға айналды десеңіші?!

...Актерлер труппасын құрасам деген мақсаты «құзға құлаған» Райымбек аға, қалай болған күнде де артистерді таратып алмау жағын іздестіруден талмады. Ендігі ойлап тапқаны — білім министрлігіне барып оқытушылық штат ашу. Өнер кафедрасы бойынша әр 3,5 балаға 1 оқытушыдан деп бекітілген екен. Райымбек аға ендігі жерде Өнер кафедрасында оқытушылар санын көбейту арқылы бірнеше штат ашуға болатынын ойластырып Алматыдағы Білім министрлігіне баруға бел шешті. Себебі, жергілікті оқу бөлімінде Өнер кафедрасы бойынша тиесілі сағат әр 7 балаға 1 оқытушы деп бекітілген екен. Сапары сәтті болып, Райымбек аға Білім министрлігіне барып, театр институтына арнайы шыққан бұйрықтың көшірмесін алып келіп, университет ректоры Жұрынов мырзаға берді. Обалы не керек, Жұрынов мырза бұйрықты негізге ала отыра 3,5 балаға 1 оқытушыдан бекіту туралы бұйрыққа қолын қойып берді. Әупіріммен қолымыз жеткен жеңістің арқасында сегіз артисті сақтап қалуға мүмкіндік туды.

— Ойпырым-ай, біздің көз жасымызды көретін құдай бар екен ғой, — деймін сенер-сенбесімді білмей.

— Менің қандай қазынаны сақтап қалғанымды жұрт қайдан білсін?!

Самородный сары алтын,  
Саудасыз берсең алмайды.  
Саудыраған жезіне,  
Саудасыз сары қамқаны  
Садаға кеткір сұрайды,  
Самарканның бөзіне.

— Менің «самородный сары алтындарым» — қазақ театрының жұлдыздары болатынын бұлар қайдан білсін?! — дегенде ағанын жүзіне мұң ұялады.

## ҮСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

1999 жылдың шілде айы. Жазда Түркістанда күннің ыстығы + 45 градустан түспейді. Аптап ауаны тарылтып, демінді тұншықтырады. Осындай шыжыған шілдеде Түркістанға барып, университет ғимаратында талапкерлерді дайындаймыз. Биылғы I-курс-ты мен қабылдайтын болған соң, күнде Кентау мен Түркістанның екі ортасын жол ғып шапқылап жүргенім. Жиырма шақты талапкерлердің көпшілігі ұл балалар. Маған да керегі сол. Өйткені қыздарға рөл табу, жеткізу қиын. Жылма-жыл талапкерлерді үзбей қабылдаймыз. Райымбек ағаның мақсаты — өзі оқытып, тәрбиелеген жастардан театр жасақтау.

— Менің шәкірттерім күллі Қазақстанда жеткілікті. Шақырсам келеді. Бірақ, әр театрдың өртүрлі мінезін өздерімен ала келеді. Ондай кезде араға вирус кіруі оп-оңай. Вирус бір кірген соң, құтыла алмайсың. Сондықтан мен, мектеп ашып, бір ұяда тәрбиеленген шәкірттерден театр ашпақпын. Шәкірттерімнің бәрі болмаса да, іріктелгендері — театрдың фундаменти боп құйылады, — деп Райымбек аға жиі айтады.

Бәлкім, ол да дұрыс шешім болар. «Бір анадан ала да туады, құла да туады» дегендей, бір партаға отырғандардың бәрі бірдей актер болуы шартты емес. Әйтседе, арасынан актерлікті таңдайтын, біздің көңілімізден шығатын өнерлі жастарды театрға көбірек баулимыз. Биыл қабылданатын студенттердің ең болмағанда бесеуінің актерлік шеберлігі мықты болса, ұтылмағанын. «Мен ұрлық қылғанда ай жарық болар ма!» деп бір бейшара айтқандай-ақ, мен қабылдайтын жылы «грант жүйесі» деген нәрсе пайда болды. Талапкер ең жоғары балл жинап, мемлекеттің бөлетін қаржысын жеңіп алуы керек. Біз емтихан қабылдас бұрын талапкерлерді шығармашылық тапсырмаларына дайындаймыз. Сөздің мағынасы дегеніміз не дегеннен бастап, қандай оқиға туралы сөз боп жатқанын түсіндіреміз. Бізге келетін талапкерлердің тоқсан пайызы өмірінде театрды көрмеген, актердің ойынын тірідей көрмеген жастар екенін ескерсек, Крыловтың мысалын астарымен, нақышына келтіріп оқытудың қаншалық азап екенін елестетудің өзі қиын емес деп ойлаймын. Ең кемі он бес күн дайындап барып емтиханға жібереміз. Алғашқы емтихан көркемсөз оқудан болатын. Емтихан мүшелігінде Райымбек аға, ректордың орынбасары Мәдиев мырза, мен, Арман деген оқытушы, хат-

шы, жалпы саны бес адам боп емтихан қабылдаудамыз. Алғашқы лек өте жақсы орындап жатыр. Олардың жақсы орындағанына мен бақытты боп отырмын. Келесі кезекте Нұржан Ізтаев деген талапкер кірді. Нұржан кіргенде Райымбек ағаның көңіл-күйі бұзылып кетті. Оның себебі бар еді.

...Алғаш талапкерлермен дайындық жасап жатқан кезімде Райымбек аға көрмек ниетімен біз отырған бөлмеге кірді. Тап сол сәтте Нұржан Ізтаевпен жұмыс жасап жатқанмын. Аға кірді де:

– Фамилияң кім? – деп сұрады.

– Ізтаев, – дегенді анық айтпай, әлігі Ізтаевым мұрын астынан міңгірледі.

– А?! Кім дейсің?!

Ізтаевым ағаның түрінен қорқып кеткен болуы керек, тағы бірдене деп міңгірледі. Сол, сол екен, аға жарыла жаздап, қатты ашуланса бола ма?!

– Сен неге мұрныңның астынан міңгірлейсің?! Аты-жөніңді айта алмай тұрып қайтіп актер болмақсың?! Фамилияны анықтап айту қиын ба? Осы қазақтың балалары жасық мінезден қашан арылады?!

– Аға, сіздің мысыңыз басып тұрған шығар. Әйтпесе тәуір бала сияқты, – деймін арашаға түсіп.

– Әй, Сая, мынауың адам болмайды. Төрт жыл бойы жүйкенді жұқартқанша, осы бастан көзін құрт! – деп ашуланған аға шығып кетті. Қарап тұрсаң ағаның сөзінің жаны бар. Қазақ балаларының орынсыз ұяң, тіпті жасық мінездері көбіне менің де жыныма тиеді. Қасқая қарап, сұрағаныңа жауап беріп, сөйлеген сөзі тастай боп тұрғанға не жетсін шіркін?! Ізтаевтың көзіне қарасам, мөлііп, жылайын деп тұр екен. Жаным ашып кетті.

– Нұржан, шынымен актер болғың келе ме?

– Иә. – деп басын салбыратып, көзіне жас үйірілді.

– Ендеше сен жақсылап дайындал. Ағайдың көзіне түспеуге тырыс. Түскен күнде өзіңді жақсы жағыңнан көрсет. Келістік пе?! «Иә» дегеннің орнына басын изеп, мұрын астынан міңгірлеген Нұржан, ілби басып шығып кетті. Содан Нұржан екеуіміздің майданымыз басталды. Өзі сондай алғыр. Айтқаныңды қағып алады. Кейін, театр ашылғанда Нұржанның көрерменнің көзайымы жүлдесін жеңіп алатынын әрине білген жоқпыз. Бірақ, оған дейін оқуға түсу проблемасын шешу керек болатын. Міне, сол Нұржан Ізтаев емтихан тапсырып тұр. Оқып тұрғаны М.Шахановтың

«Шың басындағы оқиғасы». Емтиханға кірмес бұрын, «ағайға қарауға қорықсаң, менің көзіме қарап тұр» деп айтып қойғанмын. Нұржаным ағайға қарауға қорқып, екі көзін менен алмайды. Мен басымды изеп, «бәрі тамаша» дегендей дем беріп отырмын. Нұржаным төпеп тұр. «Қалай қабылдап отыр» деген оймен ағаға қарасам, көңілі жадырап, көздері күлімдеп, басын изеп мәз боп отыр! Мұндай қуанбаспын. Ендігі кезек Ұлмира Әміроваға келді. Бойы ұзын, көзі моншақтай, түрі еуропалық кейіптегі қыз. Алғашқы қара сөзін онша оқи алмады. Көп шатасып, нақышына келтіріп оқи алмады. Емтиханның тәртібі бойынша ең жоғарғы балл 45. Төраға Мәдиев мырза 38 балл қояйын деп жатқанын көріп қалып;

— Ағай, 38 деген баллды қоюға болмайды, — деймін жанұшыра.

— Неге? Енді қанша қояйын?!

— Ағай, 45 балл қойыңыз.

— Неге 45 балл қояды екенмін?! Бұл қыз 45 баллға лайық орындаған жоқ қой?!

— Білем. Бірақ бұл қыз маған өте керек.

— Сізге керек деп, өтірік баға қоя алмаймын, — деп Мәдиев мырза қағазға бағаны қоймақ болды.

— Ағай-ау, фактурасына қарасаңызшы, — дедім соңғы дәлелімді ұсынып.

— Фактура деген немене? — деп Мәдиев мырза маған аңырая қарады.

— Ағай, бойына, сымбатына қарасаңызшы. Маған сахнада басты рөлді ойнайтын қыз керек. Баян Сұлу мен Қарагөзді ойнау үшін бойы мен сымбаты сәйкес болу керек қой. Қазір айта алмағанымен төрт жылдан кейін қатырып ойнайтын болады. Сіз қорықпай 45-ті қоя беріңіз. Егер, осы қыздан түк шықпаса, жауабын мен беремін, — деп шыр-пыр болдым.

— Ә-ә, Фактура дегені бар ма еді? Иә, фактурасы келіп тұр онда, — деп күлді, Мәдиев мырза 45 баллды қойып жатып. Театрымыз ашылса мықты актрисамыз болады деп үміттеніп, барымды салып тәрбиелеген шәкіртімнің келешекте өнер жолын — өмірдің әсіреқызыл арзан тіршілігіне оп-оңай айырбастап жіберетінін әрине білген жоқпын. Райымбек ағаның: «Жиырма студенттен 3-4 нағыз актер дайындай білсең, ұттым дей бер», — деген сөзі шындық екен. Бәлкім өнер жолының қиындығына төтеп бере алмайтын ондайларға ренжу де орынсыз болар. Өмірдің күйбең тіршілігі өз дегенін өткізеді. Көптен күткен театрымызға

қол жеткізген соң да, кешегі театрдың іргетасын қаласады деген Н.Төлендиевіміздің әкімшілік қызметіне кетеді деп кім ойлапты? Өнер ауыртпашылығына төзе алмай, оны мансап жолына айырбастап жіберетінін білсекші. Әзірге олардың бұлақ көздерін ашып, өнер жолын шарықтату үшін күрес қана жүріп жатқан болатын. Не керек, бар емтиханнан он төрт талапкерім өтті. Енді қалғаны күллі тестің жауабын Алматыдан күту. Шешімі газетке шығады екен. Онысы тек тамыз айының он бестеріне шықпақшы. Меніңше ең жаман нәрсе — күту. Бір ай бойы дел-сал боп жүрдік. Бір күні шешімі шықты-ау әйтеуір. Сөйтсем, он бірі өтіп, үшеуі өтпей қалыпты. Оған да құдайға шүкір деп жүрегім жарыла қуандым. Бірақ, бір айғы күтудің азабын жеңілдетудің жолын тапқан сияқтымын. Бір күні А.Островскийдің «Свой люди сочтемся» пьесасын оқып таң қалдым. Бір ғасыр бұрын болған оқиға — бүгінгі күнмен үндесіп жатыр. Өте өткір, ұшқыр ойлы, реалистік тақырып. Оның кейіпкерлерінің пиғылдары қазіргі таңда тереңдей, ушыға түспесе, азайған жоқ. Бұл пьеса біздің қазақ театрында қойылды ма екен деген оймен Райымбек ағадан сұрадым.

— Дәл есімде жоқ. Неге сұрадың?

— Білмеймін. Маған өте ұнады. Аударып көрсем бола ма? Әлде аудармасы бар ма?

— Аудармасы бар-жоғын білмеймін. Бірақ, бір пьесаны он автор аударма береді. Аударам десең — аударып көр. Ағаны сөзінен қолдау тапқан менің тіршілігім тек аударма үстінде. Сөзбе-сөз аудармай, әр сөйлемді қазақтың мінезіне сай қаракетпен аударма бастадым. Алғашқы сахнасын Райымбек ағаға оқып бердім.

— Ойпырм-ай, неткен сөздер?! Мынауың ағып тұр ғой?! Сен былай ет. Оқиғаны алып, өзің тапқан қазақи мінезбен өзгертіп жаз.

— Қалай?! Біреудің жазған дүниесін қалай өзгертем?!

— Шошитын ештеңе жоқ. Әлем драматургиясынан өзің лекция оқып жүрсің ғой. Мысалы, Мольердің «Сараңы» — Плавтың «Қазына» пьесасы бойынша жазылған. Оқиғасы да, кейіпкері де өзгермеген. Өзгергені — қаракеті, диалогтің шымырлығы. Айналайын-ау, Шекспирдің күллі пьесасы Италия новеллаларының негізінде жазылған. Мен қойған «Электра — сүйіктім менің» пьесасының авторы венгер драматургі Ласло Дюрко. Ол қайткен?! Еврепидтің «Электрасының» негізін алған да, өзінің трактовкасын жасаған. Драматургияда мұндай мысалдар көп. Сондықтан сен, еш саспастан, өзің қалай көрсен, солай жаз.



– Плагиат деген атаққа қалмаймын ба?

– Плагиат дегеніміз – өзгенікін өзінікі етіп өткізу. Ал сен, өз ойынды, идеянды жаңғыртып жазайын деп отырған жоқпысың. Демек сен, Островскийдің бұдан бір ғасыр бұрын жазған дүниесін – қазіргі заман ағымына сәйкес айшықтайсың. Ол кездегі адамдарға қарағанда – қазіргі заманның адамдары әлдеқайда зәлім. Сен осыны ұмытпа.

Райымбек ағаның қолдауынан күш алып, білекті сыбанып кірісіп кеттім. Кейіпкерлерімнің аттарын ішкі жан-дүниелеріне сәйкестендіріп ала бастадым. Аңқау шешесін – Акпагүл, желіп жүретін жеңгетайды – Желдіргүл, «дұшпаннан түк тартса да пайда іздейтін – Ілімтік Сілімтікұлы, айлакер күйеу – Жепкетер сияқты атаулар өздігінен туындай бастады. Райымбек ағаға Желдіргүлдің мінезінің ұнағаны сонша:

– Желдіргүл десе – Желдіргүл екен. Желдей есіп, желіп тұр ғой өзі. Енді осыған бірдеңе жетіспейтін сияқты.

– Нені айтасыз?

– Желдіргүлге ән айтқызу керек сияқты.

– Ол үшін өлең жазу керек қой. Ол менің қолымнан келмейді.

– Онда тұрған түк те жоқ. Мінезін ұйқасқа құрауға болады.

– Мені ақын дейсіз ба? Жазған өлеңіме жұрт күлсін дегеніңіз бе? Жо-жоқ, өлең жаза алмаймын.

– Ау, оның несі қиын?! Желдіргүл өзі-ақ айтып тұр ғой?!

– Нені? Мен прозамен жазамын ғой!

– Сен дұрыстап тыңдасаңшы. Ана шұбырған прозаны – бірауыз поэзиямен айтуға болады. Мысалы;

Жүгірумен күн бойы,  
Жер иіскемейді жамбасым, –

деп аға кідіріп қалды. Мен келесі қатарды іліп кетіп:

Жабысамын сағызша,  
Алу үшін ақшасын, –

деп тоқтадым.

– Әне, көрдің бе?! Сонша қиналып ең. Ары қарай айтайық, – деп аға жалғастыра түсті.

Анаусына әйел тап,  
Мынауына күйеу тап.

Мен:

Бәрінің басын кұрайтын,  
Ақылға ақы сұрайтын.

Райымбек аға:

Желдей есіп желетін,  
Көрмейтінді көретін.

Мен:

«Желдір» атты фирманың,  
Жеңгетайы мына мен! —

деп тоқтадым. Өз құраған өлеңімізге өзіміз мәз болдық.

— Оу, аға, сіз ағып тұрған ақын екенсіз ғой?!

— «Ұра берсең — құдай да өледі» демекші, сен де қалысқан жоқсың, — деп аға мәз боп күлді.

— Менікі жай, «қысылғаннан — қыз болдымның» кері ғой.

— Ақынның бәрі аспаннан салбырап түскен жоқ, шырағым.

Сенен түбі мықты драматург шығады. Қазақтың қыздан шыққан драматургі аз. Жаза бер, — деп аға қолпаштап қойды. Мен енді Жабысқақгүлдің монологын әнмен ашайын деп шештім. Монолог басталмас бұрын, күллі арманын екі шумақ әнге сиғыздым. Жепкетер — бүгінгі өмірдің басты кейіпкері. Қазіргі қоғамның қирап, экономиканың құлдырауы — Жепкетерлердің көбейіп, азғындаудың насырға шауып жатқандығынан. Айналдырған апта ішінде пьеса дайын болды. Тыңдап болға аға:

— Нүкте қоюға бірдеңе жетіспейтін сияқты, — деді.

— Бәлкім тағы да өлеңмен бігірермін?..

— Өлең болғанда, жай өлең емес — пьесаның идеясын қорытындылайтын өлең керек, — деп аға ойланып қалды.

— Олай болса, қазақтың ең жауы — жүзге бөлінуді жазсам қайтеді?

— Қайтеді?

Мәселен :

Аз қазақты үш жүзге,  
Бөлетін де өзіміз.  
Көре тұра халқым-ау,  
Көнетін де өзіміз, —

десем қайтеді?

— Өте жақсы. Бірақ, оған дейін пьесаның идеясын жалғастыратын өлең жолдары керек. Мәселенки:

Арыз жазып үстінен,  
Жататын да өзіміз, —

деп аға кідіріп қалды. Мен дереу ағаны іліп алып:

Тартып алып байлығын,  
Бататын да өзіміз.

— Өте дұрыс. Демек, әр кейіпкердің аузына ән арқылы қорытынды жасауың керек, — деп Райымбек аға ризашылығын білдірді. Осылайша, пьесаның соңы әр кейіпкері айтатын әнмен бітетін болды.

— Атын қалай атамақсың? — деп аға маған сынай қарады.

— Ненің?

— Пьесаның.

— Оны ойламаппын.

— Пьесаның аты — затына сай болуы керек. Көбіне афишадағы пьесаның аты көрерменді шақырады. Қысқа әрі нұсқа болса тіпті жақсы.

— Сол жағын ойламаппын, — деймін дағдара.

— Әннің ылғи «өзіміз» боп аяқталатыны жақсы екен.

— Не істесек те, бәрін жасайтын өзіміз ғой. Алыстан жау келмейді.

— Ендеше, «Өзіміз ғой өзіміз, күлімдейді көзіміз» десек қайтеді?

— Тым шұбаланқы екен. Алдыңғы «Өзіміз ғой өзіміз» дегенін қысқартып алсақ қайтеді? — деймін батылым барыңқырамай. Бірақ, іштей өзіме ұнайтын сияқты.

— Несі бар?! «Өзіміз ғой, өзіміз...» Тамаша! Аты — затына лайық табыла кетті. Демек, «өзіміз» деген сөзді актер әртүрлі мінезбен жиірек қолдануы керек, — деді аға қуанып. Міне, менің «тырнақалды» интерпретациям — «Өзіміз ғой, өзіміз...» пьесасының тағдыры осылайша шешіліп, дүниеге келген болатын.

— Ал, пьеса жазылды. Енді сахнаға қоюың керек.

— Мені қоя алады деп ойлайсыз ба? — деймін жүрексіне.

— Несі бар? Пьесаның өзі ойнап тұр емес пе? Сен драмадан тәжірибе жинадың. Комедияны қою — драма қоюдан қиын емес.



Райымбек Сейтметов — Түркияда.



Прага қаласында.



Тігін цехында.



Солдан оңға қарай: академик Рахманқұл Бердібай және ХҚТУ ректорының орынбасары Құлбек Ергөбек, «Құрмет» орденінің иегері Райымбек Сейтметов.



Жаңа репертуар жайлы пікірлесу.



Сол жақтан екінші — ХҚТУ президенті М.Жұрынов.



Райымбек Сейтметов шәкірттерімен Түркияда гастрольде.



Парламент мәжілісінің депутаттары Серік Абдрахманов, Серікболсын Әбділдин театрымызда конакта.



«Президенттін жүрегі» спектаклі.  
Ана — Г.Айтбаева, Президент — А.Наурызбаев.



Мектеп окушыларымен кездесу.



«Керкүла атты Кендебай» спектаклі.



Мольер. «Аксүйек болғыш ақымақ». Музыкант — Е.Нұрымбет,  
Аксүйек — Е.Исатаев, Би мұғалімі — М.Айтжанов.



«Қалындық пен күйеу» пьесасының авторы М.Байджиев театрда қонақта.



М.Байджиев жұбайымен театрда қонақта.





Директор — С.К.Токбалаева жұмыс үстінде.



«Көк түріктер» спектаклі. Кара қаған — М.Кұрманбеков,  
Толыхан — А.Наурызбаев.




«Еңлік — Кебек» спектаклі. Еңлік — Г.Айтбаева,  
Есен — М.Құрманбеков.



«Жекпе-жек» спектаклі.



Директор — С.К.Токбалаева.



«Йасауи қасіреті» спектаклі.  
Молда — Б.Төлендиев, Өзәзіл — Г.Айтбаева.



«Йасауи қасіреті». Молда — Б.Төлендиев,  
Йасауи — Е.Нұрымбет.



Театрдың оркестрі.



«Жанталас» спектаклі. Хан Кене — Б.Төлендиев,  
Таймас — А.Наурызбаев.



Тайказанға тағзым.



Баккожа Мұкаи. «Тоят түні» спектаклінен кейін. Оң жақта: Р.Сейтметов, Б.Мұкаи, қала әкімінің жұбайы, қала әкімі — Ө.Әметұлы, Құрманәлиев.



Тәуелсіз «Гарлан» сыйлығын алған сәт.



Бас тігінші Құрамаева Ұлтай жұмыс үстінде.




К.Мырза Әлидің «Әмір Темір» спектакліне дайындық.



«Көк түріктер» спектаклі Кипр елінде. Кипр мемлекетінің президенті Рауф Денигташ.



Халық әртісі Бибігүл Төлегенова театрымызда конақта.



Актерлық труппа Түркия елінде.



Оң жақтан: академик Рахманкүл Бердібай, ақын  
Оразақын Асқар, Райымбек Сейтметов, қала әкімі  
Мұхит Әлиев, режиссер Сая Тоқбалаева.



«Көк түріктер» спектаклімен Түркияның Спитак қаласында.





Президент Н.Ә.Назарбаев театрымызда конакта.



Жазушы Әбіш Кекілбай театрымызда конакта.



«Жанталас» спектакліне дайындық.



Н.Ә.Назарбаев «Көк түріктер» спектаклінен  
соң сахнада әртістермен бірге.



Сенат депутаттары театрымызда конакта.



ҚР халық әртісі, Мемлекеттік және  
Жастар сыйлықтарының лауреаты,  
профессор Райымбек Сейтметов.



С.Қасымбек. «Интервью». Режиссер  
рөлінде — Р.Сейтметов,  
Журналист қыз — Г.Айтбаева.

Бұл пьесаның идеясы жақсы. Сөздері ұтымды. Оқиғасы ширақ. Қорықпа. Дөңгелетіп ойнатасың әлі, — деп аға, спектакльді қоюыма жолдама жасады. Бұл әңгіме 1999 жылдың мамыр айында болған еді.

## МЕН СҮЙЕТІН «ҚАЛЫНДЫҚ»

Ойда-жоқта қолыма қалам ұстау қасиетімнің ашылғаны бойға қуаныш, көңілге қуат берді. Мен енді жазуға құлшына кірістім. Бәлкім өнер әлеміне кешеуілдеп келгенімнен болар драматургияға, театр әлеміне деген құштарлығым арта түсті. Бірде қолыма М.Байджиевтің «Қалындық пен күйеу» деп аталатын пьесасы түсті. Жай оғы тигендей әсер алдым. Неткен оқиға?! Бар-жоғы он минутта бақытты отбасының шаңырағы шайқалуы дегенін сұмдық қой. Бақыт отын өшірген небары телефонның бір ғана шылдыры. Ақ-қараны айыруға мұршамыз болмай қалатын кезең адам психологиясына қайшы емес. Ондай сәттен ешкім өз-өзін сақтандыра алмайды. Тіпті мүмкін емес. Ал, шындығында ше?.. Шындықты екінің бірінің жек көруінің себебі — шындық екі жүзді қанжар. Қанжар — қадалған жерден қан алмай тұрмайды. Сондықтан да, шындықты мойындауға ердің ерінің ғана дәті барады. Қалындықтың монологы қандай?! Түкке тұрмайтын «дәрігерлік тіркеудің» — тағдыр таразысын басып кеткені қандай өкінішті. Мен, пьесадан алған әсерімді Райымбек ағаға айтып:

— Осы пьесаның аудармасы бар ма? — деп сұрадым.

— Бар. Жетпісбаев деген жігіт жақсы аударған. Мен «Қалындық пен күйеуді» қойғанмын, — деп жауап берді. Пьесаның аудармасы бар екенін білгенде ішім удай ашығандай күйге түстім. Қызғанғаннан емес, өзімнің аудармайтыныма өкіндім.

— Не аударғың келіп пе еді?

— Иә. Бірақ, өкінішке орай, ол мүмкіндіктен айырылдым.

— Неге?

— Аударылған, сахнаға қойдым дедіңіз ғой.

— Қойсам қайтеді екен?

— Енді, аударылған дүниені қайта аударуға болмайды ғой, — деймін өкінішімді жасыра алмай.

— Сен Жетпісбаевтың аудармасын оқып па едің?

— Жок.

— Ендеше, неменесіне қара аспанды төндіріп отырсың? Мен саған айттым ғой, бір пьесаны он адам, он түрлі мінезбен аударды деп. Көңіліңе ұнаса — аудар.

— Қалыңдықтың монологуна поэзия тілін қолдансам бола ма? Оңайгүлдің өлеңі монологқа сұранып тұрған секілді.

— О! Оңайгүлдің өлеңі Қалыңдықтың жанын күшейте түседі. Одан ұтылмайсың.

— Бірақ, автордың жазғанына өзгеріс ендіргенім қалай болар екен?

— Шырағым-ау, сен оқиғаны күшейту үшін қолданған екі ауыз өлеңге бола бүкіл пьеса өзгермейді ғой, — деп аға қызына сөйлеп. Қолданған өлеңің автордың идеясын тереңдететін болса, неге қоспасқа?!

— Демек, болады ғой?!

— Әрине. Бірақ, «болады екен» деп, «құлағын кесіп құнтитып, мұрнын кесіп шұнтитыптың» керін кигізіп жүрме.

— Құдай сақтасын! Мен тек монологке ғана қолданамын.

— Автордың идеясын аяқ асты етуге режиссердің, аудармашының хақы жоқ. Өйткені, пьесаны жазбас бұрын автор, жүрегінде күллі қасіретін шегеді. Сөйткен жанның жазғанын «жаялыққа» айналдыруға болмайды.

— О не дегеніңіз?! Авторды аяққа салуға менің арым жібермес. Тек Қалыңдық пен Ананың монологын тереңдеткім келеді. Автор қанша дегенмен ер кісі емес пе? Әйел тұрғысынан шамалы кеңейтсем деген едім, — деймін ақтала.

— Әуелі жаз. Аудармаңның деңгейін оқыған кезде көрерміз, — деп аға әңгімені аяқтады.

Қадірменді оқырман! «Қит етсе Райымбек Сейтметовке жүгінгені несі? Онсыз ештеңе жазуға, қоюға мүмкіндігінің болмай, шамасының жетпегені ме?» деген сұрақ туындап жатса, еш өкпе-лемен. Шындығына келсек, театр әлемінде болмаған, кәсіби мамандықты о баста игермеген мендей жанның тура жолдан адастырмайтын «Маягі» болуы керек. Менің Маягім — Райымбек аға. Күллі драматургияны зерттеген, елуден аса спектакль қойған ағдай ұстазды өнер жолында кездестіруім — өмірден алған ең үлкен сыйым. Сол себепті, менің әрбір жазған пьесам, аудармам, қойған спектаклім әуелі Райымбек ағаның талқысынан өтуі — заңды құбылыс деп қараңыздыр. Қазіргі күннің адамдарында мәдениет пен өрлеудің трамплині мегополистегі қалаларда ғана деп есеп-

тейді. Тандаған кәсібіңнің жолында үлкен жетісіктерге жеткісі келсе, міндетті түрде орталық қалаға кету керек деген ұғымның санамызда қалыптасқаны соншалық, Алматы, Астанадан басқа жерде өнердің жолы болмайтындай, ешкімге керек болмай қалатындай үрей қаумалайды. Райымбек аға керісінше, астананы тастап – туған жеріне, Түркістанға оралды. Аға арқылы – өнер әлемі оралды. Аға: «Мен келдім. Маған жағдай жасандар», деп ешкімге міндетін артқан жоқ. Білегін сыбанып, күрес жолына күмп етті.

...Кентауға бірде Асанәлі Әшімов ағамыз келді. Қыс айы болатын. Атақты ағаның қонақ боп келгеніне күллі кафедра шапқылап, шашбауын көтеріп жүрміз. Кешкісін Райымбек ағаның үйіне қонақасы ішуге кеткен болатын. Ертеңіне таңертеңгісін кафедраға келіп, студенттермен, оқытушылармен сұхбат жасайды. Соңынан шай үстінде:

– Райымбек, мынандай суықта жылы үйден безіп, тас-боран үйде тұрғанға қалай шыдап жүрсің? Театрдың ашылса жақсы, ашылмаса неғыласың? Өстіп жадап-жүдеп жүре бересің бе? Меніңше Түркістанда театрдың ашылуы – утопия. Жасың келген шақта жылы үйінде, бала-шағаның ортасында отырмайсың ба?! Сен мықты екенсің. Сенің орнында болсам, ары кетсе бір айдан соң кетіп қалған болар ем, – деп таңырқай басын шайқады. Сол сәттегі Асанәлі ағамыздың сөзінде шындық болатын. Ол – Райымбек ағаның «театр ашылады» деген үмітпен, алыстағы Түркістанда бұрынғының дәруішінше күй кешуінде. Алматыдан келгендердің барлығы: «О, Реке! Сіз мұнда қайдан жүрсіз?!» дегеннен сөзін бастайды. Бәрі таңырқай қарап, таңдайларын қағады. Іштерінен күліп тұрар бөлкім. Сол сәтке салғанда ол құбылыс – заңды құбылыс еді. Жастық жалынынан қайта бастаған жан Түркістанда не бітірмекші деген пікірдің қалыптасқаны соншалық, кейбіреуі Райымбек ағаға жаны аши, аяй қарайтын. Аға бәрін сезіп, көріп тұрса да мойымай:

– Көресіндер әлі, менің театрым ашылғанда керемет, тарихи, ұлттық маңызы зор дүниелерді тамашалайтын боласындар, – деп құлшына поэзиясын оқитын. Бүгін өткен күндерге тандана қарап, сол қиындыққа Райымбек ағаның қалай шыдағанына таңдай қаға қарайсың. Түркістан топырағы бекерден киелі атанбаса керек. Әзірет Сұлтан – Әмір Темір – Абылай хан бабаларымыз салып кеткен сара жолдың, Райымбек атымен жалғасуы заңды сияқты. Ағаның рұқсатын алысымен аудармаға кірісіп кеттім.

Өмірдің өзі қас-қағым сәттен тұрады ғой. Сол сәтке қайғы да, бақыт та сыйып кетеді. Кейде көптен күткен бақыт — қайғымен қосарлана келетінін қайтерсің?! Алла тағаладан асқан шебер жоқ деп ойлаймын. Тағдыр өзі улаған жерін — өзі жалап жазады. Қалыңдықтың монологы кезінде жаным ерекше толқыды. Жаңа ғана сүйем деп серт берген жанның, қас-қағым сәтте сырт бергенінен асқан опасыздық бар ма екен? Жүректегі жалындаған махаббаттың демде өше салғаны қалай? Арапшы сөздің — аяулы махаббат сезімінен асып түскені ме?.. Өз бақытын таппай, жалғыз ұлын бақытты еткісі келгені үшін Ананы күстаналауға бола ма? Бүкіл трагедия — еркектердің махаббатқа тұрақсыздығынан боп тұрған жоқ па? Барлық еркекке топырақ шашу артық болар, бірақ осы пьесадағы әйелдердің қасіреті — еркектердің опасыздығынан болып отыр. Бір жағынан Күйеудің әлсіздігінің бір ұшы Анада жатқан секілді. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіремін деп жүріп, ұлының көлеңкеде өскен шөптей солғын, әлсіз боп қалғанын өзі де байқамай қалады. Кім біледі, адамдар неге қателеседі? Не үшін, қалай? деген сұрақтардың жауабын ешкім айта алмас. Себебі әр тағдырдың өз құпиясы бар.

Қалыңдық: «Қырық байлам күдігімді шеше алмай жүргенімде, кенет сен пайда болдың. Сенімен бірге алаулап таңым, желбіреп күнім шықты. Сен мені «махаббат сезімінің қанатына қонып, көк аспанға шарықтап ұшамыз. Көк аспаннан қос жұлдызды бақытымыздың куәгері етіп белгілейміз» деп сендірдің... Содан соң... Қанаттарымды қиып, жерге аяусыз лақтырып жібердің» дейді.

...Сүйгенінен түңілу неткен қасірет! Осындай қасіретті кешіп тұрған жан өзін қалай ұстау керек? Міне, осындай сұрақтарға жауап іздей отырып, аудармамды бітірдім. Аудармам Райымбек ағаға өте ұнады.

— Мен қойған пьесаның сөздері мұндай емес. Мынау тұнып тұрған қасірет қой. Құдай қаласа мұны Марекеңнің өзіне көрсетесің. Сол кезде автор риза болады.

— Шынымен ұнайды деп ойлайсыз ба?

— Мықты аударма. Оңайгүлдің өлеңдері нәр беріп тұр. Сіз өзі Оңайгүл мен Байджиевті үндестіріп жібердіңіз ғой, — деп аға ризашылығын білдірді.

...Оңайгүл Тұржанова — менің Абайдан кейінгі сүйікті ақын-ым. Өлеңдері тұнып тұрған сурет.

Ұзақ түнім,  
Шынында,  
Таңға айналып барады.  
Кеседегі мұңым да,  
Қарға айналып барады.

– Керемет емес пе?! Кеседегі мұңның – қарға айналғанын көз алдыңызға елестетіңізші?!

...Бірде Райымбек ағаға бір қағазға қол қойдыруға кірдім.

– Қағазыңды қоя тұр. Отыр. Мен саған керемет өлең оқып берейін, — деп алдындағы газеттен өлең оқи бастады. Шынында керемет өлең екен.

– Қалай? — деді аға оқып болысымен.

– Керемет?! Кім жазған өзі? Сөз саптауы ерекше екен, — деймін таңырқай.

– Оңайгүл Тұржанова деген ақын қыз.

– Аты Оңайгүл болғанымен, өлеңі оңай емес екен, — дедім сүйсіне.

– Мынауың нағыз «Қиынгүл»!. Мұндай теңеулерді көрген емеспін. Сұмдық қой?! Мынау нағыз «екінші Абай!» — деді аға ерекше шаттанып. Сөйтті де, дереу телефонмен «Егемен Қазақстан» газетіне телефон соқты. (Өлең осы газетке басылған болатын) Редактормен тілдеспек болып еді, ол кісі болмай шықты. Әдебиет бөліміне звондап, Оңайгүлдің атына рахметін айтты. Ағаның телефон соққаны Шерхан Мұртаза ағамыздың құлағына шалынса керек. Сол жылы Оңайгүл Тұржанованың шығармашылық кеші Алматыдағы ғалымдар үйінде өтіпті. Сол кеште Шерхан ағамыз:

– Оңайгүлдің поэзиясын сонау Түркістанда жатқан Райымбек оқып, редакцияға телефон шалыпты. Қазақтың сөзінің мәйегін сорған Райымбек қой ол. Қазақтың сөзінің қадірін білсе — Райымбек білсін! Райымбектің тіліне іліккен поэзия — бақытты поэзия! — депті.

– Міне, қандай мықты ақын, ә?! — деп аға, Оңайгүлдің поэзиясын қайтара оқып жатты. Ағаның көп қасиетінің бірі — мықтының мықтылығына сүйсіне, талантқа табына білуі. Сол күннен бастап Оңайгүлдің өлеңін іздеп жүріп оқитын болдым. Алматыға барғанда Оңайгүлдің кітабын ала келуді ағадан өтіндім. Көп ұзамай, Алматыға, үйіне барғанда Оңайгүлге жолығып, кітабын алып кеп берді. Өлең кітап менің бас жағымнан орын алды. «Қалыңдықтың» екінші сахнасын Оңайгүлдің:



Ақ сәуле іздеп түнектен,  
Сандалып ойым сан барды.  
Нәзіктігі жоқ жүректен,  
Мықтылық іздеп нем бар-ды, —

деген өлең шумағынан бастадым. Шынында, нәзіктігі жоқ жүректен — мықтылық бола ма екен?

— Пьесаның аяғында психологиялық нүкте керек сияқты. Оңай-гүлдің өлеңдерінен іздеші, — деді аға. Ойлана келе, Қалыңдықтың налыған жүрегінің шерін жеткізетін де өлең жолдарын таптым.

Мың сауал қойдым,  
Ұлық күн,  
Бір жауап айтар түрі жоқ.  
Қолыма қысқан үміттің,  
Сабағы қалды,  
Гүлі жоқ.

— Браво, Оңайгүл! Оңайгүлден артық айту мүмкін емес. Бір шумақ өлең — бүкіл пьесаның жүгін арқалап тұр. Міне, нағыз ақындық тереңдік!

— Сен бұл пьесаны қашан қоймақсың? — деп аға маған сынай қарады.

— Әуелі «Өзіміз ғой, өзімізді» қойсам деймін. Комедиямен жұмыс жасағым келеді. Егер жақсы боп жатса...

— Комедиямен жұмыс істегенің дұрыс. Дегенмен, актерге комедия ойнау жақсы ғой шіркін. Комедияға бәрі сияды. Драмада еркін сілтей алмайсың. Комедияға төрт аяқтап жүрсең де жарасымды, — деп сөзін аяқтады.

Пьесаның ерекшелігі — бір кейіпкердің екі рөлді бірдей атқаруы. Бастапқы сахнада соттың рөлінде отырса, қас-қағым сәтте Ана рөліне ауысып кетеді. Өте күрделі. Мизансценаға қалай шығарымды білмей дал болдым. Қиналғанымнан Райымбек ағаға бардым.

— Е, «Қалыңдық пен күйеуді» М.Әуезов театрында қойдым ғой. Онда сахнада айналатын шеңбер бар. Жарығы жеткілікті. Қазір есімде жоқ. Мен оны ертеде қойдым ғой, — деп аға кілт тоқтап:

— Не болды, қиналып жатырсың ба? — деді.

— Қиналғанда... Бір кейіпкер екі рөлді қатар ойнайды ғой. Біздің айналатын шеңберіміз жоқ, жарығымыз да жоқ. Не істерімді білмей тұрғаным.

– Ә, солай де, – аға сәл ойланып алды да: – Сен былай ет. Сахнада жарық аз, шеңбер жоқ деп есепте. Сен шеңбердің қалай сахнаны ауыстыратынын көрген жоқсың ғой?

– Жоқ. Көрген емеспін.

– Ендеше шеңберді жоқ деп есептеуіңе жеңіл. Мәселен, оның ешқайсысы болмағанда не істер едің?!

– Не істегенде...бір амалын табармын, – дедім күмілжіп.

– Вот! Сол амалынды жаса.

– Сонда қалай?!

– Солай! Жарық аз, шеңбер жоқ жерде спектакль қоюым керек деп есепте де қоя бер.

– Жарайды ендеше, – деп ілби басып ағаның кабинетінен шықтым. Дайындық бөлмесіне барсам әртістерім күтіп отыр екен. «Не де болса бастайын. Жүре келе жолын табармын» деп нартәуекелмен дайындыққа кірістім. Бір жағынан Райымбек ағаның бірден мизансценаны көрсетіп бермегені дұрыс болды. Қиналсам да өзім шешімін таптым. Осы күндері Райымбек ағаның сол кездері көп нәрсені өзіме салып, араласпағанына дән ризамын. Егер ылғи араласа берсе арқа сүйеп тез шындалмас па едім кім білсін?.. Райымбек аға «мен сені сығандарша тәрбиеледім» деп күлетін. Сығандар жаңа туылған сәбиді бөшкедегі мұздай суға матырып алады екен. Егер суыққа төзіп аман қалса қалды, қалмаса өкінбейді екен. Демек, осал болғаны. Мен де беймағлұм әлемге көзімді тарс жұмып кіріп кеттім. Енді қайтсем де жол тауып шығуым керек. Әйтпесе күлкі болғаным. Сондықтан да өршелене күресудемін. Сахнаның ауысуын психологиялық мінез бен музыка арқылы шештім. Режиссер үшін драматургияның мықты болғаны өте маңызды. Менің Мар Байджиевті ерекше жақсы көретінім – драматургиясының шымырлығы. Спектакльді халыққа шығармас бұрын Райымбек ағаға көрсеттім. Ағаның пікірі – спектакльді көрсетеміз бе, жоқ па тағдырын шешеді. Спектакль ағаға ұнады.

– Өте жақсы. Мизансценаларында «грязь» жоқ. Сен соңғы сахнада күйзеліп тұрсың, – деп Күйеудің рөліндегі Нұржанға бұрылып:

– Сен күйзелу процесінен өтіп кеттің. Бітті. Шынымен сүйген адам бір ауыз сөзге ерер ме еді?! Сен сүйіктіңнен гөрі – жалаға сендің. Демек, соңғы сахнада күйзелуің сенімсіз. Ал, сен Айсулу, (Ана–Сот рөліндегі қыз) монолог кезінде айқайлап кетіп

жатырсын. Әрине сен жассың. Ананың қасіретін түсіну ауыр. Бірақ, өзгенің қасіретін естігенде жанымыз ашып жылап жатамыз ғой. Неліктен? Өйткені, ана адамға деген жанашыр сезіміміз оялды. Ананың тағдыры аяныш тудырады. Өзі қандай бақытсыз болса, жар дегенде жалғыз ұлы да бақытсыздыққа ұшырады. Осыны қабылда. Айқайлама. Ішке сал. Жанынды тебірент, — деп тоқтады.

— Қалыңдық қалай? — дедім қобалжып.

— Қалыңдық жақсы. Жақсы түсінген. Азды-көпті жетіспей жатқан жері ойнала келе орнына түседі. Қазіргі кезі өте жақсы. Ештеңені мүлт жібермей тұр, — деп аға көзілдірігін қалтасына салып жатып. Қалыңдықтың ағаға ұнағанына жүрегім жарылардай қуандым. Ағаның көңілінен шыққанға актерлерім де қуануда.

Отбасындағы әр баланың өмірге келуі қаншалық естен кетпес қуаныш болса, әр спектакльдің сахнаға қойылуы театр үшін соншалық үлкен қуаныш. Ал, енді кафедра аясында спектакль қоюдың қаншалық қазабат екені айтпаса да түсінікті болар. Сахнада сот пен үй ішін білдіретін декорация болуы керек. Мәдениет сарайына барып сахнаны қалай бөліп, не зат қою керектігін ойластыра бастадым. Үй ішін бір диван, бір кресло, журнал үстелінің үстін телефон, трюмолы айнамен жабдықтауым керек. Үйдің ішінен жаңа құрылған жас отау екені білінуі үшін сахнаның төр жағынан екі кулисаны біріктіріп шымылдық жасауды шештім. Енді қалғаны соттың орны. Сахнаның есігі бар шетінен соттың үстелін қоюым керек. Себебі сот сырттан кіруі тиіс. Әрі бірыңғай. Соттың орны мен үй ішінің арасы тым алыс болмауы керек. Егер алыс болса сот Ананың сахнасына үлгере алмай қалады. Міне, осындай есебі дәл сахнаны жабдықтау жеңілге соққан жоқ. Әбден тозығы жеткен мәдениет сарайынан көп нәрсені талап ете алмайсың. Аяқтары зордан ілініп тұрған трюмо мен үстіне отырсаң «бажылдай» жөнелетін диван, креслоны мәдениет сарайынан таптық әйтеуір. «Бай тандайтын заман қайда» демекші, осыған да құдайға шүкір деп қуандым. Соттың үстелі екені белгілі болуы үшін елтанбаның суретін салдырдым. М.Байджиевтің кереметтігі, ксйіпкерлері ұлтқа бөлінбейді. Ол кейіпкерлер барлық ұлтта, барлық мемлекеттерде өмір сүреді. Өйткені олар жалпы адами тағдырдың салмағын арқалап тұр. Сатқындық, опасыздық, ғашық болу, махаббатты аңсау — күллі адамзатқа тән мінез. Ең қысқа ғұмыр — адамның ғұмыры. Әйтсе де, қысқа ғұмырдың

ішінде опасыздық, қиянат, сатқындық жасап үлгереміз. Күлкілі... Қиянат жасаған адам, күндердің күнінде алдынан қиянатының өгеуі шығатынын біледі ме екен?! Ойлай ма екен?! Әй, қайдам... Егер ойланса, қиянатқа барар ма еді?! Басымызда бақ тұрғанда ойлануға мұршамыз жоқ. Көзімізге ол бақ мәңгілік сияқты боп көрінеді. Бірақ ол мәңгілік пе?! Араға уақыт салып бағымыз тайғанда жанұшыра қарманамыз. Ұшқан бақтың себепкерін өзгенден іздеп, күдіктенген кісіге күйе жағып, даттап шыға келеміз. Өйткені, кінәні өзгеге аудару жеңіл! Ол адамды қарғау, кінәраттау жанымызға ләззат енгізеді. Сол кезде біз, себептің ішіне үңілеміз бе?! Жок. Біріншіден өреміз жетпесе, екіншіден үңілмеу ыңғайлы. Ал, үңіле қалған жағдайда «ыржия» қараған өз бейнемізді көреміз. Әрине, өз-өзінді кінәлау ыңғайсыз. Себебі, біз өзімізді періште деп қабылдауды үйренгенбіз. Кейде, тіпті өзімізден басқаның бәрін ақымақ, ойсыз деп есептейтінімізді қайтерсің?! Ең сорақысы, біле тұра сатқындық жасайтынымыз. Неге?! Оны біліп болған ешкім жоқ. Абай ағамыздың қара сөздерінің ащы болуының мән-мағынасын мен енді түсіндім. Өмір деген философияға үңіле қарағанда, өмірдің өтпелі екендігін көресің. Егер біз, өмірдің аққан су екенін бір сәтке мойындасақ, бәлкім қателікке бармас па едік?! Әй, қайдам... Пендеміз ғой!.. Сондықтан да қателікке ұшыраймыз. Тіпті, өзгеге сену арқылы, сүю арқылы да қателік жасаймыз. Бірақ, тап сол сәтте қателікті көруге сезім түйсігіміз жете бермейді. Тіршілік өз дегенін орындайды. Ол ешқашан қарайламайды. Сондықтан да біздер, пенделер жанталаса жармасамыз. Қолымызға мықты ескек түссе, өмірді қажетінше есіп өтсек деп жанұшырамыз.

Күндердің күнінде қолынның қары талып, ескегің күл-талқан болған кезде айналамызға аңырая қараймыз. Қарасаң, бәрі өзгеше... Ешкім сені танымайды... Кеше ғана алдында құрдай жорғалап жүрген жәндіктер: «Сен кімсің?» дейді... Сол сәтте көзіңдегі қаптаған тұман сейіліп сала береді. «Не істедім?!» деп бармағымызды шайнайтынымыз да болады, «Неге істеді, не жаздым?!» деп өзгені жазғыратынымыз да табылады. Бірақ, бақытсыздықтың түп тамыры өзімізде!.. Әттең, мойындауға мұршамыз, жігеріміз жоқ. «Қалыңдық пен күйеу» спектаклінің адамдарға ой салатын маңыздылығы зор. Әрине бұл спектакльдегі Күйеудің сатқындығын «қатерлі ісік» деп айтпауға да болар. Бірақ, сатқындықтың ірі-майдасы, үлкен-кішісі жоқ. Өйткені, ол — өзгенің

жүрегіне қасірет шеккізді. Қалындықтың зар еңіреген қасіретті монологының өзі қаншалық десеңізші?! Опасыздықтың өтеуіне тек қалындық емес, Ана, болашақ сәби де душар болды. Тіпті Күйеудің өзі соңғы сахнада мәз болған жоқ. Егер көрермендер спектакльдегі оқиғадан ойға батып, кейіпкерлердің қателіктерін көкейлерінде сараласа біз үшін нағыз бақыт. «Өмірдің өгей шеше» екендігін жүрегі таза жандар ұғынса артық болмас еді. Ал, «Өзіміз ғой, өзіміз...» спектакліндегі Жепкетер арқылы, Күйеу арқылы көрерменге:

Ұттым дей бер жұрттың бәрін дос көрсен,  
Біттім дей бер жұрттың бәрін қас көрсен.  
Өзіне де әділ болу жеңілшеу,  
Бір өлімнің бар екенін ескерсең, —

деген Қадыр ақынның сөзін айтқың келеді.

Өкініштісі, өлімнің бар екенін біле тұра елемейміз. Елеуге, ескеруге «болсам, жетсем» деген құмарлық шіркін мойын бұрғызбайды емес пе?! Бәлкім, тіршілік құрғыр сонысымен тәтті шығар. Әйтсе де, саналы көрермен «Қалындық пен күйеу» спектаклінен сапалы ойды зердесіне тоқып кетеді деп сенемін.

2000 жылдың 22-мамыр күні болашақ театр үшін ерекше бақытты күндердің бірі боп енді. Бүгін — премьерә!

Халық көп жиналды. Көктемнің жайма-шуақ күні, адамдарды үйге сыйғызбай, тысқа итермелеп тұрғандай. Жасыл жапыраққа малына бастаған ағаштар сәнді киім киген сұлудай сылаң қағады.

Нұрлы күн, ұзақ қыстан титықтаған қала тұрғандарын мейлінше жарылқағысы келгендей, шуағын аямай себуде. Көктемнің күні бойға желпініс беріп, желіктіре түскендей. Қысқы киімін тастап, жарасымды жеңіл киінген адамдардың жүзі гүлдей жайнап шыға келген. Шіркін көктем! Мен қаңтардың қақаған аязында дүниеге келгенмін. Сондықтан ба, көктемді өте жақсы көремін. Көктеммен жаңа тіршілік бастау алып, жаңаша жоспар түзе бастайсың. Осындай мамыражай күнгі премьераның басты тақырыбы махаббат жайында болуында табиғи заңдылық бар сияқты.

Спектакльдің басталғанын білемін, қалай аяқталғанын білмей қалдым. Жаным бір тарының қауызына түйілгендей күй кештім. Ананың монологы. Айсұлу ұстап тұра алмай қалды. Бажылдап кетті. Әрине, спектакльдің өне бойынан өткен көрермен өте жақ-

сы қабылдауда. Оны тек мені мен Райымбек аға ғана байқадық деп ойлаймын. Жасы 25-ке толмаған жас қыздың Ана ролін толық меңгере алмауы өмірдің тауқыметін кешпегендігінен болар. Әрине, актерлер жас. Дегенмен басты мақсатқа жете білді. Менің де айтпақ ойым, көздеген мақсатым орындалды.

## ЖЕТЕЛЕГЕН БЕЛЕСТЕР

Алдымызда тағы бір алатын белес — «Көк түріктерді» түрікше ойнау. Күнделікті дайындықта түрік тілімен жұмыс жасау процесін меңгерудеміз. Өзге тілде сөйлеу бар да, сахнада ойнау бар. Күрделі дүниені өзге тілде бүкіл тебіренісін, қаракетін сақтай отырып сөйлеу — үлкен ауыртпалық екені даусыз. Біздің жастар түрікше тез жаттығып, тілдерін қалыпқа келтіріп қалды. Түрік тілі жаңаша және Түркия түрікшесі боп екіге бөлінеді екен. Түркия түрікшесі біздің қазақшаға ұқсас. Түбіміз бір түркі тілдес елдер емеспіз бе, мән бере оқысаң түсінуге болады. Біздің қаншалық дайын екенімізді жуырда, қазанның 25–30 аралығында болатын «Ата Түрік» халықаралық конгресінде ойнауымыз көрсетеді. Бұл конгреске Түркиядан 200-дей адам келеді екен. Қазанның 23-не Райымбек аға, мен, Арман үшеуміз спектакль қоятын сахнаны көруге Түркістанға бардық. Бар-жоғы жылжымалы үш штанкетті көргенде не күлерінді, не жыларыңды білмейсің. Қандай сахна қор болған! Әр жерден сықсиган прожекторларын көргенде жүрегің ауырады. Аға қанша уақыттан бері прожекторларды қостыру мәселесімен шапқылағанымен, небәрі бес прожекторды қосымша қойдырыпты. Қайтып келе жатқанымызда Райымбек аға күйініп:

— Шіркін, өнерінді бағалайтын елің болса, төккен теріңнен ләззат аласың ғой. Бірақ, балапан басымен болып тұрған заманда, құрсағыңда түк жоқ халық өнерді қайтсін. Адамды тұрмыс билеп тұрған кез ғой. Билік басындағылар халықтың қамынан гөрі — қалтасының қамын көбірек ойлайды. Ондайлардан не пайда?! Мүмкін, жағдай жақсарар, ел басын көтерер. Бұлай тұра бермес, — деп қинала күрсінді. Арада жылдар өткен соң бұл сөздер оқырманға күлкі шақыруы мүмкін. Себебі Райымбек аға арманына жетті. Театры ашылды. Бірақ, сонау 1999 жылдары өмірдің салмағы, азабы басқаша болатын.

27-қазанда Түркістандағы университеттің жаңа мәдениет сарайында «Көк түріктерді» түрік тілінде ойнадық. Мәдениет сарайының өз прожекторлары жарамсыз болғандықтан, университет басшылығы Алматыдан үш күнге «Мюзикленд» фирмасының қуаты мықты прожекторларын жалға шақыртыпты. Күндізгі сағат үштерде жарықпен жұмыс істеуді бастаған едік, сағат жетілерге қарсы зорға аяқтадық. «Мюзикленд» фирмасының жігіттері жарықты алдын-ала компьютерге жазу керек деген соң, күллі сахналардың жарық өзгерістерін ежіктеп отырып жаздыруға тура келді. Адамдарды жарықпен қамту үшін артистерімді өз сахналарындағы орындарына қадап қоямыз. Жарық пен музыканы ұштастырамын деп жүріп Райымбек аға әбден сілеледі. Оның үстіне сахна машинисті деген атымен жоқ, орнына өзіміздің іліп, ауыстырып отыратынымызды есепке алсаңыз, Райымбек ағаның қалай жынды боп кетпегеніне таң қаласың. Репетиция біткен кезде, ағаның тілі құрғап, көздері кіртііп, қолдары дірілдеп кетті. Кейін медициналық сараптама кезінде ағаның қанында қанттың көбейіп кеткенін айтыпты. Ол кезде қанының құрамындағы қанттың күшейіп жатқанын ағаның өзі де білмеген еді. Қант ауруына – жүйкенің жұқаруы, стресс бірден-бір себепкер екенін ескерсек, мынандай жаңталастан ағаның қанты көтерілмегенде, кімнің қанты көтерілсін?! Спектакль кешкі 20.30-да деп белгіленген болатын. Ең қызығы – үш күндік прокатқа 4 млн. теңге төлепті! Небары үш күнде 4 миллион теңге тапқан «Мюзикленд» фирмасы неткен бақытты?! Сол ақшаға тап сол прожекторларды сатып алып, басыбайлы қолдануға болады ғой?! Ерігіп отырып 4 миллион теңгені сыпырып әкетіп бара жатқан фирманың жігіттеріне ішім күйе қарадым. Міне, бизнес дегенің қайда жатыр?! Жарықтың қай жерде жанып-өшіп отыратынын айтып отыр деп аға мені фирманың операторларының қасына қадап қойды. Жарықтың ауысатын кезін кем дегенде екі-үш минут бұрын айтып отыруың керек. Әйтпесе үлгермейсің. Шіркін, жаңа техникамен – жаңаша жұмыс істеу не деген рақат! Құдай қаласа кейін біздің театрымызда осындай жаңа техникалар болады деп іштей армандап қоямын. Спектакль өте жақсы өтті. Тек, Күр Шадты ойнайтын Ержан Исатаев сөзінен жаңылып кідіріп қалды. Сахнада актерді құтқаратын – серіктесі. Толы Ханды ойнап жүрген Айдар Наурызбаев тығырықтан құтқарып қалды-ау әйтеуір. Ержанның ұмытып тұрған репликасын аузына салып жіберіп еді, Ержан шап беріп жалғас-

тырып кетті. Менің қара терім бұрқ етті. Конгреске тек Түркиядан емес, түркі тектес елдерден келген 120-дан аса ғалымдар келген болатын. Олар үшін тың дүние. Сонау түріктер қағанатының құлауы мен өрлеу тарихын көз алдарында жаңғыртып жатқан біздің өнерімізге көрсеткен ілтипаттары ерекше болды. Спектакль біткен соң көрерменнің қол соққанын көрсеніз. Көрерменнің бәрі Райымбек ағаның қолын қысып, бетінен сүйіп, құттықтауда. Зия Башқан мен Кемал Зейбек мырзалар Райымбек ағаны кезек-кезек құшақтайды. Мен үшін спектакльдің біткені — дауыл болып өткенмен бірдей болды. Қазақша болса ештеден қорықпайсың ғой. Сөзінен жаңылған күнде, ұйқас сөзбен жатыстырып жібереді. Түрік тілін санап жатпаған артист үшін, ұмытқан сөзін ауыстырып жіберетіндей сөзді білмеуі қандай қиын?! Өзге тілде ойнап жатса, көрермен сол тілде сөйлейтін болса, жанының ерекше қысылуын айтпаса да түсінікті болар. «Басқа тілде ойнау — академтеатрдың мықтыларының да қолынан келмейді» — деп аға ерекше мәз боп қуануда. «Ең әдемі келіншекті» түрікше ойнағанмен, «Көк түріктерді» түрікше ойнаудың парқы бар. Себебі, «Ең әдемі келіншек» біріншіден — өз замандастарымыз. Екіншіден — оқиғаның арқалап тұрған жүгі тұрмыстық деңгейде. Ал, «Көк түріктер», біріншіден — оқиға заманымыздың басындағы 630-шы жылдарда болса, тақырыбы — тарихи кезеңді қамтиды. Кейіпкерлері де көп. Костюмдердің ауысуы, сахналардың өзгеруі, жарықтардың өзгеруі сикты техникалық ауыртпалығы өз алдына. Осындай қыруар тірлікті игерген Райымбек ағаны қандай тенеуге сайып мақтасаңыз тіліңіз жетпес. Дегенмен, біздің жас актерлердің от пен судан таймай, қиындықты жеңе білгендері, бойыңа мақтаныш сезімін ұялатады. Райымбек ағаның спектакльді түрік тілінде ойнатқандағы мақсаты тек Түркияға бару, аралау емес — түркі тектес ұлттардың басын біріктіру, достастыру. Бұл идеологияны Райымбек аға жақсы түсініп, сол жолда күресіп жүргенін өзгелер түсінбей, түсінсе де түсінгісі келмей кері тартқылайды. Оған бола мойып, қарап отыратын аға жоқ. Өмірдің мәні — жолыңда көптеген кедергілердің кездесуінде ме деймін?! Егерде, менің де жолымда мықты кедергілер болмағанда, шығармашылығымның жетілуі баяу болар еді. Менің әлде сорым, әлде бақытыма орай, мансабы жағынан менен жоғары тұрған жандардың жиі қарсы кездесуі өзіндік нәтиже берді. Сол кедергілерден өтем, жеңем деп жүріп өнерімді шындай түстім. Кейде «мені жой-



мақ» болған кісілердің, қалай «өсіріп» алғандарын байқамай қалғандарына күлкім келеді. Бір данагөй: «Менің мықтылығым – мықты жауларымның арқасында» – деген екен. Бәлкім, өмір мектебінен өткендіктен болар, оқығанымды тез ұғып, пьесаны талдауды тез игердім. Драматургияның кереметтігі – адам жанына керектің бәрін бір жарым, не екі сағатқа сыйдыра алатындығында. Ендігі кезек – «Өзіміз ғой, өзімізді» сахналандыру. Райымбек ағаның «музыкалы етіп қой» деген ақылы тамаша болды. Өзі де жұлқынып тұрған дүние, желіп шыға келді. Ол әрине, кейін, сахнаға шыққан кезде. Әзірге оңайға түспей тұр. Менің санама Станиславскийдің «режиссер, спектакль қоймас бұрын пьесаның идеясын айқын көріп, алға қойған мақсатын – пьесаның идеясымен ұштастыра отырып шешуі керек. Мақсат айқын болған кезде актерге ойнау жеңіл тиеді» – деген сөздері қатты әсер етті. Демек, ең бастысы – пьесаның идеясы. «Өзіміз ғой, өзімізге» келетін болсақ, Итбай мен Ақпагүлдің қасіреті Жепкестер мен Жабысқақгүлдің қатігездігі – тап бүгінгі қоғамда өршіп тұрған індет. Жабысқақгүл мен Жепкестердің жауыздығы арқылы көрерменге ой салуға, мейірімсіздіктен аластатуға жол саларлық спектакль етіп қойсам деймін. Идеясын түсінгеніммен, актерлерге түсіндіре алмай көп қиналдым. Осы күнгі тәжірибем болса қиналмастан бөлшектеп беруге болар еді. Сол кездегі тәжірибемнің аздығы көп ізденуге, ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндерге душар етті. Жепкестердің мінезін айшықтау үшін ерекше жүріс, күлкі қажет сияқты.

– Нұржан, қане әртүрлі комедиялық жүрістердің түрлерін салшы, – деймін Жепкестердің рөліндегі әртісіме.

– Ой, апай, жүрісін өзгертпесе болмай ма екен? Мінезбен-ақ жасайын да, – деп әртісім бой бермейді.

– Комедия жанрында тек сөзбен емес, іс-қаракетпен де шешу керек, – деймін қайталап. Егер Райымбек ағаның тәжірибесіндей мүмкіндігім болса, әрине екі сөзге келмей орындауға, ізденуге тырысар еді. Менің тәжірибемнің әлі «шикі» екендігін артисім де сезіп, жұмыс істегісі келмей тұрғанын біліп тұрмын. Әйтседе қайтпай, табанды түрде талап ете бастадым. Нұржан әрі-бері жүріп, әртүрлі қаракетке сала бастады. Жепкестердің жүрісіне сәйкес жүрісті еш таба алмай қойды.

– Өй, жүріссіз-ақ ойнайыншы, – деп әбден шаршаған Нұржан отыра кетті.

– Жок, болмайды. Жепкетердің жүрісі мен күлкісінде жалған жағымпаздық пен дүниеқоңыздық тұруы керек, – деп мен де қайтпаймын.

– Туһ апай! Қайтіп жүр дейсіз?! Менің бар жүрісім осы, – деп әртісім қарап отыр.

– Ендеше рөлден аламын. Актер ешқашан «жасай алмаймын» демеуі керек. Қашанда «жасаймын» деуі керек, – деп мен де ашудандым. Алғашқы режиссуралық жұмыстарым кезінде «қоя алмай қалсам қайтемін?..» – деген ой миымды сығып тұратын.

Қарашаның аяғында бір топ жастарды бастап Райымбек аға Түркияға гастрольге кетті. Әртістерімнің бірнешеуі сол топтың ішінде кететін болды. Амал жоқ, спектакльді тоқтатуға мәжбүр болдым. Қанша жерден қынжылсам да, көнуге мәжбүрмін. Райымбек аға Түркияға кетер алдында бөлмесіне шақыртты. Барсам, аға қалың қара кітапты оқып отыр екен.

– Кел, отыр, – деп көзілдірігін шешіп, үстелге қойып жатып, – мына кітапты саған беремін. Татарстанда менің Туфан Минулин деген досым бар. Өзі кәсіби актер, әрі драматург. Мына кітабына жақсы комедиялар басылыпты. Әсіресе «Диляфрузға төрт күйеу» деген пьесасы жақсы. Бұл пьесадағы Ғалым ағайдың рөлін Туфанның өзі ойнаған.

– Диляфрузды төрт бірдей күйеу айттырады ғой деймін шамасы. Идеясы қандай? – дедім кітапты қолыма алып жатып.

– Бұл пьеса біздің «Беу, қыздар-ай» спектаклінен соң жазылған. Былайша ұқсастығы бар. Оқиғасы жеңіл. Жастарға арналған музыкалы комедия. Сен аудармадан тәжірибе жинап қалдың. Енді осы комедияны аудар. Біз түркі тектес ұлттардың туындыларын қоюымыз керек, – деп аға сөзін түйіндеді. Кітапты ашып, оқиян десем біртүрлі, түсініксіз. Алғашында байқамай қалыппын. Енді қарасам, басқа тілде?!

– Мынау қай тілде жазылған? – деп аңырайып ағаға қарадым. Менің түрім күлкілі болса керек, аға мұртынан күліп:

– Татар тілінде, – деді бүлк етпестен.

– Татар тілінде?!

– Иә, татар тілінде. Онда тұрған не бар? Райымбек ағаның «бүлк етпеген» түрін көріп не күлерімді, не жыларымды білмей сасқанымнан:

– Аға-ау, мынауыңызды қайтіп аударам?! Мен татарша білмеймін ғой?!

— Түк те қиындығы жоқ. Қазақша «күйеу» — татарша «күйә». Қазақша «Диляфрузға» — татарша «Диляфрузә». Көрдiң бе, еш қиындығы жоқ. Біздің «ұ, ғ» дыбыстарымыз татаршада жұмсақ дыбыстарға айналады. Түбіміз бір түркі ғой. Сөздерінің түбірі ұқсас, — деп аға міз бағатын емес.

— Мың жерден түбіміз бір болса да, мен ешқашан татарша сөйлесіп көрген емеспін. Оны былай қойғанда, сөйлесу өз алдына, әдеби тілде аударма жасау өз алдына, — деп шыр-пыр болдым.

— «Көз — қорқақ, қол — батыр». Түк те қиыны жоқ. Аударасың. Әлі осы комедия театрыңды асырайтын болады. Рахметінді сол кезде айтасың, — деп Райымбек аға «әңгіме бітті» дегендей рай танытқан соң, амал жоқ қара кітапты құшақтап орнымнан тұрдым. Есіктен шығып бара жатқанымда:

— Мен Түркиядан келгенімде аударма дайын болсын, — деген ағаның үні естілді. Мен «естімеген» боп есікті жаптым. Себебі, қандай да бір себеп айтқаным ағаның дәлелі дайын екені белгілі. Әрине, арада 2-3 жыл салып аудармамның шын мәнінде қасалық комедия болатынын сол сәтте білген жоқпын. Тап қазір білетінім — қалай аударам?! «Орысша болса бір сәрі, татаршадан аудар дегенді қайдан тауып алды!» деп ағамен іштей ұрысып келемін. Үйге келген соң қара кітапты сөреде тұрған кітаптардың арасына «сүнгітіп» жібердім. Кешкі асты дайындап, балаларды тамақтандырып, сабақтарын тексеріп болдым... Байқаймын, әрі-бері өткен сайын сөреде тұрған қара кітап көзіме оттай басылады. «Бәрібір аудармаймын» деген оймен қара кітапты сөренің түпкір жағына тастап, бергі бетіне басқа кітапты қойдым. Міне қызық?! Көзіме түспегенімен, ендігі жерде қара кітап көкейімнен кетпей қойды. Ақыры қара кітапты қолға алуыма тура келді. «Диляфруз» деген таныс сөзді тауып алып ары қарай оқимын. Түк түсінбеймін. Енді не істеймін?! Есіме Сәлима апай түсті. Сәлима апай қазаққа күйеуге шыққан татар қызы. Туыстары Татарстанда тұрады. Өзі жас кезінде Қазақстанға жолдамамен жұмысқа келген жерінен қазақ жігітіне күйеуге шығып, осында тұрып қалады. Сәлима апай — менің көршім. Көп қабатты үйлерде тұратын біздің күніміз қысты күні өте ауыр. Жылуды ұмытқалы қай заман?! Үйіміздің ішінде пальто, табанына қалың ұлтарак салынған мәсімен жүреміз. Соның өзінде қара табаныңнан өткен сыз — шекеңнен бір-ақ шығады. Сөйлесек аузымыздан бу бұрқырап тұрады. Бөлмелердің қабырға бұрыштарында кәдімгідей мұз тұра-

ды. Адамның шыдамында шек жоқ қой шіркін?! Сол азапқа төтеп бердік. Сондай қарлы, суық күндердің бірінде кітабымды арқалап Сәлима апайға бардым. Мән-жайды түсіндіріп ем, апайым көмекке бірден келісе кетті.

— Ой, Саечка, мен қазір оқимын, сен мән беріп тында. Егер мен оқып отырған кезде түсінбеген сөздерің болса мені тоқтат, — деп, апайым татаршалап оқи бастады. Міне, қызык?! Оқып отырса бәрі түсінікті сияқты. Түсініксіз жерінде тоқтатып сұраймын. Сәлима апай еш жалықпастан қазақша баламасымен салыстырып түсіндірсе, оп-оңай сияқты. Шынында қызык комедия екен. Диляфруз деген қыздың суреті журналға шыққан замат жігіттер «арадай қаптап» кетеді. Әсіресе Шәкірдің рөлі өте күлкілі, ұтымды екен. Бәрінің бір ғана әлектері — қызға жағыну. Диляфруздың Сәжида деген жүзіктің көзінен өгіп тұрған пошта таситын күрбысы бар. Сол оқиғаның өрбуіне тікелей өсер етеді екен. Оқиға барысы 1960 жылдары колхоз жастарының басынан кешірген көңілді хикая тұрғысында өтеді.

— Сәлима апай, түсінбеген жеріме көмектесесіз ғой,ә? — деймін.

— Әрине. Бірақ жұмыстан кешкі сағат 19.00-де келемін ғой.

— Ештеңе етпейді. Түсінбеген сөздерім болса сол 19.00-де звондаймын. Әйтеуір ренжімесеніз болды, — дедім Сәлима апайдың ыңғайына көне. Алғашында қатты кібіртіктегеніммен, келе-келе жатық аударма бастадым. Күндіз бірінші курс студенттерімен «Актер шеберлігі» пәніне сабаққа жүгіремін. Кәсіби мамандыққа дайындайтын пән болғандықтан, түбегейлі дайындықпен бару керек. Егер, қосымша сабақ болса жарасы жеңіл. Болашақта жейтін наны актер мамандығы болғандықтан, өнер жолында қауқарсыз боп қалмайтын дәрежеде дәріс беру керек. Ол үшін — оқытушының теориялық білімі терең болса студентке түсіндіру жеңілге түседі. Станиславскийдің ғылыми зерттемелерін қазақшаға аударғанымды пьесамен қабаттастыра жазуды тоқтатқаным жоқ. Ғылыми ізденісімнің арқасында сабағым да қыза түсті. Жұмыста жүріп миымнан үйдегі аударма шықпайды. Сол 1999-жылдың суық желтоқсанын — шығармашылық бақыт жылытты. Кешке жарық жоқ. Күніне 4 сағат қана беріледі де, кешке қарай өшіріп тастайды. Жарықтың жоқтығына мән беруге уақыт жоқ. Үстелге балауыздарды жағалай қоямын да жаза беремін. Сол жылдары жапондық керогаз деген шықты. Соляркамен жанатын бітелі пеш. Бір

ыңғайлысы – көтеріп алып, бөлмеден – бөлмеге көшіріп жүре бересің. Қызуы бір бөлмені жылытуға жеткенімен, екінші бөлме тас емен боп тұрғаны. Қолайсызы – солярканың исі шығып, басынды ауыртады. Жерінің асты мұнай мен газ кен байлығына шылқып жатқан Қазақстан халқының ХХІ ғасыр табалдырығын жылу мен жарықсыз қарсы алайын деп жатқаны – Еуропа елдерінің миына кірмейтін трагикомедия. Жылудың жоқтығына көндігуге болады екен. Бәрінен де жарықтың жоқтығын айтсайшы?! «Жұт – жеті ағайынды» демекші, сол жылдары қыс айлары ұзақ, ерекше қарлы, суық болды. Тіпті сәуір айында көшеде сірескен мұз жатты. Кейде жаз ешқашан түспейтін, қыс – мәңгілік құсап көрінетін. Осындай кезеңді Райымбек аға еш мойымастан басынан кешірді. Біз тіпті «Райымбек аға шыдап отырғанда, бізге не жоқ» дейтін болдық. Айта кетері, қыстың қара суығы ағаның тәніне қатты өтсе керек, ағаның аяқтарына жара шығып, екі бірдей табаны үлбіреп түсіп қалды. Ағаның терісі сыпырылған аяқтарын кереуетінің аяқ жағына асып қойып жатқанын көргенде, айқайлап жібермес үшін еріксіз аузыңды басасың. Бұл ауру, қатты суықтағаннан болады екен. Үйі де суық, жұмысы да суық болған соң ауырмай қайтсін?! Көңілін сұрай барған адамға: «Түк те етпейді. Жаман терім сыпырылып, астынан жаңа, таза терім шығады», — дейтінін қайтерсің?! Өйтпесе күйреп қалатынын сезсе керек. Біздер жастықтың оты жалындап демекші, ағамен салыстырғанда жеңілдеу өткердік. Соған қарамастан шығармашылық өміріміз қызып жатты. Аударманың қызығы келеңсіз тіршілікті елететін емес. Кейде бір сөзге түсінбей қалсам, ары қарай кете алмай тұрып қаламын. Ал, сосын сағаттың 19.00-ге жетуін күт! Сағаттың тілі қалай 19.00-ге жетті дегенше, дереу телефонның құлағына жармасамын. Телефоннан Сәлима апайдың: «Сая, сенбісің? Мен әлі аяқ киімімді шешкен жоқпын. Қазір шешінейін. Бір минут күте тұр», — деген дауысы естіледі.

– Иә, қай сөзге түсінбедің?

– Туһ, Сәлима апай...деп бастап, түсінбеген сөздерімді оқи бастаймын. Сәлима апай аударып бергенде мән беріп қарасам оңай сөз екен. Не күлерінді, не жыларынды білмейсің. Осылайша өзіндік қиындығымен күлкісі қабаттасқан «Диляфрузға төрт күйеу» пьесасын аударып біттім. Арасында кейіпкерлердің бір-қакпай өндері бар. Оларды мағынасына қарай құрастырып жаздым. Аударманың қаншалық дәрежеде екеніне Райымбек аға

ғана төрелік айта алатындықтан, ағаның Түркиядан қайтуын тағатсыздана күттім. Бір күні «Райымбек ағайлар жаңа жылды Түркияда қарсы алады екен. Елге жаңа жылдан соң қайтады екен» деген хабар алдық. Ал, ендеше! Демек, тағы да қызықты шығармашылық жұмысын іздестіру керек. Меніңше күнделікті өмірінді күйкі тірліктің шеңберіне салып қою күнә сияқты. «Өмір» деген ұғымның иелері арасында ең саналы тіршілік иелері адамзаттың өмірі небәрі 80—90 жыл болуы өкінішті. Көпшілігі ол жасқа жетпей кетеді. Демек, аз ғұмырда — көп нәрсені үлгеруге асығасың. Ғұмырыңда артыңда өшпестей із қалдыру — нағыз бақыт. Аз ғана ғұмырын тек байлық пен мансаптың жолына арнаған жандарды аяу керек. Өйткені, өмірде рухани биіктіктің барына ол бейбақтардың өрелері жетпейді. Мен әрдайым ұлы адамдарға қызығамын. Өзі өлгенімен, артында қалған ісі өлмеген адамдар неткен бақытты?! Мольердің «Мещанин во дворянстве» деген пьесасын оқып ерекше таң қалдым. XVI ғасырда жазылған пьеса — бүгінгі күннің машақатын арқалап тұр. Ақшасы көп, даңғаза — ақсүйек болғысы келеді. Ақсүйектердің нақышын жасауды үйрену үшін түрлі мамандарды шақырып, ақшаға жалдап, сабақ алады. Ақсүйектіктің қанмен келетінін қайдан білсін?! Менің есіме ақын Фариза Оңғарсынова апамыздың:

«Шет елден келген қонақ менен «Еліңнің зиялысы бар ма?» десе, мен ұялмастан Райымбекті атар едім», — деген сөздері түсті. Адамға ақсүйектік, зиялылық ана сүтімен енеді емес пе? Өкінішке орай, бүгінгі қоғамда Журден сияқты ақсүйек болғыштар жетіп артылады. Нарық жүйесі басталғалы бері «қоғамның құлағын» ұстағандардың құрамы ала-құла боп шыға келді. Ел бастауға ұмтылғандарына еш қарсылығым жоқ, тек көпшілігінің ел ырысын еселеп қарпып қалғылары келетіні болмаса. Мансаптың маскасын киген байғұстар Мольердің Журдені сияқты есіре бастағанда қалай түңілмесе?! Мансап пен байлыққа қолын жеткізгендер бойын желік буып, аз ақылын «өзім білемге» балап, ақшасын судай шашып, күндердің-күнінде қасындағы досына «сен кімсіңге» басады. Осындай өресі қысқа, санасы сайыздар көпшілік пайызын басып шыға келгенде, иманынды үйіріп, «сақта құдайдан» басқа айтуға сөз таппай, пұшайман халге түсесің. Өнер адамдарының қолынан келері — қоғамның ісігіне айналғандарды сахнада соттау. Көкейдегі асыл ойды тұмшалаған өтпелі кезеңнен құтқарып қалатын — өмірінді рухани мұратқа арнау. Сол

жолда Райымбек ағаның көшбасшымыз болғаны қандай бақыт?! «Мен мұндалаған үрмелі даңққа ұмтылма. Өмірде өзіңнің кім екенінді дәлелдеуге ұмтыл. Тек өзіңе сен!» – деп Акутагва Рюнескэ қандай керемет айтқан?! Қазіргі күннің Журдендері – Мольердің кезімен салыстырғанда сорақылана түспесе, оңалған жоқ. Әсіресе, «қазір өнердің ешкімге қажеті болмай, құнсызданып тұрған күйі бар» деген кейіпкерінің сөзін оқығанда таң қалдым. XVI ғасыр ренессанс кезені, өнердің алтын дәуірі аталған ғасырда өнер туралы бұлай айтылса, нарықтың құлдырауына тап келген біздің күніміз не болмақ?! Апырым-ай, қай кезеңде болмасын өнердің күні осы екен-ау дегеннен басқа не айтарсың?! Әр заманның – өз Журдені бар. Журдендер, жайшылықта қасына баруға дәті бармайтын өнер тарландарын тойына долларға жалдайды. Теңгенің құны түсіп, шетелдің доллары атқа қонғалы қашан?! Қаржы саясатының сайқымазағына ұшырап, белгілі әншілер тоз-тоз болып, «суға кеткен – тал қармайдының» кебін киіп, Журдендердің ақшасына ән салып, би билеуге мәжбүр. Пьесадағы бишінің «бос құрсақпен өнерді өрге бастыра алмайсың. Өнерге сыңғырлаған дауысы құлаққа жағымды, пұлға томпайған әмиян да артықтық етпейді» деген сөздері, қазіргі күннің өнер иелерінің басына мықтап киілген тазтелпек. Қазіргі Журдендер «менің тойымда пәленше деген әнші 1000 долларға таң атқанша ән салды» деп шіренетінді шығарды. Замана келбетіне сәйкес боп тұрған соң ба, пьесаны аударуға құлшына кірістім. Мольердің мұңы – Райымбек ағаның мұңы тәрізді. Өнердің құдіретін аяққа таптағандар қалай өрекпиді десеңші?! Ақшалы болу аздық етіп, «ақсүйек» болуды көксейтін қуыскеуделерде ақсүйектік талғам мен ақыл қайдан болсын?! Пьесадағы түріктердің сахнасын оқығанда Мольердің өз қандасын аямай әшкерелегеніне таң қалдым!.. Журден, мансап үшін дінін сатады. Неткен ащы шындық?! Мольер, біздің ғасырымызды көзімен көріп отырып жазған сияқты. Осы күні кім көп – дінін сатқандар көп. Әсіресе, үлкен қалаларда өз дінінен безіп, өзге дінге ауып кеткен, мойындарына христиандардың крестін қолақпандай ғып тағып алған жастарды көргенде, еріксіз жағанды ұстайсың. Діни азғындау дегеніміз – заманның азғындағанының келбеті емес пе?! Атадан – балаға мұра боп қалған ислам дінінің күйі – Мольердің кейіпкерінің күйімен үндесіп тұр. Журден ақсүйек болу үшін еш ойланбастан мұсылман дініне ауысса, біздің жастар мұсылман дінінен жерініп, қап-

таған жат діндерге бас ұруда. Пьесадағы оқиғаның — қоғамның кейпінен хабардар етіп тұрғаны өте ұнағаны сонша, мен осы пьесаны тез арада аударып біттім.

## XXI ҒАСЫР

Желтоқсанның 31-жұлдызында XX ғасырдан XXI ғасырға өттік! Өмірге келгенімде екі ғасырдың өтпелі кезеңін басымнан кешіремін деп ойлаппын ба?! Екінші мыңжылдық күнтізбек бетінен орын алып, өзінің өкімін өткізетін болды. Мен үшін ерекше бір қуаныш, Елбасы Н.Назарбаевтың биылғы жылды — «Мәдениет жылы» деп атауы. Демек, театр ашылады деген үмітіміз ақталып, жүзеге асуы мүмкін. Шіркін, театр ашылса ғой?! Біз үшін одан артық бақыт болмас еді. Соңғы жылдары Президент әр жылды әр салаға арнап атайтын боп жүр. Оның бір жақсы жері — сол салаға көбірек қаржы бөлініп, жағдай жасалынады. Түркістанда театр ашылса, Йасауи кесенесінен кейінгі рухани орталық болар еді. Қаңтардың 4-жұлдызында Райымбек аға бастаған топ Түркиядан келді. Биылғы жылдың «Мәдениет жылы» болғанын айтып, ағадан сүйінші сұрадым. Ағаның жүрегі жарылардай қуанып жатыр. Ертеңіне аға Түркістанға, университет басшылығына сөлемдесуге кеткен болатын. Университетке барған жерінен Түркістан қаласының әкімі Өмірзақ Әметұлын кездестіреді. Әкім: «Реке, сіз маған Президенттің атына театр ашып беру туралы өтініш хатыңызды қатырып жазып берсеңізші. Мен тікелей Президентке жеткізейін», — депті. Оны естісімен Райымбек аға келе Президенттің атына «рухани астана» атанған Түркістанға театрдың қажеттігін айтып хат жазды. Хатты алып дереу Түркістанға, әкімге апарып беріп, қолына тапсырып келді.

— Әкім қандай адам екен? Өнерді түсіне ме екен? — деп сұрадым.

— Қайдам, әзірге құлшынып тұр. Арғысын өмір көрсетер. «Көңілдегі көрікті ой — ауыздан шыққанда өңі қашадының» кебін кимесек бопты да, — деді аға сабырмен.

— Театрдың Түркістаннан гөрі Кентауда ашылғаны дұрыс болар еді. Кентауда дайын тұрған театр бар ғой.

— Егер ашылса — Түркістанда ашылғаны жөн. Қазақтың үш жүзінің басын қосқан алтын қазық қой. Әрісі Әзірет Сұлтан, бері-



сі қазақтың игі жақсылары сонда жатыр. Қасиет дарыған киелі жерде театрдың ашылғаны рухани ордаға сай келбетке ие болады. «Кентау театры» дегеннен гөрі — аты алты алашка әйгілі Түркістан театры болғанға не жетсін?!

— Театр ашылады деген үмітіңіздің үзілмегенін Әзірет Сұлтан бабам білмей жатыр дейсіз бе? Бабалар әруағы қолдар. Ұзақ қиындықтан соң, жақсылық келмеуші ме еді?

— Е-е...шырағым, қиындықты кім көрмеді дейсің?.. Адам үміті үзілген күні — өлді деген сөз. Бұл баянсыз фәни дүниеден әркім өтер. Баянды мәңгілік пенде жоқ. Тек, істеген жақсы ісім баянды боп артымда қалса, одан артықты Алладан тілемес едім, — деп аға терең күрсінді. Заманынан озық туылғаны үшін қасірет шеккендердің алды-артында шек болған емес. Кешегі елі үшін еңіреген ерлердің жолын Райымбек аға жалғастырып жатқанда, қасірет қалай араласпай қарап қалсын?! Тек, артынан жарылқағай. Егер Елбасының ықыласы болса тілегіміз оңға басып, театр ашылуы мүмкін ғой. Райымбек аға тек Елбасына хат жазумен шектелмей, Мемлекеттік хатшы, белгілі жазушы Әбіш Кекілбаевқа, мәжіліс депутаты Шерхан Мұртаза ағамызға үстін-үстін театр ашуды қолдауын өтініп бірнеше рет хат жазды.

— «Тамшы тамса — тас жарар» деген емес пе? Әйтеуір құлаққағыс бола берсін де. Жиі-жиі сөз болса, бірде болмаса — бірде реті келіп қалғандай жағдайда «осы Түркістанға театр қажет-ау» деп айтылып кетсе деген далбасам ғой, — деп аға үнсіз қалды.

— Аға, «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деп Абай атамыз айтқандай, сіз адамшылық үшін жүйкеңізді жұқартып, жүрегіңізді ауырытып, қайрат жұмсап жүргеніңізді құдай көрмейді дейсіз бе?

— Е, аяққа оралғы кедергілерге бола бұғып қаларың мен емес. Алған бетімнен қайтпай, — деп серпіле сөйлеген аға:

— Сенің бірінші курсыңның «Актер шеберлігі» қалай болды? Балалардың бет алысы қалай? — деп сұрады.

— Жаман емес. Әртүрлі элементке байланысты этюдтерді импровизациямен жасаттырдым.

— Көктемгі семестрге не алмақсың?

— «Диляфрузға төрт күйеуді» алсам деймін.

— «Диляфрузға төрт күйеу?!» Аударып үлгердің бе?

— Жақсылы-жаманды аудардық қой әйтеуір.

– Оу, мен білген жоқпын ғой. Неге айтпадың?

– Айтқанда, сіздің мұршаңыз болмай кетті ғой.

– Енді соның бәрі театр үшін ғой. Қалай, татаршаның құлағында ойнадың ба? – деп аға күлімсіреп.

– Құлағында ойнамасам да, ерттеп міндім ғой деймін.

– Татаршаны қайтіп аударам деп жылап ең. Қалай аудардың?

– «Өлмегенге – өлі балық жолығады» демекші, Сәлима деген татар апайым бар еді. Сол кісі көмектесті.

– Е, «Ұра берсе – құдай да өледі» дегендей, сен қолыңа істі алмайсың, алсаң – түбіне жетпей тоқтамайсың, – деп Райымбек аға мәз боп қуанды: – Қане, аудармаң осында ма?

– Осында.

– Әкел! Оқиық.

Жүгіріп оқытушылар бөлмесіндегі сөмкемде жүрген қара кітап пен аудармамды алып, ағаның кабинетіне қайта келдім.

– Қане, кітапты маған берші. Мен татарша жақсы түсінемін ғой. Уфаның театрында «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуды» қойғанмын. Башқұрт пен татардың тілдері өте ұқсас. Айсұлу дегенді – Айһлу дейді. Так что, менен артық татаршаны білетін қазақты таппайсың! – деп аға көңілденіп қолына кітапты алып, пьесаны тауып алып, менің аудармаммен салыстырып оқып отырды. Байқаймын, ағаға ұнайтын тәрізді. Өлендерге келгенде кідіріп қалдым.

– Не болды? – деп аға көзілдірігінің үстінен қарап.

– І-і...Мына поэзияны жобалап аударма салдым. Мен акын емеспін ғой. Ұнамаса ренжіменізші.

– Е, кімнің аяғы аспаннан салбырап туды дейсің? Оқи бер. Жөнсіз жерін жөнге келтіреміз.

– Күлмейсіз бе?

– Күлетін жеріне неге күлмейді екенмін? Қорықпа. Оқи бер! – деп, аға дем бере жөткірінді. Амал жоқ, кібіртіктеп өлең жолдарын оқи бастадым. Бір жеріне келгенде аға «мырс» ете қалды. Мен кілт тоқтадым.

– Өленнің түр-түрі болады. Комедияның өленін жазуды «Өзіміз ғой, өзімізден» тәжірибе жинадың емес пе? Бұл пьеса одан да жеңіл комедия. Сондықтан жеңіл, айтуға ыңғайлы етіп өнде. Ал, сөйлем жолдарың ағып тұр, – деп мақтағанда, төбем көкке бір елі жетпей қалды.

– Студенттерден гөрі әртістерге неге бермейсің?

— Әртістерге де беремін ғой. Бірақ, студенттермен жұмыс жасағанда көбірек тоқталып, артық-кем жері болса тігісін жатыстырып жіберем бе дегенім ғой.

— Оның да жөн. Бірақ, аудармадан қорқатын ештеңесі жоқ. Әртісі болсын, студенті болсын ойнай беруіне болады. Аудармаң құтты болсын, — деп аға аудармамды қабылдады. Аударманың сәтті шыққанына қуанған мен енді Мольерді аударғанымды айтсам ба екен деген оймен кібіртіктеп тұрып қалдым.

— Бірдеңе айтайын деп пе едің?

— Аға, Диялфрузды бітірген соң, қарап жүрмейін деп Мольердің «Мещанин во дворянстве» деген пьесасын да аударып қойып едім. Бас кейпкері Журден деген біреу «ақсүйек» боламын деп әлекке түседі екен.

— Солай ма?! Ой, жарайсың! Сені осы «бір теңге беріп айтқызып — мың теңге беріп қойдыра алмай» жүрмесек болғаны. Мольерге екінің бірінің тісі бата бермейді.

— Тісімнің қаншалықты батқанын білмедім. Бірақ, пьесаның оқиғасы өте қызық екен. Журденнің бейнесін ұғыну қиынға түспеді.

— Оу, Мольердің Журденіне бүгін жылап көрісесің. Қазіргі Журдендер айналасын жұрдай ғып жатыр емес пе?! — деп аға іліп ала жөнелді.

— Мен бұл пьесаны жақсы білемін. Аудармаң қайда?

— Осында. Кафедрада. Бірақ, әлі компьютерге басып үлгермедім. Қолжазба түрінде оқи алар ма екенсіз?

— Ештеңе етпейді. Компьютердің шыққаны кеше емес пе? Біздің кезімізде қолжазба мен тракторша тарсылдаған машинкалардан әріпі қықы-жиқы басылған қағаздарды оқып, етіміз әбден үйренген.

— Ендеше тез әкелейін! — деп жүгіріп сөмкем тұрған бөлмеге кеттім.

...Арада жылдар салып қарап отырсам, Райымбек ағаның қырағы көзінен өтпеген бірде-бір шығармашылық кезім жоқ екен. Аға маған ылғи дем беріп, қорқақтап тұрған жерімде қол ұшын беріпті. Аға: «Талантқа да сүйеу керек. Станиславский — Станиславский болуы үшін, Морозов деген меценаттың көмегі мен Немерович-Данченконың сүйеуі қажет болған» дегенді жиі айтады. Мен бірде:

— Райымбек аға, егер сіз болмағанда өнер жолын табуым қиын еді. Сізге кезінде көмегін тигізген жандар болды ма? — деп сұра-

дым. Райымбек аға алысқа көзін қадап, ойға шомып, бірденені есіне түсіргісі келгендей үнсіз қалды. Біраз үнсіздіктен соң әңгімесін бастады.

## ӨТКЕН КҮНГЕ ОРАЛУ

— Мен өзім жас күнімнен ойын-тойға онша құмар болмадым, — деп аға сөзін бастады. Әкем дүниеден өткенде кішкентай бала едім. Ағаларым соғысқа кеткенде, үйде апам екеуміз қалдық. Менен үлкен ағам соғысқа бармағанымен, паровоз айдайды. Ащысайдың қорғасыны тиелген вагондарын күні-түні тасиды. Үйдің бетін көрмейді. Үй тірлігі апамның мойнында. Апам колхоздың жұмысына таң ата кетіп, күн бата келетін. Соғыстың азабын басымыздан кештік қой, — деп күрсініп тоқтап, сәлден соң әңгімесін жалғастырды.

— Әсіресе, апам екеуміздің түн ортасынан барып нан алуға кезекке тұратынымыз есімнен кетпейді. Кезекте тұрып әйелдер бір-біріне күйеулерінің, балаларының хатын оқып беретін. Есімде ерекше қалғаны — кезекте тұрған әйелдердің ән салғаны. Балалық сезімім бе қайдам, ән салған әйелдер шетінен әнші болатын. Әндері мұңға толы, сағыныш әндері... Атың өшкір соғыстың азабын қара қарын бала мен әйелдер, кәрі-құртаң көрді ғой. Ауылдың сыртында әскерлер дайындық жасайтын полигон болатын. Атысып, самолеттен парашютпен түсіп жатады. Біздерге бәрі қызық. Қазылған окоптардың ішінде атылған оқтардың гильзалары қалады. Бір топ бала солдаттардың кетуін аңдып тұрамыз. Солдаттар кетісімен жапа-тармағай теріп, көйлектеріміздің етегіне толтырып аламыз. Өзімізше атысып ойнаймыз. Шіркін балалық-ай десеңші?! Мен ашыған айранмен нан жегенді жақсы көремін. Сол, бала күнгі жеген дәмім есте қалса керек. Ол кезде нан жеу дегенің үлкен бақыт қой. Орыстың солдаттары үйге келіп: «Апа, айран бар?» деп сұрайтын. Апам марқұм, «Ойбу-у, менің құлындарым да осылар құсап соғыста жүр ғой» деп күбідегі айранды қотарып беретін. Біздің 1938 жылы туылған балалардың өзі, кешегі Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов сияқты саяси құрбандардың есесіне туылған секілдіміз. Тек мен емес, 1938 жылы туылғандардың көбісі белгілі ғалымдар, өнер тарландары, әйгілі академик, жазушылар боп шықты емес пе?!

Балалық шағым қиыншылықпен өтті. Бала күнімде өте жуас болдым. Мені бәрі «үлкен атаның кенже қызы» дейтін. Өте ұялшақ едім. Ең жақсы көретінім — қозы-лақпен ойнау болатын. Апам, ерте көктемде туған қозы-лақты үйге байлайтын. Ошақтағы отқа үстері кепкен соң, тәлтіректеп тұрып, үйдің ішін аралай бастайды. Мен қызық көріп сондарынан еріп жүремін. Келе-келе бірге ойнай бастаймыз. Керемет кезең еді!.. Екінші жақсы көретінім — кішкентай балаларды жұбатып ойнату. Көршілердің кішкентай балаларын жалықпастан қарап, ойнататынымын. Кешке мал келген сәтте шешелері мал сауып жатқан кезде балалары жылайды. Мен сол сәтті аңдып тұрып, жүгіріп барып жұбата қоямын. Жайшылықта балаларын бермейді ғой. «Атамның қызы» деуі содан болар сірә. Қанша жерден қасірет кешіп жүрсе де, сол кездегі адамдар бір-біріне мейірімді болатын. Бәлкім, бастарына түскен қасіреттің ауыртпалығының салдары ма қайдам, сол адамдардың мейірімділігінің басым болатыны. Бір үйде қайғы болсын, қуаныш болсын бәрі жабылып, ортақтасып көтеретін. Осы күні ғой, көп қабатты үйлерде тұрамыз. Бір есіктен кіріп жүріп кімнің-кім екенін танып-білмейміз де. Адамдардың ара-қатынасының сууы бәлкім содан болар. Мен өмір жолын бастағанда көп нәрсе басқаша болатын. Біздерде адамға деген ерекше сенім бар болатын. Менің шығармашылық қалыптасуыма әсер етіп, қамқорлық жасаған Нұрмахан Жантөрин, Сәбира Майқанова, Қалыбек Қуанышбаев, Серке Қожамқұловтардың ағалық ақыл-кеңестері көп септігін тигізді. Менің бойым ұзын, талдырмаш болатынымын. Ауылда қарапайым боп өскеннен ба екен, иығымды қуштыңқырап, бүкірейіңкіреп жүретінмін. Бір күні Нұрмахан ағам: «өй, сен неге бүкірейіп жүресің? Мынадай бойды екі бүктеп, қор ғып жүргенің не? Міне, былай жүру керек!» деп екі иығын тіктеп көрсетіп берді. Сол-сол екен, ылғи екі иығымды тіктеп жүретін болдым. Нұрмахан ағам жігіттің серісі еді ғой, шіркін. Әсіресе, Шоканның рөлін киноға түсіргендегі орыс офицерінің мундирін кие білуі, отырып-тұруы қандай керемет еді?! Нұрағаң маған Шокан боп орындыққа қалай отыруға шейін үйреткен. «Орындықтың шетіне отырсаң да бойыңды тіп-тік ұстауға болады» деп өзі әдемілеп бойын тік ұстап отырып көрсететін. «Сенің актерге лайық сырт пішінің, бойың мен ішкі жан-дүниенің сай келіп тұр. Бұл — актер үшін үлкен байлық. Құдай берген байлықты бағалай білу керек» деуші еді марқұм.

Осы жерде айта кеткім келген бір жайт бар. Райымбек ағаның сөзін кейін бізге Қарағанды театры гастрольдік сапарға келген жолы, осы театрдың директоры актер Кеңес Жұмабеков ағамыз: «Біздің студент кезімізде Н.Жантөрин «Мен Шоқанды иесіне (Райымбек Сейтметовке) өткіздім. Шоқан үшін жаным жайланды», – деуші еді деп растап еді.

– Демек, өнер жолында тәлім мен тәрбиесін аямастан бере білетін жандардың болғаны қандай жақсы?! – деймін сүйсіне.

– Нұрмахан ағамның бергенінен – берері көп еді ғой. Қолда барда алтынның қадірін білмедік. Әзекең (Әзірбайжан Мәмбетов) неге екені белгісіз, Нұрмахан ағама қатты өшігіп, сонына түсті. Жұмыстан кетуіне мәжбүр етіп, не керек, әйтеуір далада қалатындай дәрежеге жеткізді.

– Апырым-ай, сондай талантты актерге неге өшіккен?

– Араларындағы әңгімеден хабарым жоқ. Бірақ, Әзекеннің ішарлығы бар еді. Нұрмахан ағамның мінезі тік, тура сөйлейтін. Өмірі жап қалтасынан кітап үзілмейтін. Қашан көрсен кітап оқып отырғаны. Небір Мәскеудің режиссерларын театр туралы ой-пікірін талдағанда «тырп» еткізбейтін. Жас күнімде Нұрмахан ағама көп еліктедім. Көп үйрендім. Ол кісі «опасыз» деп сөйлейтін. Бірде, Орал жаққа гастрольге бардық. Бір күні Нұрмахан ағам: «Әй, Райымбек, бері кел» деп шақырған соң барсам, ортада әдемі сойылған сары қауын, қасында үлкен бір кесе қымыз.

– Әй, опасыз, қауын жейсің бе?

– Жеймін.

– Ал, ендеше же! – деп алдыма тілінген сары қауынды қойды. Мен тәтті қауынға тойып алдым. Нұрағам кесені алды да: – Ал, енді мына қымызды сімір, – деп кесені қолыма ұстатты. Мен үлкен кеседегі қымызды қауынның соңынан сіміріп жібердім.

– Ал, опасыз, асқазаның темір болмаса, көресіні көрерсің, – деп Нұрмахан ағам мұртынан күлді. «Оның не көрері бар?» деп мен жүрмін. Біраз уақыттан соң Нұрмахан ағам:

– Әй, опасыз, ішіңе ештеңе болған жоқ па? – деп сұрады.

– Ештеңе болған жоқ, – деймін түкке түсінбей.

– Тфу, асқазаның шынында темірден екен ғой, опасыз?! – деп Нұрмахан ағам таңқалады. Сөйтсем, қауыннан соң ішкен қымыз ішті қуады деп ойлап, мені бір қатырайын деген екен ғой марқұм.

– Апырым-ай, қауыннан соң қымыз ішсем, өз басым әндетіп реанимациядан бір-ақ шығар едім, – деп мен де таңырқай күлдім.

— Бала күнімде ашыған айранды көп іштім дедім ғой. Жазда Түркістан маңында өрік ерте піседі. Көкем базардан қоржынның басын толтырып әкелетін. Сап-сары уылжыған өрікті нанға қосып жеп алып, артынан ашыған айранды сіміріп салып, ойынға басытынмын. Бәлкім содан болар, асқазаным анау-мынауға былқ етпейді, — деп аға жаймен күліп.

— Жастарға еріп желігіп кетпей, режиссураға баруыңызға не себеп болды?

— Оқуды бітірісімен үйлендім. Келіншегім дәрігерлер институтының студенті болатын. Басымызда баспана жоқ. Тастақтың көшесіндегі жеке үйлерде, жағалай пәтерде тұрып шықтым. Қайбір жетіскен пәтер дейсің. Жертөле пәтердің іші қысты күндері азынап кетеді. Үлкен қызым қолымда, төсек-орнымды арқалап жылына екі-үш пәтер ауыстыратынмын.

— Неге?

— Кішкентай балаң бар, жылайды дейді де. Тіпті бір айда екі рет көшкен кездерім болды. Менің кішкентай жалақым мен келіншегімнің стипендиясы қай жыртқығымды жамасын. Күн көру үшін радиоға барып жазылып, киностудияға дубляж жасаймын. Маған радио көп көмек берді. Сөйтіп жүріп мұз айдынына барып коньки тебемін.

— Қалай үлгересіз?

— Жастық қой шіркін. Конькиім үнемі иығымдағы сөмкемде жүреді. Қалт еткенде жүгіріп барып сырғанап келемін. Мен жас күнімде тәп-тәуір боксер болғанмын, — деп аға мәз бола күлді.

— Шынымен бе?

— Енді қырып-жойған ештеңем болмағаныммен, ешкімге есемді жібермейтінмін. Әбдісалан (атақты боксер) бәріміз қатар жүріп, бірге ішіп-жеп, дос болдық. Екеуіміз жерлеспіз. Оның да тұңғышы қыз болатын. Менің кейде екі балаға бірдей қарап қалатын кездерім болды. Әбдісаланның да келіншегі студент. Өзі жарыстан-жарысқа кетеді. Сол күндер қызық екен ғой шіркін. Мен шаршау дегенді білмейтінмін. Театрда рөлдерім бар. Шығармашылық деңгейімді ұштау үшін режиссурамен айналысайын деген оймен Мәскеудегі жоғары режиссерлар дайындайтын курсқа оқуға түстім.

— Бала-шағаңызды қайттіңіз?

— Бала-шағаны наркомдар тұрған үйдегі пәтерге көшіріп кеттім.

– О?! Ондай үйден пәтерді қалай алып жүрсіз? Әлде ойнап айтып тұрсыз ба?

– Оу, ол өз алдына хикая.

– Ерінбесеңіз айтып берсеңізші.

– Оның саған қызығы бола қояр ма екен?

– Неге болмасқа? Мүмкін болашақта сіздің өмір жолыңыз туралы кітап жазармын.

– Е...Олай болса айтуға болады. Әзірге авансқа айта берейін. Кейін, мен өмірден көшкенде айта жүрерсіңдер.

– О не дегеніңіз?! Сіз ешқайда кетпей тұрып-ақ кітапты жазып, қолыңызға беремін, – деймін өзілдеп.

– Естір құлақ табылып жатса, айтар сөзді табамыз ғой.

Арғын, Найман жиылса,  
Танырқаған сөзіме.  
Кайран сөзім қор болды,  
Тобықтының езіне, –

болып жүрмесе бопты, – деді Райымбек аға күліп.

– Тобықтылар Абай арқылы атақтарының шығатынын білмей қалған ғой, аға. Қарымтасыз қайғы кешкен Абайға қарағанда сіз бақыттырақ боп тұрсыз. Қазақстанның халық әртісі, профессор деген атағыңыз бар. Сіз түңілетіндей себеп көріп тұрғаным жоқ. Әзірге тындайтын құлақ қасыңызда жүргенде айтар сөзіңізді аямай айта берсеңізші. Сіздің не үшін күрескеніңізді ертең кітап етіп жазып шыққанымда, тап сол адамдарға оқуға беремін. Тарих алдында беттері күйетін болады, – деп ағаның көңілін аулай сөйледім.

– Осылай алдап қоясындар ғой, өйтеуір, – деп ағаның қабағы жалдырай бастады.

– Сіз одан да бағанағы хикаяға оралыңыз. Мың жерден түңілгенмен тап қазір ештеңе орнына келмейді. Ең болмаса тарихтың беттерін толтыра берейін, – деп күлдім.

– Ау, ол шынында қызық хикая, – деп аға көңілдене хикаясын бастады. Кезінде Ілияс Омаров деген Мәдениет министрі болған. Өте білімді, ұстамды, жанашыр азамат еді марқұм. Театрға жиі келетін. Бірде Петропавл қаласының орыс театры Алматыға гастрольге келді. Актерлері шетінен Мәскеудегі театр институтын бітіргендер. Шетінен «сен түр – мен атайындар». Керемет спектакль қойды. Сұмдық аншлағ болды. Спектакль біткен соң Ілияс Омаров менің қолтығымнан алып:



— Райымбекжан, мына спектакль туралы не айтасың? — деп жай ғана сұрады.

— Керемет екен! — деп мен пікірімді жасырмай ашық айттым.

— Сен қалай ойлайсың, неге біздің әртістер осыларша қарапайым ойнамайды? Бірден айқайға көшеді. Неге мұндай нәтиже жоқ? — деп қинала сұрады. Менен не қажет деп сұрағанда, басымда баспанамның жоқ екенін айттым. Ол кісі «маған кел, мәселенді шешеміз» деді. Алдына барсам, хатшы қыз «әне-міне» деп еш кіргізбеді. Бір күні Қамал ағам (Қармысов): «Бала, үй мәселесі не болды?» — деп сұрады. Мен әлі министрге кіре алмай жүргенімді айттым.

— Әй бала, сен директордың бөлмесіндегі қара телефонды білесің ғой?..

— Иә, білем.

— Ол телефонмен тікелей министрмен сөйлесуге болады. Сен есебін тауып сол телефонды қолына түсір.

— Оу, Қамал аға-ау, директордың бөлмесіне қалай кірем? — деймін көзім бақырайып.

— Қорықпа, бала. Директор шығып кеткенде мен хатшы қызды алдандырайын. Сен сол кезде телефонмен сөйлесіп үлгер, — деді. Сонымен директорды аңдыдым. Бір күні директордың жоқ кезін пайдаланып қабылдау бөлмесіне бардым. Қамал ағам хатшы қызды әңгімеге алдандырып отырғанда зып етіп директордың бөлмесіне кіріп, қара телефонға жармастым. Абырой болғанда министр орнында екен. Мен аты-жөнімді айтып, өткенде өзінің берген уәдесін есіне салдым. Сол сәтте-ақ ол кісі дереу алдындағы басқа телефонды алып сөйлеп жатыр. Мен оны естіп тұрмын. Театрға басшылық жасайтын бөлімнің бастығына: «Жас актер Райымбек Сейтметовті жаңадан пәтер берілетіндер тізіміне қосындар», — деді. Ана жақтағы жаны қалмай жатқан болуы керек. Кейін өзім тексеремін деп нығыздап қойды. Министр ол трубканы қойды да, менің трубкама: «Райымбекжан, сенің мәселен шешілді. Пәленшеевке дереу бар», — деді де трубканы қойып қойды. Осы кезде хатшы қыз ойбайын салып кабинеттен қуып шықты. Салып ұрып айтқан адамына барсам, берілетін пәтерлердің тізіміне қосып қойыпты. Бірақ, үш-төрт күн күте тұрсаңыз. Ол пәтердегі ағамыз жаңа пәтерге ауысып жатыр еді деп өтінді. (Сол кезде өнер адамдарына жүз пәтер берілсін деген Орталық комитеттің шешімі қабылданған). Ойбай, мақұл, күтемін! — дедім де

кілтті алып, қуанышым қойныма сыймай үйге келдім. Мәскеуге ұшатын самолетке билетті алып қойғанмын. Келіншегіме кілтті беріп, мән-жайды түсіндірдім де, өзім Мәскеуге ұшып кеттім. Кейін өздері көшіп апты. Көшіретін не бар дейсің? Сәбит (Оразбаев), Асанәлі (Әшімов) үшеуміз үйленгенде бір-бірімізге сыйлаған диваннан басқа мүлік жоқ қой ол кезде. Отбасым құдай ондап, жаңа жылға дейін жылы, кең бөлмелі пәтерге көшіп алыпты.

— Шынында өте қызық хикая екен. Мәскеуде қайда тұрдыңыз?

— Театр студиясының жатақханасы болатын. Сол жерде бір бөлме алып тұрдым. Режиссерлар курсына оқып жүріп, студияда оқып жатқан қазақ студенттерге «Актёр шеберлігінен» сабақ бердім. Арасында театрлардың репетицияларына барып қатысып, режиссерлардың жұмысын зерттеп, тәлім алдым. «Таганка» театрында Любимов «Гамлетті» қойып жатқан болатын. Басты рөлде менің күрдасым В.Высоцкий. Любимов «Гамлетті» жоғарыдан күллі сахнаны жауып, түсіп тұратын тормен шешті. Ол торды бүкіл театр боп тоқыды. Арасында қолым қалт еткенде мен де тоқыдым. Тордың ерекшелігі — бұрап жіберсе орындық бола салады. Өте керемет шешім еді. Курстағы ұстазым Варпаховский деген мықты режиссер дәріс берді. Мінезі биязы, «сіз, көгершінім» деп сөйлейтін. Театрдың шығармашылық тобын басқару үшін темірдей тәртіп керек. Әрқайсысы өзін құдайдай сезінетін-әртіс деген халықты басқару оңай емес. Варпаховский, «ең мықты Ермолов театрын құлаттым» деп өзі айтып отыратын. Мінезі жұмсақ адам, бәрін аяйды. Аяғында біреу түсінсе, біреу түсінбейді. Ақырында өз еркімен театрдан кеттім дейтін марқұм. Өте білгір, мықты ұстаз еді. Товстоногов — өте катал, білгір, іскер режиссер болатын. Әрбірден айқайға басқанда, төбедегі сылақтар түсіп кетердей көрінетін. Бірақ театрдың қайта өрлеуі Товстоноговтың арқасында болды деп өзінің адамгершілік «әлсіздігін» мойындайтын.

— «Тәртіп жоқ жерде — театр жоқ» дегенді Станиславский бекерге айтпаған ғой. Тәртіптің қаншалық керек екенін мен өте жақсы түсінемін, — дедім күліп.

— Иә, сен де тәртіпті жақсы көресің ғой. Балалар біраз «бас-біліп» қалды, — деп аға қоштай күліп.

— Әлден бетімен кетсе, бара-бара не болмақ? Әлде сіз де Варпаховскийдің кебін кигіңіз келе ме? — дедім әзілдеп. Әр театрға бір Товстоногов керек шығар.

— Сенің басбілдіріп жатқандарың сарыауыз балапандар ғой. «Ермоловада» аузын айға білеген атақты әртістер бар ғой. Высоцкийдің өзі неге тұрады? Шынында темірдей тәртіп болмаса түк те шығара алмайсың. Станиславский — «Станиславский» болуы үшін қасында Немирович-Данченкодай мақсаттас сардары, досы, көмекшісі болды. Сен де маған үлкен көмек беріп жүрсің. Құдай қаласа театрымыз ашылғанда театрды басқаруыма көмектесетін боласың.

— Иншалла. Алдымен ашылсыншы.

— Ашылады. Түркістандай киелі топырақта театрдың ашылмауы мүмкін емес, — деп аға болашаққа үмітін үзбеген кейіпте әңгімесін аяқтады.

Өмірде қарапайым көптің бірі боп өмір сүріп, елеусіз өмірден өтіп кетіп жатқандар қаншама десеңізші. Меніңше өмірдің мағыналығын айналасындарға сезіндіріп, мойындаттырып отыратын Райымбек ағадай жандардың болуын тіршіліктің өзі қалайтын сияқты. Әйтпесе, тіршіліктің мәні жойылады емес пе?!

Райымбек аға ылғи:

«Актердің жұлдызын жарқырататын да сахна, көзді ашып-жұмғанша жоқ қылатын да — сахна. Сахна адалдықты, еңбекқорлықты талап етеді. Сахнаға тек адал еңбегіңмен сіңісесің» — дегенді жиі айтады. Бұл сөздер мен үшін құранның хадисіндей миыма сіңіп қалды.

Өз алдымызға театрымыз болмағандықтан университет басшылығына тәуелдіміз. Өнер кафедрасының 1-курс студенттеріне бөлінген аудиторияда сабақтан бос кездері репетиция жасаймыз. Оқу бөлімінен тексеру жиілеп, күндердің күнінде «дипломын алған мамандар университетте неғып жүр?» деген сөздер көбейе бастады. Шындыққа жүгінсек, дипломын алған мамандардың университеттің бір аудиториясына қамалып отырғаны расында миға сыймайтын нәрсе. Біз қай жетіскенімізден бір бөлмеге ұйлығып отыр дейсіз?! Басқа барар жер, басар тау болмағандықтан «бір тарының қауызына сыйып» отырған жайымыз бар. Дегенмен, қайта-қайта тексеру жүйкемізді жұқарта бастады. Шыдамы таусылған аға бір күні Түркістанға, университеттің вице-президенті Ювалы мырзаға Өнер кафедрасын Түркістанға көшіру мәселесімен кетті. Ювалы мырза қарсылық білдірместен Мәдениет орталығының жер асты қабатын (подвалды) және бірінші қабаттан үш-төрт бөлме берейік депті. Астыңғы қабаттың не

терезесі, не ауа жіберетін вентиляциясы жоқ. Адам түгілі, картошка сақтауға болмайды. Не де болса көзтүрткі болған Кентау бөлімінен кетуге бел шешкен Райымбек аға, жазғы сессия бітісімен Түркістанға көшетінімізді айтты. Үйренген жерімізден көшу жайсыз болғанымен, амал жоқ көшуге тура келді. Күнделікті жұмыс өз нәтижесін беріп, «Өзіміз ғой, өзіміз...» спектаклі де дайын боп қалды. Райымбек аға 8-наурызға қарсы қояйық деп ұсыныс жасады. Музыкалы жерлерін таспаға басып, жергілікті теледидарға беретін болдық. Спектакльдің шешімі, музыкасы, актердің ойыны ағаның көңілінен шығып, көрерменге шығуымызға рұхсатын берді.

2000 жылдың 10-наурызы біздің аз ғана шығармашылық топ үшін тарихи күндердің бірі болды. Бүгін — «Өзіміз ғой, өзіміз...» спектаклінің премьерасы. Спектакльге қажет декорацияны өте қарапайым етіп шештім. Спектакль екі актілі. Бірінші акт — Итбайдың үйі, екінші акт — Жепкетердің үйі. Сахнаға бір диван, Итбайға бір кресло, бір трюмо айна, диванның алдына кішкене үстел қою арқылы сахналық шешім жасадым. Итбайдың үйін — Жепкетердің үйіне айналдыруды ойлана келе диванжапқыштар арқылы өзгертуге шештім. Бірінші актінің соңында Итбай, қызы Жабысқакгүлді күйеуге берумен аяқталады. Үзіліс жасау біз үшін өте тиімсіз. Біріншіден ит байласа тұрмайтын мәдениет сарайының ішінде не буфет, не жылынатын бұрыш жоқ. Тон киіп отырған адам үсіп қала жаздайды. Егер үзіліс жасасақ, жаурағандар кетіп қалып, екінші актіні көретін жан таппай қаламыз. Сондықтан не де болса үзіліссіз ойнау керек. Сахнаның суықтығы сонша, Желдіргүлді ойнайтын актрисаға үстіндегі жеңіл пальтосымен ойнауға рұқсат беруге мәжбүр болдым. Себебі, актрисамның тап сол күні қызуы көтеріліп ауырып қалды. Пьеса бойынша киетін жеңіл киімді кесе, спектакльдің аяғына шыға алмай қалуы мүмкін. Сол себепті күллі кейіпкерлердің киімдерін қыс мезгіліне лайықтап киіндірдім. Костюм сатып алуға мүмкіндігіміз болмағандықтан, өркім өз тапқанын киді. Итбайдың үстіне киетін үй халаты мен қаладан келгенде киетін шляпасын, курткасын Райымбек ағадан алдық. Ағаның өдемі тері курткасы мен оған түстес қымбат шляпасының бар болғаны қандай жақсы болды.

— Райымбек аға, сіздің өдемі киінетініңіз қандай жақсы болды. Сіз болмағанда Итбайға киімді қайдан табар едім? — деймін күліп.

– Е-е...Мені берген құдай сендерді өлтірсін бе? – деп аға мұртынан күлді.

Спектакльдің алдында Райымбек аға сахнаға шығып сөз сөйледі.

– Құрметті халайық! Өздеріңізбен сахна төрінде жүздескеніме шын жүректен қуаныштымын. Сөздің басын осы залда отырған аруларды 8-наурыз мерекелеріңізбен құттықтаумен бастағым келіп отыр. Арулар күні 8-наурызбен шектелмейді. Арулар мерекесі көктемнің алғашқы күнінен бастап шуағын төгіп, жүрегімізге махаббат нұрын сеуіп, тіршіліктің жанын кіргізеді.

Құрметті қауым! Бүгінгі премьерамыз күлкімен басталып, қасіретпен аяқталады. Спектакльдің тақырыбы – бүгінгі күннің жағымсыз қылығына жол беретін ата мен баланың арасындағы қақтығыс. «Жалғыз ұл, жалғыз қыз» деп бетінен қақпай өсірген ұл-қыздарымыздың қартайған ата-аналарына шектіретін қасіретін бетке баса көрсетеміз. Ондағы мақсатымыз: спектакльді көрген көрермен ойланса, мұндай бейқасиеттен аулақ болса дейміз. Заманның ағымы ма, әлде адамның азғаны ма, бұрын-соңды қазақ ғұрыпында болып көрмеген, естісе ел шошитын «Қарттар үйі» қаптап кетті. Алақанына сап аялап өсірген ұл мен қыздар, ар-намысты қалтаға түйіп, ата-анасын көз жастарын көл қылып «Қарттар үйіне» өткізгенде ертеңгі күнін ойлай ма екен? Міне, ХХІ ғасырда індетке айнала бастаған осындай жағымсыз пиғылдан аулақ болуға шақыратын бүгінгі «Өзіміз ғой, өзіміз...» спектаклін А.Островскийдің «Свои люди сочтемся» пьесасының ізімен интерпретация етіп жазған және сахналандырған, жас режиссер Сая Тоқбалаева. Ендеше спектаклімізді бастайық! – деп сөзін аяқтап сахнадан түсті. Спектакль жақсы жүрді. Әсіресе, Жепкетер (Нұржан) шықты дегенше, көрермен қыран-топан күлкіге батып жатқаны. Әсіресе, «Ақшаны кімнен алады?» деп сұрайтын сөздерін, алғашқы қатарда отырған қала әкімінің бетіне қадалып қарап: «Ақшаны кімнен алады? Білмейсің, ә?!» – дегенде әкім мырза сасқанынан жерге қарағанда бүкіл зал ду күлді. Әбден жүйкемді жұқартқан Нұржаным, премьер күні маңдай терімді ақтады. Осы күннен бастап болашақ театрымыздың репертуар қоржынына тағы бір спектакль қосылды.

## ЖҮРЕКТІ ЖАРҒАН ХАБАР

2000 жылдың наурыз айы біз үшін — бақытты ай болды. Президентіміз Н.Назарбаевтың «Түркістанда сазды-драма театр ашылсын» деген жарлығы шықты. Міне, бақыт!!! Көптен күткен, зарыға күткен бақыт!. Көп тілесе — көл деуші еді, рас болды ғой деймін. Алла тағала көз жасымызды көріп, тарығып жүріп тілеген арманымызға жеттік! Наурыздың 3-і күні Түркістанның әкімі Өмірзақ Әметұлы, «Театр ашылуы туралы бұйрық шықты. Бұрынғы теміржолшылардың мәдениет үйін қайта жөндеуге қаржы бөлінді. Өзіңіз келіп кетерсіз» — деп ағаға телефон шалыпты. Хабарды ести сала Райымбек аға екеуміз Түркістанға құстай ұшып жеттік. Келсек, әкім жұмыстарымен облыс әкіміне кетіпті. Райымбек аға қаланың архитекторына телефон шалып, шақырттырды. Архитекторға әкім тапсырма беріп кеткен болуы керек, тез келе қойды. Бәріміз теміржолшылардың мәдениет үйіне барсақ, ескі стильде салынған, сахнасы алақандай ғана, іші кіп-кішкентай клуб екен. 1938 жылы салынған, кезінде Түркістанда салынған ғимараттардың маңдай алды болған көне ғимаратқа қалай өкпелерсің? Райымбек аға клубтың ішін аралап, еріп жүрген архитекторға сахнаны кеңейту, тереңдету, айналмалы сахна жасауды ерекше тапсырды. Өкінішке орай төбесі пәс, штанкет кетпейді екен. Қанша штанкет қоюға болатындығын сұрағанымызда: — Ары кетсе 5 штанкет. Оның өзі жоғары кете алмайды, — дегенді естігенде құлап қала жаздадық. Өліп-тіріліп қолымыз енді жетті ме дегендегі театрымыздың сикын көргенде, көңіліміз құлазып қоя берді. Әйтседе Райымбек ағаның жүйкесі төзімді емес пе, архитекторға лажы болса төбені ашып, штанкетті жоғары кететіндей мүмкіндігін қарастыруды түсіндіріп жатыр.

— Шырағым, бұдан басқа театр Түркістанға салынбайды енді. 1500 жылдық мерейтойды пайдаланып, ұлтымыздың өнерін дәріптейтіндей театр салуымыз керек. Болашақта бұл театрда күллі түркі халықтарының театр фестивалін өткізуіміз керек. Егер сахна кішкентай болса басқа театрлар келмей қояды. Ең бастысы — сахна. Жүрекжарды сөздерін Райымбек аға архитектордың құлағына құйып бергендей сөйлеуде. — Қай кезге бітірмек ойларың бар?

— Басшылардың ойынша 1500 жылдыққа қарсы бітіру жоспарланып отыр.

— Жақсы екен. Егер бітірсеңдер, шетелден келген қонақтарға көрсететін спектакліміз дайын.

Қалың ой пердесінің түкпірінде қиялдай көрінген театрымыздың болатыны жан-дүниемізді сиқырлап тастағандай сезімде жүрміз. Қиялдың — шындыққа айналатын кезі болатыны таңырқата есімізден тандыруда. Енді ше?! Қиялымыз қырық саққа бөлініп, жүрегіміз жаншылып жүргенде, сиқыршының таяғымен «жарқ» еткендей әсердеміз.

— Бұл театр — күллі түркі тектес ұлттардың кара шаңырағына, өнер ордасына айналады әлі. Ол күн үшін күресуіміз керек. Қара да тұр, Түркістанға келген жұрт әуелі Әзірет Сұлтанға сыйынса, екінші бас сұғатын қасиетті ошағы театр болады, — деп Райымбек аға тебірене сөйледі. Райымбек ағаның арманы Шекспирді есіме түсірді. Шекспирдің «Дауыл» пьесасында ханзаданың сиқырлы таяқшасымен аралдағы адамдардың барлығы адал, кішіпейіл, махаббат сезімдері жоғары етіп алынған. Мұндай арал тек Шекспирдің арманында ғана бар. Райымбек ағаның арманы Шекспирдің арманына ұласып жатқан секілді. Лайым жүзеге асқай!..

— Ескіні жамағанның — есі кетеді демекші, жаңа театр ғимаратын салудың орнына, 1938 жылы салынған ескі клубты жөндегені қалай? — дедім Кентауға қайтып бара жатқан жолда.

— Е-е...Қазақ қайбір сүтті сиырын береді дейсің? Талғамға қарай таңдайтын күнді бұйыртпай тұр ғой. Астанаға 2 миллион долларға шетелдік гольф ойынының алаңын салды. Ұлттық ойын болса бір сәрі, Американың гольф алаңын салғанымызға мәзбіз. Қазақтың данқын арттыратын өнерге келгенде бар нәрсе құрдымға кетеді. Әйтпесе, тұңғыш рет киелі топырақта ашылайын деп жатқан театрға ақша табуға болады ғой. Осыған да шүкір.

— Кеңес өкіметін көбірек сөгуді әдетке айналдырдық. Сол Кеңес өкіметінің өнерге деген көзқарасы керемет еді-ау.

— Қай өкіметтің дұрыс екенін білмей қалдық қой. Кеңес өкіметі кезінде әр спектакльді қоюға ақша бөлетін. Мүсірепов театрын басқарып жүргенімде мынандай бір қызық болды. Кезекті бір спектакльді қоюға 75 мың сом (ол кезде рубль болатын) бөлінді. Мен сахнаның шешімін тиімді етіп тауып бар шығынын 25 мың сомға тураладым. Мына қызықты кара! Мәдениет министрлігінің бухгалтериясы есеп-қисабымызды қабылдамапты. «50 мың сомды қайда жібереміз?! Ақша бөлінді ме, толығымен қолданыңыздар. Не ғылсаң о ғыл, 50 мың сомды толығы-

мен жарат» деп қағаздарымызды қайтарып жіберіпті. О-о! Ол кезде рахат еді ғой?! Театрдың коймасында мата дегенің бумасымен жатады. Декорация жасайтын цехқа қалың, керемет тактайларды төбесіне жеткенше жинап тастаушы ек.

— Нағыз коммунизмнен өтіп кетіппіз ғой, — деп күлдім.

— Қайсысының коммунизм екенін кім біліпті? Білетінім — театрға ерекше мән берілетін. 600 орындық жаңа театр салынса шіркін?! Жан-жақтан келген театрларды қабылдауымыз үшін — нағыз театр керек, — деп Райымбек аға алысқа армандай көз жіберді.

## КӨЛДЕНЕҢ КІРБІҢ ЛЕКТЕРІ

Арада көп уақыт өтпей көңілімізге кірбің, көкейімізге өкініш толтырған бір келенсіз оқиға болды. Жаңадан кұралып жатқан ұжымның, әсіресе кіл жастардан тұратын ұжымның өз қиындығы молшылық. Дегенмен де жастар емес пе, тәртіпке мойынұсына қоюлары қиын. Жастық албырттықтың өз жалыны тура жолдан тайдырып жіберіп жатады. Егер өмір бойы тура жолмен жүрсек, бұлтарыстың не екенін білмей қалар ма едік, кім білсін?! Жас ұжымның басын біріктіру — жалындаған отты жалаң қолмен ұстағанмен бірдей. Айтып тұрған сөзіңе миығынан қарайтыны жеткілікті. Жастық желікпен оңды-солды жүргісі, еркінсіп келгісі келсе келіп, келгісі келмесе үйінде қала салады. Егер ұжым басында 4-5 ақсақалдар болғанда басу айтып отырар ма еді?..Әйтеуір жастардың балалығы мен шалалығы қатарласа шалындырып жатқаны. Біздің енді тәй-тәйлап келе жатқан тарихымызда бүгін өрескел оқиға болды. Театрымызды қалауға күш салады деп үміт артып, үкі қадаған екі актерімізді жылдың басында жұмыстан шығаруға мәжбүр болдық. Айдар Наурызбаев пен Мұрат Құрманбеков екеуі мас боп студенттер жатақханасына барып айқай-шу шығарған. Таңертең жұмысқа келсек, жатақхананың коменданты жылап отыр. Ал, екі мырза жұмысқа келген жоқ. Маңдайын үкілеп отырған екі бірдей актерінің мына қылығына Райымбек аға қатты күйінді. Екеуі бұған дейін де ішкендері үшін бірнеше рет ескертуден алған болатын. Ертеңіне екі мырза бастары салбырап келіп тұр. Райымбек аға қалған әртістерді қоса шақырып жиналыс жасады. Әбден ренжіген аға:



– Айналайындар-ау, мен сендерді шашыратып алмас үшін бүкіл жүйкемді жұқартып жүрмін емес пе?! Студент кездеріндегі қылықтарыңа шыдадым. Ақылға келер, жауапкершілікті түсінер деп тонып, қараңғы тастай үйде кім үшін күн кешіп жатырмын?! Сендерді сақтап қалу үшін істемеген нәрсем жоқ. Құдай жарылқап, енді «аузым аққа тиді дегенде – мұрынды қанатсандар» өз обалдарың – өздеріңе! Шыдамның да шегі бар. Бұдан әрі шыдай алман. Бүгіннен бастап екеуің де жұмыстан шығасындар, – деп түңіле түйіліп тоқтады. Отырғандар жым-жырт. Бір жағынан екі жігітке жандары ашып, араша түскілері келетін-ақ шығар. Бірақ екеуінің қылығы шектен шығып кеткендіктен не деп арашаға түсерлерін білмей отыр-ау, шамасы. Әсіресе күллі басты рөлдерде ойнайтын Айдардың жұмыстан шығуы үлкен қиындық туғызайын деп тұр. Әрине, орнына ойнайтын адам табылады ғой. Бірақ, әлі буыны бекімеген студенттерді қайтадан рөлге қосып, нөлден бастап үйрету керек. Адамның жасағанын адам жасайды ғой. Әйтсе де үміт күткен актерлеріңнің болашақ тағдырын араққа айырбастағаны өкінішті-ақ. Арақ деген өзәзілдің тура жолдан тайдырып, өмірін аздыратын дүшпан екені саналарына жетсе жақсы. Жетпесе ше?! Аурудың алдын алу қорғанысы – ағаны қатты шешім алуға мәжбүр етті. Егер құрылғанына отыз-қырық жыл болған театр болса, «шыбын шаққан ғұрлы» көрмеуге болар еді. Мәселенің түйіні – бәріміздің қаз-қаздап енді аяққа тұра бастағанымызда болып тұр. Бұл оқиғаның арада жылдар салып жемісті нәтиже беретінін, Айдар мен Мұраттың театрдың белді актерлеріне, мақтанышына айналатынын сол сәтте әрине білген жоқпыз. Сол сәтте иығымыздағы жүктің ауырлай түскені хақ. Қазірден бастап тәртіпсіздіктің тамырына балта шаппасақ, театрымыздың талқаны шығары сөзсіз. Қатал тәртіпті өзгелерге үлгі болардай етіп жасау – ғасырлардан жалғасып келе жатқан заңдылық. Ол заңдылық жас ұжымға керек-ақ. Әрине, араға екі жыл салып екі актеріміз де өз ортамызға оралды. Өмірдің теперішін көрген тәжірибе нәтижесін бермей қалған жоқ.

Президенттің театрды ашу туралы жарлығы шыққанымен, облыс әкімінің асығар түрі жоқ. Райымбек аға Түркістанның әкіміне телефон шалса, қаражаттың жоқтығына байланысты театрдың биыл ашылмайтынын айтыпты.

– Актерлік штатқа қаржы бөлінгенімен, клубты театрға сәйкес қайта жөндеуге қаржы жоқ екен. Сондықтан өзірге театрды жауып қоймақшы, – деп Райымбек аға кейі сөйледі.

— Бөлінген штат ше? Оны неғылады екен?

— Не де болса штатты Кентауға ауыстыруым керек. Әйтпесе одан да айырылып қалармыз. Ертең облыс әкімі Бердібек Сапарбаевқа барамын, — дегенде Райымбек ағаның түрінде қайда қашарын білмей, торға түскен киіктің түрін көрдім. Орнынан тұрып, терезенің алдына барып, бейне бір жанын паналататын арал іздегендей:

Ем таба алмай,  
От жалындай,  
Толды кайғы кеудеге.  
Сырласа алмай,  
Көз аша алмай,  
Пендеге.

— Аһ! — дегенде Райымбек ағаның аузынан жалын атқандай көрінді. Аға күйінгенде ерсілі-қарсылы жүріп, қызу пікірін ортаға салатын. Сол әдетімен кабинеттің ішінде ерсілі-қарсылы жүр.

Қара басқан, қаңғыған,  
Қас надан нені ұғынсын?  
Көкірегінде оты бар  
Құлағын ойлы ер салсын.  
Тындамаса еш адам,  
Өз жүрегім толғансын.  
Әр сөзіне қарасын,  
Іштегі дертім қозғалсын.

— Әй, сорлы Абай ағам-ай?! Мен құсап күйінген сон айтқан ғой. Әйтпесе Абайда қайдан қайғы болуы мүмкін. Бай баласы. Өзі болыс болған. Бірақ, көрмеймісің, ішін дерт қаулап барады ғой?! Халқының надандығы айтқызбасқа қоймай тұр ғой. Сол қазақ — әлі күнге өзгерген жоқ.

Баяғы жартас — бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байкамас.  
Баяғы құлық, бір алдау,  
Қысыған жерде — жан жалдау.

— Неткен у мен зар?! Алдына барсам: — Оу, Реке, сізді көргеніме, қолыңызды алғаным бақыттымын, — дейді де айнала бере түк көрмеген бола салады. Театрды өз басым үшін ашам ба екен? Маған ештеңенің керегі жоқ. Бұл театр — Түркістанға, осы өңірде

тіршілік ететін халыққа, жастарға керек емес пе?! Тоғыз жолдың торабында тұрған Түркістанда театрдың болмауы тарих алдында күнә ғой?!

— Райымбек аға, әлі де болса күте тұрайық. Президенттің жарлығы шыққан соң болмай қалуы мүмкін емес. Әкімдерге де жан керек шығар, — дей бергенімде хатшы қыз кіріп, Түркістаннан телефонға сұрап жатқанын айтты. Райымбек аға телефонмен қысқаша сөйлесті. Университеттің ректоры, Түркістанға Президенттің келейін деп жатқанын айтып, жақсы концерттік бағдарлама жасауын өтініпті.

— Бәлкім, Жұрынов мырзаға актерлік штатымызды университеттің құрамына ал десем ба екен?..Сахна дайын. Жетпей жатқан прожекторларын қосымша алдырсақ қатып кетеді, — деп ойланып қалды.

— Сонда біз университеттің театры боламыз ба?

— Иә.

— Дырдай актерлік штатты мемлекеттен алып отырып, университетке кірме боламыз ба?

— Ой, жазған-ай, мені бір жетіскенінен кірме болайын деп жатыр деймісің?! Мына балаларды қайтсем таратып алмаймын деген жанталасым ғой.

— Апырым-ай, күллі штатты беріп отырып, ғимаратты бермеу қалай?

— Несіне танданасың?! Әй, құдай-ай?! Мен қойған «Бесеудің хатында» Шерағам жаман айтады ғой: «Біреуді шекесінен шертіп қалсаң соттауға заң бар да, ал, миллионды топалаң тигендей қырсаң оған заң жоқ», — деп. Сұмдық қой?! Отызыншы жылдары халық шыбынша қырылғанда ешкім ештеңе демеді. Ал, өкіметке қарсы бір ауыз сөз айтшы — бірден ату жазасына кеседі. Соны орындаушы Сталин емес қой, өзіміз!.. Әрине, Сталин басында тұр ғой. Бірақ, Қазақстанның қай түпкірінде не боп жатқанын қайдан білсін?! Бәрі өзіміз. Мінеки, көрмейсің бе, бөлініп тұрған қаржыны бұйыртпай отырғанын. Президенттің қолы қойылып, мөрі басылған соң не керек?! — деп Райымбек аға мұңлы сөйлегенде, ағаның үні кімнің де болса тұла бойын шымырлатқандай еді...

## КӨҢІЛДІҢ ТОЛҚЫН СӘТТЕРІ

Райымбек ағаның бір қасиеті — сұхбаттасын еш жалықтырмайды. Ағамен өткізген әрбір сұхбат сәттері көкейінді нұрландырып, жан-дүниенді биік деңгейге жетелейді. Сондай көкейден кетпес сұхбаттардың бірі — мектеп оқушыларының соңғы қоңырау мерекесіне құшақтарын гүлге толтырып кетіп бара жатқандарын көрген сәтте туындады.

Райымбек аға:

— Әй, айналайындар-ай, тағы да бір жылға есейетіндеріне қуанып бара жатыр ғой. Бала күнімізде ертерек есейсек деп армандаушы едік.

— Бала кезімізде есейгеннен еселеп еңбек ететінімізді қайдан білейік?! Әйтеуір тезірек мектептен құтылғымыз келетін.

— Иә, бәріміз есеюге асықтық қой. Біз Асанәлі (Әшімов) скеуміз Алматыға оқуға бардық. Алматыда ауылдың бір ағайыны тұрады екен. Ешқандай туысымыз емес. Жай ауылдас. Жеңгей өте жақсы адам еді. Өзіміз бес-алты адамбыз. Бір бөлмесін беріп қойды. Жарықтық жеңгеміз жақсы адам еді. Еш қабақ шытпайтын. Қазір қаладағы танысың түгілі, екі туып бір қалғаныңның үйіне баршы. Әрі кетсе бір күн қонарсың. Ертеніне кет демесе де, қабақпен білдіреді. Ол кездің адамдарының пейілі өзгеше еді ғой. Ауылдан шыққанда зооветке баруды құлағымызға әбден құйып жіберген. Сондағысы не?! Етті тегін, молынан жейсің дейді де баяғы. Соғыстың зардабынан ел есін енді жиып жатқан кез ғой. Зоотехник болса, әйтеуір қарны тоқ болады деп ойлайды. Бәріміз зооветке құжаттарымызды өткіздік. Міне қызық?! Орыс тілінен шығарма жазады екенбіз?! Ауылда бір ауыз орысша сөйлемей өскен қазақтың баласы, орысша шығарманы қайдан жазсын?! Өзі тағы бірінші емтихан. Орысша шығарма жазбақ түгілі, диктантын жаза алмайтынымды білген соң емтиханға бармадым.

— Қалай?!

— Солай. Жұртпен бірге Асанәлі емтиханға кіріп кетті. Мен калалық баққа барып балмұздақ жедім. Киноға бардым. Әбден сөйілдеп зооветіме келсем, Асанәлілер терлеп-тепшіп енді шығып келе жатыр екен. Қызық болғанда мен бармай құласам, Асанәлі бар азапты көріп құлады. Өзіме де құлағаным керек боп тұрған. Содан Құрманғазы атындағы консерваториясының ак-

тер бөліміне оқуға түстім. Ауылға келіп апама айтып ем, «Сол да оқу ма екен?!» деп шалқасынан күлады. Көрші-қолаңның бәрі «Ойбай, баласы түк таппағандай әртістік оқуға түсіпті. Жын-шайтан болайын деген ғой» десіп сан-саққа жүгіртіпті. Апам өте намысқой жан болатын. Алдында ренжіп жүрді. Кейін теледидардан мені көрсете бастағанда кемпірлерге «Енді не айтар екен-сіндер» деп есесін қайтарыпты.

– Демек, рахметті орыс тіліне айтуымыз керек екен ғой?

– Не үшін?

– Сізді зооветке түсіртпегені үшін. Егер зооветке түссеңіз бір қарынбай зоотехник боп шыға келер едіңіз. Өнер Сіздей тарлансыз қалатын еді.

– Е...Өмірдің өзі салыстырмалы ғой, шіркін?! Мынаны қара. Университеттің мәдениет орталығының маңайына отырғызған терек, жылына үш метр өседі екен. Демек, тамыры терең деген сөз. Адам да сол ғой. Егер, санасы терең болса – тамыры тереңге кетеді. Өмір – өтпелі көл. Өмір – өтпелі жел. Адам алпыстан асқан кезде өмірге өзгеше философиялық тұрғыдан қарай бастайды. Әрине, егер ол адам саналы болса. Санасызға бәрібір. Бүгінде бәрін жалмап, қырып бара жатқандар – сол мұнсыздар. Өйткені олар жасаған қиянатының сұрауы барын ойлап, басын қатырып жатпайды. Ал, саналы жанның жүрегінің түбінде әрбір сәтте, тіпті үлкен қуаныш үстінде де мұң тұрады.

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,  
Алды – ойын, арт жағы мұңға жуық, –

деп Абай ағам жүрегінен өткізген соң айтқан ғой. Қолымызда күш, бойымызда қуат барда бәріміз мықтымыз деп желігеміз. Өмір бойы қуатымыз таусылмастай, жалынымыз басылмастай көреміз.

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?  
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?  
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,  
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?! –

дегенді Абай ағам қалай дөп басып айтқан?! Әр күніміз батқан сайын, бір күндік ғұмырымыз «өмір» деген диірменге тап боп, тоналып жатыр емес пе?! Кешегі күнің мың жерден жерді тепкілегеніңмен қайтып келмейді. Тоналды. Күн сайын күшіміз таусылып, түсіміз қаша бастайтыны ашы шындық. Әр күннен

жақсылық күтіп, үміттенеміз. Өкінішін — өтіп кеткен соң білеміз. Бірақ, кешігеміз. Бұл — өмір. Адам алпыстан асқан соң, бүкіл өміріне саналы түрде шолу жасай бастайды. Менің кімге көп жақсылық жасасам, соның маған қарсы шыққандарын сабырмен күтіп алғанымның бір пайдасы — уақыт келе олар өз қателіктерін түсініп, кешірім сұрағандарында. Әрине, жүрегімде сызаты қалған жоқ деп айтпаймын. Тікенек екеш — тікенектің де орны ауырады ғой. Бірақ, ең алдымен сабырға жеңдіре білдім. Дүниеде ең ауыры — сенгеніңнің сатқаны. Өнер жолы — ауыр жол. Өнер бәсекесінде күйтұрқы жолмен келетіндер көп кездеседі. Қайтсін бейшаралар, таза жолмен күресерге дәрмендері жетпеген соң, жеңіл жолды іздейді ғой. Қарап тұрсаң, өмірдің өзі философия. Қуанышы мен қайғысы, жақсылығы мен жамандығы қатар жүреді. Адам өзін қашанда қиындыққа іштей дайындап жүруі керек. Әйтпесе — күйреп қаласың.

Қайғы келсе қарсы тұр, күлай берме,  
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.  
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,  
Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме.

Аһ!..Бұл сөзді Абай ағам басынан кешкен соң айтып отыр. Бәрімізге әмірші — жүрек. Жүректің көлемі жұдырықтай ғана. Қашанғы шыдасың?! Салмағы еселеніп кеткенде қыл пернесі үзіліп кетеді ғой.

— Райымбек аға, тарих жолына қарап отырсам, көкірегі саналы жанның жүрегі әрдайым қысылып жүреді екен. Демек, өмірдің философиясын ұғынған жанға — өмір сүру қиын ба деп қалдым.

Райымбек аға:

— Оның рас. «Бұл өмір абақты ғой саналыға», — деген Мағжан. Біз тарихымызды білмей өстік қой. Егемендіктің арқасында енді біліп жатырмыз. Сөйтсек, туған жердің тарихында сызат түспеген жері жоқ. Сонау сақ заманында жерімізге келген жаудан туған жерін сақтау, Томирис анамызға қаншалық күш болды десеңші?! Анау-мынау емес, атақты Ассирия мен Вавильонды алған Кир патшаны жеңіп, басын шабу — ердің ерінің ғана қолынан келеді. Керемет ө?! Ол ғасырдың адамдарының психологиясы мен бүгінгі адамдардың психологиясын салыстыруға бола ма? Тайпа басшылары ешкімге бағынғысы келмеген. Әркім өзін пат-

ша санаған. Себебі, өзінің дербес аумағы, әскери қолы, мал-жаны бар. Болат Жандарбеков өте дәйекті жазған. Біздің тарихымыздың басында тұрған сол аналарымыз туралы деректі халыққа жеткізуіміз керек. Сен осы Томирисі зерттеп жүрмін деп ең, қандай нәтижеге жеттің?

— Кітаптың соңында берілген түсіндірмені ерекше қызығып оқыдым. Түсіндірмеде қажет деректі Геродотқа сілтейді. Геродоттың сақтар туралы тарихнамасын кітабынан таптым. Кітаптағы деректер Болат Жандарбековтің түсіндірмесін дәлелдейді. Жобамда Б.Жандарбеков, кітабын жазуға Геродоттың кітабындағы деректерді қолданған болуы керек.

— Әрине. Жандарбеков деректі ауадан алған жоқ қой. Алдымен көптеген зерттеулер жүргізді. Кітапта сақтардан басқа мемлекеттер туралы да деректер көп. Демек, Геродоттан басқа да тарихи құжаттарды мұқият зерттеген.

— Түсініктемеде тарихи күн тізбектері, құрал-саймандар, киім-кешектер туралы деректер өте көп. Мен басқа тарихи кітаптарды оқығанымда, сақтар кезіндегі тұрмыс-тіршілікке байланысты деректер Б.Жандарбековтің деректемесін дәлелдейді.

— Демек, әдеби формада жазылған тарихнама деп қарауымыз керек. Көрмейсің бе, егер Болат Жандарбеков осындай кітап жазбаса, соншалық дерек беймағлұм боп қалар еді. Көп оқу керек. Режиссердің өмірі — шахтерден бетер. Әрбір пьеса — жер астынан жаңа шахта жолын салғанмен пара-пар. Беймағлұм жер астынан жаңа көмір кеніне жол салу, өндіру оңай емес. Тіпті қауіпті. Жердің астында тұрып, қай жерде қауіп күтіп тұрғанын қайдан білесің?! Режиссура да тап солай. Көзін тапсаң көрерменге жеткізесің. Таппасаң — спектаклің құлайды. Сосын «пұшайман болған әулие» боп отырасың. Мен режиссурамен қатар бірнеше инсценировка жасадым. «Қан мен тер» романына инсценировканы ауруханада жатып жаздым. «Туған ұлдан не пайда...» деген инсценировкамды Махамбеттің күллі өлеңдерін қиыстырып, қара сөзін өзім қостым. Ал, «Қалың елім, қазағым» атты инсценировкамды ерекше махаббатпен жаздым. Абайдың әрбір өлеңі — өмір ғой шіркін! Мен Абайдың көп өлеңін зерттеу кезінде жаттап алдым. Жаттайын деп жаттамаймын. Өлеңнің мұңы мен зары санама құйылып қалады. Осы күні сол инсценировкаларыма басқаша көзқараспен қараймын.

— Деңгейінен олқылық көресіз бе?

– Жок. Сол уақиғаға деген көзқарасымның өзгергенін айтамын. Жазған кезімде Абайды түсініп жазғанмын. Ал, тап қазір тура Абайдың теперішін өз басымнан кешкен соң, өзімді Абай зары мендейді.

– Демек, уақыт жылжыған сайын көзқарасымыз өзгереді екен ғой?..

– Әрине. Тіпті, осыдан екі жыл бұрынғы оқиғаға бүгін басқаша қарайсың. Өйткені одан бері көптеген оқиғалар бастан өтті. М.Горькийдің «Шынырау түбінде» деген пьесасында Лука деген кейіпкер: «Ата, сіз неге сонша жұмсақсыз?» деген сұраққа қарттың: «Өмір көп илеген соң жұмсарғанмын да» деп айтқанындай, өмір өзі илеп, қажетті қалпына келтіреді.

– М.Горькийдің «Шыңырау түбінде» пьесасының кейіпкерлері арамызда жүр ғой. Актуальды пьеса.

– Горький – адам психологиясын сараптаудың шебері. Сол Сатиндер, Барондар әр кезеңде, әрдайым өмір сүреді. Өмірдің теперішіне төтеп беретіндер бар, бәз біреулер дәрмені жетпей құрдымға құлап жатады. Соңғысы өкінішке орай басымдау.

– Конфуцийдің «Адамның мінезі – тағдыры» деген нақылын оқып таң қалдым. Шынында тағдырдың ескегіне ие болу өзіне ғана байланысты емес пе?

– Керемет айтқан екен. Алла тағалам екінің біріне күрескер мінезді бермейді ғой. Кейбіреуге тума талантты береді де, жігер бермейді. Не істерсің?! Алла тағалам екі жігітті, екі қызды жаратыпты дейді. Бір жігіт пен қызды: іскер десең – іскер, сұлу десең – сұлу, жоқтан барды жасайтын пысық етіп жаратыпты. Екінші жігіт пен қызды азаннан қара кешке дейін бас көтермей ұйықтайтын, бет жуғанды білмейтін, айналадағы тіршілікке қызықпайтын етіп жаратыпты дейді. Енді қараңыз: сұлу, пысық қызды – еріншек, маубас жігітке, екіншісін де тап солай жұптайды.

– Алла тағаланың қалай шешім жасаса да еркі. Бірақ мынау сәл әділетсіздеу екен.

– Неге?! Пысық қызды да, маубас жігітті де Алла тағаламның өзі жаратты ғой. Демек, жаманы – жақсының арқасында күн көрсін, өлмесін дегені. Тек жақсы мен жақсы, жаман мен жаман қосылса – өмірдің жарты тіршілігі тоқтап қалады ғой.

– Жамандардың бар болғанынан болмағаны жақсы.

– Оныға келісе алмаймын. Жақсының парқын білу үшін – қатарында жаманы жүруі керек. Күміс болмаса, алтын қайдан



құнды болсын? «Өмірдегінің бәрі салыстырмалы» дегенді Эйнштейн тауып айтқан. Адамдардың көбісі өзінің бақай есебі үшін өліп кете жаздайды. Пендешіліктен жоғары тұратын жандар да бар ғой?! Төлен Әбдіковтің «Біз үшеу едік» деген пьесасында Дариғаның: «Мен өмірден түңілген кезде, жүрегі таза Мұрат бар ғой деген ойдан медеу табамын», — деген сөзі бар. Мұрат — менің сүйіп ойнайтын рөлім. Дариғалар — көп. Мұраттар — аз. Бірақ, сол аз, көптің тасын тепе-теңдікте ұстап тұр. Өйтпесе болмайды. Тіршіліктің парқы кетеді. Әне, Томиристің парқы — Кир патшаны жеріне кіргізбей, елін бодандыққа салмай, келген жаудың өзінің басын шабу арқылы тарихтың адалдық тасын басты. Өйтпесе сақтар, одан кейін келетін біздер, жер бетінен жойылып кетер едік. Көрдің бе, ұрпақ жойылмас үшін бір Томиристің өзі сол кезеңге, сол сәтке қажет боп тұр ғой. Оған дейін де біздің ең дауламызда тіршілік тоқтамаған. Адамдар келіп, кетіп жатқан. Бірақ, нәсілдің тарихи қалыптасу кезеңіндегі айтулы оқиға басында тұрғандығынан — Томирис мәңгілік боп қалды. Сол кезеңнің бір ғажабы — әйелден шыққан патшалардың көп кездесуі.

— Тіршіліктің көзі әйелден бастау алатындықтан болар.

— Әлбетте ол да бар. Әйтседе, әйел халқы еркекке қарағанда өмір сүруге бейімдеу келеді. Еркек білек жағынан мықты болғанымен, өмірге құштарлық, тіршіліктің көзін табу жағынан осал. Түздің тірлігінен гөрі — үйдің тірлігі қиын. Әйел шіркіндер, еркектің әкеп бергенін есебін тауып жеткізеді ғой. Әйел қауымына күнде тағзым етсек артық болмайды.

— Мұныныңызға өзге еркектер қауымы қосылар ма екен?

— Саналылары қосылады. Санасыздарға — бәрібір.

— Әйтседе еркек ағайындардың «әйелдер еркектің қабырғасынан жаралған» деп шалқаятындары жеткілікті.

— Е, кейде әйел қауымынан басқа шауып кететіндер табылып қап жатады ғой. Сол кезде екпінін басу үшін айтылған сөз ғой. «Қыздың бәрі Ақтоқты емес қой?!»

— Әне, сіз де жалт бердіңіз.

— Неге жалт берейін?! Бес саусақ бірдей емес. Кейде рухани азғындыққа ұшыраған қыздарды көргенде ішің ашып қалып жатады. Көп болған соң ішінен аласы да, құласы да кездеседі ғой. Өмір додасына еркектермен қатар түсіп, жұмысын да, отбасын да игеріп жүрген арулар қаншама?! Кешегі Ұлы Отан соғысында іште қалған баласын өсіріп, соғыстан қайтпай қалған ерінің ша-

нырағын құлатпай, ошағын өшірмей өткен апаларымыз қанша-ма?! Соғыс кезінде бала едім. Бәрі тап кешегідей есімде. Әй, құдай-ай, қаншама арулар жесір қалды десейші?! Қара жұмыстың бәрін әйелдер атқарды. Еңбектеп жүрген балаларын сирағынан керегеге байлап, маңайына бидай шашып, өзі жұмысқа кеткен аналардың талайын көрдім. Балаға қарайтын адам жоқ. Жұмысқа бармаса соттауға дейін баратын. Ауылдың баласы мен қозылағын мен бағатынмын.

— Адам тәрбиесіне ерте араласқан екенсіз ғой.

— Ол кездегі баланың бәрі бірін-бірі жетелеп тәрбиелейтін. Апамды жұмыстан күтем деп қозы-лақты құшақтап жатып, ұйықтап қалатынмын. Мал екеш — мал да менің бала екенімді түсінеді-ау деймін, олар да тұмсықтарын танауыма тіреп жатып ұйықтайтын. Біз көбіне мән бермейміз. Хайуанның ақылдысы — кейбір ақымақ адамнан артық. Жаманға айттың не, айтпадың не?! Небір ақылды ит пен жылқыны талай кездестірдім. Киноға көп түстім ғой. «Бүркітші» деген киноға түскенімде екі түрлі атқа міндім. Біреуінің басы салбырап, тек қамшы тисе ғана жүреді. Ал, екіншісінің көзі атыздай боп, танауы делдиіп, ойнақшып тұрады. Қасына жақындағаннан екі көзі сенде болады. Үзеңгіге аяғынды салмас бұрын пиғылынды біліп қоятын секілді. Өйткені мінезі бар. Айналадағының бәрін жіті бақылап, бағалап тұрады. Демек — есті хайуан. Кейде біреуге тапсырма берсең, бірдене деп мұрнының астынан міңгірлейді. Не деп тұрғанын өзінен басқа ешкім түсінбейді. Бетіңе жылмындайды да, айнала бере жамандап, күнкілдейді. Ойын ашық айтудан тайсақтайды. Ойды ашық айту үшін — өрең мықты болуы керек.

...Бұл — көптеген сұхбаттардың бір ғана үзіндісі. Менің драматургияға бет бұруыма, қолыма қалам ұстауыма осындай сұхбаттардың тікелей себеі тигеніне өзімді бақытты санаймын.

Бірде Райымбек аға:

— Адамдар көпшілігіне жақсы адамды ойнайды. Ойнап жүріп кейіпкерсындылыққа түсіп кеткенін өзі де байқамай қалады, — деді.

— Менінше, көп адамдарға өмірде кейіпкерсындылыққа салыну ыңғайлы сияқты. Шындық үшін бас қатырып қайтсін?!

— Оның рас. Бірде Қадыр ақын Мырзалиев бір кісімен кездесіп қалғанын айтты. Мен, «Иә, қалай екен? Екеуің көптен бері сөйлеспей жүруші еңдер?» деп сұрадым. Сонда Қадыр: «Екеуіміз де ойнап шықтық» деді. Себебі, дәл сол жерде ештеңені өзгерте

алмайтын болғандықтан, жөнге салып жатудың қажеті аз. Со-сын «е, жарайды» дей саласың. Бәріміз сөйтеміз. Өйткені, жөнде-гің келген нәрсе биік дәрежеде болса бір сәрі, болмашыға күш жұмсаған сайын жігерің бордай кеміріледі.

— Бір сөзбен айтқанда — бейімделу психотехникасы десе-нізші?!

— Ә... Сен жаңа тақырыпқа дайындалып жатыр екенсің ғой, — деді аға күліп.

— Дайындалғанда, «сахналық бейімделу» мен «өмірдегі бейім-делудің» жігін ашсам ба деймін — деп әзілдей күлдім. Райымбек аға бір жөткірініп ап, ойлана сөйлеп:

— Адам өзіне-өзі сыншы. Өзіннің мінезінді өзің білесің. Егер ізденсең жаның ұлғаяды. Қазақ артистерінің көпшілігінің бойын-дағы ең үлкен қасірет — білімсіздігі. Аз оқиды. Тіпті, оқымайды десе де болады. Тайыз су — салдырап ағады. Ал, тайыз адам — па-рыксыз болады. Ол ешкімге сөз бермей, өзін көрсеткісі келеді. Ал, білімді адам — сабырлы болады. Ойлана алады. Ойлану процесі — адамның ішкі жан дүниесіндегі сезімдер. Өз пікірін айта алмайтын актердің ар жағында тереңдік жоқ. Әрбір талант өз еңбегін қорғау үшін — өз жолымен күресуі керек. Аяқтан шалу арқылы емес, до-дадан озып шығу арқылы. Өнер жеңеді. Адамның бойындағы бар қасиетін дәлелдеу — ол күресу. Тау-тау толқындар сені көміп тас-тайды. Егер, сен «көмілдім, өлдім» десең — батқаның. Ал, егер тірі қалам десең — толқынның бетін тесіп шығасың, — деп тоқтады.

— Шіркін, мен де сіздей терең ойды талдай білсем ғой, — дедім іштегі арманымды жасырмай.

— Е-е... «Көре-көре — көсем боласың», — деп Райымбек аға миығынан күліп. — Сен өнер жолын енді бастап жатсың ғой. Ақыл-парасат өнерге ерте, кеш келдің демейді. Серағаң, Сәбира апамдар жылдар бойы табиғат өзі қорытып шығарған сом алтын-дар. Олар — өнердің саф алтыны. Жақсының сөздерін өзіңе тәлім етіп, бойыңа жинау керек. Ол кейін «жарқ етіп» шыға келеді. Бәз бір көзін музыкамен, өнер жолымен ашқандар, түк нәтиже шы-ғара алмай, шаң қауып жатады. Енді бірі «тосыннан жарқ» етеді. Өнер — тұнып тұрған құпия ғой. Өнер пайғамбары атанған Ста-ниславскийдің өзі өнердің түбіне жете алмағанын армандап кет-кен. Бала күнімде бір досымның әкесі домбыра шауып берді. Әлгі досым домбыраны тәп-тәуір тартып, ән салатын. Мен қатты қы-зықтым. Үйренгім келіп, домбырам болса деп армандадым. Мына

қызықты кара, ол — жай қызметкер болды, мен — өнер жолына түстім. Сол домбыра менде болғанда ғой, кәсібіме дәйт болар еді. Мен өмір бойы домбыра тартуды армандадым. Егер мен үйренгенде нәтиже болар еді. Досымның үйренгенінен не пайда, жай әшейін қалып қойды. Ал маған сахналық өнеріме өте керек еді. Әр нәрсеге себеп болады ғой өмірде. Бұлақтың суы сарқылмау үшін көзін аршып тұру керек.

— Сіз аршыған бұлақтың көздері қаншама десенізші?! Осы жердің өзінде қаншама шәкірттеріңізді өнер бұлағынан сусындатып жатырсыз.

— Мен аршыған бұлақ жеткілікті. Бірақ, бәрі бірдей талант болған жоқ. Өзіме қарсы шапқандары да жеткілікті. Мен бала күнімде бұлақтың көзін аршығанды жақсы көретінмін. Түркістанның Қарашық өзенінің бойында жабылып қалған бұлақ көп болатын. Сол бұлақтарды аршитынмын. Аршып жатқан кезде алдымен жайлап су шыға бастайды. Бара-бара бұрқылдап шыға бастайды. Бұрқылдап жатқан суға қарап рахаттанатынмын.

— Демек, о бастан құдай сізге бітелген бұлақты ашуды несіп еткен екен ғой.

— Кім біледі? Сол жайлап, бұрқылдай аққан бұлақтың суына бетімді төсей, рахаттана ішуші ем. Мұздай тәп-тәтті. Сен өзі бұлақтың суын ішкенсің бе?

— Ішкенмін. Бірақ, біреудің аршыған бұлағынан ішкенмін, — деп күлдім.

— Ә—ә...Өзгенің аршыған бұлағынан ішкен су мен өзін аршыған бұлақтың айырмасы жер мен көктей, — деп өңгімесін тәмамдады.

— Балалық шағыңыз қиын да болса бақытты өткені жақсы бопты, — дедім.

— Е, шіркін балалық шақ!.. Біз балаларға ерекше мән беруіміз керек. Балаларға арналған ертегіні көптеп қоюымыз керек. Әлгі «Ақымақ Арыстанды» неғылдың?

— «Ақымақ Арыстан» дайындық үстінде. Қажетті костюмдерді тіккізуге қаржы бөлінуін бухгалтерияға ескерткенмін.

— Костюмін Шанин театрының тігін цехында тіктіресің ғой?

— Басқа жер жоқ боп тұр әзірге. Тіккендеріне қымбат сұрап отыр. Амал жоқ, келісуге тура келеді.

— Саспа. Мына театрымыз бітсе, өзіңнің тігін цехың болады. Қалағаныңша костюм тіккізетін боласың.

— Сол күнге қашан жетер екенмін?!. Меніңше ешқашан жете алмай кететін сияқтымын.

— Асықпа. Ең бастысы — театрға қол жеткіздік.

— Әлі толығымен жете қойған жоқ. Театрымызға әлі кірген жоқпыз ғой, — деймін күліп.

— Кірмегенде нең қалды? Сәл шыдасақ кірерміз. Қырығы кетіп, қырық біріншісі қалды. Театрымыз жөнделіп жатыр ғой әйтеуір. Президенттің жарлығы шыққан соң, әкім-қаралар өздері үшін бітірер.

— Ең болмаса «Театр күніне» қарсы кіреміз бе деп үміттеніп ем. Кәсіби мерекемізді университеттің мәдениет сарайында өткізгеніміз ұят болды.

— Е, «Театр күнін» қатырып өткіздік қой.

— ...Өзіміздің мерекемізге арнап 27-наурыз күні университеттің мәдениет сарайында театрланған концерттік бағдарлама жасаған болатынбыз. Әр спектакльден үзінділерді кіріктіре отырып, мінезіне сай әндерден қостық. Қойылымды сахнада Райымбек ағаның өзі жүргізіп отырды. Арасында өзінің сүйікті поэзиясынан оқып, театр әлеміне саяхат жасап отырды. Сол қойылымға қала әкімі Өмірзақ Әметұлын шақырғанбыз. Ол кісі келіп, көріп, ерекше риза болып, сонынан сахнаға шығып :

— Мен бүгін Рәкең бастаған біздің Түркістан театрының шығармашылық мүмкіндігін көріп риза боп отырмын. Театрларыңызды бітіре алмай жатырмыз. Ол үшін өзім де ұялып отырмын. Құдай қаласа жазға дейін театрларыңызға кіретіндей пәрмен жасаймын, — деп уәдесін берген. Біздің өңгімемізге арқау болған сол күнгі оқиға еді. Уәделі театрымызға кіре алмай, әркімге көзтүрткі болғаннан ығырымыз шығып, пұшайман кейіпте жүрген түріміз бар.

— Біз болашақ театрдың көрермендері үшін күресті бүгіннен бастауымыз керек. Ол үшін мектептен бастаған жөн. Кішкентайларға ертегі, жоғарғы сынып оқушыларына «Қыз жиырмаға толғанда», «Диляфрузға төрт күйеу» сияқты жеңіл, әрі ой салатын дүниелермен тәрбиелеп, үйретуіміз керек. Ең алдымен сіресіп, қатып қалған сананы — театр әлеміне аударуымыз керек.

— Театрымызға кірсек, санаға шабуылды бастармыз.

— Ол үшін сен қазірден бастап дайындал. Менің Симонова деген драматургтен аударған «Алтын дәннің құпиясы» деген пьесам бар. Соны да қосымша қарап, дайындай бастау керек.

– Алдымен «Ақымақ Арыстанды» шығарайын. Сосын құдай қаласа кірісермін. Балаларға арналған пьеса жұтандау екен.

– Жұтандауың не, жоқтың қасы десе болғандай. Мен Мүсірепов театрын басқарып тұрғанда, қоярға ертегі таппай қор болатынбыз.

– Неге балалар пьесасы аз?

– Жобамда қаламақысы төмен, әрі тиімсіз болуы мүмкін. Сондықтан да жазбайды ғой деймін.

– Шетелде ересектерге қарағанда, балалардың киімдері қымбат. Өйткені, балалардың киім үлгісіне көбірек бас қатыру керек деп есептейді екен. Бізде де сондай көзқарасты қалыптастырып, балаларға көбірек мән берсе қайтеді? Тек пьеса емес, балалар айтатын ән де жоқ қой осы күні.

– Е, мықты драматург болған кезінде балалар драматургиясын қолыңа аларсың. Әзірге қолдан келер шара жоқ, – деп Райымбек аға ойланып. – Түркістанның балалары түгілі, ересектерінің көбі театр дегеннің не екенін білмейтінін ескере отырып, төзімділікпен, сабырмен шыдауымыз керек. «Тамшы тамса – тас жарады» демекші, тамған тамшы жарып шықпай тұрмайды.

– Ол үшін тамшыны әдемілеп тамызуымыз керек дейсіз ғой, – дедім күліп.

– Әдемілігімен қоса – мәнді, мағыналы еткен жөн. Біз бала күнімізде театр дегеннің не екенін білмей өстік қой. Есімде, біздің мектепке бір жас орыс мұғалима апай келді. Өзі бір сүйкімді. Киген киімдері де өзгеше. Әдебиеттен сабақ беретін. Сол апайымыз әдебиет үйірмесін ұйымдастырды. Сабақтан соң бәріміз қалып, сол үйірменің қызығына батамыз. Апайымыз біздерге рөл беріп, кішігірім спектакль сияқты үзінділерден көрініс қоятын. Мен белсенді мүшесінің бірі едім. Бәлкім, өнерге деген құштарлық сол кезден басталды ма, кім білсін?! Баланың санасы таза – періште ғой. «Еккенің тікен болса, орарың балауса болмас» демекші, балаға қалай тәрбие берсең, солай жемісін жейсің.

– Театрымызға көшіп кірген соң қандай пьесаларды аламыз?

– Негізінен түркі тектес елдердің драматургиясын аламыз.

– Неге? Еуропа елдерінен ше?

– Еуропа елдерінің драматургиясы керемет қой шіркін. Бірақ, біз ең алдымен өз ұлттық дүниемізге бой ұруымыз керек. Біздің тарихымыздың ашылмаған парағы қаншама?! Өзіміздің және түркі тектес елдердің деп отырғанымның басты себебі бар. Түр-

кістан — исі түркі елдерінің қара шаңырағы. Барлық түркі елдері біздің жерден еншісін алған. Қара шаңырақта қазақ қалған. Ал, біздің театр — түркі тектес елдердің театр фестивалін өткізетін қара шаңырағы болуы керек. Сол үшін күресуіміз керек. Әрине, біздің театрымыздың ғимараты әзірге кішкентайлық етеді. Құдай қаласа, болашақта үлкен театр салдыруға тырысамыз. Қонақ қабылдау үшін — үлкен театрын болғанға не жетсін шіркін?!

— Мұзды таудың алды жібі бастады. Театрымыз ашылды. Айсбергтей кедергілерді де көптеп-көмектеп жеңерміз, — деймін үмітімізді үзбейтіндігіміздің аркасында жеткен жеңістеріміз есіме түсе.

— Әрине. «Мені құртқан Көкшолақ» демекші, кішкентай театрымызға бір кірген соң, үлкейе алмай қалып жүрмесек бопты. Е... Мен ішпеген у бар ма?!. Оған да шыдармын. Біз тарихымызды тереңдеп зерттеп, кешегі өткен Ұлы көштің сырларына көз жүгірткеніміз абзал. Еуропаның туындыларын құдай қаласа қоярмыз. Ең алдымен ұлттың жанын қозғайтын, жүрегін тебіrentетін дүниелерді қоюымыз керек. Әруағыңнан айналайын Әзірет Сұлтан бабамнан бастап, кешегі үш жүздің басын қосқан Абылай ханға дейін Түркістан топырағында жатыр. Біз солардың өткен жолдарының алдында қарыздармыз. Аталардан қалған көне жолды жаңғырту — перзенттік борышымыз, — деп Райымбек аға өз ойын тұжырымдай тоқтады.

XXI ғасырдың басы болған 2000 жылдың қыркүйек айы алғашқы гастроль айы боп театр тарихынан орын алды. Бұған дейін әр жаққа шығып жүргенімізбен, бұл сапарымыз тиіп тұрған Түркістанда «театр труппасы» деген атаумен халық алдына шықпақпыз. Өкінішке орай, ғимаратымыз дайын болмағандықтан, өз үйімізге ие бола алмай, әркімге жаутандап өмір сүрудеміз.

Қыркүйек айының соңғы күндері Райымбек аға Астанада өтетін Оралхан Бөкеев атындағы көркемсөз оқу фестиваліне төрағалыққа кеткен болатын. Мемлекет қамқорлығымен ашылған, қалыптасқан театр болмағандықтан біз үшін әрбір тиынның қаншалық құнды, қаншалық қуаныш екенін кім түсінсін?! «Келіндер көтерілісі» спектаклінен түскен ақшаға, «Беу, қыздар-ай» спектакліне қажет төрт шелекті базардан сатып алған күнгі менің қаншалық бақытты болғанымды қайдан сезінсін?! Төрт бірдей жарқыраған шелекті базардан алып шығарда, ерекше қуанышпен мұрнымды аспанға көтеріп, жаң-жағыма мақтана қарағанымды тілмен

жеткізу қиын. Ерекше жарқ-жүрк еткен шелектер, күннің нұрына шағылысып, көз қаритын секілді. Сол шелектерді сатып алу үшін қаншалық жүйке, жігер кетті десеңші?! Мұның бәрі біреуге міндет үшін айтылған сөз емес, бұл — біздің артта айғайлап қалған күндеріміз. Ол күндер ешқашан ұмытылмақ емес.

Балаларға арналған «Ақымақ арыстан» атты ертегінің музыкасын жаздыруға кірістім. Музыкасын Арман өте әдемі етіп жазды. Енді сол музыканы әнімен қосып жаздыру керек. Жолбарыстың рөлін алдымен Нұржан ойнайтын болған. Енді Жолбарыстың әнін Нұржанға айттырып жаздырып тындасам, дауысы Жолбарыстан гөрі мысыққа көбірек ұқсайды. «Қой, мына жолбарыстан, қасқыр түгілі, қоян да қорықпас» — деп дауысын Марат деген актерге жаздырдым. Қоянның рөліндегі актрисам бір аптаға сұранды. Сөйтсем, күйеуге шығайын деп жатыр екен. Кіл жастар болған соң қайтіп тыйым саларсың?! Бірде мен Райымбек ағаға: «Сіз бірден барлық орынға адам алып жатырсыз. Кейінгі келетін жастарға да бірдеңе қалдырсаңызшы» дегеніме: «Ол жағынан еш қам жеме. Өмірдің өз заңы бар. Адам болған соң біреуі анда, біреуі мында кетеді. Үйлі болып көшіп-қонып жататындар бар. Бәрі өз орнына рет-ретімен келеді» деген еді. Енді байқап қарасам, шынында солай екен. «Мынау ешқайда кетпейді» деп кесіп айту қиын екен. Мықты деп сенгенің осал боп шығатын сәттер көңілге түйткіл салып құлазытып жібергендей күйге ұшыратады. Бірақ, ол үшін қасірет табын шегіп отыруға уақыт жоқ. Оның бәріне өмірдің заңдылығы деп қарап, көңіл кірбінін сілкіп тастау керек. Музыкант екеуміз ертегінің бүкіл музыкаларын тындап шықтық. Музыкалары жақсы, бірақ драмалық бояуы басымырақ екен. Көрерменіміз кішкентай балалар болатындықтан, музыканың неғұрлым көңілдірек, жеңіл, балалардың құлағына жағымды болу керектігін айтып, тындарманды еліктіретіндей етіп жазуын өтіндім. Балалар өте сезімтал, сенгіш, бірақ өтірігің өтпейді. Меніңше, үлкендерден гөрі балаларға спектакль қою қиын. Өйткені, балалар тез жалығады. Ал, жалықтырмау үшін сан-қилы қаракеттерді көбейту керек. Дегенмен бала емес пе, сөзден гөрі тасыр-тұсырға көбірек еліктейді. Баланы бір сахнадан екінші сахнаға еліктіріп отырмасақ спектакліміз өтпей қалуы мүмкін. Костюмдерді өзіміздің тігін цехымыз болмағандықтан Шымкенттегі Шанин театрында тіктіріп жатырмыз. Спектакль дайын болды-ау деген кезде костюм де жетті-ау! Шынымды айтсам, кос-



тюддер онша ұнаған жоқ. Әсіресе арыстан мен әтештікі. Арыстанды мультфильмдегі арыстандарға ұқсатып жасай салған. Басындағы жалдарын қақайған шыттан жасапты. Онысы арыстанның жалынан гөрі африкандықтардық қамыстан жасаған бас киімдеріне көбірек ұқсайды. Декорацияларын орман мен шөл дала етіп екі бөліп салыпты. Матаға салынған декорацияның кигізетін қалыптарын жасамаған. Әсіресе, Арыстан, Түлкі, Қасқыр, Аю түсетін орды көргенде не күлерінді, не жыларынды білмейсің. Кәдімгі жас қыздардың беліне салып ойнайтын дөңгелек ойыншығына мата тіге салыпты. Мата қап сияқты тігілген. Сонда бірнеше актерлер қушиған қапқа қалай сыюы керек?! Суретшісі Майра ханым оған бола бас қатырмаса керек. Майра ханымға тезірек ақша алса болды емес пе? Актерлердің қайтіп ойнайтынына көңіл бөлуді артық деп ойлаған болар. Ұзақ ойлануға уақыт жоқ болғандықтан, тездетіп шешімін табуға ұмтылдым. Жігіттерге ағаштың майда шыбықтарынан шарбақ тоқуын өтіндім. Спектакльдің кейіпкерлері Арыстанға ор қазуы керек. Сахнада топырақты үйіп тастай алмайтындықтан шарбақтың арт жағын қаздырайын деп шештім. Аңдардың ішіндегі көңілдісі Мысық пен Түлкіге шарбақты екі жағынан көтеріп шығарамын. Әр аң қазған сайын шарбақтың етегін кеңейте береді. Артқы жағынан кішірек саты жасаттым. Сатыға шыққан Арыстан бірінші, қалғандары соңынан шарбақтың артына құлап жата қалады. Әйтеуір «өлдім, Алламен» ептеп-септеп костюмдер мен декорацияны имантаразы етіп қойдым. Декорация ілінетін тіреулерді ағаштан құраттым. 1-маусым «Балаларды қорғау күні» болғандықтан премьераны осы күнге белгіледік.

...1-маусым. Түскі сағат 12.00-де спектакль! Бүгінгі күн балалардың мерекесі болғандықтан спектакльді тегін қояйық деген шешім қабылдадық. Спектакль басталды. Сахнада штанкет, айналмалы дөңгелектер жұмыс істемейтін болғандықтан, актерлер декорацияны екі аяғынан ұстап айналдырып тұрады. Шөл дала бетін айналдыру арқылы шөлейтке ауысады. Спектакль барысында қарап отырып «Шіркін, күллі техникамен жабдықталған театрға қолым қашан жетер екен?!» деп армандадым. Егер, түрлі-түсті прожекторлармен жарықтандырып, декорацияларды штанкетпен ауыстырып тұрса қандай керемет болар еді. Байғұс балалар бұғанда риза. Қайтсін?! Бұл да жоқ еді ғой. Актерлер жақсы ойнап шықты. Риза болған балалар әрбір аңның әніне қол соғып отыр-

ды. Жарықтың аздығы, театрға сәйкес декорацияның болмауын балалар елеп отырған жоқ.

«Ақымақ Арыстан» — балаларға арнап қойған тұңғыш спектакліміз. Тырнақалды қойылымнан түйгенім, ең кішіпейіл, ең қайырымды көрермен — балалар. Әрбір қимылға сене, тандана қарағанын көргенде өмір сүргің келеді. Дәл осы сәт, осы сәтке бақыт сыйлағаның үшін өмір сүргің келеді. Өмірді мүмкіндігінше кешіп жатамыз. Ал, мәнді, мағыналы өмір сүру үшін өте қарапайым нәрсе — өзгеге бақыт сыйлай білудің қаншалық құндылығы бар десеңші. Өзгенің жүрегіндегі мұңын аз уақытқа болса да сырып тастауына жәрдем бергеннен артық бақыт бар ма екен?! Ересектер іштегі сырын сан қатпарлы жан пердесіне тұмшалап ұстай білсе, балалардың сезімі — жүзіне ойнап шыға келеді. Жағымды кейіпкерге жаны ашып, жағымсыз кейіпкердің жеңілгенін жаны қалап отырады. Кіп-кішкентай жүректері жақсылық үшін соғады. Бала — періште. Балада жалғандық жоқ. Ластанған көңілден арылғың келсе, бір уақ баланың жүзіне үңіл. Бейкүнә бала көзін көргенде тазалықтың, адалдықтың нұрлы шуағына шомасың. Балалардың қуана қол соққанын көргенде, Құдай қаласа театрымыз пайдалануға берілген соң, балаларға неше түрлі спектакльдер қоямын деген ойға келдім.

## ТЕАТРДЫҢ ТҰСАУКЕСЕР ТОЙЫ

Міне, сол арманның бір тармағындай үлкен бақыт күнін бүгін басымыздан кешкелі тұрмыз. Бүгін Райымбек театрының тұсау-кесер салтанатты тойы. Тұсау-кесер тойының салтанатты өтуіне ерекше пәрмен беріп, жан-жақтан сыйлы азаматтарды шақыруды ұйымдастырған қала әкімі Өмірзақ Әметұлы. Өзі өте алғыр, табанды азамат. Ойға алғанын орындамай тоқтамайды. Спектакльдеріміздің премьераларынан қалып көрген емес. Кейде спектакльден соң сахнаға шығып пікір білдіріп, жүрекжарды қуанышын бөлісіп жатқаны. Тұсау кесер тойын республикаға жариялау мақсатында теледидарлар мен газеттерден тілшілер шақырылып, арнайы сұхбаттар берілді. Сыйлы қонақтарымыздың қатарында — Халық Қаһарманы Роза Бағланова, жазушы-драматург Шерхан Мұртаза, ақын апамыз Фариза Оңғарсынова, халық әртістері Сәбит Оразбаев пен Асанәлі Әшімов, театр сыншысы Әшірбек

Сығай, жазушы-драматург, «Парасат» журналының бас редакторы Баққожа Мұқай, Қырғызстаннан арнайы келген драматург Мар Байжиев, Алматы өнер академиясының ректоры Т.Қышқашбаев, жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаев, Республикалық мәдениет комитетінің бас маманы Төрегелді Қыстаубаев, Парламент мәжілісінің депутаты Нұрбах Рүстемов, облыс Әкімі Бердібек Сапарбаев, ХКТУ президенті О.Сәбден, Отырар ауданының әкімі Шалатай Мырзахметов сынды аяулы азаматтар еді. Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының бастығы Батырғазы Серғазиев, 300-ден астам Түркістан қаласы тұрғындары мен зиялы қауымы, Кентау, Шымкент, Жетісай қалаларының өнер ордаларының өкілдері қатысты.

Қонақтарға Бақтияр Вахапзадениң «Көк түріктер» спектаклін көрсеттік. Кәдімгі, атышулы «Көк түріктер». Қонақтарымызға спектакль өте ұнады. Соңынан бәрі жекелей шығып ризашылықтарын білдіріп, рахметтерін айтты. Өткен күн тарихындағы қонақтарымыздың сөздеріне кезек берсек дұрыс болар деп ойлаймын.

Қала әкімі Өмірзақ Әметұлы қысқаша сөз сөйлеп салтанатты жиынды ашты.

**Өмірзақ Әметұлы:** — Құрметті қонақтар, Түркістандықтар! Рухани астана аталған қасиетті Түркістанда үлкен той. Бүгін қаламыздың көркіне сән-салтанат, қала қонақтары мен тұрғындарының көңіліне қуаныш сезімін ұялатқан, рухани күш-қуатымызға айналып отырған театрымыздың тұсаукесер салтанатына жиналып отырмыз. Театрдың құрылуы Райымбек Сейтметовтың есімімен тығыз байланысты. Ол кісі сонау 1995 жылы Алматыдағы жылы жайын тастап, кіндік қаны тамған қасиетті Түркістанға келгенде, алға қойған мақсаты осы театрды ашу еді. Университеттен өнер кафедрасын ашып, ауылдың талантты өнерпаз жастарын оқуға тартты. Олар бүгінде осы театрымыздың белді актерлері. Өткен жылдың қараша айында Елбасы Н.Назарбаев Түркістанға келген сапарында осы театрда болып, Б.Вахапзадениң «Көк түріктер» спектаклін тамашалап, актерлерімізге ризашылық сезімін білдірді.

Рекең атақ-данқтан кенде емес. Өзінің саналы ғұмырының бәрін қазақ елінің өнерін өркендетуге арнаған бұл кісіге қандай атақ берсек те жарасады. Қалалық мәслихат пен әкімшілік шешімімен өзінің кіндік қаны тамған «Түркістанның құрметті азаматы» атағын Рекеңе беріп отыр.

Сондай-ақ осы Сіздердің қатысуларыңызды пайдалана отырып, осы театрға Райымбек Сейтметовтың есімін беруді өтінер едім!..

**Шерхан Мұртаза:** Біздің Райымбек — қайда жүрсе де Райымбек қой! Мені сүйрелеп жүріп драматург еткен осы Райымбек. Райымбек Түркістанға кетті дегенді естіп таң қалдық. Алыстағы Түркістанға барғанда не істемек деп ойландық. Алматының екі бірдей театрын басқарған Райымбектің Түркістанға кеткені бәрімізге жұмбақ болды. Сөйтсек Райымбек, Юлий Цезарыша «Қазақстанның театр әлеміне жана, өзгеше театр қосу үшін» кетіпті. Оған бүгін көзіміз жетіп отыр. Бүгінгі спектакль — тың дүние. Көзімізге жас алғызды. Терең мағынасы бар. Өз жерінді таза жүрегіңмен қорғай алмасаң кім көрінгенге жем болып кетесің деп тұрған жоқ па? Мұндай қауіп әлі бар. Бүгінгі саясат қой. Бұл ескерту! Мұстафа Ататүрік мемлекет басына келгенде: «Ей, Түрік оғланы! Ер түріктің намысын қорға. Ең алдымен тілінді түзе. Мәдениеті кемшін елдің бір көзі соқыр, бір қолы шолақ, аяғы ақсақ мүгедек адамға ұқсайды. Әлем алдында біз, түріктер қалайша осындай қалпымызбен жүре аламыз», — деп өсиет айтыпты. Сол сөз — сөз. Ол сөзді Райымбек — сахнада көрсетіп, көз алдымызға келтіріп отыр. Райымбек, сен ашқан театрдың ғұмыры мәңгілік болатынына көзім жетеді. Өйткені, оның басында — сен тұрсың.

Қасиетті Түркістанның киелі топырағында туған Райымбек Сейтметов мені драматургияға алып келді. Менің ешкім қоймаған, шаң басып жатқан «Сталинге хат» пьесамды қойып жарқ еткізген — осы Райымбек Сейтметов! Ол өнер үшін жаралған жан. Бүгінгі ашылып отырған театрдың басында жүрген Райымбек Алматыдағы екі театрға да басшылық жасады. Өнерге адал қызмет етті. Қазір де сол қалпынан танбай келеді. Театрға Райымбек Сейтметовтың есімін беру жөніндегі әкімнің ұсынысын қолдаймын.

**Асанәлі Әшімов:** — Райымбек Сейтметовпен бала жастан Кентауда бірге өстік. Бірге оқыдық, кейін жоғарғы оқу орнына да бірге түстік. Ұстазымыз Асқар Тоқпановтың «тоқпағын» да бірге көрдік. Мені театр әлеміне әкелген Райымбек досым еді. Сәбит үшеуіміз бір бөлмеде жаттық. Райымбек үлкен шаһардағы үлкен қызметін тастап, туған ауылына оралды. Үлкен істерге жаралған Райымбек — үлкен театрдың тұсауын кесіп отыр. Түркістан театры мұсылман әлеміне керек театр.

Бүгінгі Райымбектің тірлігі үлкен ерлік. Райымбектің рухани астанада ашқан театры — тыңнан жасалған дүние. Бұл енді мұсылман театры болсын демекпін. Әрдайым «Биссимилләһир рахманир рахиммен» басталып «Аллаһу акбармен» бітсе — деген тілек бар. Осыдан төрт күн бұрын мына «Асанәлі» — деген қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шыққан альбом кітабыма «Келешек Райымбек Сейтметов атындағы театр ұжымына» — деп жазыппын, тәңірім аузыма салған шығар, лайым солай болсын!

**Фариза Оңғарсынова:** — Спектакль — театрдың бағытын, келбетін, салмағын танытты. Болашағын көрсетті. Актерлер жоғары дәрежеде ойнады. Көк түріктің басына түскен ылаң, сатқындық, алауыздық бүгін де бар. Маған буыны әлі қатпаған жас актерлердің, кәнігі актерлерше өз рөлдерін машығын келтіре ойнағандары тәнті етті. Демек, бұл театрдың болашағы зор деген сөз.

Бұл спектакль театрдың бетін, салмағын танытты, болашағын көрсетті. Көк түріктің басына түскен ылаң сатқындық, алауыздық бүгінде де бар. Маған әсіресе, қыз балалардың өз рөлін шынайы алып жүрулері ұнады. Қыздар мықты екен.

Ең бірінші қазақ өлеңін сахнаға шығарған режиссер — Райымбек Сейтметов. Менің «Бақыт пен мұң» деген топтамамды сәтті сахналады. Біздер, өнер адамдары бір-бір бәйтерек болсақ, Сіздер, құрметті халайық, біздің терең тамырымызсыздар! Біз Сіздерден нәр аламыз да жемісімізді береміз. Райымбек Сейтметовтың бүгінгі ашып отырған театры соның жарқын көрінісі.

**Сәбит Оразбаев:** — Кейбіреулер ұранды ауызбен айтады да, өздері пеш түбінде қала береді. Менің досым Райымбек, түркі мәдениетін көтеретін орталыққа келді. Ол талай ұлы дүниелерді дүниеге әкеледі. «Көк түріктер» соның бірі ғана.

**Әшірбек Сығай:** — Өткенді білмей — өткелден өте алмайсың. Жас әріптестер елдігімізді, Тұран мемлекетінің бірлігін қолқаны суырып берерліктей шынайы жеткізеді. Мен бұл спектакльді үш рет көрдім. Әр көрген сайын көзіме жас келеді. Біздің бостандығымыз, тәуелсіздігіміз, жас мемлекетіміз үшін мынандай спектакль керек. Түркістанда театрдың ашылуы өнердегі тарихи құбылыс. Рекең туған жерінде театр ашу үшін Алматыдағы жылы жайын тастап, кездескен барлық қиындықты жеңе білді. Өнердің қиындығына екінің бірі шыдай бермейді. Соның бірегейі осы Райымбек ағамыз. Еңбекті уақытында бағалай білуіміз керек. Әсіресе, режиссерлардың еңбектерін ескеру жағы бізде кемшін. Бұл

театрға Райымбек Сейтметовтың атын беру мәселесінің шешімін табатын уақыт дәл осы сәт!

**Бақкожа Мұқай:** — Ұлттарды, мемлекеттерді байлық сақтап қалған жоқ, оны мәдениеті мен өнері сақтап қалды. Рекең 60-тан асқан шағында барлық қызық пен шұжықты тастап еліне келіп театр ашуы Ұлы еңбек. Халқы үшін жанын беретін Рекенді қай жерге барса да хан көтереді. Театр Райымбек Сейтметовтің есімімен аталса туған халқы зор қуанышка кенелер еді.

**Роза Бағланова:** — Соңғы 10 жылда ғасырға татырлықтай, игіліктер жүзеге асты. Оны осы Түркістан мысалынан да айқын көреміз. Құдайға шүкір, елдің жағдайын ойлайтын адал азаматтарыңыз баршылық. Райымбектің осы театрды ашудағы ерен еңбегі баршамызға үлгі болуы тиіс.

Бүгінгі спектаклді көріп ойға қалдым. Сатқындық, аярлық тұтас ұлттың түбіне жете жаздағанын Райымбек Сейтметовтің шәкірттері тағы да есімізге түсірді, тәубаға шақырды.

...Өнерді демеп жіберсең өрістейді. Өнерді — халық көтереді.

Бұл театр Райымбектің театры. Оған ешкімнің дауы жоқ.

**Нұрбах Рүстемов, Парламент Мәжілісінің депутаты:** — Түркістанда тағы да жаңа бір рухани орданың ашылуы біз үшін үлкен қуаныш. ХХІ ғасырда Түркістанды өнерімен күллі Түрік әлеміне танытуға бел байлаған Райымбек аға, Сіз, қазақ мәдениетінде үлкен тұлғасыз. Ашылып отырған театрды Сіздің есіміңізбен аталатынына сенімім мол.

**Шалатай Мырзахметов, Отырар ауданының әкімі:** — Сонау 90-шы жылдардың басында Рекең екеуміз Алматыда кездескенде «Түркістанға барып театр ашсам» деп армандап едіңіз. Міне бүгін арманыңызға жеттіңіз. Түркістанмен көрші жатқан Отырар ауданы халқының атынан, өзімнің атымнан театрыңыздың ашылуымен шын жүректен құттықтай отырып, Өмірзақ Әметұлының театрды Райымбек Сейтметовтың есімімен атау туралы ұсынысын барлық Оңтүстік Қазақстан облысы еңбеккерлері қолдайтынына шүбә келтірмеймін.

**Бердібек Сапарбаев, облыс әкімі:** — Мемлекет пен елді танытатын әдебиет пен өнер. Театр деген теңіздей терең қозғалыс. Өздеріңіз білесіздер, Елбасы 2000 жылды «Мәдениетті қолдау жылы» деп жариялаған болатын. Оған Түркістан қаласының 1500 жылдығы түспа-түс келіп, бұрын теміржол клубы болған осы фирматты Рекеңнің ұсынысымен, театрға бейімдедік. Бүгін Қазақстандағы 44-ші сазды-драма театр болып ашылып отыр.

Бұл Райымбек Сейтметовтың Алматыны тастап, 7 жыл бойы өткен еңбегінің арқасында жеткен жеңіс. Жас театр қазірдің өзінде республикамызға, Түрік әлеміне таныла бастады. Елбасымыздың өзі осы театр өнерпаздарының «Көк түріктер» спектаклін көріп, риза болып, артистердің бәрінің қолын алып шықты. Университетте Өнер кафедрасын басқарып, өнер жұлдыздарын тәрбиеледіңіз. Сіз Түркістан тарихының парағына алтын өріппен жазыласыз. Бұл Сіздің театрыңыз. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің 2001 жылы номинация бойынша «Ең үздік режиссер» атағы Райымбек Сейтметовке берілді.

Түркістан қаласының сазды-драма театрына Райымбек Сейтметовтың есімін беру жөніндегі қала әкімі Ө.Әметұлының ұсынысын тұсаукесер салтанатына қатысқандардың барлығы бір кісідей қуаттады.

...Ия, бұл біздің зиялы қауымды тұңғыш тамсандырған, мойындатқан алғашқы жеңісіміз. Алла бұйырса жұлдызды жол жалғаса бермек. Өнерлі өмірдің кедір-бұдыр жолынан сүріндірмей өтуге бойымыздағы өнерді өріп, жігерімізді жасытпай арман биігіне жетелеуге шабыт шіркіннің қолдауы керек-ақ. Көш басында Райымбек ағадай маягіміз тұрғанда Алла тағалам адастырмас деп деп үміттенемін. Бұл кітап Райымбек театрының алғашқы кезеңінен бір үзік қана сыр. Болашақта театрдың 5 жылдық, 10 жылдықтарға арналған театр тарихнамасы жалғаса жатар. Бұл кітап — Райымбек Сейтметовтің туған топырағы Түркістанда өнер ордасын ашу жолындағы азапты да базарлы, қасіретті де қуанышты шығармашылық өмірінің бір тамшы үзіндісі.

Себебі, Райымбек ағаның өнегелі өнер жолы жылдан-жылға, ғасырдан ғасырға жалғаса бермек. Мен осы кітаптың баспадан шығуына қаржылай көмек көрсеткен Түркістан қаласының әкімі Мұхит Әлиев мырзаға ерекше ризашылығымды білдіремін. Бұл кітап тек Райымбек Сейтметов туралы ғана емес, — Түркістанда өнердің түлеу кезеңін, жаңа Түркістанның, өнерді сүйетін қауымның қоғам ортасынан орын алғанын паш етеді деп үміттенемін. Түркістан театрының небәрі бір жылғы тарихы міне, осындай. Болашақ тарих, өмір дөңгелегінше өз сүрлеуінде жалғаса бермек. Райымбек театрының тарихы, сүрлеу жолдан өз көрермендерінің жүрегіне жете береді деген үмітпен әлқиссамды өзирге аяқтаймын.

Әшірбек СЫҒАЙ,  
ҚР еңбек сіңірген өнер  
қайраткері

### АСПАННАН ОТ ТАСЫҒАН ПРОМЕТЕЙ...

Кең-байтақ Қазақстанның рухани жүрегі – Түркістанды көзге елестеткенде азан-қазан, ызы-шулы қан базарда түйесін шөгеріп, қой-ешкілерін қосақтаудан қолдары тимей, реті келсе саудаға сакалын салып жіберуден тайынбаған жанкешті жандар жалыңа оралары бар-тын баяғыда. Әзірет Сұлтанның жамбасы тиген осынау әруақты жердің жарық жалғаннан арттырғаны тек сол, ку дүние, сабан ақша мен алыпсатар делдалдығы ғана ма еді деп бір уақ уайым шегеріміз де жоқ емес-тін. Шаңы шығып, топырағы бұрқырап (станса маңынан өзге жердің) жатар тым ежелгі ескі шаһардың сәнін кіргізер еңселі бір ғимараттың болмауы көңілімізді қабаржытатын. Ары өтіп, бері өтіп жүріп ылғи да, байқағанымыз қыдыруға ниет қылған, жаңа танысып, табысқан Түркістанның қыз-жігіттері сәл әрірек жатқан көрікті Кентауға бет түзейтін.

Суы сылдырап, жапырағы сыбдыр қаққан әсем қала өзімен көршілес қонған көне шаһар тұрғындарын бауырына талай тартқан. Көп жылдар көрінісі осылай жалғасты. Бала кезімізден есімізде қалғаны – Түркістандағы Әзірет Сұлтан әулие күмбезі мен оның дәу пойызы еді. Шәкірттік жылдарымызда әр жолы әулиеге соғып, зиярат жасаған бойда Мәскеу жақтан стансаға енді жетіп, әлі еңтігін баса алмай екі иығынан әзер демалып тұрған алып пойыздың үзеңгісіне аяқ салысымен Алматыны бетке алып кете баратынбыз. Демек, одан өзге көңіл қойып, көз тартар елеулі ештеңенің болмағаны да.



Бұл әнебір жылдардың, өткен күндердің белгісі еді. Бүгін ше? Бүгіндері мүлдем басқа... Аспанмен тілдескен университет үйі... Зәулім қонақ үйлер... Спорт ғимараттары... Жана құрылыстар... Кеңейтілген орталық көшелер... Қаланың кіре берісін түрлендірген жасыл шыршалар... Биік мұналар басынан ойнақы сәуле шашқан тәуелсіздік шамдары... Мұның бәрі ұлы шаһардың 1500 жылдық жарқын мерекесі құрметіне тартылған сый-сияпат, байғазы іспетті.

Осы айтқандарымыздың бәрінен де біз үшін ең қымбаты, жұртшылықтың рухани құбылыс ретінде қабылдағаны — көне Түркістан төрінде жана театрдың шаңырақ көтеруі. Көне шаһарда кәсіби өнердің гүл шашуы. Тақыр жерде театр туды! Әулие ара-лаған өңірде киелі өнер ту тікті! Бұл шын мәніндегі рухани сілкініс, шабыт серпілісі еді. Иә, ол қозғалысты өмірге әкелген, ойда жүрген ұлы мұратын өнерге енгізген дархан дарын, дара тұлға кім еді? Әлбетте, нағыз өнер тұлғаларымен көрікті. Тұлға — өнердің көркі. Әсем Алматы одан ойда-жоқта уақытша көз жазып қалған. Жеті-сегіз жыл көлемінде мәдени жиындарда, зиялылар арасында Қадыр мен Қасым поэзиясы оқылмай қалған. Ақсары жүзі алаулап, ақшулан тартқан бұйра шашы қобырап, театр тақырыбына сөз арнаудан бір шаршамайтын қағылез жігіт ағасынан хабарсыз қалғанбыз. Өнердің төл перзенті, Оңтүстік астанадағы қос академиялық театрдың өсіп-өркендеуіне (бірде, басшы, бірде қосшы) бір кісідей ат салысқан азаматтың бір сәтте өз ортасынан жеріп шыға келуін әркім өзінше пайымдаған. Тіпті түсінбегендер де болған. Оның олармен ісі де болмады. «Ағалап» артынан ергендер алдамшыдай көрінді. Өзі арқа тұтып, азамат деп жүргендері алдын кес-кестеді. Кезінде солардың қайсыларына болмасын қол ұшын беріп, қамқорлық жасап, қарасқаннан өзге иненің жасуындай жазығы болса, қанеки! Қолдарына сәлпәл билік тигендері сол екен, сарбаздарың оскырынып шыға келді. Өздері де шетінен мансапқұмар, шамшыл шіркіндер екен, бар-жоқты тінтіп-тіміскіленіп, шұқыланып тәңірге жазып бақты. Айды аспанға шығарғылары келген әлгілер, өнердегі өсте-өсте шартын қасақана бұзып, қайсыбір аға-інілерінің жүйкесінде «ойнап», әлімсақтан келе жатқан дәстүрлі әдептің сілікпесін шығарды. Өмірде ештеңе де қарымтасыз қалған емес, тасып-шалқығандар көп ұзамай төгіліп-түгесіліп, лезде сабасына түсті. Төл өнеріне деген сүйінішін баса алмаған оны әлдекімдердің тірлігі керісінше қайрай түсті. Намысын жаныды. Шабытын қозғады.

Қарабайырлап айтқанда, оның «жынын» қоздырды. Ұзақ толғауға ырық бермеген өршіл болмыс оны Қаратаудың бауырына алып қашқан. Киелі Түркістанның өзі туып-өскен топырағына табаны тигені сол екен, арқалы өнерпаздың ішкі әлемі қайта түлеп, қызыл көрген мұзбалақ қырандай жұтынды. Бара сала университет жанынан Өнер бөлімін ашты. Қалың қазақтың арасынан таңдап жүріп, сахнаға лайықты ұл-қыздардың тобын түзді. Актерлік салаға тыннан түрен салынды. Әнші, күйші талапкерлер арасындағы балаң тартыс, озып шыққандардың өнер айдынына ұласып жатты. Түркістан төңірегінде актерлік әліппе негіздері осылай қалыптасты. Бірақ, суреткердің түпкі ойын бүркемелеген арғы шындығы, өз шындығы, өз шындығы (оның көкейінде терең жатқандықтан) сыртқа сүрлеу салмаған қалпы сабыр сақтаған-ды.

Ол, сары майдай сақталған салмақты идея – Түркістан театрын өмірге енгізу мәселесі еді. Өзін толғандырған, өзі талай толғанған, ежелгі арманы, ертеден қиялын тербеген ізгі мұратына кіріскен сәтте ол бәрін де ұмытты. Туған жерде театр түңдігін ашуға деген ғажап іңкәрлік оны бейнет, михнат дегеннің сан түрімен кезіктірді.

Оның үстіне Өнер бөлімінде мамандық бойынша дәріс берер білікті кадрлардың да өсіп-жетілмегенін, ал барларының әлі жас, әрі тәжірибесіздігін ескерсек, көптеген күрделі қиындықтармен бетпе-бет келген, барлық қызмет келеңсіздіктерімен жалғыз өзі алысып-айқасқан қайсар азаматты көз алдыңызға келтіріп көріңіз. Алғашқыда театрдың қалыптасу жолы Кентаудан басталған. Қай жылдары жарығы сөнген, отыны түгесілген, жалақысы жарытымсыз, тұрмысы тартымсыз Кентаудың жадау тағдырынан хабарсыз кісі болмас. Суық үйде от жаға алмай, темір пештің тойымсыз көмейіне көмірді санап салып, түтінге тұншығып, соқыр шамның бір тұтам пілігіне табынып отырған аттың басындай қазақ өнері қайраткерінің мүсәпір халін тағы да көзге елестетіңіз?! Қолды бір-ақ сілтеп, Алматыға тайып тұруды да сан ойланған. Не деген азап! Жергілікті басшылар болса, қаланың кем-кетігінен қолдары тиер емес. Облыстағылар да тырс етпеген. Республика орталығы тым жырақта. Түркістан театрын құру туралы жақсы идеясын еш жерге өткізе алмай көнілі қапалықта жүрген тынымсыз жанның кенеттен жүзі жадырап, жолының ашылып-ақ жүре бергені.

Ұлы Түркістанға ат басын бұрған бір сәтінде болашақ театр құру жөніндегі орынды әңгімені құлағы шалып қалған Елбасымыз: «Рухани мекенге ондай өнер отауы қажет», – деген кесікті пікірді батыл айтып жібермегенде, алыстан арып-аршып арнайы барған азаматымыздың (қанша жерден қайраткер болса да) асқақ арманының аяқсыз қалуы ғажап емес еді. Ол Елбасымыздың көрегендігіне дән риза! Сол-ақ екен қабаржыған көңіл-күй көтеріле берді. Дүдәмал ойлардың кара бояуы ыдырап, қайраткер қиялы жан-жағына шуақ шаша бастады. Сірескен тоң жібіді. Жергілікті әкім-қараларға да «жан бітті». Не керек, дуалы ауыздан шыққан «қажет» деген қымбат лебіз көптен бері шешімін таппай, бүркеулі жатқан бұлынғыр істің барар бағытын айқындап жібергендей болды.

Әлбетте, бұл іске қырын қарағандар да болмай қалған жоқ. «Өзінен басқа сабақ берер бір маман жоқ, өнер бөлімінің ертеңі қалай болар екен», деп сусылдап, сыпылдағандар да жетіп артылып жатты. Тіпті, сондай сүйкімсіз сөздер құлағының түбінен, дәл өзінің маңынан есітіліп жатарын қайтерсіз. Оған ол мойымады. Қыңбады. Қожырамады. Қатая түсті. Қарсы тұрды. Сахна тілі, би, ән пәндерінен талантты жандарды жанына тарта берді: драматургия, театр тарихынан дәріс оқыр білікті мамандарды Астана, Алматыдан іздестірді; режиссура, актер шеберлігі іліміне ыңғайы келген отты да өткір қыз-жігіттерді іздеуден, іріктеуден танбады.

Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік және Жастар одағы сыйлықтарының иегері, профессор мырза осылайша «қазақы» архитектурамен салынған тоқал тамның күңгірт бөлмесінде Түркістан театры құрылымының жобасын жазып-сызудан бір танбай жүріп жатты.

Қ.Йасауи атындағы Қазақ-түрік университетінен ашылған Өнер бөлімі күннен-күнге ұлғая түсіп, театр ашуға апарар алтын көпір, киелі баспалдаққа айналды десек, онымыз асыра айтқандық болмас.

Шағын шаһардағы түрлі бас қосуларда, жиын-мәжіліс, мерекелік мәдени шараларда Халық артисінің өзі бас болып, шәкірттерімен араласа жүріп, той-думан, ойын-сауықтың көрігін керегінше қыздырғаны жасырын емес. Әлі де солай! Бұйығы тыныш жатқан ту сонау алыс мекенге кәсіби өнердің алаулы шоғын алып келген профессордың тынымсыз тірлігі былайғы жұртшылыққа аспаннан от тасып жүрген Прометейдей әсер тастағаны әбден рас.

Театр түндігі қалайда көне Түркістанда бой көтеруі ескеріліп және университет үйінің де сол шаһарда екендігі қаперге алынып, теміржол вокзалы маңына орналасқан ежелгі клуб үйі болашақ театр ғимаратының талаптарына сай күрделі жөндеуге түсіп, түп-түгел қайта жаңарды. Нәтижесінде 200-дей ғана көрерменге лайықталған, сыртынан назар салған қісінің көзінің жауын аларлық, сүйі-сүйкімді шағын ғимарат өмірге келді.

2001 жылғы қаңтар айының 12-ші жұлдызы күні республикамыздың ең кенже кәсіби өнер отауларының бірі – Түркістан қалалық театрының ресми тұсауы кесілді. Ш.Мұртаза, Ф.Оңғарсынова, А.Әшімов, С.Оразбаев, С.Балғабаев, Б.Мұқай, Р.Бағланова, Е.Оразымбетов, Т.Қыстаубаев, қырғызстандық атакты драматург М.Байжиев сынды белгілі әдебиет, мәдениет қайраткерлері өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, еліміздегі ең жас театрға сәттілік тіледі. Оңтүстік Қазақстан облысының сол кезгі әкімі Б.Сапарбаев және Түркістан шаһарының басшысы Ө.Әметұлы мырзалар қалын жұртшылық алдында өздерінің театр тағдырына байланысты бұйрық-өкімдерін оқып, алдағы уақытта да балаң ұжымға көрсетілер негізгі міндеттерге тоқталып өткен еді.

Міне, мінберге ақсары жүзі алабұртып, қуаныштан кеудесі қарс айырылардай болған әйгілі өнер иесі, Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік және Жастар одағы сыйлықтарының иегері, профессор (театр ашу жолында көрмеген құқайы жоқ, өз идеясының қайсар да қайтпас жеңімпазы) Райымбек Ноғайбайұлы Сейтметовтің өзі көтеріліп, көрермен қауымға толқи тіл қатты:

– Бұл күнге де жеттік-ау! Қарап жатпағаным анық. Репертуар даярлай беруден танбадым. Балауса актерлерімнің ыңғайларына қарап, түрлі жанрлардан қойылымдар түздім. Тәуір шыққан дипломдық жұмыстарды да кәсіби сахна талаптарына сай, қайта өңдеп, жөндеп-жетіктіріп, репертуарлық қорымызды толықтыра түстік. Барымызды түгелдей жинап-терсек, жиырмадан аса қойылымды атап өтуге болады екен. Комедия, драма, трагедия, музыкалық шығармалар дейсіз бе... шүкір жетерлік.

Иә, режиссердің сөзі тегіс шындық. Оған толық куәміз. Ұлы М.Әуезовтың «Қарагөзі», «Айман-Шолпаны», С.Балғабаевтың «Ең әдемі келіншегі», «Қыз жиырмаға толғандасы», С.Ахматтың «Келіндер көтерілісі», Қ.Шаңғытбаев пен К.Байсейітовтың «Беу, қыздар-айы», Б.Мұқайдың «Тоят түні», Т.Нұрмағамбетовтің «Ақ босағаң — арың» спектакльдері өзіндік көркемдік дәрежеде, таза

эстетикалық қалыпта жас театр сахнасында толассыз жүріп жатыр.

Режиссер ұстанымы берік, жоспары айқын. Әулие қонған жердің руханияты да өзгеше болуға тиіс. Ұлттық өнер нақышы, салт-дәстүрлік, әдеп-ғұрып, әрекет әдептері өзінше һәм өзгеше дамуы шарт. Немістерден көріп келгенін дереу қазақтарға (келсін-келмесін) тықпалап, қазақ драматургиясында сөзден өзге дәнеңе жоқ деп, сахналық сөз қадіріне қырын қарап жүрген (ал өзінің тындырғаны шамалы) қайсыбір шала сауат режиссерсымақтармен (бір қызығы, өмірде ауыздыға сөз берместің нағыз өзі, ісінен сөзі көп) сайысқа түсер кез келді.

Пьеса сюжетіне терең дендеу, әрбір диалог-монологтың ара жігін ашу, тіпті олардың тыныс белгілеріне дейін тәптіштей назар салу режиссер-қоюшының, режиссер-ұстаздың тұрақты міндеті. Иә, ол ұстаз-режиссер. Айды аспанға шығарудан аулақ. Алқын-жұлқын өрескел әрекеттерден бойын алыс ұстайды. Ұлттық мінез-құлық, дәуір, орта үрдістерін негізге алады. Қойылымның образдық нұсқасын, оның жанрлық шешімін табар тұста әр автор табиғатының өзіндік ерекшеліктерін сақтай білу – режиссердің басқы ілімі.

Сая Қасымбекқызы Тоқбалаева – қаламгер, режиссер, театр ісін ұйымдастырушы, Ренеңнің төл шәкірті, өнердегі көмекшісі. Ізденгіш, енбекқор жан. Әзірбайжанның белгілі жазушысы Б.Вахапзадениң қаламынан туған заманымыздың 630 жылы қытай жеңіліске ұшыратқан Көк Түрік қағанатының ұлт-азаттық күресін суреттейтін «Елді арандатқан қылыш» («Көк түріктер») драмасында өзіне режиссерлік көмекшілік еткен зерек қыздың беталысын дөп байқаған Р.Сейтметов оны режиссура мен қалам тербеу саласына қарай бағыттаған. Бар гәп – кісінің өзінің табиғатына байланысты ғой. Бұл күндері үлкен режиссер-актерден мол тәлім алған Сая бірді-екілі пьесалар жазып, өзі де режиссерлік кәсіппен батыл айналыса бастады. Оның қаламынан туған «Әділеттің ақ жолы», А.Островскийдің «Свои люди – сочтемся» атты комедиясының ізімен бүгінгі күн тақырыбына арнайы жазылған еркін қиял нәтижесі дерлік «Өзіміз ғой, өзіміз» таңғаларлық оқиғасы, «Жанталас» тарихи драмалары көрермен қауымның ізгі ілтипатына ие болды.

Кеңесшісі, қоюшы режиссері Р.Сейтметовтің өзі. «Жанталас» – қазақтың соңғы ханы, елінің азаттығы үшін күресте құрбан бол-

ған үлкен саясаткер, айбынды қолбасшы, өз елінің жаужүрек ұлы, Кенесары хан туралы тарихи драма.

Пьеса Хан Кене жайлы тарихи деректерге құрылып жазылған. Оқиға ХІХ ғасырдың басындағы Қазақстан жеріне жаппай қамалдар, қорғанды қалалар сала бастаған орыс империясының отаршыл саясатына қарсы бас көтерген Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ батырларының қанды күрес жолын паш етеді. Хан Кене (Б.Төлендиев), Наурызбай (Е.Исатаев), Таймас (А.Наурызбаев), Ағыбай (М.Құрманбеков) тағдырлары өмірдің өзіндегідей әр қырларынан шынайы көрсетіледі.

Ал, «Әділеттің ақ жолы» немесе «Президенттің жүрегі» — Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді мемлекет келбетіне ие болған алғашқы он жылдықта Елбасы Н.Назарбаевтың басынан кешкен қиындығы туралы саяси-публицистикалық драма. Пьеса нақтылы деректерге сүйене отырып жазылған. Қазақстан үшін он жылдағы аса маңызды оқиғалар: ядролық қаруды жою, әлемдік сенімге ие болу, қазақ тілін мемлекеттік тіл ету, теңгені енгізу және астананы Ақмолаға көшіру мәселелері сахналық әрекет арқылы табиғи беріледі. Қойылымның кеңесшісі және оның қоюшы режиссері Халық артисі, профессор Райымбек Сейтметов шын мәнінде республикамыз өмірінен психологиялық тебіреністі сыр қозғайды.

Пьесамен алғаш танысқандардың бірімін. Оның деректілігі ұнады. Бәрі де құжаттық негізде жазылғандай. Елбасы өмірінің бал татымайтындығы айқын сезіледі. Сана қактығысы, ой таласы, ел басқарған ірі саясаткердің кесек те ойлы әрекет-тіршілігі, оның биік идеялар үстіндегі жан аямас әлеуметтік күресі және бәрін де өзінің жүрегі арқылы безбендеп, өз жүрегінен өткізетіндегі пішіндік жағынан да, мазмұндылығы жағынан да шынайы.

Президент те адам. Азамат. Ол да өз жүрегінің орындаушысы. Қоршаған дүние тылсымын жүрегі арқылы шешеді. Сол арқылы сезеді. Сол арқылы түйсінеді. Сонымен ғана сырласады.

Ең бастысы — театр ұжымының ниеті жақсы. Ол он жыл ішіндегі саясат саласындағы сан қилы оқиғалардан хабардар етеді. Ел басымыздың өз халқы үшін еткен еңбегі жайлы, тығырыққа тірелген көштің бетін адастырмай алға бастауы, алпауыт мемлекеттердің саясаткерлерімен терезесін тең ұстауы көңілге қонымды, керек десеніз, кеуденізге мақтаныш сезімі ұялайды. Он жылдықта жасалған тірліктер бір ғасырдың жүгі десе артық емес. Елбасы-

мыздың қатты қиналған кезінде оның әруақты бабамыз Кенесарымен үндесуі, ел тағдырына байланысты күрделі мәселелерді шешудегі батылдығы, қойылымның әсерлі сәттері.

Аталған қойылым жөнінде жылы-жылы пікірлер айтқан Н.К.Зейбек, М.Мырзахметов, К.Сағадиев, М.Әлиев, Р.Бердібай, О.Сәбденов, С.Оразбаев, Б.Сапарбаев сынды ел азаматтарының құнды пікірлерінің толық хаттамасы театр тартпасында сақтаулы. Елбасымыз жөнінде деректі фильмдер түсіріліп, арнаулы мақала, кітаптар жазылып жатқанда театрларымыздың тым-тырыс үнсіз жатуы да онша қалыпты жағдай емес десек, бұл орайдағы Түркістан театрының осындай қиын тақырыпқа алғаш рет шығармашылық ниет білдіруінің ешқандай да сәкеттігі жоқ деп білеміз.

Режиссер Р.Сейтметов «Айман-Шолпан», «Келіндер көтерілісі» комедияларын көрсетуді көшеден бастап, алаңдық көне театр стилін өмірге енгізбекші. Бұл да пішіндік һәм кісі қызықтырарлық тәсілі жағынан театрға көрермен тартудың бірден-бір тура жолы.

Оның бар ғұмыры нақ бір іздеу мен ізденуден құралып келе жатқандай-ақ. Түркістан театрының іргетасын өз қолымен қалаған қазақ көркем өнерінің ойшыл қайраткері Райымбек Сейтметов аталған көне шаһардың шын мәніндегі нағыз құрметті азаматы. Алаштың зиялысы. Ұлтының намысқой перзенті. Ендігі кезек — Қожа Ахмет Йасауи бейнесін сахнаға икемдеу. Режиссердің ішкі ойлары бірге-бірге пісіп-жетілуге таянғандай. Ең бастысы — Түркістан театрының түндігі кең, болашағы жарқын. Ол соған қуанады.

*«Жас Алаш», 2003 ж., 22-сәуір*

**Бақтияр ТАЙЖАН**

## **КӨК ТІПРЕТКЕН КӨК ТҮРІКТЕР**

*Түркістан сазды-драма театры жаңа ғимаратта  
жаңа қойылымын ұсынды*

Спектакль алпыс екі тамырдағы қан шымырлап қайнап, қатты толқыған жүрек қанасына сыймай бұлқындырған асқақ үнмен біткенде алдыңғы қатардағы қасқа мен жайсаң орнынан бір кісідей атып тұрды. Қазақтың мандайына жарқыратып бере салған марқасқаларға ілесе драма театрдың кішкене құжырасын

мойындарына іліп әкетердей қызынып отырған көрермендер де тік көтерілді. Овация. Қатты соғылған шапалақтан театрдың түндігі желпілдейді.

«Ей, ей түрік оғызы, жері, халқы! Естіндер! Көкте көрі баспаса, астындағы жер тілінбесе, сенін ел-жұртыңды кім қорғайды?

Ей түрік, сенің күш-қуатың бірлігінде. Бірігіндер! Бірігіндер!» Спектакльдің лейтмотиві осы.

...630-жылдар. Көк түріктер заманы. Жеріне көз алартқан дұшпанның сағын сындырып, белін доғаша иген Көк түрік әскерінің қолбасшысы Күр Шад (Б.Төлендиев) байрағын желбіретіп елге оралғанда күтпеген көріністің үстінен шығады. Әкесі, Көк түріктердің даңқты басшысы төсек тартып жатқан Шора қаған белгісіз жағдайда көз жұмып, орнына ағасы Қара қаған отырыпты. Ойынан зымияндықтың лебі аңқып тұратын Ичкен Хатун (Қ.Сейтметова). Қытай императорының қызы ерінің көзі жұмылысымен Қара қағанға әйел үстіне тиген.

Екі перделі драманың шиеленіскен кілті нақ осы аяр, жыландай зәрлі Ичкен Хатунның әрекеттері арқылы өрбиді. Даланың ерке ұландары, ұлан-ғайыр жері бар, елі бай, ешкімге басқызбаған көк түріктерге бір кезде құл болған Қытай мемлекеті енді іштен ірітіп құлатуды армандайды. Көршісімен тату болғысы келген Шора қағанға қызын беріп, ойға алғанын Ичкен Хатун арқылы іске асырғысы келеді. Көк түріктердің ымыраға келмейтін қағаны Шораға у беріп өлтірген Ичкен Хатун Шораның тақ мұрагері етіп кіші ұлы, ержүрек, елін жанындай сүйетін Күршадты тағайындау бұйрығын ұрлап алып, таққа Қара қағанның (М.Оразметов) келуіне көмек жасайды. Тап осы сәттен бастап көк түріктер елінде алауыздық басталады. Күр Шадтан қауіптенген Қара қаған Ичкен Хатун мен оның қызы Сияң Шының көмегімен Шора қағанның үлкен ұлы Яшар Шад-Толы ханды (Ғ.Қалыбаев) азғырып, Күр Шадқа айдап салады.

Опасыздықпен қолға тиген тізгін, басшылық Қара қағанның көзін тұмандатады. Әкесінің ағалы-інілі арасына қытай қыздары арқылы от жағуына шыдай алмаған Селжан (О.Дәулетова) қор болған түріктердің санасын серпілтіп алу үшін өзін қылышқа жығады. Қытай императорының түпкі мақсаты Көк түрік тағына қызы Ичкен Хатунның Шора қағаннан туған ұлы Жаңбырды әкеп отырғызу. Аманатта болған Жаңбыр қытайға жақын болып, солардың дәстүрімен өседі. Демек, Жаңбыр таққа келсе ер түрік



елі Қытай императорының дегеніне бас ұрып, айтқанынан шықпайды деген сөз.

Қытай ханзадасы Ян-Шуң арқылы Жаңбырдың қытайша жазылған хатын алған Қара қағанның ашуы терісіне сыймайды.

Ян-Шуңға «Көк түрік тағына түрік нәсілді анадан туған бала болмаса жат елдік анадан туған бала ие бола алмайды» деп жауап қайырған. Қараған қағанның кесіп айтқан сөзінен түріктерді бодан ғыла алмайтынын ұққан қытайлықтар енді тақтан Қара қағанды аластатып, тақ, билік десе көзі тұманданатын Толы ханды әкелуді жоспарлайды. Толы ханға қоятын шарты — кейін тақты Жаңбырға босатып беру.

— Бұл қылышқа мен лайық болмадым, сатқындықпен жеттім. Енді бұған менің ұлым да лайық емес, — деп егілген Толы хан Қаған асынатын қылышты Күр Шадқа ұсынады. Мақсат, мұрат тақ емес, Көк түріктің жауларының белін сындыру болған, пенделік пиғылдан биік Күр Шад қағандықтан бас тартып елінің садағасы болған Селжан екеуінің некесінен туған Құтылыққа аманаттайды.

Актерлардың киім киісі, бекзат болмысы Көк түрік заманын бүгінгідей көз алдыға алып келеді. Жұрттың көзін сығып ала бергендігі актерлардың сол заман қасіретін айнытпай беруінде жатқан болар.

Болмыс-бітімі қазақ театрында қойылып жүрген шығармалардан бөлек туындының сахнамызда қандай жағдайда пайда болғанын Райымбек Сейтметов ағамызбен болған сұхбатта алға тартқанбыз.

— «Елді арандатқан қылыш» деп аталатын осы пьесаны маған біздің Өкілетті кеңес төрағасы Намық Кемал Зейбек ұсынды, — дейді Райымбек аға.

Әзербайжан халқының үлкен жазушысы Бақтияр Вахапзадениң туындысы екі сағатқа лайықталған екен. Мен суын әбден сығып, қимыл-әркетке құрылған күйінде бір сағат 20 минутқа қысқарттым. Зейбек мырза көргенде қатты риза болды. Әзірбайжандар қойғанда арқаны кеңге салып, дастархан басында ас ішіп отыратын сәттері көп, ширыққан дүниені солғын тарттырады екен.

Біздің актерлар қазақ және түрік тілдерінде еркін ойнай береді. Осы спектакльмен бір айдай Түркия мемлекетінде болғанымызда зор қолдауға ие болдық. Алғаш сатқындық жасалатын

тұста төрде тұрған көк бөрінің бас-көзі шоқтай жанып, ұлитыны болады. Түрік ағайындар сонда солқылдап тұрып жылады. «Біздің қазіргі тіліміз қазақ тіліне қарағанда кедей. Ата жұртта отырған сіздің тіл көркем, құнарлы екен» десті. Зейбек мырза «Еуропада 3 миллион түрік жұрты бар. Соған көрсетеміз осы драманы. Амандық болса Америкадағы, Австралиядағы қандастар басынан өткен тарихты бәрі біліп, елін бұрынғыдан да артық сүйеге ықпал етеді» депті. Райымбек Сейтметов Түркістан театрының тарихы 2001 жылдың 1-қарашасынан басталады дегенді айтты. Түркістандағы кесене, құрылыстарды көріп келген Президент театрда 15 минут болуы керек екен. «Сіздердің бақтарыңызға Рекендей білікті, білімдар режиссер келді» деген Елбасы «Көк түріктер» спектаклі басталғанда сахнадан көз алмапты. 15 минутқа келген Президент өнердің құдіретіне арбалып екі сағат отырыпты. Күн кешкіріп қалған. Тікұшақ түнде ұша алмайды. Оққағарлар сыртта режиссерге кіжініп жүр. Ал өнердің, мәдениеттің бағасын білетін, ұлт дәстүрінің үлкен жанашыры Нұрсұлтан Әбішұлы қойылым біткенде Рекенді қасына ертіп, сахнаға көтеріліпті. Актерлардың бөрінің қолын алыпты. «Ұлтымыздың тарихына құрылған соқталы дүние екен. Кенінен насихаттаңыздар» дегенді айтыпты. Режиссер Сая Тоқбалаева екеуі жұмысты театр іргетасын қалаудан бастады. Өнер кафедрасы ХҚТУ-дің бұрынғы ректоры М.Жұрыновтың қолдауымен ашылап, кәсіби актерлікке даңғыл жол тартылды. 1939 жылы салынған бұрынғы Теміржолшылар клубының ғимараты тозып бара жатқан ғимарат еді. Облыс әкімі Б.Сапарбаев пен қала әкімі Ө.Әметұлы табанынан таусылып жүріп, қажетті қаржыны тауып берді. Театр 70 миллион теңге қаржыға толық жөндеуден өтті. Бүгіннің өзінде репертуарында 15 спектакль дайын тұр. Бұндай жағдай өзге театрларда кездесе бермейді. Рекен бастаған ұжым жолға шыққан жолаушыға ұқсайды. Жолға шыққан адам тоқтамайды. Бірде баяу, бірде қатты жүреді. Ендігі арманы рухани астана – Түркістанда түрік дүниесі театрларының фестивалін өткізу. Кешегі көк түрікпен еншілес көрші ағайынның, ел Президенттерінің мәмілеге келетін, келісетін жері Түркістан болса, Түркістан атажұрт атауына лайық болса дегенді тағы айтады. Бұл да білгеннің ісі.

*«Егемен Қазақстан», 2002 ж., 16-қаңтар*

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ

### «ТҮРКІСТАННЫҢ АУАСЫ ДА, АУРАСЫ ДА БАСҚА»

Алматыдағы екі бірдей драма театрына да жетекшілік жасаған белгілі режиссер, халық артисі, Қазақстан және Қырғызстан республикаларының өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Райымбек Сейтметұлы тура жол ортасына келген кезінде бәрін тастап, Түркістанға кеткен кезінде, оны білетіндер мен танитын адамдардың арасында таң қалмаған адам кем де кем болған шығар. Аузын ашып, аңтарылып қалған жұртқа бұрылып қарамады, себебін түсіндіріп, салдарын айтып жатпады...

Күні кеше ғана жас меценаттардың қолынан «Тарлан» сыйлығын алып тұрып «Ақсұңқар-қыран жемін шашып жейді, қарға-құзғын басып жейді» деген. Қоржынындағы қазынасын елмен бөлісіп жатқан мынау жас тарландарға рахмет. Меценаттардың клубын мен «Жарылқаушылар клубы» деп атар едім. Алтын арқалап, азғантай ғана төлеуін көретін өнер адамдарын жарылқаған қамқорлықтарына рахмет» деп шынайы лебізін білдірді. Райымбек ағамыздың өзі ізін басып, соңынан ерген қаншама әріптестеріне рухани демеу, рухани жарылқаушы бола білді. Қасиетті Түркістан жеріне арнайы іздеп барып, өңгімелесу себебі де бүкіл ғұмырын театрға арнап келе жатқан табанды артист һәм режиссердың риясыз ойымен бөлісу еді.

Мен Алматыдан неге кеттім?..

Біз Алматыға Асанәлі екеуіміз бірге келгенбіз. Кентаудан келіп актер болмақпыз. Консерваторияның өнер бөліміне 1955 жылы түсіп, 1959 жылы бітірдім. Бітірер жылы Мәжит Бегалиннің «Жерге қайта оралу» атты үлкен филіміне түстім. Бұл картинаның ерекшелігі — онда қазақ өнерінің бүкіл артистері ойнады.

Әкем болып Қуанышбаев түсті, Серағам, Елубай аға, Шөкен ағам, Кәукен ағам, Шолпан апам, жасын отындай жарқылдап бәрі жүрді. Өнердегі алғашқы қадамым кинодан басталып еді. 1960 жылы Әуезов театрына қабылдандым. Арасында ГИТИС-тің режиссерлік курсы тәмамдап, қайтып келіп сол театрда режиссер болдым. 1982 жылға дейін режиссерлық жұмыс жасадым. Жаңа театр салынып біткен кезде Мәдениет министрлігіне ауысып кеттім. Содан соң Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жастар театрына көркемдік жетекші әрі директоры болып (1995 жылға дейін) қызмет істедім. Осының бәрін мен неге айтып отырмын? Күндердің күнінде осының бәрін, Алматыдағы үй, саяжайды қалдырдым да, қырық жыл бұрын кеткен қасиетті Түркістаныма қайта оралдым. Қожа Ахмет Йасауи университетіне келіп, өнер бөлімін ашып, бала оқыта бастадым. Мақсатым ол да емес, көкірегіме жасырылған түпкі мақсат – туған жерімде театр ашу еді. Жас, жаңа шәкірттер тәрбиелеп, өнерді өрістетіп, өз мектебімді ашсам деп келдім. Алайда мен ойлағандай театр онайлықпен ашыла қойған жоқ. Табынымнан таусылып, талай есікті қағып, аяғыммен барып, аяқ жетпеген жерге қағаз жіберіп, әлекке түсіп, әрекет етуге тура келді. Сонда да бола қоймады, ақыры Президентке хат жаздым. Сол хаттың көмегі тиді білем, екі-үш ай өйтпей жатып, облыс басшыларының өзі қозғалып қолға алды. Сонда да болса театрды ресми түрде былтыр ғана аштық. Шындап келгенде бір жыл ғана болды. Былтыр Шерхан Мұртаза, Роза Бағланова, Асанәлі Әшімов, Бакқожа Мұқай, Әшірбек Сығай, Сұлтанәлі Балғабаев секілді он-он бес қаламгер, драматург, әртістер келіп театрдың ашылу салтанатына қатысып қайтты. Сол бір жарым жылдың ішінде қойған спектакльдеріміздің саны биыл 18-ге жетіпті. Театр жұмысын бастар-бастамастан бұрын бір айлық гастрольдік сапармен «Көк түріктер» спектаклімен Түркияға бардық. Оны түрікшеге аударып, өзіміздің қыз-жігіттер түрік тілінде ойнады. Театр өнері дәл біздегідей деңгейде дамымаған түріктер аузын ашып, көзін жұмды. Міне, былтыр көріп қалғаны бар, көрмегені бар, биыл театрымызды Түркияның он шақты қаласы тағы да шақырып отыр. «Көк түріктер» 630-шы жылдың оқиғасы. Бұл кезде әлі Күлтегін жоқ.

Ал театрдың мәселесіне келгенде, театр осы сияқты халықтың тарихын, тағдырын кейінгі ұрпақтың көз алдына алып келуді мақсат етеді, сосын өзі таразыласын, өзі шешім шығарсын. «Қара

бетін тарихтың қызартпаса болмайды» деп Қадыр айтпақшы, сол қасірет мұның неге көрсетпеймін өз ұрпағыма? Том-том романдарды әркім жеке бөлмесіне тығылып, шамның жарығымен оқи беруіне болады, ал театрдың қиындығы – куәсі жанында. Театрдың ішінде 700 адам отыр ма, қойылымды бәрі бір тыныспен көреді, бірдей сезінеді, бәріне бірдей әсер етеді. Кейінгі менің әріптестерім тарихты көрсетсе де, бүгінгі күнді бейнелесе де, желпілдетіп, етегін ашып көрсеткісі келіп тұрады. 100 көрерменнің орнына 200 көрермен жинаймын деп айтары жоқ адамның тыраштанған түрі бұл. Жас режиссерлар түгілі, менімен қатарлас әріптестерімнің өзі «Айман-Шолпанды» қойғанда, Айманның басына шляпа кигізіп, оспадарсыз қылықтар жасатқызады. Соның астарында ұлтты қорлаған былапыт бірдеңе жататын сияқты. Өзім көргем жоқ, марқұм Асқар Тоқпанов ұстазымыз «Масқара, жұртым, мынау масқара ғой, жұмындар көздерінді, әрқайсысын айғыр сияқты кісінеткен оспадарсыз ойынды көрмендер» деп жылағандай болып, залдан шығып кетіпті жарықтық. Кейде біздің режиссерлар түр іздейміз деп тәп-тәуір дүниені бүлдіреді. Басқаша айтсақ – форма. Менің әріптестерім спектакльді қоймас бұрын алдымен түр іздейді. Түр меніңше мазмұннан шығуы керек. Шолпан шолтитып шортик киіп шықса, Қозы-Көрпеш белден жоғары жалаңаштанып әлекейдей жалаңдаса, соны түр деп есептейді. Сол кездің қазақтары жалаңаштанып жүріп жұмыс істеп пе, жорыққа шығып па, ойын ойнап па? Көзі жетпей тұрып, логикалық шешім қабылдамай тұрып, тек түрге жабысады. Театр – ең белсенді қозғалыс. Әр нәрсе негізіне, түп тамырына байланысты. Шолақ ойлы режиссерлар соны ермек қылғысы келеді, бәрінің ойы біреу-ақ – жұртты таң қалдыру. Түкке тұрмайтын түр үшін ұлтының қасиетін құрбан қылғысы келеді. Сен мықты болсаң артисіңнің тілін, ойын түзе, айтатын басты мақсатыңды түзе. Басты мақсат – ұлтыңның мақтанышы, ұлтыңның ерлігі немесе азабы. Кім де болса ұлтымды жақсы көремін дейтін шығар, ал мен аса жақсы көремін. Өзім қойған спектакльдерді көріп отырып кейде жылаймын. «Қалың елім, қазағымды» тамашалап отырып, жылаймын, өзімнің қойғаныма емес, Абайдың соншама азап, зар шеккеніне жылаймын. Жүрегіңнен өтпесе, жүрекке жетпейді.

Театр ақыл мен парасаттың, сезім мен махаббаттың тоғысқан жері. Режиссерларымыз театрға келгенде қолына қылыш ұс-

тап келеді, ол дұрыс емес қой, сен алдымен ақыл алып кел. Әзекеңнің Прагаға барып келгеннен кейін күліп отырып айтқан бір әңгімесі бар еді. Әзекең «Қан мен терді» чех көрермендеріне қойды. Спектакль барысында үйреніп қалған әдетпен: «Сіз былай тұрып басыңызды ұстаңыз, ал сіз ана бұрышқа барып қалшылдап сөйлейсіз», — деп актерларға үйретіп жүрмін. Сөйтсем чех актері маған таңырқап қарап тұрып: «Сіз маған қалай істейтінін көрсетпеңіз, сіз маған мақсатын, соны не мақсатпен істейтінін айтыңыз, ал қалай жасау керегін мен өзім де білемін», — дейтін көрінеді. Зауытта да жұмыс істеу ырғағы солай ғой. Станоктың басында тұрған токарьға цех бастығы: «Былай жаса, енді мұнша жылдамдыққа сал, жылдамдығын теже», — деп желкесінде тұрып алып үйретіп тұрмайды ғой. Инженер келеді де: «Мынаның жүз данасын жаса» дейді де, чертежін тастап кетеді, токарь соған қарап тұрып жұмысын жасай береді. Актерлық жұмыс та тап солай. Кейде мен артистеріме айтамын: «Әй, ақша керек болғанда, атақ керек болғанда, үй керек болғанда мені жандарыңа ертіп жүрмейсіңдер ғой. Қалай айтайын, не деп айтайын, қандай түр танытып тұрайын деп менен сұрамайсыңдар ғой. Әркім өзің жеке барып айтасыңдар, айтқанда қандай айтасыңдар! Ол жерде режиссердың қажеті жоқ. Ол жерде өзің режиссерсің. Мақсатыңды айқын білесің, қайтсен де соған жетудің жолын ойлайсың. Ойың, сезімің, мінезің түгел жұмыс істейді. Шіркін, өзіне керек болса қандай артист болар едің! Ал спектакльге келгенде, тура қазынаның тірлігіндей қарайсың. Актердің алдында тек бір-ақ сұрақ тұруы керек — «Енді не істеймін? Егер де мен... Егер де мен патша болсам не істеймін? Бітті, ойна, ойла ары қарай. Галилейдің рычагы қозғалысқа түсіп кетті. Қашан солай — жаның ашымаса, ауырмаса шын нәрсе шықпайды».

### «ҰЛЫ АКТРИСА СӘБИРАНЫ ДА ҚОРЛАДЫҚ ҚОЙ...»

Мені мұң басты. Түркістанға 1995 жылы келдім. Жарық жоқ. Бір бөлмесінде от жағатын, бір бөлмесінде тамақ жасап ішетін ортасынан қақ бөліп тастаған шағындау үйім болды. От жағамын. Пеш қызып тұрады. Бір жақсысы, шәугімді қоя салсаң, ылғи да қайнап тұрады екен. Аяғыма қайтадан мәсі кидім. Әлі күнге тастағам жоқ. Алайда осының бәрі маған қызық еді. Қадыр досыма

айтамын: «Сендердің өмірлерінде түк қызық жоқ. Біркелкі сүренсіз, сұрқай күн кешесіндер. Ал менің өмірім қызық. Жарық жанғандағы қуанышымызды айтсаңшы: «Свет жанды!» деп балашағаның дүркіреп даладан үйге қарай шауып, жүгіріп барып теледидарды қосып, мәре-сәре болған түрін мен ешбір мерекеге айырбастай алмаймын» деймін.

Бірақ адамның жанын былғайтын өзара ырын-жырын әңгімеден, сенің түсінігіңді қолдамайтын, бақас әрекеттерден жерігенім рас. Алматыда қырық жыл тұрдым. Жағымсыз энергия қажымасыңа, шаршамасыңа қоймайды. Түркістанның ауасы да, аурасы да басқа. Таласып-тартысып жатқан үлкен театрлар жоқ. Мүйіздесіп жатқан жазушылар жоқ. Осындайлардан шаршағасын да кеткен болуым керек. Ал саналы түрдегі мақсатым – театр ашу. Қанша бейнетін арқаласам да, қолымды бір сілтеп, қайтадан кері қайтамын деген ой тұмапты. Жұрттың бәрі мені не атақ, не ақша қуып кетті деп ойлады. Бар атақтың бәрін алып болғам, атақтың менде неше атасы бар, ақшаға мұқтаж емеспін. Осы жердегі жігіттердің де талайы: «Сіз келген кезде түсінгеніміз жоқ», — деген, Алматыдағы жолдас жігіттер де: «Сенің не үшін кеткеніңді әлі күнге түсіне алмай келе жатырмыз», — дейді. Менің шәкірттерім өсіп, алғашқы спектакльдерді сахналай бастағанда түсінді, енді ғана түсінді. Мақсат қоя білсең жетуге болады екен. Мақсаттың жолында адам төзімді, табанды болуы керек. Алматыда не – шығасың, кіресің, өсек-аян, қайтып келесің, кемпіріңмен шекісесің. Бар өмірің осы. Ал мұнда біреулерге, бір нәрсеге керек екенінді білесің. Бірақ ешбіреуге өкпелемеймін. Өзіңнің білімің жетпей, қажыр-қайратың жетпей жасай алмаған шаруан үшін, бейшаралығың үшін біреуге өкпелеудің қажеті жоқ. Адам өз тағдырына өзі ғана себепші. Әрине, жүйкенді жейді. Алайда оған өзіңнің мәдениетің мен парасатыңды ғана қарсы қоя біл. Сәбира апам айтушы еді: «Не қылайының болсын» деп. Мен түсінбейтінмін. Сөйтсем бұл сұмдық философия екен ғой. Сәбира апам анамдай болған кісі. Жиырма бір жасымда жаңадан оқу бітіріп келген кезімде Қозыны ойнадым, ол Мақпал шешемді ойнады. Жүгіріп келіп: «апа!» деп құшағына қойып кетем, тұмсығымды омырауына тақап, кеудесіне басымды қойып еркелеймін. Иісі қандай еді! Тура өз шешемнің құшағындай, өз анамның алақанындай еді ғой Сәбира апамның мейірімі мен қос қолы. Ойласам, әлі күнге көзіме жас келеді. Көп сүйеу болды. Әлдекімдер

аяғымнан шалып, қамыққан кезімде қабағымнан аңдаушы елі-ау: «Райымжан-ау, қайтесің сол иттердің сөзін. Өзі кім, сөзі не» деуші еді. Кейін өзінің басында да көп оқиғалар болды. Қырғызстанға барған сапарда сахнаға шығайын деп тұрған жерінен шығармай, ойнатпай тастады. «Райымжан-ау, қорлады ғой мыналар мені, қорлады ғой» деп жылағаны-ай. Содан Алматыға жеткенше жылап келді. Қан қысымы күрт көтеріліп, денсаулығы қайтып оңалмады. Қамықса да, торықса да, маған телефон соғатын. Театрдың анасы еді ғой. Бәрі қаймығатын. Турасын айтатын. «Еккенің тікенек болса, органың балауса болмас» деген. Мен балаларымнан тек тазалықты, әдептілікті, адамдықты ғана талап етемін. Қадыр ақын айтады: «Ұттым дей бер жұрттың бәрін дос көрсен, біттім дей бер, жұрттың бәрін қас көрсен». Адамды сүймесең, тірлігінде не мән қалады? Серағаң, Сәбира апам, Шәкен ағам өнердің асқақ тұлғалары ғана емес, мен үшін аса қымбат, жаныма жылу сыйлаған, медет болған жақын жандар. Дінмұхамед Ахметұлы Серағаңды анда-санда әңгімелесуге шақыратын. Сондай-да міндетті түрде Серағаң: «Жүрсенші менімен бірге» дейді. «Ой, қойсаңызшы, не бар маған. Ұят емес пе, не ойлап қалады?» деймін. «Өй, қызық екенсің ғой, көреді, тани берсін» дейді жарықтық. Қазіргі балалар жүгіреді ғой. Жүгіргенің не, сондай ағаларын ізлеп тауып, алдыға салып, атын-абыройын арқаланып, атак, ақша сұрайды. Жасықтау өстік қой. Серағаңдар солай айтқанда, жігіт ағасы болып қалсақ та, құлағымызға дейін қызарып кететін. Айтпағым – өнер, оның ішінде театр тазалықты сүйеді. Артистің жаны таза болмаса, тұнып тұрған мөлдір талантын да былғап алады, келмеске кетіріп, өз қолымен көрге көмеді. Өзіне жаны ашымаса да, ең болмаса екінің біріне беріле бермейтін талантын өнер үшін, ұлт үшін қадірлеп, аялап ұстаса екен деймін мынау менің көз алдымда өсіп келе жатқан жас балаларым...

*«Жас Алаш», 2003 ж., 18-ақпан*

**Қарашаш ТОҚСАНБАЙҚЫЗЫ**

## **ТҮРКІСТАНДЫ ТҮРЛЕНТКЕН ТЕАТР**

Театр өнері өркениеттің өзегі, мәдениеттің мәйегі, тағлымның тамыры десек қателеспейміз. Ежелгі Рим мен Грекияда те-



атрды сол заманның ең құнды дүниесі деп бағалағанын ескерсек, сахна ғұмырының шексіз жалғаса беретініне көзіміз айқын жете түсер еді. Тек оны қолдайтын орта мен қоғамның болуы шарт, әрине. Олай дейтініміз, рухани ашаршылыққа ұшырап келген қоғамда театр өнерінің де тынысы тарылатыны сөзсіз. Егемендік байрағын желбіретіп енді ғана еңсе көтерген қазақ елінің Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы елдің мәдениеті өркендемей, елді таныту мүмкін еместігін ескеріп, 2000 жылды «Мәдениетті қолдау жылы» деп жариялады. Міне, осы жылы небір жарасы сыздап, жабылуға шақ тұрған мәдени ошақтар қайта қаз тұрып, үлкен қолдауға ие болды. Соның бір мысалы қасиетті қаламыз Түркістанда – Түркістан сазды-драма театрының дүниеге келуі дер едік.

Түркістан қаласында жұртшылыққа көне ғасырдың көзіндей әсер қалдыратын теміржолшылар клубы болғаны есімізде. Міне сол ғимарат ғасыр соңындағы жекешелендіру науқаны кезінде жеке кәсіпкерге сатылып кеткен. Ал әлгі жеке кәсіпкердің мұндай жауһар жәдігерді аяғынан тік тұрғызып, қамқорлыққа алуына мүмкіндігі жоқ еді. Осы тұста қаланың басшылық қызметінде бірсыпыра ауыс-түйіс болып, көне шаһардың шау тартып, шатқаяқтаған шаруасының жүзіне қан жүгіре бастады. Қала басшысының жеке кәсіпкерге бұл ғимаратты қаланың өз игілігіне қайтару жөніндегі ұсынысы құп алынды. Театр үйінің мемлекет құзырына қайта өтуі Түркістан шаһарының 1500 жылдық мерейтойы қарсаңында жергілікті тұрғындар үшін қуанышты оқиға болды. Өйткені Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының рухани астана деп асқақ мәртебе берген шаһарда рухани бұлақтың көзін ашып, ажарын кіргізу де зор құбылыс саналуы занды еді. Бұл ретте қала басшылығының елеп-ескергенін айта кеткен абзал. Әуелі олар қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, істің көзін табуға тырысқан. Мүмкіндік деп отырғанымыз не еді? Оны қысқаша былай тұжырымдар едік. Кезінде іргетасын Қазақстан мен Түркия президенттері бірлесе қалаған Қожа Ахмет Йасауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде 1995 жылдан бері қазақтың біртуар перзенттерінің бірі, Қазақстанның халық әртісі өзінің туып-өскен топырағына перзенттік өтеуінің бір өнегесі іспетті Өнер бөлімін ашып, бір топ шәкірттерін осы өнерге барынша баулып жатқан кез еді. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дегенді қала басшылары мүлт жіберсін бе? Өнер мектебін өзекке теппей, керісінше осы мүмкіндікті қолдан шығарып алмау қамын жасады.

Таяуда туған күнін атап өткен Түркістан сазды-драма театрында жиырмаға тарта драмалық тың қойылымдар дүниеге келіп, қала жұртшылығы, әсіресе жастар жағы жарық ләззатын татуда. Театр өнері ден бұрып, демін сезген адамға тәрбиенің нағыз қайнаған ошағы екеніне кім шүбә келтірмек. Адам жанын марқайтар, махаббатпен маужыратар кереметтің өзі мес пе?

Енді қойылымдардың аты мен заты туралы. Б.Вахапзадениң «Көк түріктер» қойылымын кезінде Түркия жұртшылығына түрік тілінде тамашалатып, таң-тамаша қалдырғанын қалай ұмытайық. Бір айта кетерлігі бұл ұжымның басқа өнер ошақтарына ұқсамайтын бір өзге қыры осы. Өзінің аты айтып тұрғандай, сахнада түркі бабаларымыздың өткен тарихынан бір үзік сырлы саз көрініс табады. Бұл қойылымды Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қалаға келген сапарында өз көзімен тамашалап, тарихи туындыға жоғары баға бергені де кезінде газетімізде жарияланған еді. Бұл дүниені көрген жан бірлік пен ынтымақтың, ұлтжандылық пен ұстамдылықтың, сатқындық пен сабырсыздықтың не екенін айқын бағамдар еді. Айтпағымыз сахна өнерінің құдіретті тұсы да осындай мінезінде. Адамның ақыл-ой парасатын кітаптан он оқып жеткізбей-ақ, көзбен бір рет тамашалату арқылы зор әсердің құшағына бөлейді. Осы қойылымды көрген жанның елі мен жеріне, ұлты мен ұрпағына сүйіспеншілік мейірімі артпаса кемірек емес. Ал оқушы жастарға дәл мұндай қойылымдар осы күні таңғы таза ауаны жұтқызғанмен бірдей. Сондай-ақ М.Байжиевтің «Жекпе-жек», Б.Мұқайдың «Тоят түні», С.Қасымбектің «Жанталас», «Президенттің жүрегі», Т.Нұрмағамбетов «Ақ босаға – арын» сахналық туындыларының осы Түркістан театрында қойылуы жергілікті көрермен үшін ерекше бір рухани азық болғаны сөзсіз. Айрықша мәртебесі бар шаһар ендеше өз атына лайық болу үшін алда әлі талай асудан аспағы тағы шындық. Олай дейтініміз қала көркіне көркемдік тартуда өлшеусіз үлесі бар ұжымның актерлар тобында орташа жас 20-25 қана екен. Демек, театрдың шығар шыны шырқау биікте екені еш күмән келтірмейді. Халқымыз «Жаксының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме? 2001 жылы 9-наурызда сол кездегі облыс әкімі Б.Сапарбаевтың театрды ашу жөніндегі шешімі шықты. Міне сондағы облыс басшысының қолдау көрсетуін, сондай-ақ қала әкімі Өмірзақ Әметұлының театрдың кейінгі тағдырына аландушылықпен сіңірген еңбегін атап өтсек қисынды секілді. Бүгінде осы театр

үйі жанынан 24 пәтерлік Актерлар үйі салынууда. Бұл да болса сахна өнеріне деген қамқорлық белгісі. Айта кететін тағы бір нәрсе, театр тойына Өкілетті кеңестің төрағасы, Қазақстан Президентінің татулық пен рухани келісім сыйлығының иегері, еліміздің үлкен досы Намық Кемал Зейбек келіп қатысуы қала халқын қуантты. Ғасырлық тарихы бар өнер ошақтары санатында бұл театрдың да мерейтойы өз дәрежесінде атап өтілді. Зейбек мырзаның «Бұл театр тек қана Түркістан емес, бүкіл түркі халықтарына ортақ театр, түркі халықтарының театры» деп құттықтауының өзі көрерменнің көңілін көтеріп тастағандай. Оның бұл жылы лебізі расында да киелі Түркістандай шаһардың рухын асқартатып, мерейін өсіріп тастағаны шын еді.

*«Егемен Қазақстан», 2003 ж., 18-қаңтар*

**Балтабек ТҮЙЕТАЙ**

## **ТАҚЫР ЖЕРДЕ ТУҒАН ТЕАТР**

*– Қасиетті Түркістан қаласынан театр ашудағы басты мақсатыңыз қандай еді? Туған жер азаматтары сізді қалай қарсы алды?*

– Мен қасиетті Түркістан қаласында дүниеге келдім. Бұл мекен әрбір қазақ үшін киелі жер, тарих таразысы. Күллі түркі дүниесінің рухани астанасы болғандықтан, бұл жер өнер мен мәдениеттің орталығы, басқалар үлгі алар қағбасы болуы тиіс.

Осындай ойлар кейінгі жылдары жиі мазалайтын болды. Мен театр саласында 40 жылдай еңбек еттім. Жігіт ағасы жасқа келдік.

Елімізде ұлы өзгерістер болды. Қазақстан егемендік алды. Енді төл өнерімізді, төл мәдениетімізді емін-еркін ешкімнен жасқанбай, жалтақтамай дамытуға болатынын ұқтық. Қазақстан – туған елім болса, Түркістан – туған жерім. Осындай тұста Алматыда бұғып отыруды жөн көрмедім. Елдің ішіне, халықтың арасына барайын, көп жылдар жинаған тәжірибемді жастарға дарытайын, өз мектебімді ашайын, өнерде өз жолымды салайын деген ой мазалай берді.

Түркістаннан театр ашу күндіз-түні есімнен кетпейтін арманға айналды.

Ақыры сол ой жетелеп әкелді мені.

«Мен неге жылы үй, жайлы мекенді паналап жатуым керек» деп ойладым. Қазақ елінің өзіндік менталитетін қалыптастыру үшін рухани майдан ашпаймыз ба?

Менің туған қалам ежелден дін мен сауда орталығы деген атаққа ие болған. Екінші, театр, мәдениет, өнер, білім орталықтарын өрбітіп, өсіру соған жалпы жұртты жұмылдыру, тәрбиелеу, қысқасы, инемен құдық қазғандай еңбек ету.

Ал театр өнері, адамның санасын тазалауда, көрерменді ерекше рухани әлемге жетелеуге бірден-бір тиімді жол.

Ол үшін ең жас көрермендердің сана-сезімін тәрбиелеп, әсемдік әлеміне қадам бастыру. Театрдың құдіретті күшін түсіндіріп, театр сахнасының жаман мен жақсының, зұлымдық пен ізгіліктің, адамгершілік пен азғындықтың айырмасын, парқын анықтап көрсетіп, жас ұрпақты өмір жолында күтіп тұрған әлгіндей күштерге қаймықпай қарсы тұрар рухани мықтылыққа үйретіп, өнер дәрісін беру. Жалпы Түркістан сияқты ұлы қаланың адамдарының санасын оятып, рухани өзегін емдеу, саудадан, тұрмыс тепкісінен арылтып, бір мезет адамдарға рухани байлықтың мызғымайтын мәңгілік байлық екенін түсіндіру және соған тәрбиелеу — міне, театр ашудағы менің басты мақсатым осы.

Туған жеріме келіп, қызмет жасап жатқанымға еш өкінбеймін.

О бастан жарықсыз, жылусыз азапты тіршілікті де бастан кештім. Шыдадым. Өнер үшін.

Театр ашу үшін бірінші кезекте өнерпаздар дайындайтын мектеп керек болды. Сол үшін К.А.Йасауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінен Өнер бөлімін аштым. Түркістан өңірінен өнерге құштар жастарды жинап театр саласында еңбек еткен 40 жылдық актерлік, режиссерлік, ұстаздық тәжірибемді жинақтап сабақ бердім, тамаша актерлерді тәрбиелеп шығардым. Нәтижесінде оннан аса классикалық қойылымдар дүниеге келді.

Олардың ішінде М.Әуезовтің «Қарагөз», «Айман — Шолпан» атты туындылары бар.

Көк Түріктер заманынан хабар беретін Б.Вахапзадениң «Көк түріктер» трагедиясы, түркі тілдес халықтардың драмалық шығармаларынан қырғыз драматургі М.Байжиевтың «Жекпе-жек», «Қалыңдық пен күйеу», өзбек драматургі С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісі», татар драматургі Т.Минулиннің «Диляфрузға төрт күйеу» сияқты туындыларын сахналадық.

Өзіміздің төл туындыларымыздан драматург-жазушы С.Балбаевтың «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», С.Қасымбектің «Өзіміз ғой, өзіміз» комедиясы секілді жастарға тәлім-тәрбие беретін спектакльдер сахналанды.

Театрымыз 2000 жылы Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен ашылды.

Алғашқы гастрольдік сапарымыз 2000 жылдың қазан айында Түркия республикасынан басталды.

«Көк түріктер» спектаклімен театр актерлері бір ай бойы Түркияның 10 қаласында болып, спектакльді таза түрік тілінде ойнады. Қазақ өнерін паш етіп, Түркия халқын таң қалдырды.

Сонымен бірге дүниеге жаңа келген Түркістан театры 2000 жылы Алматыда өткен Еуропа театр күндеріне қатысып, Қазақстан және Түркия мемлекеттерінің атынан қазақ-түрік тілінде ойын көрсетті.

Қазір театрда 20 актерден тұратын шығармашылық ұжым бар. Болашақта олардың санын 40 адамға жеткізіп, сазды-драма театр етіп үлкейтсек, оған қоса қуыршақ театрын да ашсақ деген ойымыз бар.

Әрине, театр болған соң оның басқа театрлардан айырмашылығы болады. Бәз бір суреткерлер бүгінгі «заманның ырқында кетіп, заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген мақалды малданып, ұсақ-түйекке алданып, азғана уақыттың уақиғаларын күйттеп, шөре-шөреге түседі.

Репертуардың басты шарты — М.Әуезовтың, Ғ.Мүсіреповтың, Б.Майлиннің т.б. ұлтымыздың ірі тұлғаларының жақсы шығармаларын қою.

Қазақ жерінде қан төккен, осы ұлы мекенді сыртқы жаулардан қорғаған, сонау сақ-массагет заманынан бастап ерлік істердің басында болған ерлік істердің басында болған көсемдерді тірілтуіміз керек. Соның алғашқысы, «Өзімізді кескен қылыш» немесе «Көк түріктер» бүгінгі танда жүріп жатыр. Ол сонау Бумин, Истеми қағандардан бастау алған қытай мен ортадағы ұзақ жылдық соғыстарды, егемендік үшін алысқан бабаларымыздың ерлік істерін паш етеді.

Сол сияқты жаңадан жазылған «Сақ патшасы — Томирис» (Тұмар ханым), «Жанталас» (Хан Кене) авторы Сая Қасымбек, өз театрымызда туған төл шығармалар.

«Қарагөз», «Айман-Шолпан», «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу», «Ақан сері — Ақтоқты» — біздің алтын қорымыз, репертуарымыздың алтын діңгектері осылар.

Әрине бүгінгі күннің проблемаларына арналған, жанр өзгешеліктері өртүрлі пьесалар өз кезегінде жарық көріп отырады.

Біздің театрымыздың тағы бір ерекшелігі – Түркістан күллі түрік дүниесінің бас қаласы, рухани астанасы деп атасақ репертуарымызда соған лайық дүниелер болуы керек.

– *Қазіргі қазақ театрының деңгейі қай дәрежеде деп ойлайсыз?*

– Қазақ театрының бүгін қандай дәрежеде екенін дөп басып айту қиын. Бәрін бірдей көріп шығу мүмкін емес. Дегенмен жазылған пікірлерге қарап сараптаймыз. Репертуарлық «аштық» театр шығармашылығын тоқыратып, режиссерлардың шектен тыс «жаңашыл», «түршіл» болып кетуі қазақ театрларының біраз беделін түсірді. Шынайы актерлік ойын жоқ жерде, ұлттық дәстүрін терең түсіне білмейтін дүбәра режиссерлер бар жерде ұлтымыздың қасиетті сахналарының да қасиеті жоғала бастайды. Сондықтан да болар республикаға үлгі болар қос академиялық – Әуезов пен Мүсірепов театрларының тоқырап, репертуарлары жүдеп, баспа беттерінде көп талқыға түсіп, көп сын айтылып, ақыры екі театрдың да басшыларының театр ұжымын басқара алмай орындарынан кетуі.

Біз қазақ театрларының деңгейін осы екі театрмен өлшейтінбіз. Басқа театрлардың да деңгейі солармен мөлшерлес.

Театр деңгейін көтеру үшін қисынсыз бәлдір-батпақ емес, ұшқалақ, шыға шабар орындаушылық емес, ұлттық шығармалар керек. Одан шынайы, шыншыл өнердің иісі аңқып тұруы керек.

– *Әуезов театрына кезінде М. Әуезов, Ғ. Мүсіреповтердің өзі спектакль қойыларда бағыт сілтеп, пікірлерін білдіріп отырған. Азды-көпті қойып жүрген спектакльдеріңізге пікір немесе сын айтушылар бар ма? Қаламгерлер тарапынан...*

Менің Түркістанға дейінгі шығармашылық жұмыстарыма айтылған мақтау сөздер, сын пікірлер жеткілікті. Ал соңғы жылдары Түркістанға келіп театр ашқалы, ашылудан бұрын да қойылған спектакльдеріме айтылған пікірлер баршылық. Алматы қаласында өткен «Еуропа бірлігі» театр фестиваліне қатысып Қазақстанның атынан шығып қазақ тілінде, Түркияның атынан шығып түрік тілінде спектакльдер ойнадық. Ол туралы «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан» газеттерінде жақсы пікірлер болды. Өткен жылы бір айлық сапармен Түркия мемлекетін аралап «Көк түріктер» спектаклін көрсеткенде түрік газеттері көптеген жақсы

пікірлерін жазды. Қазақ актерларының таза түрік тілінде ойнағандарына қатты танданды. Сол спектаклімізді көрген белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай жақсы пікірлерін айтты. Өткен айда Оңтүстік Қазақстанның Астанада өткен күндерінде Түркістан театры Горький театрының сахнасында «Көк түріктер» спектаклімен көрермен көкейінен шығып жақсы лебізге ие болды. Түркістан театрының есігін ресми ашқан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Көк түріктерді» бір жарым сағат тамашалап, актерлердің жоғары дәрежеде ойнағанын айтып ризашылығын білдірді. Риза болғандықтан болар сахнаға шығып актерлердің қолын алып құттықтады. Біздің Түркістан театрына одан артық бағаның қажеті жоқ.

— *Сахнаға спектакль таңдағанда бірінші орынға нені қоясыздар? Форма түрге қатысты.*

— Ұлттық мазмұн мен ұлттық идеяны қоямыз.

Дұрыс репертуар, яғни драмалық шығарма таңдау өте жауапты кадам. Пьеса таңдауда ең алдымен ұлттық мазмұны бар, ұлттық идеясы биік шығармаларды таңдаймыз.

Біздің қойған спектаклімізде қазақ елінің өткені мен бүгінін міндетті түрде жаңа көзқараспен, егемендік көзқараспен сараптаймыз.

Алдымен өз ұлтының туын көтер, өз классиканды меңгер. Ал кейбір режиссерларымыз батысқа қарап маңырап, солардың шығармаларына шырылдайды. «Ауылдағының аузы сасық» дегендей өз классиктеріміздің шығармаларына мұрнын шүйіреді.

«Архаично» — артта қалған деп өзгенің қаңсығына таңсық болады. Қайталап айтамын, қойған шығарманың түрі де, мазмұны да ұлттық болуы тиісті.

— *Болашағынан үміт күттіретін шәкірттеріңіз бар ма?*

— Барлығының болашағынан үміттенемін. Барлығы да таңдап алынған жоғары дәрежедегі кәсіби актерлер.

— *Көпшілікке «Түркістан театры» ұғымын қалыптастыру үшін алдағы уақытта жасайтын істеріңіз қандай болмақ?*

— Қай театр болмасын халыққа қызмет етіп, адамдардың рухани біліктілігін арттыруы керек.

Сол сияқты Түркістан театры да берісі Түркістан тұрғындарына, әрісі қазақ еліне қызмет етуі тиіс. Қазір күніне 2-3 спектакльден мектеп оқушыларына көрсетудеміз. Үлкендерге арналған қойылымдар баршылық. Құдай қаласа, бүкіл түркістандық-

тарды театр сүйер көрермен етіп тәрбиелейміз. Міне, бұл құбылыстың өзі біздің алдағы уақытта жасайтын істерімізге мұрындық болмақ.

*«Жас Алаш», 2002 ж., 10-қаңтар*

**Жанбота СҮЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ**

## **ТҰРАН ЖЕРІНДЕГІ ТҮРКІСТАН ТЕАТРЫ**

*— Райымбек аға, әдепкі сұрақты өзіндік өнерге келуіңізден бастасақ. Өнер жолын таңдауыңызға не себеп болды?*

Мен үшін өнер жолын таңдау — ата кәсібін таңдау болған жоқ. Жас болдық. Мектепте, Түркістан-Кентау қалаларында оқыдық. Көркем үйірмеде кішігірім көріністерде ойнап жүрдім. Сөйтіп театрға деген қызығушылығым арта түсті. Театр оқуын оқып, әртіс болсам деген арман алға жетелей берді. Мектеп бітірген соң арманымды арқалап Алматыға келдім. Консерваторияның актерлік бөліміне түстім. 1960 жылы оқуымды тәмамдаған соң бірден М.Әуезов атындағы драма театрына қабылдандым. Содан бері міне, 45 жыл өтті, осы салада еңбек етіп келемін. Өнер жолына түскеніме еш өкінбеймін.

*— Кім болса да «өзім болдым, өзім толдым» дей алмайды, бұл ретте ұстаз тәлімнің алар орны ерекше екені анық. Өнердегі ұстаздарыңыз кімдер?*

— Консерватория қабырғасында оқып жүргендегі алғашқы ұстазым Асқар Тоқпанов болды. Ал театрға келген соң әрі өнердегі ұстаздарым, әрі сахналық әріптестерім — Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов, Шөкен Айманов, Сәбира Майқанова, Хадиша Бөкеева, Нұрмахан Жантөрин сияқты т.б. қазақ сахнасының ірі тұлғалары.

*— Өнер өлкесінде қазақ өнерінің өзіндік өрнегі бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Осыған байланысты қазақ театрының кешегісі мен бүгінгісіне қысқаша тоқтала кетсеңіз?*

— Қазақ театрының өткен өткелдері асқақ романтикаға, ұлттық сезімдерге толы болды. Заман ағымына қарай бірте-бірте орыс, Еуропа театрларының әсері көбейе түсті. Мәселен, әртіс-



тердің ойнау тәсілдері, режиссерлік шешімдер, түрлер өзгере бастады. Ол кездегі драмалық шығармаларда ұлттық дәстүрді көп дәріптеді. Мұхтар Әуезовтың «Еңлік — Кебек», «Айман — Шолпан», Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз-Жібек», «Ақан Сері — Ақтоқты» сынды халқымыздың кәусарынан туған тамаша туындылары сахнаның сәні болды. Біз солармен сусындап, сөз мәйегін де солардан сорып өстік. Ал бүгінгі театр өнері осындай романтикадан, поэзиядан айрылып бара жатқандай көрінеді. Оның орнына заманның қатігездігінен сабақ алып, катал, мейрімсіз дүниелерді көбірек көрсететін болды. Мұны қаншалықты заман талабынан туған қажеттілік десек те, мұндай дүниелердің адамды рухани жағынан таяздыққа жетелейтіні анық. Бізге керегі ұлттық рухымызды танытып қана қоймай, жан дүниенді рухани байытатын сыры кетсе де, сыны кетпейтін туындылар. Өкінішке орай керемет ұлттық құндылықтарымыздың орнын батыстың «ұр да жық» дүниелері басып барады...

*— Сіз М. Әуезов атындағы қазақ драма театрында, Ғ. Мүсірепов атындағы жастар мен балалар театрын да жұмыс істедіңіз. Қазір жас болса да үлкен жүк арқалап отырған бір театрдың көркемдік жетекшісі болып жүрсіз. Осылардың арасында қандай айырмашылығы бар?*

— Рас, өнердегі шығармашылық жолымды алдымен М. Әуезов атындағы драма театрдан бастадым. Сосын Ғ. Мүсірепов атындағы жастар мен балалар театрында көп жыл еңбек еттім. Екеуін қосқанда 35 жыл. Қазір Түркістан театрын ашып осында көркемдік жетекші болғаным да 4 жылға жуық уақыт өтіпті. Бұлардың арасында айырмашылық жер мен көктей. Қазақшалап айтсақ, М. Әуезов театры — ата театр, Ғ. Мүсірепов театры — аға театр, ал Түркістан театры — бала театр. Бұлардың қалыптасу арналары, жолы, мақсаты, мағынасы, ерекшеліктері қойылымдарында. Ата театр байырғы тарихи-дәстүрлі, ата жолын көбірек дәріптесе, аға театр заманына сай тартысты, ұлтымыздың бастан кешкен зұлмат жылдарын, қасіретті кезеңдерін көп көрсетті. Ал Түркістан театры болса, жас дәрежесіне қарай, сонау Көк Түріктер заманына тағлым тартып, түбі бір түркі дүниесін паш етуде. әл-Фараби, Ахмет Йасауи, Әмір Темірден бері сөз қозғап, әлі беті ашылмаған тарихымыздың ақтандақтарын ұрпаққа жеткізу мақсатында жұмыс жүргізіп келеді. Сонымен қатар замандастарымыздың сан

алуан бейнесін де ашып көрсетуде. Әсіресе, түркі тілдес драмалық шығармаларын қазақ тілінде қойып, түркі халықтарының мәдени-рухани дүиелерін танытуда көп еңбек етіп жатыр. Театр тілінде ойнау, ойлау әдістері жақын болғанымен, түрлері әртүрлі. Кеңес түріндегі шығармалардың түрі ұлттық, мазмұны социалистік болушы еді. Біздің мақсатымыз — түрі де, мазмұны да ұлттық туындылар жасау, ұлттық құндылықтарымызды қаз-қалпында ұрпаққа жеткізу.

*— Сахнада ойнаған алғашқы рөліңіз қандай және осы уақытқа дейін қандай кейіпкерлер сомдадыңыз?*

— Өнердегі алғашқы қадамымның М.Әуезов театрынан басталғанын жоғарыда айттым. Сол алғашқы жолымның беташары 1960 жылы жарық көрген Қ.Байсейітов пен Қ.Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-ай» комедиясындағы ақын Әубәкір Ақтаевтың рөлі еді. Бұл өзімнің жастығымның көрінісіндей. Ол жылдар махаббат іздеп шарқ ұрған, сұлу қыз іздеп алып-ұшқан нағыз жастықтың жалыны шарпыған кездер еді ғой... Одан кейін көптеген рөлдер ойналды. Көптеген қойылымдардың режиссері болдым. Олар сахнадан өз орнын тауып, көрермен көңілінен шығып жатты. Сол кездерден толық мағлұмат беретін деректер менің 60 жылдық мерейтойыма байланысты жарық көрген еңбекте жарық көрген. Сахнада әртіс болып ойнамағалы да көп уақыт болыпты. Қазір Түркістан театрында Сая Қасымбектің бүгінгі заман жайында жазылған «Интервью» деген драмасын өзім қойып, әрі сонда өзіме сай режиссердің (басты рөлде) рөлін ойнамақпын.

*— Сізді көпшілік қауым әртіс ретінде ғана емес, режиссер ретінде де жақсы біледі. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Алуа» спектаклі жөнінде айтып өтсеңіз?*

— «Алуа» спектаклі менің шығармашылық өмірімнің үлкен белесі. Алданары жоқ, арманы көп кез еді. «Алуа» ұлы Мұқаңның (Әуезов) жазылып, бірақ 30 жыл бойы қойылмай тартпада жатқан шығармасы болатын. Соны қолға алып, жан бердім. Шығармада жастайынан күндік күн кешкен қазақ қызының өмірі мен өсу жолы суреттелген. Алуа ұлтының тағдырын өз тағдырымен өрген жетім қыздың жетіліп үлкен ғалым, еңбек ері атанып, әлем мінбесінен сөз сөйлейтін дәрежедегі ару бейнесі еді. Бұл қойылым Мұхтар Омарханұлы өмірден өткен соң дүниеге келді. Шығарма жазылған соң 30 жыл өткенде 1983 жылы Ғ.Мүсірепов атындағы жастар мен балалар театрының сахнасында тұңғыш рет

жарық көрді. Бұл біздің театрымыз үшін де, ұлттық театр өнері үшін де үлкен оқиға болды. «Алуа» спектаклі көрерменнің де көкейінен шығып, жиналған жұртты қатты толғандырды. Оның биік деңгейде қойылғаны және ойнағаны үшін режиссер маған, Алуа рөлін ойнаған Гүлжамал Қазақбаеваға, Халық әртістері Мәкіл Құланбаев пен Мұхтар Бактыгереевтерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарын берді.

*— Қазіргі кезде қойылып жатқан сахналық қойылымдардың бұрынғылардан артықшылығы мен кемшілігі жөнінде не айтасыз?*

— Бұрынғы қойылымдар мен қазіргі қойылып жүрген қойылымдардың ара парқы жер мен көктей. Әр заманның өзінің ажар-келбеті, мінез-құлқы, мақсат-міндеті болады. Заманына сай адам психологиясы да өзгеретіні анық.

Қазіргі қойылымдардың артықшылығы тарихи тұлғаларды тірілту, ата-баба салтын жаңғырту, басқаларға аландамай өз тілінің байлығын паш етіп, ұлттық мінезді айқын танытуында. Осы жолда замана келбетін, кейіпкерлерінің тұлғасын толық, әрі нанымды көрсету — біздің ең басты мақсаттарымыздың бірі. Өкініштісі, осы жолда әдеби нұсқаның да, орындаушылық өнердің де (әртістік орындау), қойылымның ерекшелігінде де (режиссерлік қойылымды айтам) біркелкіліктен гөрі, ала-құлалық орын алып барады. Түр табам деп, ақылға сыймайтын сайқымазақ қылықтар көрсетіп, батысқа еліктеймін деп, ұлттық қадір-қасиеттерді мансұқтап, әлін білмей әлек болатын шалажансар спектакльдер қоятын режиссерсымақтар пайда болды. Тарихтан тізгін тартар ата толғауынан мақұрым. Оған көбінің өресі жетпейді. Олардың ұлттық өнерге пайдасынан зиянының шашетектен екені белгілі. Бұрын қазақ театрында бір қойылым жарық көрсе мәдени қауым болып талқылап, сарапшылар жан-жақты талдап, сосын барып қабылдаушы еді. Бұл күндері ондай дәстүр қалған...

*— Түркістан театрында өнер көрсетіп жүрген өрелі жандар мен алдағы жоспарларыңызға тоқтала кетсеңіз...*

Театрымыз кілең жастардан құралады. Театрдың директоры — драматург, Қазақстан Республикасы мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткер Сая Қасымбекқызынан бастап, бәрі менің шәкірттерім. Бірінен бірі асатын таланттар. Сондықтан бір-бірінен бөле қарап, ажыратуға болмас. Олардың болашағынан үлкен үміт күтемін және ертең бәрінің де өз биігінен көрінетініне сенім мол. Алдағы уақытта Сая Қасымбектің «Томирис» трагедиясын, У.Гад-

жибековтің «Аршин-Малалан» музыкалық комедиясын, Ж. Жұматтың «Абақты ғұмыр» деп аталатын поэтикалық драмасын сахналауды жоспарлап отырмыз.

**— *Театрларыңызда қазір қандай қойылымдар қойылып жүр? «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейді, оларға сыншылардың көзқарасы қалай?***

Түркістан театры өте жас театр, бар болғаны төрт-ақ жаста. Соған қарамастан 30-дан астам қойылымдары бар. Олардың ішінде «Көк түріктер», «Жанталас», «Йасауи қасіреті», «Еңлік — Кебек», «Айман — Шолпан», «Президенттің жүрегі», «Әмір Темір», «Ең әдемі келіншек» сияқты күрделі спектакльдер бар. Театрымыздың шығармашылығы туралы көптеген сарапшылар қалам тартуда, әсіресе, Әшірбек Сығай біздің театрымызда алғашқы күннен бастап қадағалап, бағалы сын-ескертпелер мен ақыл-кестерін айтып, театрдың қалыптасуына зор ықпал етуде.

**— *Кино өнерінде де өз өрнектеріңіз бар. Дегенмен, кино мен театрдың қайсысын жаныңызға жақын тұтасыз?***

— Ия, кинода да біраз жыл еңбек еттім. Біраз көркем фильмдерге түстім. Бірақ менің жаныма театр жақын. Театр — ұлы өнер. Оны ешбір өнермен айырбастамаймын.

**— *Аға, театр саласында көп жылдан бері еңбек етіп келесіз, көңіліңіз толатын тұстары көп пе, әлде...***

— Театр саласында 40 жылдан бері еңбек етіп келемін. Қуанышты сәттерім көп болды, алайда әттеген-ай дейтін кездерім де аз емес...

**— *Осы салада еңбек етіп жатқан жастарға айтар ағалық ақылыңыз?***

— Жастарға көп оқы, адам тағдырын терең зертте, жаныңды аямай, тереңді төгіп еңбектен дер едім.

**— *Өнер жолында жүрген соң алыс-жақын гастрольдік сапарға жиі шығасыздар. Ондай сәттерде қуаныш та, қиындық та кездесетіні хақ. Осыған байланысты есіңізде қалған бір оқиғаны айтып берсеңіз?***

— Шетелдерде көптеген гастрольдерде болдық. Түркия мемлекеті жылда шақырады. Ол жаққа үлкен дайындықпен барамыз. Қойылымдарымызды түрік тілінде қоямыз. Көрермендер ыстық ықылас, жылы жүрегімен қабылдап, бізбен бірге күліп, бізбен бірге жылап, қойылымнан алған әсерлерін де жасырмай айтып жатады.

Б.Вахапзадениң «Көк түріктер» спектаклімен 2000 жылы Алматыда өткен «Еуропа бірлігі» театр фестиваліне қатыстық. Осы жылы Түркия мемлекетінің арнайы шақыруымен Анкара, Сивас, Кайсери, Кония, Нидде, Ерзрум, Гресун, Анталия, Спарта сияқты бірқатар қалаларға гастрольдік сапармен барып қайттық.

Бір күні Анкарада болған бір спектакльден соң бізді алып жүрген Фейзуллақ Будах деген жетекшімізге жасы үлкен бір ғалым әйел келіп: «Мен: Түркия жастары батысқа еліктеп, ата салтын ұмытып барады. Келешекте ұлтымыздың тағдыры не болады? Түркі халықтарының болашағы кімнің қолында қалар екен деп ойлаушы едім. Бүгін соған көзім жетті. Түркі халықтарының болашағы қазақ жастарының қолында екен», — депті. Бұл біздің «Көк түріктер» атты трагедиямызды көргеннен соң түйген ойымыз еді. Біз мұндай бағаға мақтандық, қатты толқып қуандық.

— *Әңгімеңізге рахмет. Сіздерге шығармашылық табыс тілейміз!*

«Алтын бесік» журналы, № 4, 2004 ж

## Б. КӨККЕСЕНЕҰЛЫ

### ХАЛЫҚТЫҢ РАЙЫМБЕГІ

Осыдан жарты ғасыр бұрын ол бір әулеттің, бір ауылдың ғана баласы еді.

Өз тұрғыластарындай туған жер топырағын шандатты. Өсті, мектепке барды. Оқыды. Орта білім ошағын бітіріп, астана Алматыға барды. Тағы оқыды. Оқығанын көңіліне тоқыды. Өнер жолына түсті.

Жас актер Райымбек тұңғыш рөлдерін ойнады. Киноға түсті. Талпынды. Ізденді. Тер төкті. Талантты екенін айғақтап, таныла бастады.

Міне, содан бері 40 жыл өтіпті. Райымбек Ноғайбайұлы өмірін өнерге арнаған, өнерін ӨМІРГЕ айналдырған 40 жыл. Шынтуайтына көшсек, 60 жыл. Өйткені, бала, бозбала, жігіт Райымбектен өсіп жетілмесе, қазіргі аға Райымбек, дана Сейтмет қайдан шығар еді...

Бұл күндері ол — атакты Әртіс, абзал Азамат — Елінің Ері. Осыны сәл таратып айтсақ, ол — Қазақстанның Халық әртісі, Қазақ Елінің Мемлекеттік және «Тарлан» платиналық сыйлық-

тарының иегері. Көрнекті режиссер. Жас өнерпаздардың профессор Ұстазы.

Енді осы айтылғандардың қай-қайсы да — жай сөздер емес. Нарға жүк боларлық жанды ғұмыр белестері. Алаш өнеріндегі елеулі асу-кезеңдер. Дәуірдің тұтас парақтары, нұрлы шақтары.

Мұның барлығы түгіл біреуіне ғана тоқталып, сәл сыр сабақтар болсақ, үлкен мақаланың ғана емес, үлкен кітаптың өзегі. Мәселен, Райымбек Сейтметовтың қасиетті туған қаласына барып, өз мектебін ашып, жас шәкірттерді тәрбиелеп шығарып, қырық жыл бойғы жинаған білім-білігі мен тәжірибесін сыйлап, Түркістанда театрдай киелі өнер ордасын құруының өзі неге тұрады? Оның өнердегі бір Ерлігі осы. Сондықтан да біз бұл жолы оқырман қауымға Ол туралы жарық көрген, Алматыдағы «Атамұра» баспасы үстіміздегі 2003 жылы басып шығарған «Режиссер, актер Райымбек Сейтметов» атты жақсы кітапты ғана қысқа таныстырумен, ішінен алынған екі үзіндіні ұсынумен шектелдік.

Иә, бұл — дәлелдей түссек, жақсы ғана емес, өте жақсы кітап. Өйткені ол — ЖАҚСЫ АДАМ — барлық қазақтың, халықтың Райымбегі туралы лайықты толғам, сұлу сыр, шынайы сын.

*«Қазақ елі», 2003 ж., желтоқсан. № 40 — 41*

**Ғалымжан ЕЛШІБАЙ**

### **ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН «ӘМІР ТЕМІР»**

Тұсауы қиылғанына небәрі үш-ақ жыл болса да, туысқан қазақ-түрік халқына кеңінен танылып үлгерген Түркістан театры ақын Қадыр Мырза Әлидің «Әмір Темір» атты поэтикалық драмасын көрермен талқысына ұсынды.

Мына сәйкестікті қараңыз: атақ-даңқы мұқым дүниені дүр сілкіндірген әйгілі Әмір Темір бұдан 599 жыл бұрын, мешін жылының ақпан айында бақилыққа аттанған екен. Биылғы мешін жылының ақпан айында «Әмір Темір» спектаклі алғаш рет қойылды. Мұндай сәйкестікті қоюшы-режиссер Райымбек Сейтметтің өзі де бастапқыда білмепті. Арада қаншама жылдар жылжығаннан кейінгі екі датаның дәлме-дәл келуін ағылшын зерттеушісі Хильда Хукхэмнің еңбегін оқып отырып, кездейсоқ

көзі шалып қалыпты. Бұл кезде спектакль көрермен назарына ұсынылып та қойған болатын.

Спектакль Әмір Темірдің әлемді жаулаған жорықтарын жан-жақты баяндауға құрылған десек те, ешқандай ұрыс-шайқас, қақтығыс жоқ. Поэтикалық драма философиялық ой қозғайды. Қаншама мемлекетті қоластына қаратқан Әмір Темір (рөлде — актер Ержан Исатаев) Осман империясының басшысы Баязит сұлтанды да бағындыруды жөн санайды. Оған жанында жылнама жазып жүретін тарихшысы, шежіреші Фиас ад-дин Әли (Қанат Садықбеков) қарсы шығып, ақиқатты қаймықпай айтады. Әмір Темір Баязит сұлтанның (Мұрат Құрманбексов) елін шауып, өзін тұтқындап тынады. Бұған өкпелеген тарихшысы Фиас ад-дин Әли өз пікірін жасырмайды.

Қытай жансызы Ди У (Ержан Нұрымбет) болса, Әмір Темірге жолыққан сайын у қосылған шарап ішкізіп отырудың айласын табады. Күдік келтірмес үшін біртіндеп білдірмей бойға даритын у қосылған шарапты өзі де ішіп, артынан үйіне қайтқан соң удан құтқаратын ем жасап алатын болған. Осы у қосылған шарап Әмір Темірдің түбіне жетеді. Қытайды жаулауға бара жатып, көне Отырарға келгенде көз жұмады. Ұлы жаһангердің жалғыз ғана арманы орындалмайды. Онысы — Қытайды шауып, қоластына қарату еді. Спектакльдің соңына қарай ұлттық киім киіп, қолдарына желпуіш ұстаған екі қытай масаттана сөйлеседі. Қатердің беті қайтқанына қуанады.

Поэтикалық драма Әмір Темірдің катігездігін, қанды жорығын емес, қаһармандығын, ерлігін, даралығын дәріптей отырып, Қытай жақтың қаупінен сақтануға шақырады. «Қара қытай қаптаса, сары орысты әкем дерсін» деген накылды еріксіз еске түсіреді. Ал, біз қытайдан сақтанып жүрміз бе? Қоюшы-режиссер Райымбек Сейтмет «Көк түріктер» спектаклінде де түркі халқы мен қытайлар арасындағы қарама-қайшылықтар арқылы көрермен көкейіне ой салады. Қашанда өнер өлкесінде жаңалық ашудан жаңылмайтын майталман сахнагер алдағы уақытта «Томирисі» жаңаша қоюға талпынып жатыр.

**Қадыр Мырза Әли, «Әмір Темір» поэтикалық драмасының авторы:**

— Аристотель заманынан бері қалыптасқан заңдылық бар. Оның біреуі — тарихи шындық, енді біреуі — әдеби шындық. Әмір Темірді қытайлар өлтірді деген дерек құжат жүзінде жоқ. Поэти-

калық драмада Әмір Темірдің өлімі әдеби шындыққа негізделген. Өз түйсігім десем де болады. Басқа-басқа, лирикалық драманы сахнаға қою шын шеберлікті қажет етеді. Өмірі өнермен өріліп, шыңы жетпестей шындалған досым Райымбек Сейтмет – бұған дейін оншақты поэтикалық драманы сахнаға сәтті шығарған саңлақ. «Әмір Темірді» қойғанына қарап, көрермен ретінде көңілім толды. Поэзияның құдіретін аша білген. Өлеңдер өте жақсы оқылады. Актерлердің ойнағаны да ойымнан шықты.

**Ержан Исатаев, Әмір Темір рөлін сомдаған актер:**

– «Айман – Шолпанда» – Арыстан, «Жанталаста» – Наурызбай, «Көк түріктерде» – Күр шад сияқты рөлдерді сомдадым. Десем де, Әмір Темірді ең күрделі рөл деп есептеймін. Шынын айтсам, бұрын-соңды Әмір Темір туралы кино да, спектакль де көрмеппін. Маған жұмбақ рөл болды. Алайда, ол жайында жазылған кітаптар көп. Соларды оқыдым. Академик Якубовскийдің «Тамерлан» деген зерттеу еңбегі бар. Онда тамаша деректер келтірілген. Спектакль өлеңмен жазылғандықтан, өзге қойылымдарға қарағанда қиындау соқты. Бір тақырыптан бірден екінші тақырыпқа ауысасың. 66 беттен тұратын поэтикалық драманы жаттау да оңай болмады. Кей тұста жаңылып қалғаным жасырын емес. Алғашқыға қарағанда қазір сахнаға төселіп қалдым.

**Райымбек Сейтмет, театрдың көркемдік жетекшісі, қоюшы-режиссер:**

– «Екі дүниенің есігі, Ер түріктің бесігі» деп Мағжан Жұмабаев жырлаған Түркістан әлемге танылып жатса, ол Темір салдырған Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің арқасы екенін атап айту қажет. Түркістанға табан тіреген адам кесенеге кірмей кетпейді. Сары далаға көк күмбез тұрғызылмағанда, қазақтың рухани астанасы аталып жүрген киелі шаһарды мұқым мұсылман дүниесі мойындамас еді. Сондықтан, Әмір Темір алдындағы перзенттік парызды сезініп, оған өнерден ескерткіш орнатуды ойладық. Содан достығымыз жарасқанына 30 жылдан асқан Қадыр Мырза Әлидің «Әмір Темір» поэтикалық драмасына тандау түсіп, сахнаға шығардық. Әмір Темірдің Қожа Ахмет Йасауиге арнап кесене салғызуы да тегін емес. Оны өзінің пірі санаған. Келешекте театрдың бас режиссері Сая Қасымбектің «Йасауи қасіреті» спектаклін қоймақпыз. Елдің тарихи тұлғаларымен танылатынын ұмытпауға тиіспіз.



САХНАДА – «ӘМІР ТЕМІР»

Түркістан сазды-драма театрында Қадыр Мырза Әлидің «Әмір Темір» поэтикалық драмасының премьерасы өтті.

Спектакльдің қоюшы-режиссері ҚР Халық артисі, театрдың көркемдік жетекшісі Райымбек Сейтмет Түркістани. Премьера сәтті өтті. Маусымның табысы деуге тұрарлық дүние. Айшықты жыр жолдарымен, нәрлі берілетін поэзиялық шығарма, сахнада жас әртістердің шеберлігімен ұштасып, көрерменді еліктіріп, екі күнге жалғасқан нағыз өнер мерекесіне айналды.

Спектакльден соң режиссерге жолығып, аз-кем ой бөлісуін өтінгенбіз.

**Райымбек Сейтмет, қоюшы-режиссер:**

– «Қазақстан театрында жарты әлемді жаулаған, түркі тарихындағы елеулі тұлға Әмір Темір туралы спектакль тұңғыш қойылып отыр. Екінші жаңалығы, бұл спектакль поэтикалық драма. Театр бұл жанрға алғаш қадам басып отыр. Поэзиялық туындыны сахналау жай драмалық шығармадан екі есе күрделі жұмыс. Күрделі болатыны, мұндағы міндет – көрермен жүрегіне кейіпкер, сахнагер болып жол табу ғана емес, жыр болып та құйылу керек. Жырда сөздің әуені, бояуы, әуезі (сан мың дауыс тербелісі) айқын көрінеді. Халқымыз өлең сүйетін халық. Абай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» – деп тегін айтпаған. Қазақтың болмысын, күллі тыныс-тіршілігін жырдан бөліп қарау мүмкін емес. Сол себепті, поэтикалық драманың әсері ерекше деп есептеймін. Бұл салада тәжірибем де бар. Қазақ поэзиясын сахнаға бейімдеп, жырдан спектакль қою дәстүрін қалыптастырған адаммын. Мұқағалидың «Дариға жүрек», Мұхтардың «Сенім патшалығы», Фаризаның «Бақыт пен мұңын» т.б. оннан астам поэзиялық шығармаларды сахналадым. Олар кезінде еліміздің бас театрларында табыспен жүрді. Әсіресе, Абай өлеңдері негізінде қойылған «Қалың елім, қазағым» спектаклінің орны ерек. Осы игі дәстүрді қанаты қатайып, буыны беки бастаған Түркістан театрында жалғастырсам деп жүргенмін. Міне, оның сәті бүгін түскендей».

Әмір Темір өмірінің соңғы жылдарын қамтитын, оның арпалысты, күреске толы, қайшылықты тағдырын көрсететін спектакль көрерменді жалықтырмайды.

Бас кейіпкер Әмір Темір бейнесін Ержан Исатаев сомдады. Театрдағы үш жылда «Көк түріктерде» – Арслан, «Жанталаста» – Наурызбай, «Айман – Шолпанда» – Арыстан, «Еңлік – Кебекте» – Қараменде, «Ақсүйек болғыш ақымақта» – Журден тағы басқа рөлдерді ойнап, азды-көпті тәжірибе жинақтаған оның мына рөлін бағындырған биігі деуге болады.

#### **Бұл жөнінде режиссер:**

«Басты рөлді сомдаған Ержан Исатаев біраз еңбектенді, ізденді. Нәтижеде мен күткен талап-деңгейден де жоғары көрініп, қуантып отыр. Сахнагердің міндеті бірер ұтымды мизансценамен көрермен көзіне түсіп, ұпай жинау емес. Сахнагер кейіпкердің жан-дүниесін, ішкі әлемін аша білу керек.

Е. Исатаев өз кейіпкерінің жан-дүниесіне барлау жасап, оны көрерменге жеткізе білді. Алғашқы премьерарада әлбетте, ағысы қатты арнаның оңға, солға бұрып кеткені секілді, сахналық өлшемнен аз-кем ауытқу болады. Ол 5-6 премьерарада, кейде 10 қойылымнан кейін қалыпқа келіп жатады. Бұл табиғи жайт».

Кеңесші Фиас ад-дин Әлидің (Қанат Садықбеков) «Мұсылман жұртын шабу арқылы, оларды әлсіретіп, көпірлерге жағдай жасамақпысың» дегеніне құлақ аспай, алған бетінен қайтпайтын бірбет, каталдығымен көрінеді. Ал Баязит сұлтанмен кездесу сахнасында дарқандығымен, жомарттығымен танылады. Соншалықты катал болуымен, тізе бүккен қарсыласын нәзіктікпен ұғып, «Сен қажетсің – бүкіл түркі жұртына, сен мұсылман әлеміне қажетсің» деп кеңшілік жасауы тандантады.

Спектакльдегі негізгі желіге октын-октын араласатын қытайлық саудагер – Ди У. Оны Ержан Нұрымбетов сомдады. Ержан «Көк түріктерде» Қытай офицері рөлінде ойнаған-ды. Рөлінің сабақтастығы болуымен қатар, қай рөлге болмасын жауапкершілікпен қарайтын, тиянақтылығы актерді бұл жолы да табысқа жеткізді. Жыр жолдары ерекше нақышпен, құлпырта жеткізуі сахнадағы пластикалық икемділігі, кимыл-қарекеті үйлесіп өте әсерлі шықты. Бірінші белгісіз қытайлық образы Н. Төлендиев туралы да осындай пікірдеміз. Баязит сұлтан (М. Құрманбеков) бейнесіне қатысты айтарымыз – бұл рөлді әлі де ширата түсу керек сияқты. Көп деректерде Баязит намысқой, ызакор, ызадан жарыла жаздап, өзіне қол жұмсаған. Мына шығармада автор оны Темірдің жан-жақты бейнесін ашу үшін жанама образ ретінде алған секілді. Сондықтан ба, біздің Баязитіміз Темірдің мәрттігіне бас иген, жеңілісті мойындаған, жуасыған асау секілді көрінеді.

... Талайды тізе бүктірген, айбатымен әлемді тітіреткен қаһарлы хан дәрменсіз. Науқасы жеңіп, төсекке таңылып, сылқ түскен Темірді Ди У мен белгісіз қытайлық кара жабумен көмкереді. Сахна пердесін де екі жақтап ақырын ысырған олар (косарлана):

«Мың, мың жылдар,  
Әлі сонша өтеді,  
Тек данышпан  
Ақыл-ойы жетеді.  
Бізді жаулау мүмкін емес,  
Жаулаған,  
Елдің өзі қытай болып кетеді!» –

деп аяқтайды.

Бұл режиссерлік трактовка.

**Бұл жөнінде режиссер:**

«Шығарманың соңын аздап қысқартып, осылай түйіндегендегі менің айтпағым: «Заманақыр болғанда кара қытай қаптайды» деген бабалар сөзін жеткізу еді. Көрегендікпен айтылған бұл сөзде үлкен мән-мағына жатыр. Ата-бабаларымыз мәдениеті зор көрші елді құрметтеумен қатар, құпияға берік, қырық қатпарлы қытай жұртымен тонның ішкі бауындай араласқанды құп көрмей, тізгін тарта, іргені аулақтау ұстағанды жөн көрген. Бұл – дініне берік, діліне мықты бол дегені.

Спектакльдің идеясының өзі – тарихи тұлғаны таныту арқылы осы жайларға ой салу. Өз тарихымызды, өз мәдениетімізді алдымен өзіміз тануымыз, сонан соң мүмкіндігінше өзгеге таныту керек. Жаһандану топанынан осындай ұстындар арқылы аман өтуіміз мүмкін деген ойдамын», – деп ойын қорытындылайды.

*«Қазақ әдебиеті», 2004 ж., 19-наурыз*

## ТЕАТРДЫҢ СЕЙТМЕТІ СЫР БОЙЫНА КЕЛДІ

Түркістан сазды-драма театрының көркемдік жетекшісі, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік және жастар сыйлығының лауреаты, профессор Райымбек Сейтмет Түркістанидың басқаруымен сәуір айының 5-11 аралығында қазақ өнерінің киелі шаңырағының бірі — Қызылорда қаласындағы Н.Бекежанов атындағы сазды-драма театрында бір топ әртістер көрермендерге қойылымдар ұсынады.

– *Сіздің Түркістан театрын ашуыңыз түркі әлемі мәдениетінің жаңа бір кезеңі сияқты...*

– Иә, Түркістан — түркі дүниесінің орталығы. Біздің репертуарымызда түрік, қырғыз, татар, өзбек тағы басқа да елдердің драмалық шығармалары сәтімен қойылып жүр. Б.Вахапзадениң «Көк түріктер» спектаклімен Түркияға арнайы 3 рет шақырып Анкара, Кайсери, Ерзрум, Кония, Нидде, Малатия тағы да басқа қалаларында өнер көрсетіп қайттық. Бір артықшылық, біз «Көк түріктерде» түрік тілінде де ойнаймыз.

Репертуарда ауқымы үлкен, маңызы жоғары көп қойылым болса, соның бірі — «Президенттің жүрегі».

– *Айып етпесеңіз сөзіңізді бөлейін. Осы қойылым турасында. Сіз өнер мен саясатты байланыстырғыңыз келіп жүрген сияқты. Былайша айтқанда саясаттан тыс саналатын өнердің оған араласуы қалай болар екен?*

– Бұл қойылымда жалаң саясат көзделген жоқ. Саясаттағы Адамгершілік, жалпы кешегі тәуелсіздік алған жылдары еліміздің ел болып қалу күресіндегі Президенттің күрескерлігі, мінезі, қажыр-қайраты — қойылымның жүгі. Несін жасырамыз, сол кездері оған қысым аз болған жоқ. Бір ғана мәселе: Астананың көшуі. Бұл орайда Президенттің тауқыметі аз болған жоқ. Оны жеңіске жеткізген рухы болды. Елінің, Хан Кененің, Анасының рухы болды. Ежелден еркіндік ансағанымызбен оған Назарбаевтың тұсында қол жеткіздік. Сондықтан да қойылым «халық болу, не тозу» деген жүкті көтерді.

– *Репертуарға көз жүгірткенде көбіне тарихи драма қоятындарыңыз байқалады.*

– Онымен қатар С.Балғабаевтың «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», Т.Нұрмағамбетовтың «Ақ босаған арың» тағы да басқа қойылымдар, музыкалы комедиялар, драмалық шығармалар да бар.

– *Сырбойылық Сұлтанәлі, Тынымбайлардың шығармаларын сахналап жүргендеріңізге қарағанда біздің жерлестеріміз мықты соғып тұр-ау...*

– Әрине, Сұлтанәлі өте еңбекқор, талантты жігіт. Тынымбайдың «Жоғалған көл», «Кемпірлерден шыққан дау» қойылымдары көрермендер көзайымына айналды. Бір ерекшелігі — тілі шұрайлы.

Біз күніне ойнаймыз. Балаларға күніне 4 реттен қойылым көрсетеміз. Қалай ұйымдастыратынын өздері біледі, бірақ мектептер бір жағы бізді асырап отыр, екіншіден өздері көрермен болып отыр. Айына 26-27 қойылым қояды екенбіз. Бұрын театр бол-

маған Түркістанда жұрт театрға үйреніп келеді. Алдағы уақытта Түркістан театры бар ғана емес, театрға баратын халқы да бар қала болады. Осы мақсатқа жету үшін де жастарды театрға әкеліп жатырмыз.

– *Демек, бұрынғы Жастар театрының тәжірибесі кәдеге жарап жатыр ғой.*

– Біздің театр да жас театр, жастар театры. Актерлеріміздің ең жасы 17-де, үлкені –27-де. Жазылмаған жерден парақ ашудамыз. Бұл маған қуат береді. Жаңа театр ашу үшін талантты жастарды алдымен 4-5 жыл оқыттым.

Әртістердің бір мектептен шыққанын қаладым. Театр мәртебесін көтеру үшін алғашқы уақытта жан-жақтан халық әртістерін жинасақ онай болар еді. Бірақ олар компьютерге түскен вирус сияқты, бір-бір мектеп, бір-бір рөл, тұлға дегендей... Одан гөрі әлі бүлінбеген, әлі рөлге кірмеген жас таланттармен жұмыс істегенді жөн көрдім.

Біздің әрістер оқи жүріп, рөлде ойнайды. Оқу бітіремін дегенше дайын бір-бір әртіс болып шығады. Бәрі де ән салады, би билейді дегендей.

– *Сіздің театр мен бұрынғы қазақ театрларының қалыптасу тарихында ұқсастық бар екен. Мәселен, кезінде Еңлікті, Баян сұлуды ойнаған актрисалар 17 жасында ауыл сахнасынан теориялық білімсіз, тәжірибесіз-ақ жұлқына шыққандарын жыр етіп айтады.*

– Қазір талғам өзгерді, талап күшейді. Әлі 10-15 жыл пісіреміз, буынын қатайтамыз дей алмаймыз. Ұзақ-сонар этюдпен жүруді уақыт көтермейді. Театр — керемет. Бірақ уағыздау жоқ. Сахна мен зал, әртіс пен көрермен байланысы болуы керек.

– *Әңгімеңізге рахмет!*

*Әңгімелескен С.БИҚОЖА.  
«Ақмешіт ақшамы», 2004 ж., 2- сәуір*

**Әтіргүл ТӘШІМ**

## **ТУҒАН ЖЕРДЕ ӨНЕРДІҢ ТУЫН ТІККЕН**

Райымбек Сейтмет Түркістани.

Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік және «Тарлан» платина сыйлықтарының иегері, профессор Райымбек Сейтметті

жалпақ жұртқа таныстырудың өзі артық. Ол қазақ театр өнеріне жарты ғасырдан бері қызмет етіп келе жатқан сарабдал сахнагер. Қазақ сахна өнерінің майталмандары Қ. Жандарбеков, С. Қожамқұлов, К. Қармысов, К. Бадыров, С. Майқанова, Ы. Ноғайбаев, Н. Жантөрин, Ш. Жандарбекова, С. Оразбаев тағы басқа дарынды сахна санлақтарымен әріптес болды. Қазақтың бас театрында (М. Әуезов атындағы академиялық театр), Ғ. Мүсірепов атындағы Жастар театрында басшылық жасады. Екеуінде де жемісті еңбек етті.

... Осыдан біраз жыл бұрын орта жолға келгенде бәрін тастап, Түркістанға тартып кеткенде Алматыда оны білетіндер мен танитындардың таң қалмағаны кемде-кем. Антарылып қалған жұртқа қарамады, себебін түсіндіріп жатпады. Түркістанда ірге тепкен оқу ордасында Өнер бөлімін ашып, оқуға шәкірт қабылдап, өз мектебін қалыптастырды.

... Токсаныншы жылдардың бел ортасы. Қаратау тәжі көркем Кентаудың тоқырап, тозған тұсы. (Өнер бөлімі Кентауда орын тепкен-ді). Жылу жүйесі істен шыққан. Жылу тұрмақ жарықтың өзі бірде бар, бірде жоқ, халық жүдеу тіршілік кешті. Түпкі мақсат Түркістанда театр ашу болатын. Сахнагер осы жолда қаншама қиындық көрсе де мойымады. Театр ашу да оңай бола қойған жоқ. Талай мекеменің табалдырығын тоздырып, Елбасыға хат жолдап, ақыры туған топырақта өнер ошағының қазығын қакты. Театр 2002 жылы 12-қаңтарда ресми тіркеліп, ашылу салтанаты болып өтті. Барлық мәселе осымен бітті ме? Әрине, жоқ. Алғашқы қалыптасу кезеңінде театр көптеген кедергі-қиындықтарға тап болды.

Нарық жүйесіне көшу елді рухани жүдеулікке ұшыратып, театр секілді эстетикалық өнерді шетке ысырғаны шындық. Ел ес жиып еңсесін көтерді десек те, көпшілік театрды бірден қабылдай қойған жоқ. Небары 200-250 орындық театр залында көрерменнің таздың шашындай селкеу отырғанын көргенде көңілге кірбің ұялады. Бірақ сахнагердің сағы сынған жоқ. Жергілікті әкімшілік, мекеме ұйымдармен қоян-қолтық араласып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге тура келді. Сондықтан да болар театр жетекшісі: *«Тыңдаушысы болмаса — сөз жетім, көрермені болмаса — театр жетім. Сондықтан Түркістанның зиялы қауымына, өнерсүйер азаматтарына айтарым: «Мен өмірге Түркістан театрын әкелдім. Ол жолда қанша қиындық, азап көрсем де театрдың*

*еңсесін өз өнері көтерді. Түркістан театрының еңбегі, қойылымдарының бағы сіздерге байланысты, зиялы қауым. Театр сіздерге аманат!*» деп үн тастады. («Түркістан» 2003.24.10.)

Канат қақтырған үш жыл артта қалды...

Қазір театр репертуарында 30-ға тарта спектакль бар. Оның 20-сы ересектерге, қалғандары балаларға арналған ертегі-спектакльдер.

Театр «Көк түріктер» спектаклімен Түркияға бірнеше рет гастрольдық сапарға барып, түрік тілінде өнер көрсетіп қайтты. Өткен жылы Шымкентте, биылғы көктемде Қызылорда қаласында бір апталық өнер сапарында болып, өз қойылымдарын көрермен талқысына салды.

М.Әуезов драматургиясының шыңы, қазақ драматургиясының алтын қорынан «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Қарагөз» спектакльдері қойылды. «Еңлік-Кебекті» қойған Рекеңнің төл шәкірті, драматург Сая Қасымбек.

*«Жас театр үшін бұл күрделі дүние. Бірақ, Әуезовке бармай театр – театр болмақ емес. Алдағы уақытта Абайды сахналасақ дейміз»* — дейді сахнагер.

Өткен маусымның басты жаңалығының бірі — түркі дүниесіне танымал тұлға, сопылық поэзияның негізін қалаушы ақын, философ Қожа Ахмет Йасауи бабамыздың бейнесінің сахналануы. Театр С.Қасымбектің «Йасауи қасіреті» атты тарихи драмасын сахналады. Спектакльді Райымбек Сейтметтің өзі қойды.

«Туыстық, достық, әр үйдің  
Марапатына бөлендің,  
Шараптың емес, әрине,  
Дегустаторысың өленнің», —

деп Қадыр ақын айтқандай, Райымбек аға көркемсөз оқудың шебері. Ұзақ жылдар Қазақ радиосы мен теледидарынан оқыған оның өлендері тыңдаушысына қашанда рухани ләззат сыйлайтын.

Мәскеуде режиссерлік курсты бітіріп келген ол жаңа театр жанрын қалыптастырды. Ол поэтикалық театр еді. Оннан аса поэзиялық спектакльдер қойды. Т.Бердияровтың «Оқ пен гүлі», М.Шахановтың «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», М.Мақатаевтың «Дариға жүрек», Ф.Оңғарсынованың «Бақыт пен мұң», Қ.Мырза Әлидің «Данышпан», Абай өлендерінің негізінде «Қалың елім, қазағым», Махамбеттің жырларынан «Туған ұлдан не

пайда» (инсценировкасын жазған өзі) шығармалары бойынша спектакльдер қойды. Олар кезінде еліміздің бас театрларында табыспен жүрді. Аншлаптан аншлап... Әсіресе «Қалың елім, қазағым» көрермен жүрегінде мәңгі сақталар дүние.

Осы игі дәстүрді Райымбек аға Түркістан театрында жалғастыруда. Өткен маусымда тұңғыш рет поэтикалық спектакль қоюға бет бұрды. Қадыр Мырза Әлидің «Әмір Темір» поэтикалық драмасын сахналады. *«Өлеңнен де театр жасауға болады. «Дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең», — деп данышпан Абай айтқандай, халқымыздың тағдыр-тарихын жырдан бөліп қарау мүмкін емес. Ұлттық театрымыздың түп-төркіні өлеңнен (фольклор театры) бастау алған. Сол себепті жыр театрының көрерменге әсері мол деп білемін»,* — дейді сахнагер аға.

1959 жылы Қазақтың Құрманғазы атындағы консерваториясының актерлік бөлімін бітіріп, «Қазақфильм» киностудиясында актер болып қабылданып, М.Әуезов театрында Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» трагедиясында Қозының ролін сомдаудан бастаған Райымбек Сейтметтің сахнадағы өміріне қырық бес жыл... Қырық бес жыл... Аз ба, көп пе? Әрине, аз емес, жеміссіз, ізсіз де емес. Үңіліп қараса, соңында сайраған сан тарау із жатыр.

Ол туған жерде өнердің ошағын жағып, туын желбіретуде. Еңбегін Еуропа ескеріп, өткен жылы «Театр өнері» номинациясы бойынша берілетін бас жүлдесімен (Прагада) марапатталды. Жә, оны қайтеміз атақтың неше алуаны Рекенде жетіп жатыр. Ең басты атак та, абырой да — ол кісінің туған топырақта құрған Өнер ордасы. Осы **Өнер ордасы** табысты болсын дейміз!

*«Түркістан», 2004 ж., 6-тамыз*





Уақыт өлшеміне салғанда бөлкім өте аз, тарих таразысына салғанда мағыналы салмағы бар Түркістан сазды-драма театрының алғашқы тарихи баспалдақтарын баспа бетінде кітап болып басылуына, өнер тарихының бір кірпіші боп қалануына атсалысып, жанашырлық жасап, қаржы бөлдірген Түркістан қаласының әкімі — **Мұхит Әлиев** мырзаға ерекше ризалығымды білдіріп, алғысымды айтамын.

*Райымбек Сейтмет Түркістани, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан мен Қырғызстанның өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, Мемлекеттік және Жастар сыйлықтарының лауреаты, профессор, "Тарлан" платина сыйлығының жүлдегері. 2003 жылғы Еуропаның өнер мен мәдениетті өркендету қоғамының "Театр өнері" номинациясы бойынша Алтын кубоктың иегері.*

## МАЗМУНЫ

Театр туралы қонақтардың пікірлері .....	3
<b>ТЕАТР ТОЙЫ</b> .....	<b>5</b>
Болар істің басына.....	—
Өнерге жетелеген жылдар .....	12
Өнер кафедрасы .....	13
Тұңғыш премьерә .....	23
«Ең әдемі келіншек» .....	28
«Түркістанның топырағынан жаралдым» .....	33
Бір тамшы су .....	36
Әр репетиция — академия .....	38
Ұсыныс .....	41
Мамыр меркесі. Премьерә .....	49
Мен студентпін .....	51
Көңілді серпілткен мерейтой .....	53
Түркияға сапар .....	69
Дипломдық жұмыс .....	80
Мәреге жеткен күн .....	96
Үзілген үміт .....	99
«Еуропа бірлігіне» сапар .....	101
Оянған үміт .....	104
Ұстаздық еткен жалықпас... ..	106
Мен сүйетін «Қалыңдық» .....	113
Жетелеген белестер .....	123
XXI ғасыр .....	133
Өткен күнге оралу .....	137
Жүректі жарған хабар .....	147
Көлденен кірбің лектері .....	149
Көңілдің толқын сәттері .....	153
Театрдың тұсаукесер тойы .....	167
<b>ТЕАТР ТУДЫРҒАН ПІКІРЛЕР</b> .....	<b>173</b>
Аспаннан от тасыған Прометей... ..	—
Көк тігіреткен көк түріктер .....	180
<b>САХНА САҢДАҒЫМЕН СҰХБАТ</b> .....	<b>184</b>
«Түркістанның ауасы да, аурасы да басқа» .....	—
«Ұлы актриса Сәбираны да қорладық қой...» .....	187
Түркістанды түрленткен театр .....	189
Тақыр жерде туған театр .....	192
Туран жеріндегі Түркістан театры .....	197
Халықтың Райымбегі .....	202
Өлеңмен өрілген «Әмір Темір» .....	203
Сахнада — «Әмір Темір» .....	206
Театрдың Сейтмегі Сыр бойына келді .....	208
Туған жерде өнердің туын тіккен .....	210

**«Қазығұрт» баспасының директоры  
Теміргали КӨПБАЕВ**

**Сая ҚАСЫМБЕК**

*Бірінші том*

**ТҮРКІСТАН ТЕАТРЫ**

**Редакторы Шаргүл Биекеева  
Суретшісі Нұран Айымбет  
Техникалық редакторы Гүлнафис Әзімқұлова  
Терген Гауһар Отарбаева  
Беттеген Ниязбай Оразымбетов**

Теруге 20.07.05.жіберілді. Басуға 26.08.05. қол қойылды.  
Қалыбы 84x108 1/32. Офсеттік басылым. Қаріп түрі Таймс.  
Шартты баспа табағы 11,34. Есепті баспа табағы 11,2.  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №721.

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында терілін. беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 050060, Алматы қаласы,  
Гагарин даңғылы, 186 «А» үйі, 4-офис.  
Телефон (факс): 75-18-18  
e-mail: kazygurt@list.ru

«Жедел басу баспаханасы» ЖШС  
050016. Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 15/1